Жалпы әлемдік тәртіп дегеніміз адам мен қоғамның күйі, олардың еркіндікті, әділеттілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін өмір үлгісін қабылдауы, яғни халықтар мен мемлекеттерді, тұлғааралық байланыстарды, тиісті қатынастарды жаңа, жоғары деңгейге шығаратын оң өзгерістердің болуымен байланысты үміттерді сипаттайды (1, 16).

Әлемдік тәртіп – белгілі бір деңгейде апатты түрде және/немесе адам еңбегінің нәтижесінде орын алған, жаһандық деңгейде қолдау табатын, шартты және/немесе күш қолдану арқылы қабылданған белгілі бір дәуірдің нақты тарихи жағдайларындағы әлеуметтік әрекеттесу субъектілерінің ғаламшарлық болмыс қағидаларын, ережелерін, нормаларын белгілейтін шешімдерге негізделген халықаралық байланыстар мен адамдар қауымдастықтарының мінезқұлық жүйесі.

Әлемдік тәртіпті «тәртіп-хаос» деген жұпты категория арқылы сипаттауға болады. Қазіргі әлеуметтік технологиялар тәртіпті де, хаосты да басқара алады. Әлемдік тәртіп дегеніміз өз қисыны, өз заңдары, өз тәртібі бар көп қырлы, өзгеше, әлемнің туынды құбылысы. Ол табиғат пен қоғамға тән, халықаралық қатынастар мен саясат субъектілерінің ғаламдық жүйесінің қызметімен сипатталатын категория. Адамзаттың алдына қойылған міндеттердің орындауын қамтамасыз ететін әлемдік құрылыс моделі, ол бүкіл адамзаттық кеңістікті, аумақтықты, рухани кеңістікті қамтитын, мәні бойынша жүйелі, үлестірмелі болып табылады.

Құндылық – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында философияның жалпы құндылық проблемасына қатысты кейбір күрделі мәселелерді шешу әрекетімен дүниеге келді. Ал ғылыми түсінікте құндылық мәселесі әмбебаптылықтан арылған. Құндылықтар витальды, әлеуметтік, діни, моральдық, эстетикалық, саяси болып жіктеледі. Құндылық теориясын зерттеушілердің бірі Г. Риккерт құндылықтардың 6 саласын ажыратады. Олар: ғылым, дін, өнер, мораль, жетілген өмір және құдіретті сүйіспеншілік (Риккер, 2: 297). Аталмыш салалар бірін-бірі толықтырып, белгілі бір тұтастықты құрайды. Сондықтан да бұл құндылықтардың арасында өзіндік бір сабақтастық бар. Бір жүйедегі құндылық сабақтастығы екінші құндылықта өз жалғасын табады. Осылайша құндылық жүйесіндегі «сабақтастық» бүтін бір механизмге айналады. Құндылықтар көбіне тарихи алмасуларға байланысты өзгеріп отырады немесе өз құнын жоғалтып алады. Мәселен, Ресейге қосылған тұстағы қазақ халқын үш жүз жыл бойы бірлікте ұстап тұрған, өмірлік маңызды ескі құндылықтардың орнын жаңа құндылықтардың басуы. Осыған қатысты философ Ғарифолла Есім: «бұрынғы ешкімге бағынбайтын адамдар, бағынышты болды, бұл ескі құндылықтардың сарқылуының тағы бір дәлелі» деп ғылыми пайымдау жасады. Құндылықтың ең үлкені – саяси тәуелділіктің жойылуы еді. Жаңа құндылық қазақтың басқару қағидатын бұзды, елге

таңсық жаңадан басқару билігін күштеп енгізді. Ығыстырылған ескі құндылықтар өзімен бірге көптеген дәстүрлі ұғымдарды, салт-сананы ала кетті. Жаңа құндылықтар жұртқа жат тез бейімделуге ыңғайсыз, бірақ өздеріне аса пайдалы жаңашылдық орнатты. Саяси тәуелді елдің еркін ойлап, еркін өмір сүруіне ешқандай мүмкіндік болмады. Мұндай жағдай ашық түрде де өз нақыштарын көрсетті.

Әлемдік тәртіп идеясы адамзаттың өзімен құрдас деуге болады, себебі біздің өзара байланысты әлемімізде адамдар үнемі өз өмірін де, басқалардың өмірін де реттеуге мәжбүр болып отырады. Әрбір отбасы, қауым, мемлекет өзінің өмір сүруінің кепілдігі ретінде тәртіпті қажетсінеді. Тәртіп – түрлі құбылыстарды реттеу қажеттілігі және әлеуметтік өзара әрекеттесу субъектілерінің өсуімен қатар артады.

Қазіргі кезде ортақ мақұлданған, ғылыми негізделген, бәрі жетік түсінетін және әлемдік тәртіптің негізінде әлемді танытатын, оны өзгерту құралына айналатын әлемдік тәртіп теориясы, әлемдік тәртіп идеясы немесе тұжырымдамасы жоқ.

Жалпы әлемдік тәртіпті әрі қағидат, әрі мақсат ретінде қарастыруға болады. Әлемдік тәртіпті орнатуға әлемдік саясат субъектілері айтарлықтай үлес қосады, себебі әлемдік тәртіптің орнатылуы олардың көзқарасына, мінез-құлқына байланысты.

Әлемдік тәртіп мәдениетаралық диалогсыз, сол саладағы ашықтық пен жариялылық процесін ынталандыру шараларынсыз орнатылуы мүмкін емес. Әлемдік тәртіп өзара мәдени іс-қимылдың нәтижесі болып табылады, өйткені бұл мәдениеттің түрлі этностық көпшілікке немесе азшылыққа жататын-жатпайтындығына қатыссыз, мәдениеттердің барлығының мәселелеріне, басымдықтары мен қажеттіліктеріне көңіл аударуға мүмкіндік береді (3, 378 б.).

Әлемдік тәртіпті орнату барысында түрлі территориялар мен халықтарға сараланған түрде ықпал етеді. Жаһандануды түрлі экономикалық, мәдени ареналардағы үстемдік етуші топтардың арасындағы күрес ретінде және/немесе тек пен нәсіл, этностық терминдерде айрықша қарастыру да өнімсіз әрі оншалықты дұрыс емес. Жаһандануды күштегі өзгерістер, сондай-ақ айналада өтіп жатқан түрленулердің күресі ілесе жүретін жаңа саяси фактілердің пайда болуын дәлелдейтін тасқындар мен ландшафтардың саналуандығы деп атау неғұрлым нақты болар еді.

Жаңа әлемдік тәртіп – қазіргі кездегі әлемдік тәртіпке мүлдем ұқсамайтын басқа әлемдік тәртіп. Ол адам тағдырына түбегейлі әсер ететін, әлемді өзгертетін, бұрынғы әлемдік тәртіпті жоятын, ретке келтірілген оқиғалар мен фактілердің әсер етуінің нәтижесінде орнатылады. Жаңа әлемдік тәртіп шиеленіскен қайшылықтарды бұзу, әлемдік саясаттың жетекші субъектілері мүдделерінің қақтығыстарын бұзу нәтижесінде орын алатын құбылыс.

Негізінен жаңа әлемдік тәртіпті орнату үшін мемлекеттер өзара жанжалдаспай өзара бітімгершілік кеңістікте әрекет етуі тиіс, ал оның негізі – төзімділік қағидаты, төзімділік құндылығы.

Төзімділік – туа біткен топтық немесе жеке қасиет емес, ол белгілі бір жеке және қоғамдық құндылықтар мен мінез-құлық нормаларын жүзеге асыруға бағытталған күш (Төзімділік қағидаларының декларациясы, 1995:47).

Төзімділік, толеранттылық, келісім тарихтың мәңгілік сыйы емес, себебі күнделікті дамудан туып отыратын қайшылықтар біржола шешілмейді, күніге, ай сайын, жылдар бойы, үздіксіз, барлық адамға шынайы жанашырлықпен, түсінік жұмыстарын жүргізе отырып, шешім табуды талап етеді (Нысанбаев, Изотов, 2006: 39).

Төзімділік теориясы шынайы классикалық теориялар қатарында ағарту дәуірінде өмір сүрген ойшылдардың еңбектерінде зерттелген. Төзімділік Дж.Локк, Ф.М.А. Вольтер, Ж.Ж. Руссо, И. Кант сынды ұлы либералды ойшылдардың еңбектерінде азаматтық қоғамның негізгі құндылықтарының бірі ретінде қарастырылған. Дж.Ст. Милль төзімділік идеясын еркіндіктің басты шарты ретінде қарастырады, М. Вебер дінге еріктілік идеяларын қорғайды. Дж. Роулс төзімділікті әлеуметтік әділдіктің негізі ретінде қарастырады. Аталған еңбектерде төзімділік идеясы ой еркіндігі мен ар-намыс еркіндігі қағидаларының шиеленісуі ретінде қарастырылады, алайда соғыс пен бейбітшілік мәселесімен де ұштастырыла бастады. А.А. Алиев, М.С. Стецкевич, В.М. Золотухин, В.В. Шалин, Б.Г. Капустин және т.б. діни төзімділік туралы ойлардың қалыптасуы мен дамуына арналған монографиялық еңбектер мен жекелеген мақалалар жазған.

Төзімділік жеке феномен ретінде саяси жүйеде қызмет етуі саяси тәртіпке (режимге) байланысты болғандықтан зерттелмеген. Саяси төзімділіктің талдауы азаматтық қоғам теорияларының ережелеріне негізделген енбектерді Қазақстандық ғалымдардан Р.К. Қадыржанов, К.Г. Габдуллина, К.Ж. Нұғыманова жазған.

Қазіргі заманғы Қазақстанда төзімділік азаматтарды құқықтық бағытта тәрбиелеудің аса маңызды қағидатына, оның жалпы мәдени императиві, әлеуметтік-құқықтық және ізгілік эволюция нәтижесіне айналуы. Төзімділікті пайдалану құқықтық мәдениеттің жетістіктерін жергілікті халық арасында неғұрлым тиімді енгізуге, таратуға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні мемлекеттің төзімділіктің заң қағидаттары мен нормаларын ұстануы демократиялық азаматтық қоғамды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Осындай қоғамды дамытудың басым бағыттары ел үшін аса маңызды болғандықтан Елбасы өзінің Қазақстан халқына арналған Жолдауында ерекше атап өткен.

Этникалық толеранттылықтың мәні – басқа ұлт өкілдерінің сыртқы түрін, ойлау жүйесін, өзіндік ұлттық, мәдени ерекшеліктерін, іс-әрекетін қабылдау. Этникалық толеранттылық адамның тұлғалық қасиеті болып табылады, сонымен қатар ол қалыптасу барысында маманның кәсіби қажетті қасиетіне трансформацияланады. Этникалық толеранттылық әлеуметтік-мәдени және прагматикалық құзыреттіліктердің (дүние туралы білімдер, жағдаятты түсіну) даму деңгейімен анықталады. Осы құзыреттіліктерді бөліп көрсету арқылы оларға сәйкес кәсіби міндеттерді анықтау мүмкін болады: 1) әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерді дамытуға тиесілі кәсіби міндеттер; 2) прагматикалық құзыреттіліктерді дамытуға тиесілі кәсіби міндеттер. Қойылған мақсатқа жету үшін, яғни этникалық төзімділікті қалыптастыру үшін бұл міндеттер өз деңгейінде іске асырылуы тиіс (Нәжімеденов, Алтаев, Байғозы, 2009: 293).

Негізінен, толеранттылық немесе төзімділік ауқымындағы ұлттық мінез, ұлттық намыс, ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сананың жойыла бастауы, ұлттық тіл мен діл діннің тоқырауына әкеліп соғатыны сөзсіз. Рух мәдениеті – күрделі әлеуметтік құбылыс, ол өз заңдылығымен, даралығымен дамиды. Кезінде ұлы қазақ ойшылы Ж. Аймауытов «ерінбей еңбек етуге таудай үміт, табанды кайрат, шамдай мұрат, жалынды жүрек, терең білім керек», – деп жазған. Қазақ халқының сана мәдениеті, рух мәдениеті, тіл мәдениеті – үлкен тарих, ұзақ ғасырлар бойы көшпелі елдің қилы-қилы асуларынан туған күрделі үрдіс. «Күн көру тәсілін сырттан жұқтырып, үйрене беруге болады. Рух мәдениетін бөтеннен қарызға ала беруге болмайды. Алса да, халықтың көкейіне көпке дейін қонбайды. Ендеше өзімізде бар дәулетті жарыққа шығарып, іске жаратуға талпыну керек», – деген Ж. Аймауытовтың сөздерінде ағартушылық, танымдық сарын басым (Аймауытов, 2016:24).

Ойшыл М. Жұмабаев түсінігінше, адамның жан дүниесінің іздейтіні – руханият, ал оны болашаққа жеткізу үшін әрбір заманда, қоғамда рухты сабақтастырушы, жалғастырушы адамдар болады, олар өздерінің дұрыс өмір сүре білуін өзгелерге де ұсынады. Ал, дұрыс өмір сүру әрекетінің басты шарттары адамгершілік, өзгені өзіндей түсіну, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, сабырлылық, қанағатшылдық. Егер адамның іс-әрекетін бағалауда жасандылық, әділетсіздік болса, ол сенімге дақ түсіреді, рухты жасытады. Мағжан ақынның түсініктері әлеуметтік маңызға ие. Алаш зиялылары өз өмірінде болып жатқан түрлі оқиғалар мен әр алуан жағдайға халық тағдыры үшін де жауаптымын деп санап, мұндай жәйттің орын алуын өз мінез-құлқымен, болмысымен, қабілетінің деңгейімен түсіндірді (Жұмабаев, 1996: 259).

Қазақ ағартушылары, атап көрсеткеніміздей адам пайда болғаннан бастап, оның бойында бар төзімділік қасиетті оның негізгі армандарымен байланыстыруды шығармаларына арқау етті. Нақтырақ айтқанда, адам бойындағы басқа қасиеттермен тұтас, өзара бірлікте ықпал ету нәтижесінде төзімділік қасиеті жақсылыққа, парасаттылыққа жетелейді.

1995 жылы қабылданған толеранттылық принциптерінің декларациясына сәйкес, төзімділік (толеранттылық) ұғымын адамзат қоғамындағы алуан түрлі мәдениетті түсіну, құрметтеу және дұрыс қабылдау деп түсінуге болады. Декларацияда төзімділік «алуан түрліліктегі үйлесімділік» ретінде айқындалады. Мәдени алуан түрлілік адамзат қоғамында тең бейбіт қатар өмір сүруші мәдени топтардың көптүрлілігі ретінде қабылданады. Осыған орай, төзімділік қағидаты ұлттық, нәсілдік, діни, тілдік, әлеуметтік, жыныстық белгілеріне қарамастан адам баласына төзімді қатынасты, құрметті талап етеді. Қазақстанда дін – мемлекет идеологиясының ажырамас бір бөлігі, халықтың өміршең тәрбие көзі, ел тірегі болып табылады.

Саяси жүйедегі саяси төзімділіктің қызмет етуі мемлекеттегі саяси тәртіпке (саяси режимге) байланысты болып табылады. Мысалы, елдегі тоталитарлы (авторитарлы) тәртіп интолерантты болса, демократиялық тәртіп – толерантты болуы заңдылық. Демократиялық мемлекет болып табылатын Қазақстан Республикасында саяси саладағы төзімді көріністердің негіздері қаланған. Алайда олардың дамуы азаматтар мен

саяси күштердегі аталған құндылықтарды дұрыс түсінуге байланысты болып табылады.

Алайда, «әлем, адам қандай болуы тиіс» деген мәселе төңірегіндегі тұжырымдау философиялық ілім тарихында оң шешімін таппаған. Игіліктің қоғамның нақты болмысындағы көрініс табуын әртүрлі ойшылдар әрқалай негіздеп, әрқалай елестететін және олар қоғам мен мемлекеттің құрылыс нысанында көрініс табатын. Дегенмен, адам мен қоғам болмысындағы бұл көріністер игілік туралы шынайы білім бермейді. Бірақ өзінің игілік туралы ілімін дамыта түскен Гегель өлшемге мынадай анықтама береді.

Ол іс-әрекеттер адамның табиғаты мен оның қажеттіліктерін ескеретін болса өнегелі, адамгершілік сипатында болуы тиіс деген ойға келді және сол арқылы игілік мәселесін экзистенционалды кеңістікке қарай ығыстырады: «субъекттіліктің абстрактты және формалды еркіндігі тек өзінің табиғи, субъективті болмысында, қажеттіліктерінде, бейімділіктерінде, құмарлықтарында, пікірлерінде, фантазияларында ғана және т.б. белгілі бір мәнге толы болып табылады. Осындай мәнді қанағаттандыру игілік не болмаса бақыт және жалпы өмірдің мақсаты» (Гегел, 1990: 67).

Сондықтан да Гегельдің құндылықтар және игілік туралы ілімі болмыс қалыптасқан кезеңдерде нақтылықпен үйлесімді күйде болады, ал Канттың іліміне сәйкес нақтылықтың тұрақты күйі нақтылықтың өзімен үйлесімділікте. Жалпы олар бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бір-бірлерін толықтырып тұрады. Алайда Гегельдің игілікті анықтауы экзистенционалды көзқарасқа бағытталған. Гегельдің ілімі және қазіргі кездегі адам туралы заманауи ғылымдар мен білімдердің дамуы адам мен қоғамның нақты болмысындағы игілік өлшемдерін анықтауға қатысты. Гегельдің экзистенционалды көзқарасының, сондай-ақ, құндылықтар трансформациясының шарттарын зерттеуі асқан перспективтілігін көрсетеді.

Алайда, өмірдің өзі құндылық болып табылады ма? Осы еңбекте қолданылатын құндылық табиғатына сәйкес өмір өздігінен құнды бола алмайды, себебі құндылықтың жалпыламалығы оны маңызды немесе маңызды емес басқа да құндылықтармен салыстыруды көздейді. Оны басқа да құндылықтармен салыстыруға жол беру барысында адам өмірінен де маңызды құндылықтардың бар екендігін мойындаймыз. Сөйтіп, адамның өмірі мен онан да жоғары құндылық арасында таңдау жасау қажеттілігі жалпы өмірді мойындамау болып табылады.

Ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесінде академик Ә. Нысанбаев: «Үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түсер жаһандық тұтастану, шекара талғамайтын қаржы мен ақпарат ағындары өзін сақтап қалмақ болған әрбір ұлтты жаңа қатер қаупінен қорғануға мәжбүр етіп отыр. Ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір жұрт, ең алдымен, тарихи жадын, бірегей ұлттық болмысы мен ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ерекше ділін, дәстүрлі төл мәдениетін дамыту мен аман алып қалу жолында жанталасу қажет» деп атап көрсетеді (Нысанбаев, 20002: 246).

Гуманистік психология тұрғысынан алар болсақ адам өмірінен асқан ешбір жоғары және лайықты субстанция жоқ. Осы мектеп әзірлеген адам тұжырымдамасына көз жүгіртетін болсақ мінсіз адам өлшемі адамның құндылықты қатынастарына қатысты қолданудың міндетті салдары болып табылады. Философ, психолог Э. Фроммның іліміне сәйкес субъективті тілектер, ұмтылыстар не болмаса нақты әлемнің шеңберлерінен тыс өзге де бағыттар құндылықтың өлшемі ретінде қарастырылмайды. «Тек адамның табиғатын талдап, оның нақты мүдделері мен оған қоғам баулыған мүдделері арасындағы шынайы қайшылықтарды айқындаған кезде ғана объективті дұрыс нормаларды табуға болады» (Фромм, 1992:164).

Білімге негізделген есті құндылықты және басқа да құндылықтарды сана бір жүйеге біріктіре алады; ол өз кезегінде адамның мінез-құлқының негізіне айналады да бір қажеттілікті екінші қажеттіліктің пайдасына қарай ығыстырмай, нақтылық әлемімен, соның ішінде басқа да адамдармен үйлесімді болуына ықпал етеді. Осыдан игілік өлшемі ретінде бір жүйеге біріктірілген адамның бүкіл құндылықтар әлемін және адамның үйлесімді дамуына ықпал ететін болмыстың сыртқы жағдайларын игіліктің өлшемі ретінде айқындауға болады. Адамның осындай күйін бақыт деуге болады. Осы екі өлшем бір тұтас бірлікті құрайды. Осындайда біріншісін артық деп санау, не болмаса екіншісін мүлде жаратпау игіліктен ауытқуға және «қараңғылықпен араласып кетуге» әкеп соқтырады. Ол уәждер субъекттің белгілі бір қажеттіліктерін көкейкесті ету деңгейіне байланысты әртүрлі сипатта болатындығына байланысты. Егер де Басқа адам тіпті ең жоғары қажеттіліктерді қанағаттандырудың құралы болатын болса (өмірдің мәнін ұғыну қажеттілігінде, жоғарыға табыну, бағдарлауға қатысты

қажеттіліктер) уәждеме қайтсе де прагматикалық императивтің шегінен шықпайды, сондықтан да субъектіге қатысты құндылық мәртебесіне ие Басқа адам кез келген басқа құндылықтармен салыстырылады. Осыған байланысты Басқа белгілі бір құндылықтан біршама төмен болуы мүмкін. Сондықтан да неғұрлым мықты субъекттің құндылықтар жүйесі Басқа адамды күйретудің немесе оны жоюдың себебіне айналады (Риккерт, 1998:107).

Қорытынды

Шын мәнінде адам бойындағы рухани қуаттың оянуы ғана жеке тұлғаның өзіндік шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына бірегей жағдай туғызады. Терең рухани қайнардан нәр алған адам ғана барлық қабілеттер «тамырына» жол тауып, шынайы дарынды, демек сан алуан іс-әрекет формаларын меңгеріп, жетілдіруге бейім, ұйымшыл, Интернет пен ақпарат құралдарын ширақ пайдалануға қабілетті болады. Бұл орайда ол өз бірегейлігі мен даралығын сақтай отырып, өзінің телебайланыс тетігіне айналуына жол бермейді. Қазақстандық білім беру жүйесі алдында, міне, осындай адам тәрбиелеу міндеті тұр.

Білім беру жүйесі қоғам өмірінде, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуде атқаратын рөлі мен мақсаты бойынша өзара байланысты, бірін-бірі өзара толықтырушы екі бағыттағы міндетті орындайды. Бірінші бағыт – оқыту, алдындағы толқын аға ұрпақтың әлеуметтік-мәдени тағылымын, философия, ғылым, өнер, адамгершілік негіздерін, адамның әлеуметтік ортаға тең құқылы азамат ретінде енуіне мүмкіндік беретін басқа да білімдер қорын жас ұрпақ бойына сіңіру. Адамның әлеуметтенуімен байланысты бұл бағыт адамның әлеуметтік ортада өз орын табуына, аға ұрпақтар тағылымы мен ұлтық дәстүрлерді меңгеруіне мүмкіндік береді. Мұның бәрі адамның өмірлік мұратын айқындауының, кәсіби еңбекке араласуының алғы шарты. Білім беру жүйесінің екінші бағыты – адамның адам болып қалыптасуына, Абай айтқандай, толық адам болуына, оның рухани, ішкі қуатының оянып, кемелденуіне көмектесу. Адам өзінің жоғары рухани әлемге қатыстылығын түсініп, тұлға аралық қарым-қатынас процесінде, жеке өмірінде жоғары құндылықтарға, мұраттарға сай өзінің рухани бет-бейнесін айқындайтын болуға қол жеткізуі. Ендеше, Абай айтқан «Толық адам болу!» философиялық-этикалық принциптің іске асқаны.

Әдебиеттер

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің анықтамасы мен мәні //Хабаршы. «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2006. –№1(13). -16-21 бб.

Риккерт Г. Табиғат туралы ғылымдар және мәдениет туралы ғылымдар / ауд. Г. Раянова // Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. 20 томдық. – Астана: Фолиант, 2009. – 13 т. 472 б.

Ұлтаралық келісімді ғылыми басқару мәселелері //«Правовые проблемы государственного управления в условиях рыночных отношения РК»: мат. межд. науч.-прак. конф. 30 ноября 2006 г. – КазНПУ им.Абая, 2006. – С.378-380.

Төзімділік қағидаларының декларациясы //1995 жылғы 16 қарашадағы ЮНЕСКО ұйымының Бас конференциясының 5.61 қарауымен бекітілген.

Әлеуметтік философия: 20 томдық. 17-том / құраст.: Ә. Нысанбаев, М.З. Изотов. Философия және саясаттану институты. – Астана: Аударма, 2006. – 480 б. (Қазақ халқының философиялық мұрасы: «Философия және психология» секциясы).

Төзімділік көшпейтін көшпенділердің философиясы нысан сарыны діл қоңыр үнді категория бренді негізі ретінде // Ж. Нәжімеденов, Ж.А. Алтаев, Ж.О. Байғозы. Діл қоңыр үнді домбыра – бренд. – Алматы, 2009. – 293-308 б.

Аймауытов Ж. «Мақсаттың құлы бола білсек жетеді» //Қазақ. – 2016. -18-26 наурыз (№11/12). – 24 б.

Жұмабаев М. Таңдамалы: (өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар) /М. Жұмабаев; [құраст. Б. Дәрімбетов]; ҚР Ғылым акад.; М.О. Әуезов атын. әдебиет және өнер институты. – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б. Түсініктер: 259-267 б.

Философия права. Гегель // Серия «Философское наследие». – М.: Мысль, 1990. – С. 113, 210. – С. 524.

Нысанбаев А. Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы // Глобализация и устойчивое развитие Казахстана. – Алматы, 2002. – 264 б.

Фромм Э. Душа человека / пер. с англ., нем. – М., 1992. – С. 429.

Риккерт Г. Философия жизни. – Киев: Ника центр, 1998. – С. 287.

References

Ultaralyk karym-katynas madenietinin anyktamasy men mani [Definition and meaning of culture of interethnic relations]. // Xabarzhy. «Aleumettanu zhane sayasi gylymdar» seriasy. -A., Abai atyndagy Kas UPU, 2006. -№1(13). – p. 16-21.

Rikkert G. Tabigat zhane madeniet turaly gylymdar [Natural sciences and culture sciences]. /aud. G.Raianova. – //Tarix – adamzat akyl-oiynyn kazynasy. 20-tomdyk. -Astana: Pholiant, 2009. – 13 t. p. 472.

Ultaralyk kelisimdi gylymi baskaru maseleleri [Issues of scientific management of interethnic concord] //«Pravovye problemy gosudarstvennogo upravleniya v usloviyah rynochnyh otnosheniya RK»: Mat. mezhd. nauk.-prak. konph. 30 noyabr 2006 g. -Kaz NPU im. Abaya, 2006. – p. 378-380.

Tozimdilik kagidalarynyn decloratchiyasy [Declaration of Tolerance Principles]. //1995 zhylgy 16-karashadagy UNESKO uiymynyn Bas konpherentchiyasynyn 5.61 karauymen bekitikgen.

Aleumettik pilosophiya [Social philosophy]: 20 tomdyk. 17-tom. /kyrast.: A.Nysanbaeva, M.Z.Izotova. Philosophiya zhane sayasattanu instituty. -Astana: Audarma, 2006. – p. 480. (Kazakh xalkynyn Philosophiyalyk murasy: «Philosophiya zhane psixologya» sektchyasy).

Tozimdilik koshpeitin koshpendilerdin Philosophiyalyk nysan saryny, dil konyr undi kategorya brendi negizi retinde [The philosophy of tolerance nomadic nomads as the basis of the Indian brand] // Nazhimedenov Zh., Altaev Zh.A., Baigozy Zh.O. Dil konyr undi dombyra – brend. -A., 2009. – p. 293-308.

Aimauytov Zh. «Maksattyn kuly bola bilgen zhetedi» [We have become slaves of the goal] //Kazakh. -2016. -18-26 nauryz (№11/12). – p. 24.

Zhumabaev M. Tandamaly: (olender, poemalar, zertteuler, audarmalar); [kurast. B.Darimbetov]; KR Gylym akad.; M.O.Auezov atyn. Adebiet zhane oner instituty. – A.: Gylym, 1992. – 272 б. Tusinikter: p. 259-267.

Philosophiya prava [Philosophy of law]. Gegel. Seriya «Philosophskoe nasledie», -M.: Mysl, 1990. – p. 113, 210.

Nysanbaeva A. Zhahandanu zhane Kazakhstannyn ornykty damuy [Globalization and sustainable development of Kazakhstan]. //Globalizatchya i ustoichivoe rasvitie Kazakhstana. – A.: 2002. – p. 264

Phromm E. Dusha cheloveka [The soul of man]: per. s angl. nem. -M., 1992. – p. 429.

Rikkert G. Philosophiya zhizni [Philosophy of life]:. – Kiev, Nika tchentr, 1998. – p. 287.

ҒТАМР 02.41.21

Қайратұлы С.[1], Құранбек Ә.[2]

[1]философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: samat.kayratuly@gmail.com

[2]философ. ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ілияс Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университеті, Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

МӘДЕНИЕТ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ ТЕОРИЯЛАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Мақалада мәдениет модернизациясы модернизация үдерісінің сан қырлы қызметінің бірі екені көрсетілді. Мәдениет модернизациясының әлемдік және ұлттық сипаттамалары болатыны айқындалды. Мәдениет модернизациясын зерделеуде оның мәдени-дүниетанымдық, эстетикалық негіздерінің мазмұны мен төлтумалық құрылымына әлеуметтік-философиялық түсініктемелер берілді. Мәдени әмбебаптылық батыстық мәдени ортаға тән заңдылық ретінде тұжырымдаудың қисынсыздығы дәйектелді. Әлемдік мәдениеттер матрицасында өзге мәдени парадигмалар күрделі қатынастар қисынымен қалыптасып, оңтайлы өрбу үстінде екені көрсетілді. Қазіргі кезде модернизацияның мәдени бағдарламасын үнемі қайта игеру оның жаңа түрлерін, балама модельдерін жасап шығудың жолдарын сипаттап берді. Мақалада мәдениет модернизациясы күрделі сала екені және оны алуан түрлі сипатта қарастырудың маңыздылығына ерекше мән берілген. XX ғасыр ортасында әлемдік модернизацияның көптеген теориялары дүниеге келді. Олардың қатарын модернизацияның классикалық теориясы, постмодернизация теориясы, экологиялық модернизация теориясы, рефлексивті модернизация теориясы, модернизацияның ауқымдылығы теориясы, екінші деңгейлі модернизация теориясы және тағы басқалары толықтырса, авторлар аталған модернизацияның алты моделіне философиялық шолу жасайды.

Түйін сөздер: мәдениет, модернизация, мәдениет модернизациясы, мәдениет философиясы, эстетика.

Kairatuly S.[1], Kuranbek A.[2]

[1]Doctor of Philosophy (PhD), Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: samat.kayratuly@gmail.com
[2]Candidate of Philosophy Sciences, Associate Professor, Ilyas Zhansugurov Zhetysu State University,
Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

Philosophical aspects of the theory of cultural modernization

This article considers cultural modernization as one of the functions of the modernization process. Cultural modernization is both global and national. The article presents a socio-philosophical analysis of cultural modernization and its cultural, ideological and aesthetic aspects. The inadmissibility of Western cultural modernization as a universal regularity is shown. In the world cultural matrix, different cultural paradigms develop on their own cultural basis. At the present stage, the constant development of the cultural modernization program has shown the need to develop new models. In the article, the authors emphasized the complexity of modernization and the importance of its study in a multifaceted aspect. In the middle of the twentieth century, there were many theories of worldwide modernization. Among them: classical theory, theory of postmodernization, ecological theory of modernization, reflexive theory of modernization, theory of plurality of modernization, secondary theory of modernization, etc. In the article the authors give a philosophical review of six theories of modernization.

Key words: culture, modernization, modernization of culture, philosophy of culture, aesthetics.

© 2018 Al-Farabi Kazakh National University

Кайратулы С.[1], Куранбек А.[2]
[1]доктор философии (PhD), Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: samat.kayratuly@gmail.com
[2]кандидат философских наук, ассоциированный профессор, Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова, Казазхстан, г. Талдыкорган e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

Философские аспекты теории культурной модернизации

В данной статье рассматривается культурная модернизация как одна из функций процесса модернизации. Культурная модернизация бывает как мировой, так и национальной. Авторами дается социально-философский анализ культурной модернизации и его культурно-мировоззренческих, эстетических аспектов. Показана неприемлемость западной культурной модернизации как универсальной закономерности. Во всемирной культурной матрице разные культурные парадигмы развиваются на собственной культурной основе. На современном этапе постоянное развитие культурной программы модернизации показало необходимость разрабатывать новые модели. В статье авторы акцентировали особое внимание на сложность модернизации и важность ее изучения в разностороннем аспекте. В середине XX века появилось множество теорий всемирной модернизации. Среди них: классическая теория, теория постмодернизации, экологическая теория модернизации, рефлексивная теория модернизации, теория множественности модернизации, вторичная теория модернизации и др. В статье авторы дает философский обзор шести теорий модернизации.

Ключевые слова: культура, модернизация, модернизация культуры, философия культуры, эстетика.

Кіріспе

Мәдениет модернизациясы һақында ортақ анықтама мен зерделенген зерттеу парадигмалары тым жұтаң. Мәдениет модернизациясы – қазіргі мәдениеттің қалыптасуы, дамуы, трансформациясы мен халықаралық өзара әрекеттестігінің кешенді үдерісі (Чуаньци 2011: 195-196).

Жаһандану дәуіріндегі мәдениет модернизациясы үдерісі ұлттық және жаһандық деңгейлерде ықпалдастығын арттырып келеді. Әйткенмен, әлеуметтік ғылым салаларында ұлттық мәдени мұраны, интеллектуалдық дәстүрді байыптау ең негізгі басымдыққа айналып отыр. Өйткені, біріншіден жаһандану барысында ұлттық төлтумалықты сақтау жалпы ұлт атаулыға тән қозғалысқа, ал ұлт әлеуметтік-мәдени прогрестің басты субъектісіне, қозғаушы күшіне айналды. Екіншіден, этно-мәдени қауымдастық сыртқы ақпараттық және техникалық факторлармен қатар, ішкі этно-мәдени оңтайлы өзгерістерге қалай бейімделуде, әлеуметтік-психологиялық бейімділікке іштей дайын ба? деген сұрақтар күн тәртібіне ашық, өткір қойылып жатыр (Молдабеков 2008: 77-78).

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Мақалада модернизация және мәдениет модернизациясы теориясы һақындағы отандық, шығыстық, батыстық зерттеушілер тұжырымдамалары бағамдалды. Сонымен қатар, герменевтикалық, компаративистикалық, жүйелі талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелері және талқылау

XX ғасыр ортасында әлемдік модернизацияның көптеген теориялары дүниеге келді. Олардың қатарын модернизацияның классикалық теориясы, постмодернизация теориясы, экологиялық модернизация теориясы, рефлексивті модернизация теориясы, модернизацияның ауқымдылығы теориясы, екінші деңгейлі модернизация теориясы және тағы басқалары толықтырды. Теориялардың барлығында модернизация үдерісіндегі мәдениеттің өзгерістері һақында тұжырымдамалар жасалынады (Чуаньци 2011: 204).

Модернизацияның классикалық теориясының ғұмыры XX ғасыр елуінші және жетпісінші жылдар аралығын қамтыды. Мұнда модернизацияның XVIII ғасырдағы батыстық өндірістік революциядан басталғандығы дәйектелді. Модернизацияны зерделеудің сызықтық моделі, оның теориялық-методологиялық құрылымы негізделді. Мәдениет модернизациясы немесе дәстүрлі қоғамнан қазіргі қоғамға көшу революциялық, радикалды, трансформация модельдері арқылы жүзеге асқандығы басты ерекшеліктер ретінде көрсетілді. Модернизацияның индустриализация, урбанизация, коммерциализация, әлеуметтік мобили-

зация, секуляризация, ұлттық идентификация, ақпарат құралдарының таралуы, білім беру, қазіргі саяси институттардың қалыптасуы, саяси белсенділіктің артуы секілді тетіктері мәдениеттегі өзгерістерге алып келді.

Классикалық модернизация теориясы модернизация үдерісін қоғамның дәстүрлі түзімнен қазіргі әмбебап мәдениетке трансформациясы ретінде біржақты қарастырды. Дегенмен, классикалық кезеңде мәдениет модернизациясы ғылымға арқа сүйеген жаңа білімге; жаңа білім беру және оның қолжетімділігі, ғылыми ойды таратуға; жаңа идея мен ойдың рационалдығы, секуляризация, ғылым мен техникаға сенім, модернизм, экономика және ұлтшылдыққа; жаңа рух: бостандық, демократия, ғылым, теңдік және адамшылдыққа; жаңа мақсаттар: прогресс, байлық, өзгеріс және сөз бостандығы, жеке тұлға құндылықтары мен мүмкіндіктерінің дамуына; әлемге жаңа көзқарас: тиімділікті білу, ашықтық және азаматтық белсенділік, сенімге деген ыңғайдың, жауапкершілік, жетістік және әділдік секілді ұстындарды басты сипаттамалар тұрғысынан бағамдады. Әлеуметтік өзгерістерді зерделеуде дамудың капиталистік моделіне басты назар аударылды. Сонымен қатар, социалистік құрылыс түбегейлі терістелмеді, модернизация үлгісі ретінде сарапталды (Побережников 2001).

XX ғасыр жетпісінші жылдары модернизация классикалық зерттеулерін постмодернизация теориясы ауыстырды. Постмодернизм модернизмнің қисынды жалғасы ретінде модерн институттары ғұмырын тоқтатқан жағдайда мүмкіндігі артты. XX ғасыр мәдениетінде дәріптелген көптеген мәдениет институттарының өлімін поэтикалық метафорадан гөрі постмодерн мүмкіндіктерінің шынайы жағдайлары сипатында қабылдаған жөн. «Тәңірінің өлімі», «Адамның өлімі», «Философияның өлімі», «Әдебиеттің өлімі», «Театрдың өлімі», «Музыканың өлімі», түбегейлі «Мәдениет» пен «Әлеуметтіліктің өлімі» постмодернистер үшін дәлелдеуден түсіндіруді мақұлдайтын жүзеге асқан факт. Өлім − постмодернистер үшін трагедиялықтан сипат алмайды, барлығы өледіге сайып келетін шынайы фактіні құрайды. Өлім – физикалық емес, рәміздік өлім. Өлім – «мәдениет парадигмаларының ауысуы». Өлімдердің барлығы постмодерн жалпы жағдайларын, постмодерн қоғамы мен мәдениетінің жағдайларын құрайды (Нуржанов 2012).

Экологиялық модернизация теориясы XX ғасыр жетпісінші жылдары дүниеге келді (Чуаньци 2011: 150-151). XX ғасыр сексенінші жылдарынан бастап батыстық өркениетті мемлекеттерде экологиялық модернизация зерттеудің объектісі ретінде ғалымдар арасында зерделене бастады. Тоқсаныншы жылдары мәселе күн тәртібіне қойылып, ауқымды ғылыми талқылаулардың өзегіне айналды. Қазіргі таңда экологиялық модернизация кең ауқымдағы қоғамдық сипат алып, мемлекеттік жоспарларға енді (Кудинова 2013).

Экологиялық модернизация теориясы модернизация мен қоршаған орта арасындағы өзара ықпалдастықты түсіндіреді. Теория негізінен еуропалық тәжірибелер тұрғысынан дәйектелген. Сонымен қатар, теория экономикалық тиімділік, әлеуметтік әділеттілік және табиғатқа қатынасында жағымды ұстындарға бағытталған дамудың жаңа моделін тұжырымдайды. Модель экономикалық өсім мен қоршаған ортаны қорғаудың үйлесімділігін дәріптейді. Қазіргі таңда экологиялық модернизацияға қатысты көптеген теориялар, тұжырымдамалар мен зерттеу жұмыстары дүниеге келді. Теория һақында ортақ анықтама жоқ, тек төрт мағыналық дәйектеме бар:

«Біріншіден, экологиялық модернизация экологиялық реформаларды әлеуметтанулық тұрғыдан түсіндіретін экоәлеуметтанудың теориялық өзегі.

Екіншіден, экологиялық модернизация технологиялық интенсивті экологиялық саясат пен трансформацияны түсіну мен талдаудың жаңа моделі.

Үшіншіден, сексенінші жылдардан бастап экологиялық модернизация экологиялық және экономикалық реформаларда дамыған мемлекеттер прогресінің шынайы бейнесіне айналып отыр.

Төртіншіден, экологиялық модернизация бастауын экологиялық сақтықтан алатын экономикалық және әлеуметтік трансформацияларды сипаттайтын әлеуметтік өзгерістер теориясы. Оларды өндіріс пен тұтыну, экологиялық және экономикалық саясат, заманауи технологиялар, үкімет әкімшілігі мен қазіргі институттар модельдерінің экологиялық модернизациясы құрайды» (Чуаньци 2011: 155).

Ульрих Бек рефлексивті модернизацияның теориялық идеясын тарихи аналогиямен түсіндіруге талпыныс жасады. Әлеуметтанушының пайымдауынша, модернизация аграрлық қоғамдағы таптық тежегіштердің құрдымға кетуіне жағдайлар жасады, кейінгі кезеңде индустриалдық қоғамның бітім-болмысын тоғыс-

тырып жіберді, сонан соң модерннің кейінгі кезеңі жаңаша қоғамдық конфигурацияларды дүниеге алып келді. Бұл конфигурацияларды зерттеуші рефлексивті модернизация деп атайды. Индустриалдық немесе рефлексивті модернизация тайталасы игеруді талап етеді. Себебі, біз өзгерістер өзегінің өзгерістері дәуірінде ғұмыр кешіп отырмыз. Индустриалдық немесе рефлексивті қоғамның бет-бейнесі назарға іліккен жағдайында ғана оған қарсы қойылған контрқазіргі дүниені интеллектуалды игеру мүмкіндігі туады (Бек 2000: 5-8). Сонымен қатар, батыстық модернизация теорияларының модерн және постмодерн кезеңдерін кешенді зерттеуші Бекет Нұржанов пікірінше, Ульрих Бек постмодернизм терминін жасандылыққа балап, кесімді сипатта қарастырады. Басқаша айтқанда, Ульрих Бек позициясын өзге модерн мен постмодерн терминдерінің тайталасы деп атауға болады. «Жаңа модернде» индустриализм жетекші әлеуметтік институт ретінде қала береді, сондықтан осы институттағы өзгерістер «тәуекел қоғамының» қалыптасуына алып келді (Нуржанов 2012: 40-42).

ХХ ғасыр тоқсаныншы жылдары модернизацияның мәдени әралуандылық пен плюрализм үдерістеріне батыстық зерттеушілер назарын аудара бастады. Модернизация теориясын кешенді зерттеулерде модернизация ауқымдылығы теориясы ғылыми талқылаулар назарына ілікті. Нәтижесінде, батыстық ғылыми қауымдастықта «модернизация ауқымдылығы» теориясы ғылыми термин ретінде сөздікке кірді. Модернизация ауқымдылығы теориясы қазіргі мәдениеттің алуантүрлілігі мен мәдениет өзгерістерінің біржақты емес табиғатын концептуалды дәйектеген тұжырымдама болды. Израильдік зерттеуші Шмуэль Эйзенштадт пайымдауынша, «модернизация көптігі – тарих және ғасыр ортасындағы модернизацияның классикалық теориялары түсініктерінен ерекшеленетін қазіргі уақыт һақындағы ой. Модернизация түрлі мәдениет кестелері мен жүйелі модельдерге жатады. Плюрализм мен алуантүрлілік қазіргі бірегей және әртүрлі қоғамдар қалыптасуындағы басты детерминант деп есептеледі» (Чуаньци 2011: 205).

Шмуэль Эйзенштадт пікірінше, кез келген өркениетті дамудың өзегі сол өркениеттің мәдени қайнар бастауларын игеруден, шығармашылық тұрғысынан зерделеуден бастау алады. Мәселен, «Менің зерттеу жұмысымның бастапқы нүктесі ұлы өркениеттерге тән базистерді сараптаудан тұрады, олардың еуропалық тәжірибе мен ұлы революцияларға трансформациялануындағы антиномиялардың қалыптасу ерекшеліктері. Аталған өркениеттер ерекше тұстарының біріне олардың ішінде трансцендентті және дүниеауи тәртіптің арасындағы қатынас туралы балама, бәсекелі түсініктердің үнемі дамып отыруы жатады. Бұл балама тұжырымдар өркениеттердің өздеріне тән негіздері мен олардың институционалды құрылымының сақталуы үш негізгі антиномияның мәнмәтінінде қалыптасты. Біріншіден, бұл трансцендентті түсініктер мен олардың жүзеге асуымен тығыз шиеленіскен ауқымды алуан түрлі мүмкіндіктерді игеру. Екіншіден, парасат пен сенім арасындағы қайшылықтардың қыза түсуі немесе олардың баламасы ретінде монотеистік емес типтегі діндерге жүгінген «кіндік» − емес өркениеттер. Үшіншіден, осы түсініктердің әлеуметтік институттарда бастапқы тұрпатында толыққанды жүзеге асуына деген талпынысымен байланысқан мәселелер», − деп қорытады (Эйзенштадт 1999: 23).

Екінші деңгейлі модернизация теориясының іргесін қытайлық ғалым Хэ Цуаньци қалады. Профессор Хэ Цуаньци теорияны дәйектей келе, мәдениет модернизациясын ғылым мен модернизация теориясы ауқымында қарастырады. Автордың пайымдауынша, «мәдениет модернизациясы – ұлттық және әлемдік модернизацияның маңызды аспектісі. Соңғы үш жүз жылда әлеуметтік, экономикалық және саяси модернизациялармен қатар, мәдениет модернизациясы әлем мен адамзаттың даму бағытын түбегейлі өзгертті (Цуаньци 2011: 195-196).

Хэ Цуаньци мәдениет модернизациясын – тұтас модернизацияның ұлттық және әлемдік деңгейдегі маңызды аспектілерінің бірі ретінде қарастырады. Зерттеуші, әлемдік мәдениет модернизациясының сегіз фактісін, он төрт тарихи тәжірибелерін дәйектейді (Цуаньци 2011: 196-198). Оның пайымдауынша, мәдениет модернизациясын зерттеу үш түрге бөлінеді: мәдениетті зерттеу, мәдениеттегі өзгерістерді зерттеу және мәдениет модернизациясын арнайы зерттеу.

Бірінші, мәдениетті зерттеу. Оған мәдениетті зерттейтін барлық теориялар кіреді. Теорияларды классикалық және қазіргі деп екіге бөліп қарастыруға болады. Қазіргі кезде маңызды дегендерін мәдениет капиталы, рецепциялары, қоғамдық саласы, мәдениеттің «жұмсақ» билігі, жүзеге асуына орай мәдени мұра, мәдениеттің алуантүрлігі, мәдениеттің плюрализмі, модернизмі, постмодернизмі,

мәдениеттің қазіргіленуі, мәдениеттің постқазіргіленуі, локалдық және жаһандық мәдениет, экологиялық мәдениет, Интернет мәдениеті, цифрлық, ақпараттық және кибер-мәдениет, медиамәдениет, бос уақыт мәдениеті, ғылыми мәдениет және инновация мәдениеті, мәдениет индустриясы мен экономикасы, авторлық құқық индустриясы мен шығармашылық индустриясы.

Екінші, мәдениет өзгерістерін зерттеу. Мәдениет өзгерістерін зерттеу дегеніміз мәдениетті зерттеудің бір тармағы. Мәдениеттегі өзгерістер түсінігінің астарында адамзат мәдениетіндегі кез келген өзгерістерді түсінген абзал. Зерттеулер XIX ғасырда (немесе одан ерте) басталды және үш кезеңге бөлінуі мүмкін. Бірінші кезеңге XIX ғасырдағы мәдениет эволюциясын зерттеу жатады. Оның басты идеясы дарвинизм болды. XX ғасырдың басында анти-дарвинистік сипат алған екінші кезең басталды. Көптеген ғалымдар дарвинизмге сын тұрғысынан қарады және сол кезде мәдениет өзгерістері, мәдениет құрылыстары, диффузиялары, релятивизм, функционализм теориялары кең тарала бастады. XX ғасыр қырқыншы жылдары үшінші кезең басталды. Үшінші кезеңмен бірге мәдениет өзгерістерімен қоса мәдениет эволюциясы, мәдениеттің өзгерістері және мәдениет модернизациясы теориялары дүниеге келді.

Үшінші, мәдениет модернизациясын арнайы зерттеу. Мұндай зерттеулерде мәдениет модернизациясы жеке тақырып ретінде зерделенеді. Зерттеулер қашан басталғандығы жөнінде ешбір ортақ мәміле жоқ. Қазірше зерттеулерді шартты үш түрге бөлуге болады: концептуалдық (герменевтикалық), эмпирикалық және қолданбалы (Цуаньци 2011: 202-203).

Хэ Чуаньци әлемдік мәдениет модернизациясының үш ғасырлық үдерісін талдап, соңғы жүз жылдағы мәдениеттегі өзгерістер мен мәдениет модернизациясы һақындағы зерттеулерді жүйелей отырып «мәдениет модернизациясының жалпы теориясы» гипотезасын байыптап берді. Теорияда мәдениет саласындағы модернизацияны ғылым мен тұтас модернизация тұрғысынан түсіндіруге талпыныстар жасалынады. Автордың пікірінше, теория XVIII − XXI ғасыр аралығындағы мәдениет модернизациясына деген балама көзқарас. Теория анықтама, үдеріс, қорытынды, мәдениет модернизациясының динамикасы мен модельдері деп аталатын бес аспектіден, сонымен қатар, бес аспектінің сипаттамалары, принциптері мен модельдерінен тұрады (Цуаньци 2011: 206-213).

Ғылыми қауымдастықта мәдениет модернизациясы – үдеріс не теория ретінде батыстық құбылыс деген көзқарастар басым. Батыстық мәдениет дүниетаным ретінде эволюциялық жолмен модернизациялықтан постмодернизациялық кезеңге ығысты. Жаһандық үдерісте өзіндік ерекшеліктері мен болмысын дәріптеуде мәдениет гегемониясына, әлем бейнесін анықтауға талпыныстар жасады. Скотт Лэш батыстық модернизацияның модерн және постмодерн кезеңдерінің философиялық өзегі мәдениет дискурсына сайып келетіндігін пайымдайды. Автордың сөзімен айтқанда, батыстық «постмодернизм – мәдени сарындағы құбылыс. Постмодернизм − кеңістіктік-уақыттық конфигурация секілді мәдени парадигма қатарынан табылады. Олар кеңістіктік тұрғыдан алғанда жоғарғы-төмен икемделген құрылымда жүзеге асады, алғашқы формалардың шектен шыққан деформациясына қатысты өзге мәдени парадигма қалыптаса бастайды. Уақыттық тұрғыда дезинтеграциялану үшін өзгеше формаға көшу мақсатында, өзгеше мерзімділікке иелік етеді. Толкотт Парсонс «Әлеуметтік іс-әрекет құрылымында» діндердің қасиетті бастамаларының имманентті немесе трансценденттi өзгешеліктерін айқындағанда мәдени парадигма туралы сипаттағысы келген. Макс Вебер ежелгі иудаизмнен рационализм, универсализм, трансценденция мен этиканың тарихи тағдырын іздегенде, мәдени парадигманы белгіледі, шынында, аталған төрт элемент иудаизм тіршілігінің өзегі болатын. Қазір өзге мәдени парадигмаларды айқындауға мүмкіндіктер туып отыр. Мәселен, модернизм, реализм, барокко, готика секілді бағыттардың барлығы мәдени дискурс аясында жүзеге асқан. Зерттеушінің пікірінше, «мәдениет модернизациясы «сигнификация режимінде» жүзеге асады. Сигнификация режимдерін төрт негізгі компонент құрайды. Біріншісі, «мәдени экономика» − мәдени нысандарды өңдейтін нақты жағдай; екіншісі, сол нысандарды қабылдайтын нақты жағдай; үшіншісі, мәдени нысандарды өңдейтін және оларды қабылдаушы-тұтынушы арасындағы делдал – нақты институционализацияланған құрылым; төртіншісі, мәдени нысандар айналымға түсетін нақты орталар» (Лэш 2000: 83). Сонымен қатар, автор мәдени модернизацияның негізгі тетігін эстетикадағы реализммен тікелей байланыстырады. Себебі: «...модернизация зайырлы мәдениеттің діни мәдениеттен ренессанстық бөлінуі арқылы, кейін – XVIII ғасырға тән Канттық теориялық, этикалық және эстетикалық

әлемдердің үшжақты бөлінісі арқылы дүниеге келді. Мұндай дифференциация мен автономизация «реализмнің» өнер мен эпистемологияда кезекті дамуына серпін берді. Эстетикадағы реализм дифференциацияның үш негізгі сәттерінде ғана жүзеге асады:

1. Мәдениет әлеуметтік әлемнен тыс болуы тиіс. Эстетикалық реализм «репрезентацияның мүмкіндігіне негізделеді және бір түрдің мәні өзге түрдің мәнін сомдау қабілетіне ие. Репрезентациядан «символизм» ерекшелігі − екі жеке әлемнің тіршілік етуін болжамайды.

2. Эстетикалық реализм − эстетикалық пен теориялық ұстын арасының ажырауын болжайды. Бұл келесі маңызды деген факторлармен айқындалады: көркемсурет пен әдебиеттегі репрезентация ғылыми концепция мен гипотеза үшін «ақиқат» мағынасында қабылданбайды.

3. Эстетикалық реализм діни және зайырлы мәдениеттің бөлінуін болжайды, сонымен қатар зайырлы мәдениеттің көркем формаларға көшуін шартты етеді» (Лэш 2000: 85-86).

Скотт Лэш тұжырымына сәйкес, дифференциация мен автономизация жетілген мәдениет модернизміне алып келді. «Модерндік» мәдениеттің әрбір саласы автономды, «өзіне-өзі заңды» сапаға көшті. Мәдениет институттары өзін-өзі заңдастырды. Кез келген мәдени парадигманы төрт компонент құрайды. Мәдениет модернизмі дифференциация үдерісінде жүзеге асса, постмодернизмі де-дифференциация үдерісінде өріс алды: «(1) мәдениет нысандарын өңдейтін эстетикалық, теориялық, этикалық және т.б. түрлер арасындағы қатынас; (2) мәдениет пен әлеуметтік арасындағы қатынас; (3) мәдениет институттарын, мәдениет өнімдерінің айналым тәсілдерін, оларды құрайтын парадигманың «мәдениет экономикасы»; (4) сигнификация тәсілі − денотация, коннотация және референт арасындағы қатынас. Егер модернизация көрсетілген өлшемдер бойынша дифференциацияны болжаса, постмодернизацияда аталған компоненттер шеңберінде де-дифференциация жүзеге асады» (Лэш 2000: 86-87).

Батыстық мәдениет модернизация жөнінде алуантүрлі үдерістердің танымдық сипатын айшықтау барысында келесі тұғырнаманы ескермеске болмайды. Ең алдымен, үш басты мәдени сала өзінің автономиясын жоғалтады: «...эстетикалық сала теоретикалық және моральдік-саяси (этикалық) саланы отарлай бастайды. Екіншіден, Вальтер Беньямин болжаған мәдениет әлемінің «сарыны» өз мәнін жоғалтады, мәдениет мен әлеуметтік арасындағы бөлініс тоқтатылады. Бұл жария және жоғары мәдениет арасындағы шекараның біртіндеп жойылуына, оның орнына бұқаралық аудиторияның келуімен байланысты. Үшіншіден, автордың дезинтеграциясы... немесе оның мәдени өніммен араласып кетуін сипаттай отырып «мәдени экономика», сондай-ақ, де-дифференциацияға айналады. ...Бірақ маңыздысы, репрезентация тәсіліндегі өзгеріс болып табылады... Постмодернизация... өзгешелікті өзектендіре түседі [денотация, коннотация және референт арасындағы]. ...Референттер көп жағдайда еске алатын ...сигнификацияның үлес салмағы сөз арқылы емес, имидж арқылы арта түседі. Сол секілді денотация сапасында референттер үлес салмағы артады» (Лэш 2000: 86-87).

Осы ретте ресейлік зерттеуші Е.Л. Скворцова жапондық эстетиканың танымдық ерекшеліктерін байыптаған ғылыми пікіріне тоқталып өткен қисынды болар. Ғалым жапондық эстетиканың өзіндік ішкі мәнін сипаттай келе оның батыстық үлгіден өзгешелігін айқындайды. «Осы уақытқа дейін идеясы тұрғысынан біртұтас эстетика ғылымы саналатын «батыстық» және «шығыстық» бөліктері бір-біріне деген қатынасында өзгеше тұрпатта қалып отыр, олардың шектесулері ереже бойынша механикалық сипатта жүзеге асуда. Мұндай «сәйкессіздіктің» себебіне («тіл ерекшеліктерінің» әралуандығы, соның ішінде аймаққа тән «иероглифтік мәдениетке») Қиыр Шығыс эстетикасының көп жағдайда тәжірибеге бағдарланғандығы жатса керек. Осындай мағынадағы эстетика тек көркемдік теория ғана емес, адамның тұрмыс-тіршілігінің, «тән парасаты», шебер адамгершілігінің тәжірибесі мағынасындағы сезім ретінде түсініледі. Нәтижесінде қиыршығыстық эстетикалық категориялар батыстыққа қарағанда әлдеқайда «кең» мағынада, олар эмоционалдық пен қатынастылыққа толы; онда интуитивтілік пен «логикалық әралуандылықтың» көптігі сонша, эстетикалық проблемаларды дискурсивті қабылдаушы және талдаушы рационалистік батыстық зерттеушілерді келеңсіз жағдайларға қалдыруда» (Скворцова 2012: 61).

Бірақ жапондық модернизация, соның ішінде мәдениет модернизациясы жөнінде Е.М. Моисеева пікірі мүлдем басқа арнадан шығады. Автордың пайымдауынша, жапондықтар үшін модернизм туралы пікірталас батыстық эстетика мен философиялық түсініктердің жай ғана пікірталасы емес. Бұл көп жағдайда ұлттың және оның әлемдік тарих мәнмәтініндегі орны туралы

пікірсайыс. Мәселені жапон қоғамының саяси, әлеуметтік-экономикалық және психологиялық өмірлік сәттерімен байланысынсыз еңсеру мүмкін емес. Әйткенмен, «модернизация жапон мәдениетінің архаикалық элементтерін өлтіре алмады, тіпті вестернизацияның өзі бұл мәдениетті батыстық мәдениетке айналдыра алмады. Постмодерн дәуірінде жапон мәдениетінің өзіндік болмысы модерн дәуіріндегідей өзіндік ерекшелігін сақтап қалды. Мәдениет «сапасы» өзгермеді, «дискурсивті кеңістік» өзгерді. Ескі элементтер жаңа мағынаға ие болды. Постмодерн жапондықтардың ұмытылған және жоғалған мәдени мұрасын өмірге қайта әкелді, заңдастырды» (Моисеева 2012: 44-48).

Ресейлік философ В.Г. Федотова: «Еуропадағы модернизация эволюциялық-органикалық жолмен жүзеге асты. Ол Батыс Еуропаны алдын ала жоспарланып қойылған бағдарламасыз, тұрғындарды дәстүрлі діни құндылықтар мен ұжымшылдық сынды жаңа мәдениет күйіне мобилизациялаусыз инновация, еркіндіктің христиандық құндылықтары, рационализм мен индивидуализм құндылықтары арқылы жүзеге асырды» (Федотова 2012: 139), − деген үстіртін баға береді. Зерттеуші модернизация мен мәдениеттің ажырамас ұғымдар екенін зерделей келе жеті сипатын ұсынады: «1) Батыс модернизациясы нәтижесінде модернистік мәдениеттің қалыптасуы; 2) мәдениетті қамтымайтын қоғам саласындағы модернизация, көбіне олқылықтарға әкеліп соқтырады; 3) сауатсыз немесе асығыс жүзеге асырылғанда дәстүрлі мәдениеттің модернизацияны жеңуі; 4) батыстық емес мемлекеттер модернизацияны жүзеге асыруда төлтума мәдениетін ескергені жөн; 5) модернизация барысында адамдардың тұрмыстық, әсіресе шаруа субъектілер мәдениетін ескеру; 6) модернизациялық мәдениеттің батыстық үлгімен сәйкес келе бермеуі, модернизациялық мәдениеттің жаңа түрлерінің қалыптасуы (Шығыстың жекелеген мемлекеттері); 7) дәстүрлі мәдениет пен жаңа міндеттер негізінде батыстық емес мемлекеттердің модернизациялық мәдениетін қалыптастыру» (Федотова 2012: 146)

• Скрытая (замаскированная) агрессия предполагает неясность направления действий как для самого агрессора, так и для его жертвы. Классическим примером служат исторические факты обмена подарками между полководцами и политическими деятелями. Во время войны персов со скифами Дарию были посланы птица, мышь, лягушка и пять стрел. Царьсобрал совет,где было решено, что скифы готовы сдаться, принося в дар царю землю (мышь), воду (лягушку), коня (птицу) и стрелы (отказ от сопротивления). Но правильное толкование дал один из приближенных Дария – Гобрий: Птица – улетайте прочь, мышь – заройтесь в землю, лягушка – вернитесь в болото, стрелы – иначе будете убиты. И Дарий отступил.

• Символическая агрессия схожа с предыдущей формой, однако ее особенностью является то, что здесь скрыт объект и отчасти даже мотив поведения. Зачем использовать символические формы, когда и так понятно, что их посылает враг? Древние охотники осуществляли ритуальные убийства животных, прежде чем отправиться на охоту; египтяне писали имена врагов фараона на особых глиняных горшках, а потом разбивали их, что символизировало неизбежность победы. Еще один известный исторический факт: в Армениив 1999 г. коммунисты хотели сжечь чучело Клинтона перед посольством США в Ереване в знак протеста против агрессии НАТО в Югославии.

Скрытая (замаскированная) и символическая агрессия позволяет скрыть истинное отношение к жертве, до определенного предела держаться в рамках социализированных и конвенциональных норм поведения, то есть «изображать» толерантность.

• Пассивная (косвенная) форма агрессии непосредственно не направлена на объект, а проявляется в других видах деятельности. Прежде всего, в так называемых компенсаторных – спорт, политика, искусство и др., где возможна разрядка накопившейся агрессии. Беспощадность боксера к противнику на ринге, деспотизми жестокость политического лидера,создание произведений, полных сцен насилия и унижения – неполный перечень возможностей разрядки накопившейся агрессии. Так, руководитель среднего звена, которому в силу своего статуса и положения не представляется возможности непосредственно направить свой гнев на вышестоящее начальство, вымещаетнакопившуюся агрессию на подчиненных.

• Нарциссическая агрессия характеризуется крайним эгоцентризмом, влюбленный в себя человек не принимает и не признает никакой критики в свой адрес, он отличается низким порогом толерантности к фрустраторам и повышенной агрессивностью. Можно привести пример одного из вождей Октябрьской революции Л.Троцкого, считавшего себя незаменимым, гениальным, он отличался повышенным самомнением и высокомерием. У.Черчилль так характеризовал его: «Троцкий соединил в себе организаторский дар Карно, холодный ум Макиавелли и жестокость Джека Потрошителя. Как раковая опухоль, он рос, терзал, убивал, выполняя требования своей природы» (Щербатых, 2007а:120).

• Самоутверждающая агрессия связана с достижением поставленной цели, к которой человек целенаправленно стремится, преодолевая все трудности и преграды. Сильная самоутверждающая агрессия в продуктивных формах деятельности (ассертивное поведение) говорит о сложившейся личности, уровень враждебности и деструктивности которой крайне низкий, а вот уровень толерантности необычайно высокий. Данная творческая форма агрессии особенно ярко проявляется в демократическом обществе, в авторитарном же преобладают индивиды со слабо развитой самоутверждающей агрессией.

Древнеримский патриций и политик Луций Квинкций Цинциннат дважды был диктатором Рима, чтобы спасти империю, находящуюся на краю гибели: в 458 г. до н.э.,когда Вечному Городу угрожали племена эквов и вольсков, а второй разв 439 г. до н.э., когда Сенат попросил Цинцинната подавить восстание плебеев. Он мог бы стать единоличным правителем Рима, но сразу же уходил с должности, как только опасность была ликвидирована. Такое феноменальное поведение сделало его образцом, достойным подражания, идеалом порядочности и честности.

• Конформистская агрессия. В ней отсутствует прямая внутренняя мотивация и враждебное отношение к объекту. Не испытывая ненависти к жертве, человек все же совершает насильственные действия, подчиняясь приказу или считая данное поведение должным. Конформизму сопутствует агрессивность. Так, во время войны солдаты выполняют свой долг перед родиной, убивая противника. Этих людей они лично не знают и не испытываю к ним особого чув-

ства ненависти, однако же продолжают воевать. Но в периоды, когда возникают определенные условия,наблюдались случаи братания солдат – представителей противоборствующих сил. Это происходит при отсутствии межэтнической ненависти или ее умеренности, толерантное поведение берет верх над агрессивным.

• Агрессия для защиты вытеснения – особая форма агрессивного поведения. Вытеснение как психологический феномен достаточно подробно исследован в работах психологов и психоаналитиков. Вытесняя в подсознание, пытаясь «избавиться» от неприятных мыслей, желаний, чувств, впечатлений человек добивается психологического комфорта (пусть даже на короткий срок).

Так, многие коммунистические лидеры СССР не терпели никакой критикив адрес их деятельности, наказывая диссидентов, открыто выражавших свое неприятие политического режима, жестоко и беспощадно: лишение советского гражданства, ссылки, помещение на принудительное лечение в психиатрические лечебницы, заключение под стражу и др., обвиняя в подрывной деятельности против государства.

• Цель альтруистической агрессии – сублимация мотивов своего агрессивного поведения. Личность оправдывает свою агрессию интересами жертвы, что является простой самозащитой и рационализацией, оборонительной мотивацией. В жизни нередки случаи, когда человек, наказывает другого, действительно исходя из его интересов. Мотивация здесь сложная, и альтруистическая, с одной стороны, и агрессивная – с другой. Объект получает пользу, превышающую вред, который был ему нанесен. Например, Петр I во время осады и штурма города Нарва заколол шпагой несколько своих солдат, чтобы прекратить бессмысленный потери среди защитников города. Комендант Горн, который не остановил кровопролитие, был захвачен в плен и жестоко наказан.

• Мстительная агрессия – полная противоположность предыдущей формы агрессии и антипод толерантному поведению. Желание любыми путями отомстить, наказать обидчика, пусть даже ценой собственной жизни. Например, каждая социальная революция – выражение мстительности тех, кто долго терпел и подчинялся несправедливым законам, условиям жизни, угнетателям и т.п. «Разрушить старый мир и построить новый!» – цель революционера. Приведем цитату из текста телеграммы В.И.Ленина в Саратов Пайкесу от 22 марта 1918 г.: «…расстреливать заговорщиков и колеблющихся, никого не спрашивая и не допуская идиотской волокиты» (Щербатых, 2007б:109).

• Косвенная агрессия включает в себя клевету и обвинения в присутствии других, агрессивные намеки (иногда в иносказательной форме), отказ в просьбе с целью нанесения просителю вреда. Известно, что И.В.Сталин довольно искусно использовал клевету. Так, он обвинял своего главного соперника в борьбе за власть Л. Троцкого в «недооценке крестьянства» и«недостаточной уверенности в силах пролетариата» и, наконец, в шпионаже с целью устранить своего политического противника.

То, что союзники открыли второй фронт очень поздно, практически только тогда, когда победа советских войск над фашистской Германией стала очевидной, тоже можно считать примером косвенной агрессии.

• Межэтническая агрессия направлена на причинение вреда представителям другого этноса. Агрессивное отношение человека к представителям другого этноса – выражение личностных установок и социальных факторов и основано на предубеждениях, предрассудках, различиях в этнических ролях. Психологи утверждают, что в сложные периоды исторического становления и борьбы за свою независимость у отдельных этнических групп отсутствие единого государства приводит к обострению чувств и настроений. Это напрямую относится к курдской проблеме, где наблюдается групповая агрессия, которая выступает во всех тех случаях, когда определенное число членов группы одновременно фрустрируется и переживает состояние враждебности, агрессии. Этническая вражда привела к межэтническим войнам на Кавказе, в Югославии, в Молдове и т.п. Следовательно, можно утверждать, что толерантность имеет особую значимость для выживания этноса, а «…агрессия обладает мощной притягательной силой и свойством заразительности» (Змановская: 9).

• Внутриэтническая агрессия проявляется в отношении к представителям своего этноса. Бэрон Э. и Ричардсон Д. приводят такой пример: «Более 45% смертей среди представителей народности уаронк, живущей на востоке Эквадора, составляют летальные исходы в результате копьевых ранений, полученных в ходе внутриплеменных стычек… у народности джебюси в Папуа – Новой Гвинее около 30% смертей среди взрослого населения приходится на убийства» (Бэрон, Ричардсон: 23).

• Инструментальная агрессия служит внеагрессивным целям (защита собственной жизни, жажда наживы, желание проявлять смелость и патриотизм и др.).

Известно, что захватнические войны – агрессивные действия большого масштаба всегда носят инструментальный характер. Их цель – захват земель и природных ресурсов, расширение властных полномочий, обогащение за счет налогов и др. В Древнем мире примеры таких войн – Пелопонесская война между Афинским и Спартанским государствами за политическую гегемонию в Греции и колониальное господство в Средиземном море; Пунические войны между Римом и Карфагеном за монопольное право грабить народы и страны Средиземноморского побережья. «С наибольшей вероятностью агрессия возникает в тех случаях, когда провокативность поведения других людей расценивается индивидуумом как злоумышленная и преднамеренная» (Бэрон, Ричардсон: 330)

Хотелось бы отдельно отметить, что одной из основных и явно доминирующих форм современного общения, диалога и полилога является интернет-коммуникация. В отличие от реального письменного и устного полемического дискурса интернет-коммуникация имеет ряд особенностей, связанных с виртуальностью такой коммуникации, от анонимности и игрового характера до фрагментарности и многоролевых возможностей.

В контексте нашей темы распространенными формами интернет-коммуникации являются троллинг (виртуальная провокация) и флейминг (спор ради спора). Дж.Донат еще в 1999 г. писала, что «троллинг – игра в подделку личности» (Donath, 2010: 22). По мнению Р.А Внебрачных «троллинг (от англ. trolling – «ловля рыбы на блесну») – вид виртуальной коммуникации с нарушением этики сетевого взаимодействия, выражающейся в виде проявления различных форм агрессивного, издевательского и оскорбительного поведения Флейминг (от англ. flame – огонь, пламя) – «спор ради спора», процесс обмена сообщениями в местах многопользовательского сетевого общения (чаты, Интернет-форумы, социальные сети и др. (Внебрачных, 2012: 49). Данное явление представляет собой «словесную войну, которая зачастую не имеет отношения к первоначальной причине дискуссии, спора. Иногда применяется в контексте троллинга, но чаще всего флейм вспыхивает из-за недоразумения, обиды на виртуального собеседника» (Воронцова, 2016:112).

Исследование этих стратегий как правило проходят по разделу психологии или лингвистики. В первом случае акцент делается на психологическую агрессию и выброс негативных эмоций, во втором на языковые способы проявления агрессии (инвективная лексика, оскорбления, вульгаризмы и т.д.). При этом зачастую в тени остается мотивация такого агрессивного поведения. В общем виде такой мотивацией, на наш взгляд, является преднамеренное разрушение коммуникации, ее деформация и деструкция. Таким образом, троллинг и флейминг можно считать разновидностью конфликтогенного поведения в виртуальном мире. Различие между ними состоит в том, что троллинг – это речевое действие, в то время, как флейминг – это речевое взаимодействие. Флейминг представляет собой интернет-эристику, стратегию завоевания и агрессивного подавления противоположной стороны. Психологии и лингвистике троллинга и флейминга посвящено достаточно много статей и исследований (Змановская, 2006, Donath, 2010, Семенов. Шушарина, 2011, Внебрачных, 2012, Воронцова, 2016, Филлипс, 2016).

Результаты исследования

Итак, краткий анализ форм агрессивного поведения показывает, что, в сущности, как агрессивность, так и толерантность амбивалентны, их противоречивость ярко проявляется вразличных жизненных ситуациях, они зависят от потребностей человека и могут вызывать как положительные, так и отрицательные чувства. Изучение особенностей как агрессивного, так и толерантного поведения обусловлено решением трех главных вопросов: каким образом оно приобретается, какие факторы стимулируют его появление и каковы условия, которые поддерживают его исполнение (Bandura, 1973, 1977).

Обучение агрессивным действиям и толерантности, как и другим формам поведения человека, приобретаются в результате, во-первых, классического механизма образования условных рефлексов, во-вторых, наблюдения и подражания поведению других людей, в-третьих, через самообучение с помощью интуиции или «инсайта» – «озарения» сознания новым результатом процесса решения задач (Бандура, Уолтерс, 2000). Успешное агрессивное или толерантное поведение поддерживается своими положительными результатами. Здесь важную роль играют как поощрение, так и наказание.

Восприятие агрессивных действий другого человека способствует формированию агрессивного прайминга, что вызвано несколькими условиями: увиденное кажется наблюдателю проявлением агрессии; зритель отождествляет себя с агрессором, поскольку агрессивные поступки не изображаются в негативном ключе; потенциальный объект агрессии ассоциируется с жертвой агрессии в книге, фильме, в жизненных ситуациях; зритель не способен дистанцироваться от изображаемой агрессии; у зрителя наблюдается ослабление запретов на агрессию (дезингибиция); зритель воспринимает мир как жестокое и ненадежное место; наблюдаемые события выглядят захватывающе и «реально» (Щербатых, 2007). Перечисленные условия, но рассматриваемые в позитивном психологическом ракурсе, будут способствоватьформированию толерантного поведения: зритель оценивает наблюдаемые действия как соответствующие общечеловеческим нормам и правилам нравственности и морали; отождествляет себя с положительным героем; проводит аналогию между своим и «хорошим» примером поведением; отождествляет себя с положительным героем; у зрителя возникаютзапреты на агрессию, мир кажется добрым и справедливым; толерантность приобретает особую значимость как «идеальный» тип взаимоотношений между людьми.

С другой стороны, восприятие агрессивных действий кого-либо демонстрирует конкретные модели агрессивного поведения, показывает, как действуют в той или иной ситуации. Так человек усваивает целый репертуарагрессивных действий, противостоять которым возможно только путем усвоения противоположных агрессии принципов и норм поведения, подтверждает необходимость осуществления принципа толерантности не на словах, а на деле.

Выводы

При создании новых форм как агрессивного, так и толерантного поведения играют роль: физические и лингвистические возможности человека; внутренние когнитивные процессы, ситуативные факторы в широком смысле (Берковиц, 2001, Крейхи, 2003). Более ловкий, физически развитый человек чувствует и действует иначе, чем слабый; лингвистической свободы можно достигнуть только путем упорного труда; познавательные способности, возможности и опыт человека оказывают сильное влияние на целеполагание, поиск путей осуществления поставленных задач, рационализацию намерений и т.п.; условия, в которых живет и действует человек (физическое пространство, статус окружающих людей, материальное благополучие и пр.), определяют границы его возможностей. «Мы все страдаем от необходимости подавлять свои побуждения… по причине очень разной врожденной склонности у социальному поведению (Лоренц, 2001:317).

В современном обществе наблюдаются ситуации разного рода. В одних преобладает агрессивность, в других – толерантность. Но с абсолютной уверенностью можно утверждать, что агрессия и толерантность – две стороны единого целого, представляющие собой диалектическое противоречие, в котором обе стороны равноважны и равнозначны и не могут существовать друг без друга.

Литература

Аверинцев С.С. (1990) Когда рука не сожмется в кулак // Век XX и мир. 1990. №7. С. 16-21.

Бандура А., Уолтерс Р. (2000) Подростковая агрессия. Изучение влияния воспитания и семейных отношений. М.: Эксмо пресс.– 250 с.

Берковиц Л. (2001) Агрессия. Причины, последствия, контроль. СПб, М. 512 с.

Бэрон Э., Ричардсон Д. (1997) Агрессия. Санкт-Петербург: Питер. 336 с.

Внебрачных Р.А. (2012) Троллинг как форма социальной агрессии в виртуальных сообществах // Вестник Удмуртского университета. Серия Философия. Социология. Психология. Педагогика.V. 1. P. 48-51.

Воронцова Т.А. (2016) Троллинг и флейминг: речевая агрессия в интернет-коммуникации //Вестник Удмуртского университета. Серия история и филология. Т.26. Вып.2. С.109-116.

Даль В. (1882) Толковый словарь живого великорусского языка. М.:Государственное издательство иностранных национальных словарей. Т.4. 1955. 683 с.

Змановская Е.В. (2006) Девиантология. Психология отклоняющегося поведения. М.: Академия. 288 с.

Конторович С.Н., Явкина Т.А. (2016) Диалогическая природа толерантности в контексте идей М.Бахтина/ Исторические, политические, философские и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики.- Тамбов: Грамота. № 12(74): в 3-х частях. Ч.3.С.77-79.

Крейхи Б. (2003) Социальная психология агрессии. СПб.: Питер.336 с.

Лекторский В.А. (1997) О толерантности, плюрализме и критицизме // Вопросы философии. № 11. С.46-54.

Лоренц К. (2001) Агрессия (так называемое зло). М.: Амфора. 349 с.

Налчаджян А. А. (2007) Агрессивность человека. СПб [и др.]: Питер. 734 с.

Семенов Д.И., Шушарина Г.А. (2011) Сетевой троллинг как вид коммуникативной деятельности // Международный журнал экспериментального образования. Вып. 8. М. С. 135-136.

Филлипс У. Трололо: Нельзя просто так взять и выпустить книгу про троллинг = This Is Why We Can't Have Nice Things. Mapping the Relationship between Online Trolling and Mainstream Culture. М.: Альпира Паблишер, 2016. 300 с.

Щербатых Ю. (2007) Психология личностных качеств. Популярная энциклопедия. – М.: Эксмо. – 464 с.

Ярмоленко Г. П. (2003) О психологии агрессии // Интегративный подход в психологии. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена. – С. 285–293.

Bandura A. (1973) Aggression: A social learning analisys. Englewood Cliffs (N.J.): Prentice-Hall.

Beach S. R. H., Kim S., Cercone-Keeney J., Gupta M., Arias I., Brody G. H. (2004) Physical Aggression and Depressive Symptoms: Gender Asymmetry in Effects? // Journal of Social and Personal Relationships. Vol. 21(3). pp. 341–360.

Chase-Dunn C, Gills B. (2003) Understanding Wives of Globalization and Resistance in the Capitalist World-System: Social Movements and Critical Globalization Studies // Irows Working Papers. N 2 .pp.17-25.

Gray J. (2000) Pluralism and Toleration in Contemporary Political Philosophy // Political Studies, Vol. 48. Oxford: Blackwell Publishers. -197 p.

Judith S.Donath. (2010) Identity and Deception in the Virtual Community. London. 280 p.

Lorenz K., Leyhausen P. (1973) Motivation of Human and Animal Behavior: An Ethological View. New York. 423 p.

Mackal K. P. (1979) Psychological Theories of Aggression. Amsterdam N.Y. -Oxford.

Nederman C. (2000) Worlds of Difference. European Discourses of Toleration. University Park: The Pennsylvania State University Press, pp. 1100- 1550.

Nicholson P. (1985) Toleration as a Moral Ideal // Aspects of Toleration / Eds. J. Horton, S. Mendus. London, New York: Methuen and Co. Ltd. 160 p.

Roland E., Idsoe D. (2001) Aggression and Bullying // Aggressive Behavior. Vol. 27. pp. 446– 462.

Stonner D. M. (1976) The study of aggression: Conclusions and prospects for the future // Perspectives on aggression. N. Y. P.1278-1285.

Walzer M. (1977) On Toleration. New Haven: Yale University Press. 126 p.

Williams B. (1996) Toleration: An Impossible Virtue? // Toleration. An Elusive Virtue / Ed. D. Heid. PrincetonUniversityPress. P.18-27.

Yeh M. T., Coccaro K., Jacobson C. (2010) Multivariate behavior genetic analyses of aggressive behavior subtypes // Behav. Genet. V. 40. pp. 603–617.

References

Averincev S.S. (1990) Kogda ruka ne sozhmetsya v kulak [When the hand does not clench into a fist] // Century XX and the world. №7. P. 16-21.

Bandura A., Uolters R. (2000) Podrostkovaya agressiya. Izuchenie vlijaniya vospitaniya i semeynyh otnosheniy [Teenage aggression. Studying the influence of upbringing and family relationships].M.: Jeksmo press. 250 p.

Berkovic L. (2001) Aressija. Prichiny, posledstviya, control [Aggression. Causes, consequences, control]. SPb, M. 512 p.

Bjeron Je., Richardson D. (1997) Agressiya [Aggression]. St. Petersburg: Peter. 336 p.

Vnebrachnyh R.A. (2012) Trolling kak forma sotsialnoi agressii v virtualnykh soobshchestvakh [Trolling as a form of social aggression in virtual communities] // Bulletin of the Udmurt University. Series Philosophy. Sociology. Psychology. Pedagogy. V. 1. P. 48-51.

Voroncova T.A. (2016) Trolling i Fleiyming: rechevaya agressiya v internet-kommunikatsii [Trolling and flaming: speech aggression in Internet communications] / Bulletin of the Udmurt University. History and Philology Series. T.26. V.2. P.109-116.

Dal V. (1882) Tolkovii slovar zhivogo velikorussrogo yazyka [Explanatory dictionary of the living Great Russian language].M.: Gosudarstvennoe izdatelstvo inostrannykh natsionalnykh slovarei. T.4. 683 p.

Zmanovskaya E.B. (2006) Deviantologiya. Psichologiya otklonyayushchegosya povedeniya [Deviantology. Psychology of deviant behavior]. M .: Academya. 288 p.

Kontorovich S.N., Yavkina T.A. (2016) Dialogicheskaya priroda tolerantnosti v kontekste idei M.Bahtina/ Istoricheskie, politicheskie, philosophskie I yuridicheskie nauki, kulturologia I isskustvovedenie [Dialogic nature of tolerance in the context of M. Bakhtin's ideas / Historical, political, philosophical and legal sciences, cultural studies and art criticism. Questions of theory and practice. Tambov: Diploma. № 12 (74): in 3 parts. Ch.3. P.77-79.

Krejhi B. Socialnajya psihologiya agressii [Social Psychology of Aggression]. St. Petersburg: Peter. 336 p.

Lektorskij V.A. (1997) O tolerantnost, pljuralizme i kriticizme [On Tolerance, Pluralism and Criticism] // Issues of Philosophy. № 11. P.46-54.

Lorents K. (2001) Agressiya (tak nazyvaemoe zlo) [Aggression (the so-called evil)].M.: Amphora. 349 p.

Nalchzan A. A. (2007) Agressivnost cheloveka [Aggressiveness of man]. St. Petersburg [and others]: Peter. SPb: Piter. 734 p.

Semenov D.I., Shusharina G.A. Setevoy trolling kak vid kommunikativnoi deyatelnosti [Network trolling as a form of communicative activity] // International Journal of Experimental Education.V. 8. M., 2011. P. 135-136.

Phillips U. (2016) Trololo: Nelzya prosto tak vzyat i vypustit knigu pro trolling [Trololo: You can not just take a book about trolling] = This Is Why We Can't Have Nice Things. Mapping the Relationship between Online Trolling and Mainstream Culture. M.: Albina Pablisher. 300 p.

Shherbatyh Ju. (2007) Psihologija lichnostnyh kachestv. Populyarnaja enciklopedija [Psychology of personal qualities. Popular Encyclopedia]. M.: Eksmo. 464 p.

Yarmolenko G.P. (2003) O psihologii agressii // Integrativnyi podhod v psihologii [On the psychology of aggression // Integrative approach in psychology. SPb.: Publishing House of the Russian State Pedagogical University. A.I. Herzen]. SPb.: Izd-vo RGPU im.Gertsena. P. 285–293.

Bandura A. (1973) Aggression: A social learning analisys. Englewood Cliffs (N.J.): Prentice-Hall.

Beach S. R. H., Kim S., Cercone-Keeney J., Gupta M., Arias I., Brody G. H. (2004) Physical Aggression and Depressive Symptoms: Gender Asymmetry in Effects? // Journal of Social and Personal Relationships. Vol. 21(3). pp. 341–360.

Chase-Dunn C, Gills B. (2003) Understanding Wives of Globalization and Resistance in the Capitalist World-System: Social Movements and Critical Globalization Studies // Irows Working Papers. N 2. pp.17-25.

Gray J. (2000) Pluralism and Toleration in Contemporary Political Philosophy // Political Studies, Vol. 48. Oxford: Blackwell Publishers. 197 p.

Judith S.Donath. (2010) Identity and Deception in the Virtual Community.London. 280 p.

Lorenz K., Leyhausen P. (1973) Motivation of Human and Animal Behavior: An Ethological View.New York. 423 p.

Mackal K. P. (1979) Psychological Theories of Aggression. Amsterdam. N.Y. Oxford.

Nederman C. (2000) Worlds of Difference. European Discourses of Toleration. University Park: The Pennsylvania State University Press, pp. 1100- 1550.

Nicholson P. (1985) Toleration as a Moral Ideal // Aspects of Toleration / Eds. J. Horton, S. Mendus. – London, New York: Methuen and Co. Ltd. – 160 p.

Roland E., Idsoe D. (2001) Aggression and Bullying // Aggressive Behavior. Vol. 27.- pp. 446– 462.

Stonner D. M. (1976) The study of aggression: Conclusions and prospects for the future // Perspectives on aggression. N. Y.- P.1278-1285.

Walzer M. (1977) On Toleration. New Haven: Yale University Press. 126 p.

Williams B. (1996) Toleration: An Impossible Virtue? // Toleration. An Elusive Virtue / Ed. D. Heid. PrincetonUniversityPress. P.18-27.

Yeh M. T., Coccaro K., Jacobson C. (2010) Multivariate behavior genetic analyses of aggressive behavior subtypes // Behav. Genet. V. 40. pp. 603–617.

ҒТАМР 02.15.00

Ракимжанова С.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Астана қ., e-mail: rahimzhanova.82@mail.ru

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МӘСЕЛЕСІ

Бұл мақалада философия тарихындағы дәстүр мәселесінің адамзат өмірінде алатын орны анықталады. «Дәстүр» ұғымының философиялық категория ретінде қалыптасуы, даму негіздері қарастырылады. Дәстүр ойшылдар дүниетанымында әлеуметтік сабақтастық формасы ретінде таныла отырып, ақпаратты, пікірді, ойды, салттарды, стереотиптендіру, алгоритмдендіру жолымен ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің әлеуметтік-мәдени тетігінің негізі ретінде ұғындырылғандығы талданады. Философиялық ойдың даму тарихында дәстүр адам оның дүниеге деген қатынасынан туған құндылық ретінде түсіндіріле отырып, қандай да бір жағдайға арналып, белгіленген, орнатылған тәртіп тұрғысынан пайымдалатындығын көрсетеді. Дәстүрдің философиялық мәні талқыланады. «Дәстүр» категориясының мазмұнын аша отырып, философия тарихындағы алатын орнын айқындайды.

Түйін сөздер: философия, адам, әлем, дүниетаным, дәстүр, салт, әдет, болмыс, құндылық, сабақтастық.

Rahimzhanova S.K

L.N. Gumilyov Eurasian national university,
Kazakhstan, Astana, e-mail: rahimzhanova.82@mail.ru

The case of tradition in development of philosophical opinion

This article deals with place of tradition through philosophical history in mankind's life. Also becoming of «tradition's» concept philosophical category and the bases of improving. World outlook of thinkers consider the tradition as an socialbinding and social-cultural base of passing of information, opinion, customs, stereotypes, algorithm through generation. It explains that custom comes from attitude of human being to the world and discipline in some situations. Philosophical meaning of custom are given. Article addresses category of «custom» and defines the meaning in philosophical history.

Key words: philosophy, human, world, world outlook, custom, tradition, habit, being, value, connection.

Ракимжанова С.К.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва,
Казахстан, г. Астана, e-mail: rahimzhanova.82@mail.ru

Проблема традиции в истории развития философской мысли

В данной статье определяется место и значение традиции в истории философии, в жизни человечества. Рассматривается становление понятия «традиции» как философской категории и основания его совершенствования. В мировоззрении мыслителей традиция рассматривалась как социальная связующая и социально-культурная база передачи из поколения в поколение информации, мнений, обычаев, стереотипов, алгоритмов. В разные периоды развития философской мысли, традиция рассматривалась как ценность, происходящая от отношения человека к миру, и воспринималась с позиции установленного порядка в отношении чего-либо. В статье дается философское значение обычая, делается ссылка на категорию «обычай» и определяется его значение в истории философии.

Ключевые слова: философия, человек, мир, мировоззрение, традиция, обычай, привычка, бытие, ценность, преемственность.

© 2018 Al-Farabi Kazakh National University

Кіріспе

Философия тарихындағы ойшылдардың дүниетанымында «дәстүр» категориясына барынша жақын ұғымдар ретінде «әдет-ғұрып», «жоралғы», «рәсім» ұғымдары қарастырылады. Ал, осы ұғымдардың барлығы да, сайып келгенде дәстүрдің үлгісіне сәйкес келеді және олар дәстүр ұғымын сипаттау кезінде ойшылдардың шығармаларында жиі қолданылады. Алайда, дәстүрдің бүкіл мән-мағынасын, мазмұнын әдет-ғұрыпқа, рәсімдерге, жол-жоралғыларға теңестірген деп айтуа болмайды. Өйткені, философиялық тұрғыдан қарастырсақ, «дәстүр» ұғымының мағынасы«әдет-ғұрып», «жоралғы», «рәсім» ұғымдарымен салыстырғанда анағұрлым кең болып табылмақ. «Дәстүр» ұғымы философиялық ойлау тарихында қоғам өмірінің рухани салаларының бірі ретінде айқындала отырып, адамның өмірімен байланысты құндылық ретінде дәлелденеді. Дәстүр – философиялық ұғым ретінде қарастырылады. Бұл мақалада автор философия тарихындағы ойшылдардың еңбектеріндегі дәстүр мәселесінің адамзат, қоғам өміріндегі мәнін ашып, дәстүр ұғымының философиялық мазмұнын ұғындырады.

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Жұмыстың әдіснамалық негізі ретінде герменевтикалық, эмпирикалық, теориялық зерттеу әдістері қолданылады. Дәстүр мәселесін зерттеу ең алдымен экзистенцианалды тұрғыдан қаралғанын және қаралатынын айта кеткен жөн. Дәстүр мәселесіне философиялық талдау жасалынып, сыни ойлау әдістері де жүзеге асады. Философиялық антропология әдістері арқылы обьективті зерттеу жүргізілген.

Нәтижелері және талқылау

Философиялық ойдың тарихындағы дәстүр мәселесін зерттеу үшін біз ең алдымен келесі мәселені анықтап алуымыз қажет: бұл ретте «дәстүр» терминінің қандай да бір философиялық тұжырымдарда тек категориалдық қолданылуы туралы ғана айтып отырмыз ба, әлде «дәстүрді» анағұрлым кең ауқымда және институттандырылмаған әлеуметтік норма ретінде түсінуіміз керек пе? Бірінші жағдайда бұл мәселенің қарастырылуы Иоганн Готфрид Гердерден басталуы тиіс еді, өйткені ол «дәстүр» ұғымын өзінің «Адамзат тарихы философиясына арналған идеялар» деп аталатын атақты еңбегінде алғаш рет философиялық категория ретінде қарастырған болатын. Алайда, біздің ойымызша, мұндай көзқарасты ұстану дәстүр мәселесінің қарастырылуын тым «жұпыны» көрсеткен болар еді, яғни бұл ретте дәстүрдің философиялық және философиялық-антропологиялық зерттеулер алаңында ұзақ жылдар бойы қарастырылып келе жатқаны назардан тыс қалып қояр еді.Философиялық ойдың бастауы Ежелгі Үнді және Ежелгі Қытай философиясынан туындайды.

Ежелгі Үнді философиясында негізгі интенция «Мен» және «Әлем», «Брахман» және «Атман» қатынастары болатын болса, ал Ежелгі Қытай философиясындағы негізгі интенция жеке адам мен қоғамның арасындағы қатынастар болып табылады. Ежелгі Қытай философиялық дүниетанымындағы әлеуметтік негіздемелердің дәстүр, дәстүрлілік мәселелерін философиялық талдаудың ең негізгі тақырыптарының бірі ретінде қарастыруы өте орынды.

Дәстүр мәселесіне қатысты Ежелгі Үндістандағы философиялық рефлексия туралы айта отырып,оның Көне Үнді қоғамының касталық құрылысына тән ерекшеліктерге де, тіпті философиялық ойдың өзінің ортодоксалдық және ортодоксалдық емес философиялық бағыттар түрінде өмір сүру тәсіліне байланысты екенін түсінеміз.

Этно-әлеуметтік салада қалыптасқан дәстүрлерді ұстанудың айрықша маңыздылығы туралы айтылған ойларды «Ману Заңдарында» және «Артхашастра Каутильи» атты Ежелгі Үндінің әлеуметтік-философиялық трактатынан кездестіреміз. Варналардың арасында қалыптасқан қарым-қатынастар негізінен бүкіл ежелгі Үнді қоғамына тән сипатқа ие болды. Осы қатынастар бастапқыда дәстүрлі, әдеттегі қарым-қатынастар түрінде сақталып отырған болса, кейін қандай да бір формаларда құқықтық нормалар ретінде бекітіле бастады.

Ежелгі Үндістанның өте бай рухани мәдениетінің ұрпақтан ұрпаққа ауызша жолмен ғана берілуінің өзі де қоғамның өмір тіршілігіндегі рухани сала дәстүрлеріне деген рефлексияны маңыздандыра түседі (Philosophy 2015: 44).

Философиялық, діни және басқа да көптеген Ежелгі Үнді мектептері мен бағыттарының түпкі нұсқасын, тұрақтылығын, мызғымастығын сақтап қалу қажеттігі де дәстүр сияқты әлеуметтік тәжірибені тіркеп, жинақтап, келесі ұрпаққа жеткізу тетіктерінің болуын қажет етті.

Ежелгі Үнді философиясында дәстүрді адамның дүниеге қатынасынан туған құндылық ретінде танылды.

Ежелгі Қытай философиялық ойының негізгі мәселелерінің бірі –дәстүрлі өмір салты мен әлеуметтік жаңалықтардың арақатынасы проблемалары болып табылады.

Институттандырылған (құқықтық) және институттандырылмаған (дәстүрлі) нормалардың өзара қарым-қатынастары проблемасы конфуцийшілдік пен легизмнің арасындағы пікірталаста да аса айқын байқалады. Конфуцийшілдік әлеуметтік-мәдени сабақтастықтағы тәрбие приматынан туындайтын болса, легистер – құқықтық тұрғыда іске асырылатын мәжбүрлеу принциптеріне негізделді. Конфуций өзінің Лунь Юй (Әңгімелер мен пайымдар) кітабында былай дейді:

Ұстаз айтты: Егер халықты заңдар арқылы басқарып, тәртіп сақтауды тек жазалау арқылы жүргізетін болса, халық жазадан бұлтарып кетуге ұмтылып, онысы үшін ұялуды да қоятын болады. Ал, егер халықты адамгершілікпен басқарып, салт-жоралғылар, дәстүр арқылы тәртіпке шақырса, халық ұятты біліп, түзелетін болады» (Древнекитайская философия 1972:143). Қытай дүниетанымында ұлттың бойына сіңген маңызды құндылықтардың бастауы, негізі дәстүрде жатыр деп білген. Қытай ілімінде дәстүр – адамның дүниеге деген көзқарасын өзгертіп, адам санасының кемелденуіне жол ашатын тәрбиелік мәні ерекше құндылық ретінде танылған. Дәстүрлердің жаңа қоғамдық қатынастарға қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттілері ғана жаңа жағдайда ілгері дамуы қажет деп таниды.

Ежелгі Шығыс философиясында дәстүр мен дәстүрлілік проблемалары туралы талдау жасарлық мәліметтер жетерлік. Дәстүр мен құқықтың, дәстүр мен жаңалықтың арасындағы арақатынастарға деген философиялық рефлексия да анық байқалады.

Егер Ежелгі грекиялық ойлаудың өзіне тән ерекшеліктерін сипаттайтын болсақ, ол ерекшеліктердің қатарына онтологизмді, космологизмді, фатализмді және т.с.с. жатқызар едік.

Ежелгі Грекияның әлеуметтік-философиялық ойларында дәстүрдің қоғамдық өмірде алатын орны туралы тек Платон ғана өзінің жетінші заңдар кітабында тікелей айтқан. Осы туралы үзінді келтірейік:

«Афиналық. Біздің қарастырып отырғанымыздың барлығы көпшілік айтқандай, жазылмаған салттар болып табылады. Ал ескілік заңдары деп аталып жүргендер де осы сияқты қағидалардың жиынтығы. Мұндайда заңдар туралы айту орынсыз, бірақ екінші жағынан оны айтпауға даболмайды. Осы дәстүр кез келген мемлекеттік құрылымды байланыстырып тұр. Олар жазбаша белгіленген заңдар мен келешекте әлі де белгіленетін заңдардың дәл ортасын алып тұр. Қысқасын айтқанда, оларды ескі, мейлінше ежелгі қағидалар деп айтуға болар. Оларды барынша мұқият белгілеп, өмірге енгізетін болсақ – олар қазіргі заңдар үшін таптырмас негіз бола алар еді. Сөйте тұра, осы әсемдіктің шегінен аттап кетер болсақ, бейне бір құрылысшылар ғимараттың ең маңызды болып табылатын бөліктерін жасырын түрде алып тастағанындай, барлығы қирайды; өйткені бір қағидалардың екінші бір қағидаларға сүйенетіні сияқты, ертеден кележатқан берік іргетас бүлінсе – оның үстіндегі жаңа тұрғызған құрылыс та бүлінеді. Клиний, біз мұнымен санасуға тиіспіз; сондықтан сен заңдар, салттар немесе әдет-ғұрыптар аталатындардың ішінен ұлысын да кішісін де мүмкіндігінше назардан тыс қалдырмай, жаңа мемлекетті барынша нығайтуға тиіссің. Өйткені, осының бәрі мемлекетті құрайды, онсыз ешқандай бастама мықты бола алмайды. Сондықтан, егер заңдарымыз, бір қарағанда ұсақ-түйек сияқты көрінетін қағидалардың ескерілуімен бұрынғысынан анағұрлым ауқымдырақ болып шығып жатса, оған таңғалудың қажеті жоқ» (Платон 1972: 272).

Осылайша, Платонның түсінігіндегі дәстүр («салт», «жазылмаған салттар», «ескі заңдар» терминдері қолданылғанына қарамастан, оның дәстүр туралы айтып отырғаны даусыз) ең алдымен, қоғамның шаруашылық қызметін емес, мемлекеттік-саяси құрамдас бөлігін реттеу тәсілі ретінде қарастырылып отыр. Дәстүр – заңнаманың антологиялық базасы іспетті («Бұл салттар кез келген мемлекеттік құрылымды байланыстырып тұр. Олар жазбаша белгіленген заңдар мен келешекте әлі де белгіленетін заңдардың ортасын алып тұр»). Платонның көзқарасы бойынша дәстүрге, салттарға ескілік деп қарап, оны жоққа шығаруға болмайды. Жаңашылдыққа бет бұрамыз деп ескілікті жоққа шығару жақсылыққа апармайды. Ежелден келе жатқан құндылық бүлінсе, жаңадан пайда болған ұғым да ұзаққа бармайды деп қарастырады. Дәстүрге ескілік деп қарап, өзіннің бастапқы келбетінді жоғалтып алма деген идеяға сәйкес ойды айтады. Дәстүрді сапалылықтың, мызғымастықтың көрінісі ретінде таниды.

Ежелгі Грекия философиялық ойының тағы бір саңлағы Аристотельдің осы мәселеге көзқарасына келетін болсақ, оның жалпы сұлбасын «Этика» және «Саясат» трактаттарынан алынған мәтіндерді негізге ала отырып байқауға болады.

«Дәстүр» санатының мағынасын нақты ашатын терминді Аристотельден кездестірмейміз. Аристотель «әдет», «салт» (ethos) терминдерін қолданады. Тіпті, көп жағдайларда «ethos» термині, қазақ тіліндегі «әдет» ұғымына сәйкес келеді: «...ең соңында, кейде адам өзін сырқат адамша сезінуі мүмкін, кейде бұл жаман әдеттердің ықпалы болуы да мүмкін, мысалы тырнағын кеміру немесе шашын жұлу...»

Аристотель жалпы алғандағы қоғамдық құрылыс жайында емес, полистің құрылымы туралы айтады, өйткені Аристотель үшін полис ең қолайлы мемлекеттік құрылыс, өйткені ол тұрғындарының барлық қажеттіліктерін қанағаттандыра алатындай қуатты және басқару ісін барынша жақсы ұйымдастыруға боларлықтай жинақы, шағын (Аристотель,1984а:201).

Аристотельдің пікірі бойынша, мемлекеттің тарихи болмысына үш фактор әсер етеді: тағдыр, табиғат және заңдар(салт). Қоғамдық өмірді тек қана заң реттеуі тиіс. Заң мен салт Аристотельдің пікірі бойынша өте жиі сәйкеседі, заң салтты «сіңіріп алады» (жұтыпжібереді): «Ертеде Македонияда бір де бір жауды өлтірмеген адамға ноқта кигізілетін болады деген заң болған. Мұндай адамға скифтер де мереке кезінде көпшілікпен бірге дәм татуға рұқсат бермеген... Осындай тыйымдар өзгелерде де өте көп, олар кейде заңмен белгіленеді, кейде олар әдет-ғұрыптарға, салттарға байланысты болғандықтан, қасиетті деп қабылданады» (Аристотель 1984б:592).

Ежелгі Грекия полистерінде, заманауи тұрғыдан қарағанда, қоғамдық өмірдің шамадан тыс заңнамалық реттелуін байқаймыз. Ежелгі Грек дүниетанымында дәстүр қоғамды, адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін заңмен сәйкестендірілген құндылық ретінде қарастырылады.

Антика дәуірінен ортағасырларға өткен тұста философия сапалық тұрғыдан едәуір өзгерістерге ұшырады. Ортағасырлық философия теоцентризмге (бүкіл тіршіліктің мәні дүниеден тысқары тұрған тылсым күш – Құдайда деп түсінетін философиялық көзқарасқа) негізделді, ал қоғамдық дамуға деген көзқарастарда провиденциализм (тарихтың бәрі құдіреттің күшімен болатын құбылыс деп түсіну) белең алды. Ал, бірінші орынға болжам мен көрегендік қойылғанда, қалған құбылыстың барлығы, оның ішінде дәстүр де екінші сатыда қалатыны белгілі. Алайда, соған қарамастан, тарихи үдеріске деген философиялық көзқарастың жалпы өзгеруінің өзі оның құрамдас бөліктеріне деген түсінікті де өзгертті.

Августиннің адам жігерінің еркіндігі туралы ілімі де әлеуметтік серпінділікті жаңаша түсінудің арқауы болды. Өз таңдауын саналы түрде жасаған адам ғана дәстүрді сақтай алады.

Адамзат тарихын адам өмірінің алты кезеңі деп түсіну, Августинді өзін адамзаттың қарттық кезеңінде өмір сүріп отырмын деген түсінікке алып келді, оның тұжырымы бойынша адамзаттың қарттық кезеңі Иисустың бірінші келуінен басталып, оның екінші рет оралуымен аяқталады. Бұл қағида бір жағынан ортағасырлық дүниетанымда әлемнің қартаюы туралы идеяға, екінші жағынан Христ келгеннен кейін жаңалық атаулының барлығының түк қажеті жоқ болады деген қағидаға ұласты. Белгілі медиевист А.Я.Гуревич жазғанындай: «Орта ғасырларда кез келген өзгерістер міндетті түрде құлдырауға, іріп-шіруге апарып соғады деген сенім мейлінше көп таралған еді. «Өзгерген нәрсенің барлығы да өзінің бастапқы құндылығын жоғалтады»... «Modernitas» термині («модернизм») орта ғасырларда жағымсыз мағынаға ие бола кететін еді: уақыт пен дәстүрге қатысы жоқ жаңашылдықтың барлығы да күдік туғызды. «Бұрын-соңды естімеген жаңалық», «жаңа үрдістер» туралы айыптаулар ең алдымен еретиктерге («novi doctores») тағылдыжәне қоғамдық қудалаушылықтың қауіпті құралына айналды. Ескі нәрсе ғана құндылық болып саналды» (Гуревич 1972: 112).

Гийом Коншский: «Біз ешқандай жаңалық ашпаймыз, тек қана ежелгілердің ісін қайталаймыз» деп жазды (Гуревич 1974: 113).

Фома Аквинский «Сумма теологии» атты еңбегінде «ескі» мен «жаңаның» арақатынасы туралы пікірталасты қорытындылай келіп, дәстүр мен жаңашылдық арасындағы қатынас туралы мәселеге назар аударады. Жаңашылдық дәстүрдің ықпалымен шектелуде, өйткені апостолдар христиан ілімін кейінгі ұрпақтарға қарағанда анағұрлым терең және толығырақ түсінеді (Thomas Aquinas 2003:28). Ескілік арқылы ғана адамзат жаңашылдыққа қол жеткізе алады. Жаңашылдықтың негізінде ескілік жатыр деп қарастырады. Ортағасыр философиясында діни ілім басты орында болды. Осы кезеңде дәстүр адамның саналы іс-әрекетінің көрінісі ретінде танылды.Дәстүр – мәдениеттіліктің

белгісі. Дәстүр бұзылған кезде адамның рухани дүниесіне елеулі нұқсан келеді.

Жаңа дәуір философиясы ортағасырлық дүниетанымдағы «ескі» (дәстүр) мен «жаңаның» (инновация) арақатынасы мәселелерін біршама өзгерткенімен, Ф.Бэконды мысалға алатын болсақ, бұрыннан қалыптасып қалған көзқарастарды түбегейлі өзгерте алған жоқ.

Біз ғылымнан үш бұрмалауды немесе үш дертті анықтадық; олардан тыс тағы да басқа жекелеген сырқаттар бар, бірақ олар асқынған дерт емес, тек зиянды ісіктер ғана; алайда олар көпшілік байқай алмайтындай немесе олардың айыптауын туғызбайтындай елеусіз, астыртын емес. Сондықтан да біз оларды еш уақытта назардан тыс қалдыра алмаймыз.

Біріншісі екі қапталға, яғни бір шеттен екінші шетке – ескі мен жаңаға деген өлшеусіз ұмтылыс, бірақ бұл ретте де Уақыттың балалары әкесіне ойдағыдай еліктей алмайды, өйткені Уақыт өз ізбасарларын қалай жалмаса, олар да бірін-бірі дәл солай жалмайды. Ескілік жаңалықтың өсіп-жетілуіне қызғанышпен қарайды, ал жаңалық болса, соңғы туындап келе жатқан жаңа толқындарға көңілі толмай, ескінің көзін мүлдем жойып, таптап, лақтырып тастағысы келеді. Пайғамбардың баршаға белгілі кеңесі нақ осы жерде қағидаға айналуы тиіс: «Ежелгі сүрлеу жолдарға түсіңдер де, олардың қайсысы түзу де тура екенін табыңдар, сөйтіп, сол тура жолмен жүріңдер». Ескіге деген құрмет адамдардың бір сәтке болса да аялдап, негіздің ең түбінен бастап, маңайдағы жолдардың ішінен ең жақсысын іздеп тапқанын және ең жақсысын тапқаннан кейін, бөгелместен тек қана алға ұмтылуын талап етеді. Шындығында, «Ежелгі заман – әлемнің жастық шағы» деп тегін айтылмаған (Francis Bakon 1977:111-112). Ескілікті де адам берік ұстанып, онымен шектеліп қалуға да болмайды. Таза ескірген құндылықтар, уақыт көшіне ілесе алмай, ұмыт бола бастайды. Адам үшін маңыздылығын жоғалтпаған құндылықты қанша уақыт өтсе де, ескілік ретінде танып, жоққа шығаруғаболмайды. Жаңашылдықтың өзі де бойындағы маңызды құндылықтарды ескіліктен алады екен. Т. Гоббс аса ірі әлеуметтік ойшыл бола отырып, салттарды олардың құқыққа қатынасы тұрғысынан қарастырады: «Құқықтың себептері мен негізгі табиғатын, әділеттілікті, заң мен сот әділдігін білмеушілік – адамдарды өз әрекеттерінің қағидасы ретінде салт пен үлгіні ұстануға итермелейді. Бұл ретте теріс болып танылатыны – салт-дәстүр бойынша жазалануға жататын істер, ал дұрыс болып шығатыны не? Оның зауалсыздығы, тіпті қолпаштаудан да кенде еместігі туралы көптеген мысалдар келтіруге болады»(Гоббс 1964:132). Т.Гоббс дүниетанымында дәстүр адам үшін тура жолды меңзейді. Адам өмірінде ерекше орын алатын құндылықтар ғана салт-дәстүрге айналмақ. Дәстүрдің негізінде маңызды құндылықтар болғандықтан,ол ұрпақтанұрпаққа жалғаспақ.

Дж.Локк білімнің дәстүр арқылы берілуі туралы мәселеніқарастыра отырып, оны таным әдісі ретінде жоққа шығарады:

«...Дәстүр – табиғат заңдарының сырын ашатын танымдық әдіс емес, бірақ оның себебі неде? Оның себебі біздің кейбір білімдерді, тіпті түгелдей дерлік білімдерді ата-аналарымыздан, тәлімгерлерімізден, жастардың санасын қалыптастырумен айналысатындардың барлығынан алатындығымыздан емес, демек табиғат заңдары – өзінің заң болып табылатын шегінде бізге оқытудың көмегімен белгілі болып отырған жоқ. Мұны келесі аргументтер дәлелдей түседі:

Біріншіден, бір-біріне қарама-қайшы келіп жататын дәстүрлердің мың сан түрлері болғанымен де, табиғат заңы неде екенін анықтау мүмкін емес және ненің ақиқат екенін, ненің жалған екенін, ненің заң, ненің жай ғана пікір екенін анықтау мүмкін емес. Сол сияқты табиғат не дейді, пайдакүнемдік не дейді, сана не дейді, саясат не дейді – мұның да жауабын дәл табу мүмкін емес. Өйткені дәстүр әр жерде қаншалықты әртүрлі, бір-біріне қаншалықты кереғар болса, адамдардың пікірлері де соншалықты қарама-қайшы және олар әртүрлі халықтарда ғана әрқилы емес, бір елдің ішінде де әрқилы болады (ал бізге өзгелер арқылы келген пікірлердің әрқайсысы – дәстүр), өйткені әркім өзінің пікірін бар пәрменімен дәлелдеуге ұмтылады және тек өзіне ғана сендіргісі келеді. Мұндай жағдайда біздің мінез-құлқымызды, тәртібімізді нақты қандай дәстүрдің реттеп тұрғанын айыру мүмкін болмас еді. Тіпті, оны тек дәстүр ғана реттеп тұр ма? Осындай саналуан пікірлердің ішінен қандай да бір негіз таппай тұрып, ақиқатты қалай дөп басып табуға болады? Егер, сана табиғи түйсіктің арқасында танылатын шындықтың бір пікірде көп екенін, ал екінші бір пікірде аз екенін «көкірек көзімен» көріп тұрса, шын мәнінде өзіне белгілі болған мәселеден қандай да бір айырмашылық таба алмаса, және оның бұл мәселе турасындағы пікірі дәл осы себепке байланысты қалыптасып, басқа пікірді қабылдамаса, бабалар өсиеті туралы біреудің пікірі дәл сол мәселе туралы мүлдем кері

пікір айтқан екінші біреудің пікіріне қарағанда неге беделдірек болуға тиіс және неге бір адамға қарағанда екінші бір адамға көбірек сену керек? Алайда, мұның барлығы, әрине, дәстүрге деген сенім емес, қандай да бір заттың өз басы туралы ойлар, дәстүрдің беделіне нұқсан келтіретін де осы ойлар» (Локк 1998:12-13).

Т.Гоббс пен Дж.Локктың пікірін одан әрі қарай өрбіте отырып, К.А.Гельвецкий былай деп жазады: «Егер мен барлық мемлекеттерді шолып шықсам, мен олардың әрқайсысынан ерекше бір дәстүрлерді көрген болар едім, әр халық өзін ең жақсы дәстүрлердің иесіміз деп санайды» (Гельвецкий 1974а: 224).

«...Тіпті ең қатыгез, ақылға қонбайтын дәстүрлердің өзі шынайы немесе ең болмаса қиялдағы қоғамдық игілікке деген ұмтылыстан туындайды» (Гельвецкий 1974б: 246). Дәстүр әр ұлттың ұлттық келбеті. Кезкелген ұлтты тану үшін ең бірінші сол ұлттың дәстүрін, мәдениетін білу шарт. Дәстүрі жоқ ел болмайды. Оның дәлелі – И.Г.Гердердің дүниетанымы. Осыған дейін айтылғандай, дәстүрді философия тарихында ең алғаш қарастырған И.Г.Гердер болды.

Әлеуметтік серпінділіктің маңызды факторы ретіндегі дәстүрлілікке деген рефлексия И.Г.Гердер үшін қоғамға талдау жүргізу әдіснамасы мәселелерін қарастыруда өте маңызды болды. Ол өзінің «Адамзат тарихының философиясына арналған идеялар» атты іргелі еңбегінің сегізінші және тоғызыншы кітаптарындағы негізгі параграфтардың атауына мынадай мәселелерді шығарды: «Адамның қиялы әрқашан да климаттық және органикалық тұрғыда анықталады және ол қайда жүрсе де оның қиялын дәстүр басқарады» (Гердер 1977а:199). «Адамзат баласының ақыл-есі өмірдегі қажеттіліктерге байланысты болғанымен, ол әрқашан да – халық даналарының бірегейі, дәстүр мен әдеттің ұланы» (Гердер 1977б:206), «Адамның бақыты – ол әрқашан индивидтің игілігі, климаттық және органикалық анықталған жаттығудың, дәстүрдің, әдеттің туындысы» (Гердер 1977в:221), «Басқару формаларының мәні негізінен дәстүрлерден алынған адамдар арасында орнатылған тәртіптер» (Гердер 1977г:245), «Дін–Жер бетіндегі ең көне және ең қасиетті дәстүр» (Гердер 1977д:252).

И.Г.Гердердің адам өміріндегі дәстүрдің рөлі туралы түсінігін қорытындылау үшін, ең дұрысы оның «Идеялар» еңбегіндегі тоғызыншы кітабынан мына бір дәйексөзді келтіруге болады: «Адам бар жерде дәстүр де бар... Егер адам адамдардың арасында өмір сүріп жүрсе, ол мәдениеттен бас тарта алмайды, мәдениет оны қалыптастырады, қалыпқа келтіреді... дәстүр осыны әрі қарай іліп әкетіп, оның басын, басқа да дене мүшелерін сомдайды. Мәдениет қандай болса, материал өңдеуге қаншалықты икемді болса, адамның қандай адам болатыны, оның қандай қалыпқа келетіні де соған байланысты болмақ» (Гердер 1977е:231). Ойшыл дәстүр ұғымын адамның дүниеге көзқарасынан, өмір тәжірибесінен, ойлау болмысынан туған құндылық ретінде таниды. Гердердің өз философиясында дәстүр адамның болмысымен байланысты әрекеттер жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Неміс классикалық философиясы дәстүрге қатысты айрықша бір теория қалыптастыра алмады. Алайда, соған қарамастан, неміс философтарында дәстүрдің мәні, оның нақты бір көріністері туралы өте анық, дәл айтылған ойларды кездестіреміз.

Мәселен, Г.В.Ф.Гегель Крейцерге жазған хатында XIX ғасырдың бас кезіндегі эстетика теоретиктерінің біріне қатысты былай дейді:

«Ол дәстүрдің тереңде жасырынып жатқан сабақтастығы мен сыртқы, көзге көрініп тұрған нақты, тарихи өзара байланыстылықтың арасындағы айырмашылықты түсінбейді, оның тереңдігі соншалықты –тіпті ол туралы түсініктің өзі де өзінің дәстүр туралы екендігін, өзінің көне екендігін ашып көрсетпейді. Оның бірден-бір көзі тек салыстыру арқылы, біртұтас сана мен дүниені саналы түйсінудің ішкі өзара байланысы арқылы танылады» (Hegel 1973:400). Гегельдің дүниетанымында «дәстүр» мен «сабақтастықтың» қатынасын сипаттай отырып, «дәстүрдің» негізінен «сабақтастықтың» барысында ғана болатынын байқаймыз, яғни «сабақтастық» санаты «дәстүр» категориясына қарағанда анағұрлым кеңірек қарастырады. Гегельдің философиялық ойлау дүниетанымында дәстүрге ең жақын ұғымдар ретінде сабақтастық ұғымын алып қарастырады. Адамның саналы іс-әрекетінің көрінісі ретінде таниды. Дәстүрдің ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, өшпей, рухани құндылық ретінде қалыптасуына ықпалын тигізетін – сабақтастық ұғымы. Ұрпақтар арасында сабақтастық болмаса, дәстүр өз маңыздылығын жоғалтпақ.

Людвиг Фейербахтың дәстүр мәселесіне көзқарасы оның философияның, адам болмысының ерекшеліктері турасындағы жалпы түсінігіне байланысты. Христиан дінін, сонымен қатар адамзат тарихындағы барлық басқа да діндерді өткір сынға ала отырып, ол былай деп жазады:

«Дін өзі туралы түсініктер мен дәстүрлерді қасиетті етіп көрсетіп, адамның (тозақтан) құтқарылуын өзіне тәуелді етеді, оны адамға «ардың ісі» іспетті міндеттейді. Осылайша, олар ұрпақтан ұрпаққа еш өзгеріссіз беріліп келе жатыр. Платонның «Заңдарында» жазылғандай, оның уақытындағы діни Египеттегі өнер туындылары мен сол уақыттан бірнеше мыңжылдықтар бұрын жасалған туындылардың арасында еш айырмашылық болмаған, өйткені кез келген жаңашылдық бірден құдалаушылыққа ұшырап отырған. Ал, Ост-Индияда (Шығыс Индия) жаңашылдықтың белгілері әлі күнге дейін құдалануда. Егер мазарлардағы ескі суреттерге сәйкес болмаса, ешқандай суретші діни бейнені сомдауға бата алмайды. Сондықтан, адам барлық басқа салаларда қаншалықты ілгері дамыса да, дінге келгенде көрсоқыр, топас кейпінен өзгерген емес, сол баяғы жеткен жерінде тапжылмастан әлі де тұр. Діни мекемелер, ескі наным-сенімдер ілгерілеуші санаға қаншалықты қарама-қайшы бола тұрса да, әлі күнге дейін қасиетті деп саналып келе жатыр (Фейербах 1955: 732-733). Қоғамның дамуына жаңашылдық қажет. Таза ескілікті берік ұстанып қалу да, адам өмірінің жақсаруына кері ықпал ететіндігін ұғындырады.

Вебердің еңбегінде «Дәстүр» категориясы оның қоғамдық даму тұжырымдамасындағы базистік, негізгі санаттардың бірі, өйткені капиталистік қоғамға дейінгі «дәстүрліліктен» «мақсатты, тиімді» капиталистік қоғамға өтудің себебі де оның жалпы әлеуметтанушылық теориясының іргетасы болып табылады. «Протестанттық этика және капитализм рухы» деп аталған еңбегінде Вебер «дәстүр», «дәстүршілдік», «экономикалық дәстүршілдік», «дәстүрлі қажеттіліктер» (Вебер 1990а:79-87),туралы жазса, «Түсінуші әлеуметтанудың кейбір санаттары» атты еңбегінде «дәстүрлі тәртіп» (Вебер 1990б:544) туралы ой толғайды. Ал, оның нақты «Вебердің дәстүр теориясы» деп тануға тұрарлық пікірі «Негізгі әлеуметтанулық ұғымдар» деп аталатын еңбекте келтірілді. Осы еңбектен дәстүрдің өзін және «дәстүрлі» әлеуметтік әрекеттер мен «мақсатты, тиімді» әрекеттердің арақатынасын веберлік тұрғыдан түсінуге мүмкіндік беретін үзінді келтіре кетейік:

Белгілі бір адамдар тобының шеңберінде жай әдет деп қабылданған жағдайларда әлеуметтік тәртіптің қағидаттарындағы біртектілікті пейіл, мінез деп санайтын боламыз. Ал, әдеттер ұзақ кезең бойы қалыптасып, сіңіп кеткен кездерде біз пейіл мен мінезді дәстүр деп атайтын боламыз. Егер әдет-ғұрыптардың эмпириялық болмысының мүмкіндігі жеке адамдардың күтетін нәтижелерінің бірдей болуынан туындайтын болса, оны «мүдделер арқылы шарттылану» деп анықтаймыз.

М. Вебер дәстүрлілікті тәртіптің стереотиптерімен, белгілі бір әлеуметтік топтың шеңберінде «әдетке айналып кеткен» қалыптылықпен байланыстырады. Дәстүрді адамның мінез-құлқының көрінісі ретінде таниды. Дәстүрді қоғамда адамның іс-әрекетін реттейтін нормалар жиынтығы деп біледі.

Қазақ философиясында Абай, Шәкәрім секілді ойшылдарымыздың дүниетанымында дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын, ұлттың дүниеге көзқарасынан, өмір сүру болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен туындаған мұра ретінде қарастырылады. Қазақ дүниетанымында дәстүр ұғымын ұлттың өмір сүру сипатымен, ойлау болмысымен байланысты өмірдің өзі туғызған құндылық ретінде анықтайды. Қазақ халқының ойшылдары дәстүрдің негізінде жатқан құндылық–тәрбие деп таниды (Құнанбаев 1991:34). Тәрбиенің адамзат өміріндегі орны ерекше. Қазақ халқының тәрбиелік дәстүрлері баланың өсу жолымен беріліп отырады, баланың тәрбиесіне терең мағына берген халықтың бірі қазақ халқы.

Хакім Абайдың айтуы бойынша, қоғамды өзгерту үшін жаңа ұрпаққа білім беріп, тәрбие, ұлттық құндылықтарымызды бойына дарыта білу керек. (Kazakh traditions and cusroms 2010:26). Дегенмен, қазақтың ағартушы ойшылдары қоғамдық ортаның дамуы үшін дәстүрге адалдық сақтаумен бірге жаңашылдық та қажет екенін, кейбір маңызын жойған ескілікті дәстүрлерден саналы түрде бас тартуды да ескертеді. Салт-дәстүрлердің жаңа қоғамдық қатынастар мен талпыныстарға қайшы келетіндері өздігінен ығысып қалып отырады, ал өміршең, мәнді, дамуға қажетті дәстүрлер жаңа жағдайға бейімделіп, жетіліп, негізгі қағидасы сақталып қала береді.

Дәстүр адамның бойына көптеген тәрбиелік құндылықтарды қалыптастырады, олар: ізгілік, қайырымдылық, рахымдылық, ақылдылық, адалдық, әділдік, қанағатшылдық, кішіпейілділік, дербестілік, жауапкершілік, намысқойлылық, адамшылық, кісілік, сабақтастық. Бұл құндылықтардың бәрі де, адамзат өмірінде айрықша қызмет атқарады. Сондықтан дәстүрімізді, тілімізді, тарихымызды, дәріптеу-барлығымыздың борышымыз. Біздің ұлтымыздың бойына дарыған ұлттық құндылықтарымыздың ұрпақ өміріндегі орны

айрықша. Адамның адам ретінде қалыптасуына өзара септігін тигізетін рухани құндылық. (Tradition in the history of culture 1998:35). Қазақ халқы бірнеше ғасырлық өмір тәжірибесінде әр істі салтқа, дәстүрге сәйкес атқарған. Қазақ елі ата салтын, дәстүрін асыл мұра, алтын қазына ретінде танып, ұрпаққа базарлық ретінде ұсынып отырған. Ол – ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухани байлық. Дәстүр біздің қоғамымызды ұстап біріктіретін желім секілді. Дәстүр-ұрпақ пен ұрпақты байланыстыратын құндылық. Өткенін ұмытпауға, болашағына жол салуға көмектеседі.

Қорытынды

Қорытындылай келе, дәстүрді философиялық ұғым ретінде қарастырудың себебі –дәстүрдің адам өмірімен, адами болмысымен байланысты құндылық екендігі. Ойшылдарымыз айтып өткендей, дәстүрдегі барлық құндылықтар адамның дүниеге деген көзқарасынан, іс-әрекетінен, дүниетанымынан туындаған екен. Бірақ, философия тарихындағы ойшылдардың ілімдерінде адам өмірінде жаңашылдық қажет, бірақ ескіліктіде берік ұстанып қалуға болмайды деп ой тұжырымдайды. Жаңашылдыққа бетбұрар кезде адам ескілікті мүлдем жоққа шығармай, маңызды, пайдалы жақтарын ескеру қажет деп таниды. Философиялық ойлау тарихында дәстүрді адамзат дамуындағы тәрбиелік орны айрықша құндылық ретінде танып, қоғамды реттеуші негізгі фактор ретінде қарастырады. Дәстүрге ең жақын философиялық ұғым ретінде сабақтастық ұғымын ала отырып, оны ұрпақтар арасындағы бүгінімен ертеңін байланыстыратын сабақтастық құралы ретінде көрсетеді. Философияның даму тарихында дәстүр арнайы философиялық категория ретінде мойындалған екен. Ойшылдардың дүниетанымына сәйкес адам өз өміріне қажетті пайдалы құндылықтарды аяқ асты етіп, енжар қараса, орны толмас қайғыға бой ұрары анық. Өйткені адам өзінің өмір сүріп жатқан ортасынан бас тарта алмайды. Философиялық ойдың даму тарихында дәстүрдегі барлық амал-әрекеттердің тәрбиелік маңызы айрықша болып танылып,кейін дәстүрді негізге алып отырып, қоғам өміріне қажетті заңдылықтарды қалыптастырған. Философтар ескілік және жаңашылдық ұғымдарын негізге ала отырып, дәстүр ұғымына өз дүниетанымдарында философиялық сараптамалар жасаған.

Әдебиеттер

Аристотель. (1984) Сочинения в четырех томах. М.: Мысль, том.4, с. 201-592.
Вебер М. (1990) Избранные произведения.М.: Прогресс, с.79-87.
Гельвецкий К.А. (1974) Сочинения в двух томах. М.: Мысль, том.1, с. 224-246.
Гердер И.Г. (1977) Идеи к философии истории человечества.М.: Наука, с. 199-252.
Гоббс Т. (1964) Избранные произведения в двух томах. М.: Мысль,том.2, с. 132.
Гуревич А.Я. (1972) Категории средневековой культуры.М.: Искусство, с. 112.
Гуревич А.Я. (1974) Категории средневековой культуры.М.: Искусство, с. 113.
Древнекитайская философия. (1972) М.: Мысль, с. 143.
Құнанбаев А. (1991) Шығармалар жинағы. Алматы: Атамұра, б. 34.
Локк Дж. (1998) Сочинения в трех томах. М.: Мысль, том.3, с. 12-13.
Платон. (1972) Сочинения в трех томах. М.: Мысль,том.3,с. 272.
Фейербах Л.(1955) Избранные философские произведения. М.: Изд-во политической литературы, с. 732- 733.
Francis Bakon. (1977) Compositions in two tomes.M.:Mysl,vol.1, p. 111.
Francis Bakon. (1977) Compositions in two tomes.M.:Mysl,vol.2, p. 112.
Hegel G.V.F. (1973) Works of different years.M.:Mysl, vol.2, p. 400.
Kazakh traditions and cusroms.(2010) Almaty, p. 26.
Philosophy. (2015) Oxford: New, p.44.
Thomas Aquinas.(2003) Summa Teologica.Kiev, p.28.
Tradition in the history of culture. (1998) M.:Nauka, p. 35.

References

Aristotel.(1984) Sochineniya v chetyrekh tomah [Compositions in four tomes]. M.: Mysl, vol.4, p. 201- 592.
Veber M. (1990) Izbrannye proizvedeniya [Selected compositions].M.: Progress, p. 79-87-544.
Gelvetskyi K.A. (1974) Sochineniea v dvukh tomah [Compositions in two tomes]. M.: Mysl,vol.1, p.224- 246.
Gerder I.G. (1977) Idei k filosofii istorii chelovechestva [Ideas to the philosophy of history of humanity].M.: Nauka, p.199- 206-221-232-245-252.

Gobbs T. (1964) Izbrannye proizvedeniya v dvukh tomah [Selected works in two tomes]. M.: Mysl,vol.2, p. 132.
Gurevich A.(1972) Kategorii srednevekovoi kultury[Categories of medieval culture]. M.: Iskusstvo, p. 112.
Gurevich A.(1974) Kategorii srednevekovoi kultury[Categories of medieval culture].M.: Iskusstvo, p. 113.
Drevnekitaiskaya filosofya. (1972) [Ancient Chinese Philosophy].M.:Mysl, p. 143.
KunanbaevA. (1991) Shygarmalar zhinagy[Collected Works].Almaty: Atamura, p. 34.
Lokk Dj.(1998).Sochineniyavtrekhtomah[Compositions in two tomes].M.: Mysl,vol.3, p. 12-13.
Platon.(1972).Sochineniya v trekhtomah[Compositions in three tomes].M.: Mysl, vol.3, p. 272.
Feierbakh L.(1955). Izbrannyefilosofskieproizvedeniya[Selected philosophical compositions]. M.: Izdatelstvo politicheskoi literatury, p. 732-733.
Francis Bakon. (1977). Compositions in two tomes.M.:Mysl, vol.1, p. 111.
Francis Bakon. (1977). Compositions in two tomes.M.:Mysl, vol.2, p. 112.
Hegel G.V.F. (1973). Works of different years.M.:Mysl, vol.2, p. 400.
Kazakh traditions and cusroms.(2010). Almaty,, p. 26.
Philosophy. (2015) Oxford: New, p.44.
Thomas Aquinas.(2003). Summa Teologica.Kiev, p.28.
Tradition in the history of culture.(1998). M.: Nauka, p.35.

2-бөлім

МӘДЕНИЕТТАНУ

Раздел 2

КУЛЬТУРОЛОГИЯ

Section 2

CULTURAL STUDIES

ҒТАМР 13.11.45

Анасова К.Т.[1], Құрманбаева Л.Т. [2], Мажен Е.К.[3]

[1]философия ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: anasova_76@mail.ru
[2]философия ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: klt2302@mail.ru
М. Тынышбаев атындағы ҚазККА, Қазақстан, Алматы қ.

[3]1 курс PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Kenz-84@mail.ru

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ КОНТЕКСІНДЕГІ ДӘСТҮРЛЕР САБАҚТАСТЫҒЫ

Мақала ұлттық мәдениет контексіндегі дәстүрлер сабақтастығы мәселесіне арналған. Аталмыш ұғым рухани дүниетаным призмасы арқылы берілген категория ретінде қарастырылады. Тарих қайнауының өлке түпкірлерінен бастау алатын мәдени мұрасында халықтық адамгершіліктің, моральдың өлшемдері бар; мұнда ең бірінші кезекте сабақтастықпен дамуға, этностың әрбір өкілінің бүкіл болмысына сезімін саналы түрде халық өмірінің тұрақты рационалдық негіздерін аңғаруға жұмылдыратын практикалық ақыл-кеңестер бар. Мәдени мұраға деген қатынас мәселесі бүгінгі күні маңызды орын алып отыр. Өзгерістер жолымен одан әрі жүрген сайын мәдени мұраға біз қалай қарауымыз керек. Дүниежүзілік мәдениет қазынасынан біз нені алуымыз керек, алыс және жақын тарихи өткендегі және бүгінгі күні заманауи Қазақстан қоғамында жасалып жатқан мәдени құндылықтарды біз қайтіп пайдалануымыз керек дейтін мәселелер өзекті бола түсуде. Сабақтастық тек белгілі бір саланың артықшылығы емес, бұл – қандай да бір болмасын дамудың заңдылығы, жалпы материалдық және рухани мәдениеттің өмір сүруінің шарты. Әрбір халық мұраларының сабақтастығында оның тарихы, жаны бейнеленген, нақ сондықтан да, бұл жаңа ұрпақ үшін рухани және эмоционалдық тәжірибенің мәңгілік жанды қайнар көзі болып табылады. Өткен ұрпақтар жасаған құндылықтар туралы біздің түсініктеріміз ешуақытта сарқылмақ емес, өйткені әрбір келесі ұрпақ өткеннің туындыларынан бүгінгі күннің қажеттеріне сәйкес келетін жаңа құндылықтарды аша бермек. XXI ғасырдың табалдырығында тұрған қазақтың ұлттық мәдениеті үшін ғасырлар бойы жинақталған дәстүрлі үлгілерді сақтаумен қатар жаңа өркениеттілік құндылықтарын үйлесімді қабылдау келесі ірі өзекті міндетке жатады.

Түйін сөздер: құндылықтар, қазақ мәдениеті, мәдени мұра, сабақтастық, өркениет.

Anassova K.T.[1], Kurmanbayeva L.T.[2], Mazhen Y.K.[3]

[1]Candidate of Philosophy sciences, Associated Professor, e-mail: anasova_76@mail.ru
[2]Candidate of Philosophy sciences, Associated Professor, e-mail: klt2302@mail.ru
Kazakh Academy of Transport and Communications named after M.Tynyshpaev, Kazakhstan, Almaty
[3]PhD student of Religious Studies, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Kenz-84@mail.ru

The continuity of traditions in the context of national culture

This article is devoted to the problem of continuity of traditions in the context of national culture, considered as a category, refracted through the prism of spiritual understanding. Spiritual heritage, which goes back to the past, includes the criteria of folk morality, practical recommendations of the organization of such a way of life, which is able to develop and contribute to the fact that each of its representatives by internal feelings, consciousness was focused in its activities on the preservation of sustainable rational foundations of national life. The problem of cultural heritage is becoming urgent today, especially issues such as what we should take from the world cultural heritage, how we should use the cultural values of historical and modern Kazakh society. Continuity is not only a priority of a certain sphere; it is a condition of existence of material and spiritual culture. The continuity of each national heritage reflects the history, the soul of the people, so it is an eternal source of spiritual and emotional experience for the

© 2018 Al-Farabi Kazakh National University

new generation. Values acquired by past generations will never lose relevance, because each generation opens up new aspects of historical values relevant to the modern world. Preservation of historical traditions along with the adoption of civilizational values is an urgent task for the Kazakh culture in the XXI century.

Key words: values, Kazakh culture, cultural heritage, continuity, civilization.

Анасова К.Т.[1], Курманбаева Л.Т.[2], Мажен Е.К.[3]

[1]кандидат философских наук, доцент, e-mail: anasova_76@mail.ru
[2]кандидат философских наук, доцент, e-mail: klt2302@mail.ru
КазАТК имени М. Тынышпаева, Казахстан, г. Алматы
[3]PhD докторант 1 курса специальности «Религиоведение», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Kenz-84@mail.ru

Преемственность традиций в контексте национальной культуры

Данная статья посвящена проблеме преемственности традиций в контексте национальной культуры, рассматривающейся как категория, преломленная сквозь призму духовного миропонимания. Духовное наследие, уходящее в далекое прошлое, заключает в себе критерии народной нравственности, морали, практические рекомендации организации такого образа жизни, который способен преемственно развивать и способствовать тому, чтобы каждый его представитель внутренними чувствами, сознанием был целенаправлен в своей деятельности на сохранение устойчивых рациональных основ народной жизни. Проблема культурного наследия сегодня приобретает актуальный характер, особенно такие вопросы, как: что мы должны изъять с мирового культурного наследия, как мы должны использовать культурные ценности исторического и современного казахстанского общества. Преемственность – это не только приоритет определенной сферы, она является условием существования материальной и духовной культуры. В преемственности каждого народного наследия отражена история, душа народа, поэтому она является вечным источником духовного и эмоционального опыта для нового поколения. Ценности, приобретенные прошлыми поколениями, никогда не потеряют актуальность, потому что каждое поколение открывает новые аспекты исторических ценностей, актуальные для современного мира. Сохранение исторических традиций наряду с принятием цивилизационных ценностей является актуальной задачей для казахской культуре в XXI веке.

Ключевые слова: ценности, казахская культура, культурное наследие, преемственность, цивилизация.

Кіріспе

Мәдени мұраға деген қатынас мәселесі бүгінгі күні мәдениет теориясында маңызды орын алып отыр. Өзгерістер жолымен одан әрі жүрген сайын мәдени мұраға біз *қалай қарауымыз* керек. Дүниежүзілік мәдениет қазынасынан біз *нені алуымыз керек*, алыс және жақын тарихи өткендегі және бүгінгі күні заманауи Қазақстан қоғамында жасалып жатқан мәдени құндылықтарды біз *қайтіп пайдалануымыз керек* дейтін мәселелер өзекті бола түсуде. Сабақтастық тек белгілі бір саланың артықшылығы емес, бұл – қандай да бір болмасын дамудың заңдылығы, жалпы материалдық және рухани мәдениеттің өмір сүруінің шарты. Тақырыптың өзектілігі әлемдік өркениет процесіндегі қазақ мәдениетінің құндылықтарын сақтау проблемасын халық мұраларының сабақтастығы арқылы талдау болып табылады. Ғылыми жаңалығы дәстүрлер сабақтастығының қазақ болмысының мәдени ғибратынан алатын орны мәдениеттанулық сарында талқыланған.

Зерттеу жұмысының әдіснамасы

Зерттеудің теориялық негізін исламтану және мәдениет философиясында қолданыс тауып жүрген дәстүрлі әдіснамалық негіздер құрайды. Таңдалған тақырыптың мәнін ашуға бағытталған тарихилық пен логикалықтың бірлігі, салыстырмалы сараптау, құрылымдық-функционалдық, герменевтикалық, аксиологиялық және концептілік талдау әдістері де қолданылды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Рухани мәдениеттің дамуындағы сабақтастық қоғамдық сананың әрбір формасының спецификасы мен өзіндік ерекшеліктерін есепке алуға негізделеді, ал ол өз кезегінде адамгершілік принциптеріне негізделеді. Адамгершілік – барлық қоғам өмірінің қажетті шарты, қалыпты адам тұлғасының аса маңызды қасиеттерінің бірі. Әрбір халық мұраларының сабақтастығында оның тарихы, жаны бейнеленген, нақ сондықтан да, бұл жаңа ұрпақ үшін ру-

хани және эмоционалдық тәжірибенің мәңгілік жанды қайнар көзі болып табылады. Өткен ұрпақтар жасаған құндылықтар туралы біздің түсініктеріміз ешуақытта сарқылмақ емес, өйткені әрбір келесі ұрпақ өткеннің туындыларынан бүгінгі күннің қажеттеріне сәйкес келетін жаңа құндылықтарды аша бермек. Өзін қоршаған реальдылықтарды өзгешелеудің практикалық өзгерістері міндеттерін шеше отырып, адам өзінің өзгеруінің қажеттігін түсінетіндей жағдайға келеді. Дүниені жетілдіре, адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды жақсарту туралы қамқорлықты таныта отырып, ол сонымен бірге өзін де, өзінің рухани, адамгершілік, физикалық бейнесін де жетілдіреді. Шынында да, егер оның өзі жетілмеген болса, адам үшін кіршіксіз өмірдің болуы мүмкін бе? Өзін-өзі тәрбиелеу – адамды өзін тани бастағаннан және өзіне «Мен осы дүниеде кіммін?» деп сұрақ қойып ойлағаннан бері келе жатқан көне де мәңгілік жаңа тақырып. XYII ғ. Блез Паскаль (Connor, 2006: 70) айтқандай ойлайтын құрақ па, Поль Валеридің сөзімен айтқанда құдайлармен күш салыстыруға ұмтылған алып па? (Valery, 2015: 510).

Өзін-өзі жетілдіруге ұмтылудың өзіндік тамырлары – тарихтың терең қайнауларында жатыр. Өзін-өзі тәрбиелеу моральмен тығыз астасып жатыр, моральдың мәні – жалғызілікті мәселе емес, бұл өте күрделі ғылыми мәселердің бірі болғандықтан кезінде И. Кант та назар аударған еді. Өзінің негізгі этикалық шығармасы «Таза ақылды сынауды» аяқтай келе, ол: «Олар туралы жиі де ұзақ толғанған сайын, әрқашанда жаңа және одан сайын таңқалдырып таңдандыра түсетін әрі қастерлі, адамның жанын шаттыққа толтырып нұрландыратын екі нәрсе бар, олар – көктегі жұлдызды аспан мен менің жан сарайымдағы моральдық заңдар» (Кант, 2007: 155). Бұл келтірілген сөздер жиі тілге тиек етіледі, бірақ авторлар соңғы екі ғасырда жұлдызды аспанның құпияларын ашуда ғылымның көп алға кеткенін айтады, алайда моральдың мәнін ашудағы оның табыстарының мардымды болмай отырғанын ескертуді ұмытып кетіп отырады.

Негізгі бөлім

Қазақ халқының жалпы этникалық өзіне тән ерекшеліктері, тілдік және мәдени қауымдастықтың ортақ белгілерінен, атап айтқанда, дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің әртүрлі элементтерінен байқалады. Қазақ этносына материалдық және рухани мәдениеттің негізгі элементтерінің тұрмыстық, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің өндіріс процесі элементтерінің ортақтығы тән. Басқа да көшпенді халықтар сияқты, қазақ этносына да ақпараттарды ұрпақтан ұрпаққа беру дәстүрі тән. Сансыз көп аңыз, ертегі, әпсана, эпос, шежіре және т.б. түріндегі эпикалық жанрлардың айрықша рөл атқаратыны сондықтан. Қазақ этносы мәдениетінің өзіне тән белгілерінің бірі отбасылық туысқандық ұйымдасу деңгейіндегі экзогамия болып табылады, яғни жақын туысқандардың арасындағы некелік байланыстарға инцест – қан араластыруға қатаң тыйым салынады. Қазақ этносының басқа этностардан тағы бір айырмашылықтарының бірі, күрделі және көптармақты ішкі этникалық құрылымы. Ол қазақтардың бүкіл өн бойынан өтіп, бүкіл әлеуметтік организмді қамтиды. Әрбір тайпа иерархиялы – сатылы ұйымдасқан көптеген топтарға және онан да ұсақ бөлімдері мен тармақтарына бөлініп, өзара байланысты қоғамдық қатынастардың күрделі жүйесін құрайды.

Дәстүрлерді сақтау мен берудің сондай аса маңызды институттарының бірі ру болды. Рулық ұжым жалпылама алғанда ортақ әдет-ғұрыптардың сақталуын қамтамасыз етіп, барлық ру мүшелерінің қоғамдық және жеке мүдделерін ұштастырды. Өзінің рулық шежіресін білу, тайпасының тарихын білу, жеті атаға дейін ата-бабаларын білу әрбір қазақтың міндетті шарты болды, мұның өзі оның рулық тегін ұғынуға, ұрпақтан ұрпаққа өз халқының салт-дәстүрлерін сақтауға және беруге мүмкіндік берді. Халықтың арасында «Жеті атасын білмеген ұл жетесіз, жеті атасын білген ер – жеті елдің қамын жер» деген қанатты сөздер бүкіл халықтың бірлігін сақтауға деген ұмтылысты және шежірелік дүниетанымды білдіреді (Шаханова, 1984: 53). Күнделікті өмірде белгілі бір рудың, тайпаның адамы болушылық, әсіресе, әңгіме үстіндегі сұхбатта индивидтің әлеуметтік статусын, оның қоғамдағы орнын белгіледі және адамның басқа адамдармен қарым-қатынасын бүге- шегесіне дейін реттеп, көзқарастар, қарым-қатынастар жүйесін орнықтырды.

Өткеннің мұраларын, ата-бабалардың этникалық және психологиялық тәжірибелерін қабылдап және игере отырып, адамдардың әрбір жаңа ұрпағы оған өзі тарапынан қосымшалар қосады, жаңа рең береді, уақыт рухына және әрбір мәдени-тарихи дәуірге сәйкес келетін жаңалықтар енгізеді. Қазақтардың тарихи тағ-

дырында олардың көрші халықтармен өзара қарым-қатынастары, Орта және Орталық Азияның, Батыс Сібірдің және Шығыс Еуропаның отырықшы егінші халықтарымен де, сондай-ақ көшпенді халықтармен этномәдени байланыстары маңызды рөл атқарды.

Қазақтың ұлттық идеяға негізделген төлтума мәдениетін қалпына келтіру үшін, ең алдымен оның дүниетанымдық негізін қалап алу керек. Бұл туралы белгілі философ М.С. Орынбеков былайша ой түйіндейді: «Бүгінгі күні қазақтың өзіндік санасының ішкі логикасын табу өзекті мәселеге айналды. Ал, негізгі мәселелердің қойылуы мен оған деген танымдық жолдарды іздестірудің және сана мәселелерін шешудің алдын алар еді. Бұл ізденіс нақты өмірде Батыс пен Шығыстың, дәстүршілдік пен қазіргі заман ағымының, мұра мен жаңашылдықтардың, жан дүние мен ақылдың, дін мен өмірдің, сенім мен атеизмнің арасындағы қайшылықтардың аясында өтіп жатыр. Ал, таным саласында бұл мәселе сенім мен білімнің, ой мен қимылдың, руханилық пен ақыл-парасаттылықтың, даналық пен құдіреттіліктің, адамның діни еркімен өзіндік еркі арасындағы қайшылықтардан көрінеді» (Касабек, 1996: 5-6).

Адам дамуының маңызды да жауапты сәті оның рухани өсуі болып есептеледі, мұнда жетекші, синтетикалы және интегралды нәтиже ретінде адамгершілік мәдениеті көрінеді. Кез келген мемлекет мәдениет дамуының деңгейі адамгершілік категорияларымен және оның мүшелерінің сапалық сипаттамаларымен айқындалады. Адамгершілік мәдениет, қоғамның моральдық құндылықтарды игеру деңгейімен де, сондай-ақ, адамның осы құндылықтарды жасауға қатысуымен де сипатталады. Белгілі француз ғалымы К. Леви-Строс мәдениеттің қоғам өмірінің нормаларымен ажырағысыз байланысы фактісін былайша білдіреді: «Мәдениет ережелерден басталады» (Levi-strauss, 1974: 410). Мәдениетте барлығы да адамгершілік категориялары арқылы және оның негізгісі мораль болып табылатын қағидалармен айқындалады. Ол өмірдің әртүрлі сфераларындағы адамдардың тіршілігін: тұрмыста, отбасында, жұмыста, ғылымда, саясатта және т.б. реттейді.

Біздің күнделікті өмірімізде, біздің санамызда «мораль» және «адамгершілік» терминдері синоним ретінде өте жиі қолданылады. Мұнда құқтан да, сондай-ақ әлеуметтік психологиядан да өзгеше және мінез-құлықты реттеудің құндылықты нормативті типінен де айрықша жағдайда ғана бұл өзін ақтайды және дұрыс болып табылады. Гегельше айтқанда, «шын моральдық сана дегеніміз, адал іс атқарған сана...», ал адам, осы адал істердің жиынтығынан басқа ештеңе емес (Hegel, 2011: 412). Кіршіксіз жағдайда, адам қоғамның жалпылама қабылданған нормалары мен принциптерін меңгере отырып, оларды адамгершілік сапалар мен сенімге айналдырады, өздерінің мәдени мұқтаждықтарын реттеуге қабілетті болады. Ауытқушылық пайда болған жағдайда істеп жатқан іс-әрекетінің қасақаналылығы туралы ойлауға тура келеді. Тұлғаның құндылықтар әлемінің қалыптасуы, тек адамгершілік категорияларды игерумен сарқылмайтындығы өзінен-өзі түсінікті. Оған саяси, экономикалық және құқықтық, эстетикалық құндылықтар кіреді және олар тұтасынан алғанда тұлғаның дүниені ұғынуы мен әлемді түйсінуін құрап, оның жеке адамгершілік санасынан көрініс береді.

«Өлтірме», «ұрлама», «зинақорлық жасама» деген сияқты «Інжілде» де «Құранда» да жазылған адамгершілік мәдениеті туралы көпшілікке белгілі әмбебап жалпыадамзаттық ұғымдар бар. «Не нәрсенің жақсы, ненің жамандығы» туралы тарихтан белгілі топтық түсініктер де бар. Әрбір жеке жағдайда адамдардың арасындағы қатынастар практикасы қайырымдылық немесе зұлымдық, текшілік және әділдік ретінде қабылданады. Тұлғаның сегіз қырлы бір сырлы болып дамуы материалдық және рухани игіліктерді тұтынусыз мүмкін емес.

Дәстүрлі тәрбиенің негізгі факторлары сөз, іс, сұхбаттасу, әдет-ғұрып, дәстүрлер болып табылады. Қазақ халқының рухани мәдениетін ең бірінші кезекте тіл, ауызша поэтикалық, дәстүрлі музыкалық шығармашылық, халықтық білімдер құрайды. Рухани мәдениеттің негізінде халықтық мерекелер мен ойындар, дін, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, өнер және т.б. жатыр. Әрбір халықтың тілі оның тарихын, өмірін, тұрмысы мен мәдениетін білдіреді. Тіл – мәдени болмыстың формасы. Ол тек дыбыс пен белгінің қарапайым үйлесімі ғана емес, сондай-ақ, бұл ең бастысы, мәдени сабақстастықтың құралы болып табылады. Бүкіл өмірінің өн бойында Абай көркемдік шығармашылық құралдарымен өзінің мәдениеттанушылық идеяларын халықты адамгершілік жағынан тәрбиелеуге жұмсады. Сондықтан өзінің шығармаларында ол ана тілінің рөлі мен маңызы, поэзиясы, ауызша халық шығармашылығы туралы көп айтты. «Басқа тіл мен мәдениетті білу адамды сол халықпен теңестіреді; ол өзін еркін сезінеді, ал егер ол халықтың ниеті мен күресі жүрегіне жа-

зып жатса, ол бұған жайбарақат қарай алмайды» (Абай, 2011: 255).

Халықтық әдеп – ұрпақ тәрбиесінің өзекті арқауы. Өмірдің өркениетті дамуы дәстүрлердің толысып, не жаңаланып отыруына себепші болады. Мысалы, қыз ұзату, үйлену тойлары толысып, жаңарды да, ал «әмеңгерлік», «атастыру» салты бірте-бірте өмірге қолданылудан қалды. Мұхтар Әуезовтің «Ел болу үшін, бесігінді түзе» (Әуезов, 2011: 358), – деген сөзіне ой салсақ, ол – тәрбие ұрпақты дүниеге келтіруден басталады; сол тәрбиенің дәстүрлік салт-саналық бастаулары мен бағдарларын жан-жақты пайдаланып, даналықпен дамыта білу керек деген өсиеттің мәнін ұғамыз.

Қазақтар көне замандардан отбасында баланың, әсіресе ер баланың дүниеге келгеніне айрықша маңыз беріп, бұл оқиға мерекелік сипат алды, отбасылық салтанаттың шеңберінен шығып қоғамдық мәнге ие болды. Осы оқиғаға арналған салтанат шілдехана деп аталып, баланы бесікке салу – «бесік той» рәсімі өткізілді, туғанына қырық күн толғанда «қырқынан шығару» үрдісі жасалып, бала үш жастан – он жас аралығына дейін мұсылмандыққа қабылдау – сүндетке отырғызылды. Қазақтың халықтық дәстүріне сәйкес, отбасындағы ең кенже ұл «үлкен үйге» еге болып, ата-аналарымен бірге тұрды, қалған үлкен бауырлары «бөлек шығып» өз алдына отау құрды.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде ерекше орын алатын бата, тілек тілеу дәстүрі, дастарқан басына берілетін батаны көбінесе «ас қайыру» деп те атайды. Бата – адам баласына жақсылық ойлау, ол жастарды бірлікке, әділеттілікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Ас ішіліп болған соң, дастарқан басындағы ең үлкен кісі: «дастарқан байлығын берсін, денсаулығын берсін, Алла бере бер – береке бер, аман сақта, абырой бер», – дейді.

Ғұрыптар мен дәстүрлер сыртқы ортаның, халықтың тіршілік қызметінің, тарихи және әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің әсерінен көптеген өзгерістер мен қосымша енгізулерге ұшырады. Соған қарамастан, олар, жалпыадамзаттық мәдениеттің қорын толтыра отырып, этномәдениеттің тәрбие сабақтастығының негізгі қосындысы болып қала береді. Қазақтардың рухани этномәдениетін, басқалардан бөлек мерекелер құрайды. Ұлттық ойындар мен сауықтар барлық уақытта қоғамдық функциялар атқарды: тәрбиелік, әскери-спорттық, рәсімдік, ойын-сауықтық-эстетикалық, коммуникативтік және т.б. Ойындар – мәдениеттің феномені ретінде мәдени іс-әрекеттің, қызметтің спецификалық түрі: мұнда адам табиғи тәуелділіктен еркін және қандай да бір болмасын еріксіз күш қолдануы жоқ, жасампаз субъект ретінде көрінуге қабілетті (Сейдімбек, 1977: 464). Ойынды еркін шығармашылық ретінде түсіне отырып, Шиллер оған эстетикалық іс-әрекетті балады (Schiller, 2018: 400). Ал белгілі голланд мәдениеттанушысы Й. Хейзинга ойыннан адам мәнінің неғұрлым елеулі көріністерін байқай білді. Ойын, қызық көру мен дағдылар арқылы жас адамда денелік және ақыл-ой алғырлықтары қалыптасты, яғни өмірде қажет және талап етілетін нәрсенің барлығына ол ойын арқылы үйренді (Huizinga, 2014: 234).

Қазақ халқы рухани мұраларға қоса материалдық қазыналарға да аса бай халық. Қазақтардың материалдық өндірісінің барлық жетістіктері этникалық мәдениет дамуының қажетті діңгегі болып табылатын көп ғасырлық еңбектің нәтижесі. Еңбек және қоршаған ортаны қабылдау нәзіктігі көшпенді өркениетке тән материалдық құндылықтарда шеберлікпен берілген: киіз үй, тұрғын үй, көктастар, әсемдік заттары, киім кешек, тұтыну өнімдері, еңбек құралдары, халықтың қол өнері бұйымдары және т.б.

Біздің уақыттың аса маңызды реалдылықтарының бірі сонда, өркениеттің тарихы, бұрынғы уақыттарға қарағанда адамға, оның дүниетанымына, өмір салтына, оның мінез-құлқы қағидаларының бүкіл жиынтығына байланысты болып отыр. Тәрбие мәселесіне қатысты жаңа әдістеме идеялармен, тәрбие философиясының әртүрлі бағыттарының өкілдері арасындағы кеңінен пікір алысулармен алмасу процесінде ғана жасалуы мүмкін. Бұл жинақтай келгенде ортақ іске пайдасын тигізетін «ақиқаттың түйіршіктерін» айқындауға мүмкіндік береді. Мәдени мұраны сақтау мен келесі ұрпаққа беру әрқашанда білім беру мен тәрбиенің басты мақсаты болып табылады. Оқытудың мазмұны өткен мен болашақтың арасында көпір орнататындай болуы тиіс. Ол, бір жағынан мәдениеттің жадымен, екінші жағынан қоғам алдына қойып отырған мақсаттармен айқындалады. Осы тұрғыдан алып қарағанда адам жады мен мәдениетінің арасындағы өзгерістер қазіргі дәуірдің маңызды ерекшелігі болып табылады.

Дәстүрлі түркілік дүниетанымда рухтың кемелдігін метафизикалық тұрғыдан емес, физикалық символдармен анықтаған, яғни рухтың тәннің ұлғаюына байланысты кемелденетіндігіне сенеді. Мысалы, тек кемел шаққа жет-

кен қарттар ғана ағаш бұтақтарында ұшып жүретін рухтарды көре алады деп сенетін болған. Сондықтан да үлкен қария қауымда сыйға, құрметке лайық болған. Рухани кемелдік адамның жасымен өлшенген.

Дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы мемлекеттілік философиясының ең басты тұғыры – билік институты. Билік басында қаған (хан) болады. «Қаған» («хан» – сөзі сақа тілінде «хахха-аан» – «қорған» мағынасына келеді) «халық пен Тәңір арасын байланыстырушы көпір, өткел» мағынасын беретін көне түрік сөзі. Ежелгі көшпелілер үшін ең ұлы көсем – қаған, ол ел мен Тәңірі, ел мен қоршаған әлем арасын байланыстыратын көпір ретінде саналған. Қаған Тәңірдің құты арқылы ұлысты, яғни Тәңірдің аманатын басқару құқына лайық бола алады. Бұл түсінікті кейіннен әл-Фараби исламдық дүниетаным негізінде жаңғыртып, өзінің «философ-қаған» концепциясының іргетасын қалайды. Бұл концепция бойынша қаған-философ болу, Тәңірдің нұры – «белсенді санамен (ал-фа‘ал ал-‘ақл) құттанғанда ғана мүмкін болады (Fakhry, 2002: 208). Әл-Фарабидың осы концепциясы кейіннен Жүсіп Баласағұнидың «Құтадғу-біліг» атты еңбегінде жаңғырып көрініс берген болатын (Баласағұн, 2007: 536). Жалпы «қаған-философта» қандай кісілік болуы керектігі мәселесі әл-Фарабиды тереңінен толғандыруы кездейсоқ емес. Өйткені дәстүрлі түркілік дүниетанымда болсын, жалпы Шығыста болсын ғарыштық үйлесімділіктің сақталуы мен баяндылығын жүйе-низам емес, тікелей адамның кісілігі анықтайды. Өйткені дәстүрлі түркілік дүниетаным бойынша әрбір адам өз орнына лайық болуы тиіс.

«Күлтегін» және «Білге Қаған» жазуларында Тәңір тарапынан тағайындалған қаған – бүкіл адамзаттың (кісі ұлының) билеушісі. Түркі мемлекеттілік иерархиясы бойынша қаған – ең жоғары атақ. Бұл тақ пен атаққа лайық болу оңай болмаған. Сонымен қатар сайланған қаған Тәңірі тарапынан құт, жарлық, үлүг сияқты берілген қасиеттерді сақтауға міндетті. Жақсы қаған елін қорғап, елінің төресін, яғни жарғы-заңдарын (конституциясын) реттеп, оны халыққа, келешек ұрпаққа насихаттауы тиіс. Қағанның міндеті – халықтың қарнын тоқ, киімін көк, бай қылу. Сондықтан Білге қаған «Шығандаған халықты бай қылдым, Жалаңаш халықты тонды қылдым» – дейді (Келімбетов 1998: 278). Түрік қағандары жасаған істерін келешек ұрпаққа білдіруді мақсат еткен. Сондықтан да түрік қағандары кейінгі ұрпаққа деген өсиеттерін тасқа ойып аманат етіп қалдырған. Қағанның қателігі немесе адасуы оны сайлаған халық көсемдері тарапынан анықталған жағдайда қағандықтан алынатын болған. Құтлық Шадтың осындай жаңа бастамасын Тоныкөк «қайта тірілу» немесе ренессанс деп қарайды. Өйткені бұл – жаңа қаған, жаңа жүйе, жаңарған ел деген сөз. Сонымен түркілік дүниетанымда қаған сайлау ұлыстың өз тағдырын таңдаумен тең. Сонымен қатар түріктер хандарын сайлау үшін әрбір рудан бірер оқ әкелген жүз кісі арасынан ең асылдарын таңдап, сол жүз оқтың ішінен бірін таңдап атып, оқ қай руға тән болса, сол рудың көсемі хан сайланатындығы туралы мәлімет бар. Өйткені оқ сөзінен шыққан «оқы» етістігі оқу, үйрену, білу дегенді білдіргеніндей, оқтар да оқылатын «тағдыр» еді. Махмұт Қашқари да оқтың бір нәрсені тағдырына, несібесіне қарай үйлестіру үшін қолданатындығын атап өтеді (Кашгари, 2005: 355).

Дәстүрлі түркілік дүниетанымда мемлекеттің (елдің) негізі – төре, жарғы-заң төренің негізі – халықтық мәдениет, салт-сана, ал мәдениеттің негізі – Тәңірлік сеніммен бекітілген (ділдік, тілдік) құндылықтар жүйесі. Ел (мемлекет) – осы жанды процестерді реттеп, сақтап отыратын жоғары күш болып табылады. Міне, бүгінгі күннің тұрғысынан қарайтын болсақ, төреміз – конституциямызды ұлттық мәдени дүниетанымдық негізде жасаудың, мәдени құндылықтарымызды жаңғыртудың, рухани негізімізге оралудың кешенді, ғылыми және философиялық модельдерін қарастырудағы дәстүрлі түркілік дүниетанымды зерттеудің маңызы ерекше.

XIV ғасырдағы атақты араб тарихшы-социологы Ибн Халдун өзінің «Мұқаддима» атты еңбегінде дала мәдениетінің қала мәдениетінсіз, яғни көшпелінің егіншілік, қол өнерсіз күн көре алмайтындығын, көшпелілердің мемлекет құрып, қаланы өздеріне қаратпайынша қалаға деген мұқтаждықтан ешқашан құтыла алмайтындығын айтады. Әрі қарай «қала мен дала мәдениеттері өзара келісім жасап, қала далаға өндіріс, жабдық құрал берсе, далалықтар, яғни, көшпелілер қаланы сыртқы дұшпан шабуылынан қорғап отыру арқылы ынтымақтастық құра алады,» – дейді. Көшпелі мәдениет пен тұрмысты жалғастыру оны сыртқы дұшпаннан қорғай алатын ру немесе тайпа болған жағдайда ғана мүмкін болатын нәрсе. Ру – қандастық пен туыстыққа негізделген қауымға берілген анықтама. Ру – «ұрық», «ұрпақ», «тұқым» және т.б. мағыналарда қолданылған (Khaldun 2015). Әрбір адам тек рулық қауымдастық ішінде ғана

өзін күшті сезінетін. Өйткені оны руы қолдап, жебеп отырады. Рудан айырылу немесе қуылу тірідей өлумен тең болатын. Ұранның негізгі қызметі ру арасындағы бірлікті нығайту, ортақ мақсат үшін болған шайқастарда ру мүшелерінің батылдық-жүректілік сезімін күшейту болып табылады. Ұран – рудың текті, намысты, даңқты тарихын білдіретін, қуат беретін дәстүрлерінің символы болып табылады. Ұран тасталғанда рулас-қандастар бар ісін тастап, көмекке жетулері керек. Бұл – жанпидалық емес, рулас-қандастықтың негізгі ұстанымы. Ұран руластарды топтастыру үшін де шақырылады. Қандай да бір ру мүшесі ауру, сырқау болса да ұран тасталған жерге барады. Өйткені ұран – қандастық пен туыстықты және ру намысын нығайтатын күш. Әрбір рудың, тайпаның өзіне тән ұраны болатыны сияқты, қазақтардың жалпы ортақ ұраны бар. Бұл ұран «ұлы атаның» атымен аталады. Қазақтардың ортақ ұраны түп аталары Алаш атымен келеді. Сонымен қатар әрбір рудың өзіне тән «таңбасы» мен «ені» бар. Таңба жылқыға, мазар, құлпытас, обаларға, жайлаудағы қой тастарға басылып ойылады. Бұл – мемлекеттік шекараны анықтаушы символдар. Ен ұсақ мал мен ірі қараға салынады. Бұлар ортақ меншік пен қандастық дәстүрін анықтаушы белгілер болып табылады. Көшпелінің артында қорғайтын руласы болса, оған ешкім қиянат етуге бата алмас. Ал руы бөлек көшпелілер арасында туыстық, жақындық болмағандықтан, соғыс алаңында бір-біріне жаны ашымайды, көмек көрсетпейді, өзара сенім болмайды, қорқып, бытырап, әркім өз басын құтқаруға тырысады, ақыры соңында соғыс алаңын тастап қашады. Сондықтан да русыз көшпелінің көшпелі мәдениетте орны жоқ. Руы бөтен адам елі жоқ деп есептеліп, басқа рулар тарапынан тәрк етіледі. Көшпелі мәдениет – соғыс өнеріне негізделген соғыс мәдениеті деген сөз. Ол жерде тек қандас, туыс, руластар, яғни, ұялас бөрілер ғана жеңімпаз бола алады. Руластық, туысқандық байланыс адам бойында табиғи түрде, жаратылыстан бастау алады. Руластардың бірі қиянатқа ұшыраса, басқалары оған жақындық, туыстық борышын өтеу үшін көмекке келуі табиғи нәрсе болған. Араларындағы туыстық байланыс қаншалықты жақын болса, яғни туысқандығы мінсіз болса, өзара көмек, қолдау да соншалықты күшті болады. Өзара көмек, бір-бірін қолдау, қорғау ұстанымының, рулық қағидалар мен шежіренің маңдала-қырларда тереңдеп сақталуына олардың тіршілік-тұрмыстары мен ата-мекендерінің қатал геоэкономикалық жағдайынан туындаған қажеттілік және көшпелі мәдениет құндылықтары мәжбүр еткен. Осы мәдениет негізінде дүниеге келгендіктен адамның тәрбиесін, мінезін, ділі мен дүниетанымын олардың ата салты, өмір сүру ортасы мен көшпелі мәдениеті сомдайды.

Дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы ең басты мәселе сөз жоқ, адам мәселесі болып табылады. Сондықтан бүгінгі күні дәстүрлі қоғам адамы жайлы сөз етіп отырғанымыздың ең маңызды себептерінің бірі, егеменді еліміздің адамзат тарихындағы сүбелі орнын анықтап, тану және басқаларға таныту. Сонымен қатар, ғасырлар бойы тарихтың енжар бөлшектері күйін кешіп, қорланған, номад ретінде төмендетілген көшпелі мәдениет қазір өзінің адамзат тарихындағы орны мен белсенділігін мойындатып отырғаны мәлім. Сондықтан көшпелі мәдениет бүгінгі жалпы адамзаттық өркениеттің жарқын болашағы үшін үміт көзі болып отыр. Бұл жердегі үміт көзі дегендегі ойымыз бүгінгі ар, намыс, имандылық, адамгершілік, рухани еркіндік, өлім, өмір, ақиқат, құт, тағдыр, махаббат, ерік-жігер сияқты универсалдық категориялар мен тұрақты ұстындарды мазмұндық тұрғыдан жаңғыртуда дәстүрлі түркілік дүниетанымның маңызы мен өзектілігінен туып отыр. Дәстүрлі түркілік қоғам адамы сол қоғамды ұйытқыдай біріктіріп тұратын құндылықтар жүйесінің тұғыры – төл мәдениетке ие. Басқаша айтар болсақ, дәстүрлі түркілік қоғамның адамы мәдениетті қалыптастырушы дін мен дүниетанымдық ұстындар негізінде қаланған құндылықтар жүйесі ішінде ғарыштағы өзінің бақытты, құтты орнын анықтайды. Ол өзінің төл мәдениеті негізінде «Мен» дей алады. Осы «Мен» болмаса біз бүгін дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы адам мәселесі туралы сөз етпеген болар едік.

Алғашқыда, дәстүрлі қоғам адамының Тәңірдің алдында моральдық әрекеттерге қарағанда культтік әрекеттері басым болатын. Дегенмен, уақыт өте келе діни нормаларға негізделген моральдық түсініктер мен этика ұғымдары қалыптасқан. Бұл түсініктер мен ұғымдар тікелей өзін қоршаған ортасынан алынған дала өркениетінің моральдық құқықтық жүйесі, салт-дәстүрі мен төре-әдеттерінде жалпы дүниетанымында нақышталған.

Жаратылыс аңыздарының барлығында дерлік топырақты әкелу үшін «суға сүңгу» құбылысы түркілік дүниетанымда өте кең тараған. Орхон-Енесай жазбалары көк пен жердің, адамның жаратылуын былай суреттейді: «Жоғарыда Көк Тәңірі, Төменде Йағыз Жер жаратылғанда, екеуі арасында «кісі ұлы» – адам-

зат жаратылды» (Келімбетов, 1998: 164). Бұл мәлімет дәстүрлі түркілік дүниетанымының, философия тарихының ең маңызды құндылығы. Дәстүрлі түркілік дүниетанымда адамның ағаштан жаратылғаны туралы көптеген миф-тер бар. Ұйғыр аңыздарында ханның ағаштан жаратылғандығы, Қорқыт Ата кітабында Басат батырдың ағаштың атасы екендігі, Оғыз жырларында қыпшақтардың ағаштан жаратылғандығы туралы мәліметтер кездеседі. О. Сүлейменов Түріктердің Күннен жаралғандығын айтады. Алтайлықтардың түсінігінде адам жер асты дүниесінен келген сүйектерден жаратылған. Сүйектен тірілтіп, қайта жарату құбылысы Құранда да кездеседі. Сонымен дәстүрлі түркілік дүниетанымда адам судан, көк пен жерден (топырақ), ағаштан, сүйектен, күннен жаратылған болып шығады. Осылардың ішінде адамның судан жаратылуы түрік мифологияларында көбірек кездеседі. Су – жаратылыстың, өмірдің, сонымен қатар өлімнің символы. Қорқыт ата аңыздарындағы «Су аяғы – Қорқыт» түсінігі өлімді білдіреді. Түркі мифологиясында жаратылыстың негізі деп суды көрсетіп отыр. Түркілік космогонияның ең толық көрінісін алтайлықтардан кездестіреміз. Алтайлықтар мифологиясы бойынша, әлемде еш нәрсе жоқ кезде тек қана Тәңір (Қарахан) мен су бар еді. Қарахан формасыз, белгісіз күшке ие, ол хаос хәліндегі судан алғашқы адамды жаратты. Осы құбылыс Шумер космогониясымен мазмұндық жағынан төркіндес. Шумер мифологиясында да бастапқыда ең ескі ұлы теңіз болған. Осы ескі теңізде әлем, дүние жазығы, үсті күмбезделген жер мен көк бір-біріне бірігіп, тұтас болатын. Көк пен Жердің айырылуынан кейін өсімдіктер, жануарлар мен адамдар пайда болған. Келтірілген мысалдардан, дәстүрлі түркілік дүниетанымның космогониясы мен өмірдің көзі су деп білетін Фалестің космологиясы, сондай-ақ Қасиетті Құрандағы бүкіл нәрсенің тіршілік көзін судан жараттық деген аят арасындағы байланысты көруімізге болады.

Нәтижелері және талқылау

Соңғы ғасырлардағы этнограф-зерттеушілер түріктердің дүниетанымында жанның бұл дүниеде адам тәніне кірмей тұрып, құс бейнесінде көк әлемінде мекен еткендігі туралы сенімнің болғандығын айтады. Орхон ескерткіштерінде Білге қаған мен Күлтегін жайында »ұшты» сөзі қолданылған. Көне түркілер қағандар мен бектер өлген кезде олардың жандарының құс болып көкке ұшып Тәңірі қасына кететініне сенген. Сондықтан «ұшу-ұшпақ», «жұмақ» ұғымы Исламға кірген түріктерде әлі күнге дейін «жәннәт» ұғымының орнына қолданылады. Махмұт Қашқари «ұшпақ-ұшу», яғни «жұмақ» терминінің жәннетке кіру мағынасында қолданылатындығын айтады. Жалпы осы мәліметтерге қарағанда «рух» түсінігінің адамзатпен бірге жасап келе жатқан құбылыс екендігіне көз жеткізуге болады. Адамдар арасында алдымен өлім, түс және т.с.с. құбылыстармен басталған рух түсінігі танымдық кемелденумен бірге дамып, нәтижеде философиялық теориялардың шығуына әкеліп соқты. Осы ұғымның барлық тілдерде болуы рух туралы түсініктің ең нақты дәлелі болып табылады. Дәстүрлі қоғамдағы адамдар рух болмысының бар екендігін сезініп, оны «дем алумен» бір санаған. Сондықтан да барлық тілдерде рухқа берілген есім этимологиялық тұрғыдан «ауа, жел, дем» мағыналарымен байланысты. Ескі түріктерде «жан» немесе «рух» ұғымдары «тын», «тин», »тыныс», «дем алу» ұғымымен берілген (Келімбетов, 1998: 247).

Дәстүрлі дүниетаным адамының рух, өлім, өмірдің мәні және т.б. мәселелер туралы толғанғаны анық. Әсіресе, рухтың мәні, табиғаты, мекені, қайдан келіп, қайда кететіндігі мәселесі дәстүрлі қоғам адамына ой салып, көп мазалаған болса керек. Мысалы, түрік мифологияларында рухтың мекенін сүйекте, жүректе немесе қанда деп санап, рухты абстрактілі метафизикалық әлемге жатқызумен қатар оны тұрмыста тәннен тәуелсіз, «жеу, ішу» сияқты тәнге қатысты қажеттіліктері бар болмыс деп қараған. Сонымен қатар рух дем алудың ішіндегі нәрсе емес, керісінше демнің өзі. Рухты өзі орналасқан ағзамен бір деп санаған. Қазақтардағы «қай жерің ауырса жаның сол жерде» деген түсінік осының айғағы болса керек. Кей түсінікте рух әлемі жер астында болса, кейбір аңыздарда бұлттың арғы жағында. Рух әлемінде (жер астында, көкте) өлгеннен кейінгі рухтардың тағдыры әртүрлі. Адамның өмір салты мен тағдыры бірдей болғанымен, тіршілікте құрметке ие болған жандардың әруағына о әлемде де ерекшелік танылатын болған.

Сонымен қатар, дәстүрлі түркілік дүниетанымда адамның рухы адамдық тәннің негізі болып есептелетін сүйекте орналасқан деген түсініктер де бар. М. Элиаданың зерттеулеріне қарағанда Солтүстік Евразия халықтарында «сүйек – рухтың ұясы» ретінде танылады. Негізінен, аңшылықпен шұғылданатын

халықтардың дүниетанымында сүйек адамзаттың болсын, жануарлардың болсын, алғашқы шыққан тегі сияқты. Сүйек ұрпақтар арасындағы генетикалық байланысты да білдіреді, яғни сүйек – «тек-жауһар» – субстанция деген сөз. Қоғамдық өмірде, мәдениет тіршілігінде сүйек үйлену, өлімді жерлеу рәсімдерінде өте маңызды рөл атқарады. Сүйектің негізгі қызметі – өмірдің жалғасуының, тектің тіршілігінің, халықтың өміршеңдігінің айнасы, қоғамдық бірліктің кепілі болғандығы еді. Қазақ халқының тұрмыстық салт-санасында әлі күнге сүйектің ерекше орны бар. Сүйек шаңыраққа келген адамның (қонақтың) сол шаңыраққа жақынтуыстық дәрежесін де анықтайды. Бірлік пен ынтымақтың нышаны ретінде бас, жамбас, жақ, төс, құйымшақ, тоқпан, ортан, асық жілік сүйектерінің функционалдық-семантикалық мағыналары бар. Мысалы, қазақ мәдениетінде сүйектердің ішінде жамбас пен төс сүйегі жекжаттық, туыстық одақтың нышаны болса, асық жілік ру аралық бітімнің, ант ішіп, саяси одақ құрудың құралы болған. Сүйектердің ішінде төс – тек, негіз, құтты білдіретін негізгі ұғым. Мысалы, Қашқаридың «Диуани лұғат ит-Түрк» атты еңбегінде төс сөзі түп негіз, тек, жауһар (субстанция) мағынасында қолданылады.

Қорытынды

Тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ тарихын, қазақ мәдениетін қалпына келтіру және түсіну, өз кезегінде дәстүрлі дүниетанымды құрайтын қандай да бір болмасын элементтерді ұғыну дәстүрлі қазақ мәдениет үлгісі негізіндегі *тәрбие сабақтастығы* пайымдауларын талдау арқылы орындалады. Әлемдегі жаһандану үрдістерінің белең алған жағдайындағы қазақ мәдениеті мен өркениеттілігінің бірегейленуі, ұлттық мәдени мұраны жаңғырту, әлемдік өркениет құндылықтарын ұлттық мәдениет бітімдерімен үйлесімді қосу сияқты жаңа парадигмалардың ізгілік ұлттық болмыстың рухани құндылықтар жүйесі ретінде қалыптасуы дәстүрлер сабақтастығы арқылы ғана жүзеге асады.

Адам өмірде кездескен әртүрлі оқиғаларға түсініктеме беруге, қоршаған ортасындағы құбылыстарды жорамалдай отырып ұғынуға тырысатын болмыс. Әлемдегі бүкіл құбылыстар мен оқиғаларды түсіндіре алатын рационалды жүйеге қол жеткізу – адамның негізгі қасиеті. Адам болмыстар мен құбылыстардың мәні мен ақиқатын түсіндіре алмайтын белгісіз, қараңғы әлемде тіршілігін жалғастыра алмайды. Сондықтан адам осындай бейберекет әлемді өзінің рухани баспанасы хәліне келтіріп, өңдеуге ұмтылады. Ол әлемді, ғарышты жүйелеу, реттеу және өзін сол жүйенің белгілі бір жеріне орналастыру үшін мифтер мен символдарды қолдану арқылы әлеммен үйлесімділікте болуға тырысады. Адам бұл қуатты өзін жаратқан мәдениеттен алады. Әрбір мәдениет өлім мен өмір мәселелерін толғайтын белгілі бір құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Яғни өлім – адамзаттың даму сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ететін құбылыс. Өлімнің мәнін, сырын ғасырлар бойы әрбір мәдениет, қоғам және адам өзінше ұғынуға тырысқан. Өмір мен өлім ақиқатынан жан мен тән құбылысы туындап, барлық мәдениет атаулының басты мәселесіне айналғаны белгілі. Өлім – жанның тәнді тәрк етуі. Көне түріктерде өлім сағатында жан құс кейпінде ұшып, тәнді тәрк ететіндігі туралы түсініктің төркіні ескі тарихқа тереңдеп кетеді. Жан Пол Рудың зерттеулері бойынша, рух – көктің сыйы, несібесі ретінде ұлұғ (моңғол тілінде «су» ұғымын білдіреді), құт тарапынан берілген. Құт – рух, өмірлік қуат, азық, бақыт, несібе және т.б. мағыналарды білдіреді. Құт – Көктегі «сүт көлінен» келгендіктен де ол сүттей таза. Әлемдегі барлық болмыста құт бар. Құт – бақыт.

[1]PhD doctoral student, e-mail: abikenov-kuzultam@mail.ru
[2]PhD doctor, e-mail: nurlykhan.naa@gmail.com
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

Semiotic analysis of the symbolic world of the Korkyt Ata complex

The purpose of this article is to define the cultural and spiritual worldview of the Turkic peoples, the Korkyt Ata complex, that representing symbolic significance on the basis of semiotic analysis. Using Western research as a role model, we tried to reveal the cultural meaning of the symbolism, typical for the Kazakh society in its ethnocultural context. By disclosing the socio-cultural nature and philosophical essence, to determine the role and significance of the complex, relying on the methodological, symbolic basis for the analysis of symbolic elements, also a need to ascertain the added value of the world-class complex Korkyt Ata in the formation of the ancient Turkic civilization and the interpretation of cultural and symbolic significance was given the definition of the symbolic characteristics of the spiritual and worldview background of the memorial complex and its semiotic analysis has been done from the general complex view in the pursuit of the above-mentioned purpose.

Key words: Korkyt Ata, semiotica, culture value, symbol, complex.

© 2018 Al-Farabi Kazakh National University

Абикенов Ж.О.[1], Альджанова Н.К.[2]
[1]докторант PhD, e-mail: abikenov-kuzultam@mail.ru
[2]PhD доктор, e-mail: nurlykhan.naa@gmail.com
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Семиотический анализ символического мира комплекса Коркыт-Ата

Целью данной статьи является определение культурно-духовного мировоззрения тюркских народов, комплекса Коркыт Ата, представляющего символическое значение на основе семиотического анализа. Используя западные направления как модель исследования, авторы попытались раскрыть культурный смысл символики, характерной для казахского общества в его этнокультурном контексте. Цель статьи-посредством раскрытия социокультурного характера и философской сущности определить роль и значимость комплекса, опираясь на методологические, символические основы для проведения анализа символических элементов, а также определить значение комплекса мирового класса Коркыт Ата в формировании древней тюркской цивилизации. Дается интерпретация культурного и символического значения комплекса, определены символические характеристики духовно-культурного мировоззрения и сделаны семиотические анализы. Также был сделан семиотический анализ выводов и проведена критическая оценка сложных явлений в этно-социальном пространстве. В комплексе каждый символ связывает понятие и информацию в контескте символического мира Коркыт Ата. Исследование ценностей в контексте по культурным особенностям региона имеет большое значение и в научном аспекте, сделан акцент на его особенности, также предприняты определенные шаги в области социальной и философской методологии.

Ключевые слова: Коркыт Ата, семиотика, культурная ценность, символ, комплекс.

Кіріспе

Рухани өміріміздің тарихында бір дәуірдің болмыс-бітімін, таным-түсінігін айшықтай түсетін айрықша тұлғалар болды. Исламға дейінгі Тәңірлік дүниетанымның шашырап жатқан дерек көздерінің негізінде пайымдап, бас-аяғын жинақтауға әрекеттенер болсақ, оның бел ортасында тұрған дара тұлғаларды айналып өту мүмкін емес. Солардың бірі, бірегейі, түркі халықтарының арасында есімі ежелден танымал-Қорқыт ата.

Жалпы Қорқыт ата жайлы сөз бастау немесе Қорқыт Ата жайлы кесіп-пішіп пікір білдіру мейлінше жауапкершілігі зор, өте күрделі мәселе. Бірақ біз бұл мақалада бүгінгі таңдағы таным-түсінікте үш бірдей Қорқыттың, яғни Қазақы Қорқыт бейнесі, Қорқыт-Кітаби Қорқыт, Тарихи Қорқыттың іс-қарекеті, бітім-болмысына тоқталмай, Қорқыттың құрметіне қойылған Сыр өңіріндегі түркі өркениетін кеңінен насихаттау үшін жасалған бастамаға үлес қосып, Қорқыт Ата кешенінің рәміздік-белгілік мәдени мәнмағынасын ашуды мақсат етіп қоямыз.

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Мақаланың әдістемелік негізі ретінде Қорқыт Ата кешенінің рәміздеріне жеке тоқталып, кешенді семиотикалық талдау жасалады. Тақырыпты талдау барысында кешеннің қобызға тән сипаты мен «Мәңгілік өмірді» іздеуіне басымдылық беріліп, ғылыми бағдарға айналады. Мәдени рәміздік тұрғыда түсіндірме беру барысында ұлттық болмыстың тұтастығына ерекше назар аударылып, зерттеудің әдістемелік негізінде Ю. Лотманның, Ч. Пирс, Э. Кассирер еңбектері рәміздік талдау объектісі ретінде алынады.

Мақалада жалпылау, сипаттау, талдау, қорытындылау, семиотикалық рәміздерді интерпретациялау әдіс-тәсілдері қолданылып, прагматикалық пайымдама жасау, семиотикалық талдаудың негізінде қазақтың дәстүрі, кешеннің адамға беретін әсерін мәдени құндылық ретінде талдауға ерекше назар аударылды.

Негізгі бөлім

Жеке тұлға адам өмірінің мәнмен толығуы ол өмір сүріп отырған қоғамның, қоршаған мәдени ортаның, жалпы адамзат өркениетінің мәнге ие болуына негіз болған. Рәміздік мәнге ие жәдігерлерді зерттеу арқылы адамның қоршаған ортасын, тұрмыс салтын, қоғамды, мәдениеті мен әдет-ғұрпын, бүкіл болмысын уақыт пен кеңістіктің ауқымына симайтын рухани әмбебап мәнділіктермен толтырғанын көреміз. Рәміздердің образдық сипаты адамдардың эстетикалық санасына ықпал етеді. Бұдан біз

адамзаттың қоғамдық өмірінде рәміздердің ерекше орын алатынын байқаймыз.

Рәміздің бұл ерекше сипаты шындықтың реалистік бейнесінің жалпы міндетіне байланысты дүниетаным ретінде сипатталады. Рәміздердің мәні дерексіз идеялармен ғана байланысты емес, сонымен қатар эмоциялық жан толқынысымен, эстетикалық көріністермен де тығыз байланысты (Lotman, 1970:9). Осы қасиеттердің нәтижесінде терең жүзеге асқан рәміздің мазмұнға бай мәні адамдардың іс-әрекеті мен ұмтылыстары, ойларының шоғырлануына септігін тигізеді. Кейде олар айрықша маңызды ұлы оқиғаларда, тарихи процестерде қозғаушы күштердегі рәміздер ретінде қолданылады (Rossolatos, 2015:9).

Ал рәміздің қызметі терең дүниетанымдық мағынасымен ерекшеленіп, бірқатар қасиеттерден тұрады. Оны тіл мен мәдениеттің байланысын анықтап, оның семантикалық шексіздігі, семиотикалық бейнелілігі, құрылымының күрделілігі адамға деген әсері мен эмоцияға бейімділігімен анықтай аламыз (Иванов, 2004:189).

Адамның адамзат тарихы қалыптасқаннан бергі тарихын оның рухани болмыс-бітімінің үздіксіз ашылу үдерісі деп қарастыруға болады. Адамзат тарихы адамның өз шығармашылық қасиеттерін көрсетуі арқылы, көзқарастары мен ойлары, жасаған образдары және дүниетанымымен ерекшеленеді (**Борбасова,** 2016:115).

Сонымен қатар таңба мәдениетінің қасиетін алғаш рет байыпты зерттеген Э. Кассирер болып табылады. Ол мәдениетті зерттеудегі семиотикалық концепциясының негізін қалады. Кассирердің ойынша адам өміріндегі барлық қызметте рәміздік мағына бар. Бұл теориядан қалыптасатын ой, адам өмірінің мәні рәміздерден тұрады. «Философия символических форм» еңбегінде ол мифология мен дінді, ғылымды мәдени-символикалық жүйе ретінде қарастырады (Cassirer, 1992:131).

Э. Кассирер атап өткендей, әркім өзінің символикалық дүниесінде өмір сүреді. Басқаша айтқанда, рәміз мәдениеттанулық мәселе болып табылады. Ол адамның рухани болмысына мәнмағына беріп, ретке келтіріп отырады (Cassirer, 1955:15).

Кассирер философиясындағы рәміздік формалардың әмбебапты сипаты тіл, миф, ғылым, техника, экономика және күнделікті өмір сияқты салаларды қамтиды. Бұлар адам өмір сүріп отырған рәміздік ғаламның құрамдас бөліктері. Осы формаларда мәдениет тіршілік етеді, осы формалар арқылы адам әлемді құрады. Осыған сәйкес, Э. Кассирер өз пікірін: «адам тек физикалық қана емес, сонымен қатар рәміздік универсумда өмір сүреді. Тіл, миф, өнер, дін – осы универсумның бөліктері» – деп келтіреді (Cassirer, 1998:471).

Мәдениеттанушы Карл Юнгтің айтуынша «қандай да бір ұлттың рухани байлығының көрінісі материалдық және рухани мәдениеттің туындылары екені даусыз. Сонда рәміз тілі мәдени-әлеуметтік харекеттердің объективті және субъективті факторларымен қоса ұлттық сана-сезімді анықтайтын үрдіс болып» болып саналады (Юнг, 1995:371).

К. Леви-Стросстың тұжырымдауынша «әлеуметтік-мәдени әлем, ең алдымен, рәміздер әлемі» болып табылады (Клод, 1997:71).

Мәдени семиотикалық бағыттың негізін қалаушылардың бірі – Ю.М. Лотман. Ол мәдениеттегі таңбалар жүйесін «семиосфера» деп атап, глобальды сипат берді. Негізгі мәдениетіндегі әлеуметтік ролді генетикалық емес ұжым зердесі ретінде сақтап және жалғастыратын жиналмалы тәжірибе деп атады. Таңба-заттың мағына беретін, іс-әрекет пен өзіне тән мінезділік пен адам айналасындағы дүние. Таңба ол-рәміз, материалды құбылыс, көрнекті бейне мен формада абстаркты ой мен түсінік береді.

Ю.М. Лотманның анықтамасына жүгінсек «рәміз ешқашан белгілі бір мәдениет кезеңіне тән емес, ол әрқашан бұл өткелден өтіп, өткеннен болашаққа сапар шегеді, басқаша айтсақ, рәміз мәдениеттің тұрақты элементі». Яғни мәдени рәміздер мәдениетке тән қалыпты құбылыс (Лотман, 1963:148). Рәмізді ең көп зерттеген автордың біріне Р. Барт жатады (Барт, 1993:71). А.Ф. Лосев өзінің «Рәміз логикасы» атты еңбегінде рәмізді көпмағыналы, жүйеге келтірілген, ашық белгінің бір түрі деп дәлелдейді (Лосев, 1987:18).

Ең алғаш жай жүйеде болмай, белгілі бір ойды білдіріп уақыт кеңістігінде өзгеретіндігін Фердинанд де Соссюр айтқан. Фердинанд де Соссюр таңбалар қандай параметр арқылы, яғни таңба прагматикалық және синтактикалық бағытта өзгеретіндігін айта отырып, осы таңбалар жүйесінің өзгеруіне анализ жасап, тіл білімінде таңбалардың орнын анықтаған. Таңбаның семиотикада алатын орны және салмағы өте маңызды (Peirce, 2014:5).

Біздің зерттеу үшін таңбаның нысанға қатысты жіктелімі ерекше қызығушылық туғызды және осыған орай, ешкім де көрінетін рәміздердің кодталған «тілдің» құрамына

кірмейтінін жоққа шығара алмайды. Оның есесіне, индексті және иконалық таңбалар туралы мәселе тым даулы болып көрінеді (Peirce, 2000:210).

Пирс иконалық таңбаны оған қатысы бар нысанмен белгілі бір табиғи ұқсастығы бар таңба ретінде анықтаған еді. Оның портрет пен адам арасындағы «табиғи ұқсастықты» қандай мағынада түсінетінін ойша таба аламыз, ал диаграммаларға келетін болсақ, Пирс оларды иконалық таңбалар деп білген, өйткені олар нақтылықта бар қатынастардың формасын жеткізіп тұрады (Peirce, 1999:210).

Иконалық таңбаны анықтау сәтті болды, анықтаманы әрі қарай Моррис дамытты, әрі қарай насихаттады, өйткені, бейненің семантикалық анықталуы үшін, бұл оған қолайлы тәсіл болып көрінді. Моррис үшін иконалық таңбаға, өзінде белгіленетін нысанның қандай да бір қасиеті болатын немесе нақтылап айтсақ, «өзінің денотаттарының қасиеттерін иеленетін» таңба жатады (Моррис, 2002:96).

Рәміздің әр түрлі семиотикалық жүйелерде көрсетілуі, яғни мифтерде, өнерде, дінде, әдебиетте, фольклорда, және әр кезеңдегі мәдениетпен, халықтың символдың қиысуы көптеген символикалық сөздіктерден көрініс тапты: кейбір сөздіктер символды жекелеп немесе бірнеше негізде топшылайды, мысалы, «The book of symbols» еңбегінде Жана Гарай (Garai, 1973:9) «Символ ертеден адам өмірін, оның санасын, болмысты қабылдауын, тұрмыс-тіршілікке қарым-қатынасын анықтап, маңызды роль атқаратын категория» десе, Ю.М. Лотманның «Classifying Culture» еңбегінде адам арқылы болмысты нақтылау және меңгеруде ол ұзақ және күрделі даму процесіне ұшырады. Бір қарағанда символизм дін мен саясатта ғана көрінетін тәрізді. Бірақ, шындығында, барлық мәдениет, жеке тұлғаның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын символизммен толықтырады (Lotman, 1967:9).

Қорқыттанушы-ғалым Сейсен Мұқтарұлының Қорқыт Атаның жаңадан салынған мемориалды-комплексі мен ескі қорымдағы Қорқыттың көне күмбезінің ерекшелігін айырып алу үшін екі құрылысқа екі атауды орнықтырған жөн деп, Қорқыттың екі қорымының атауы анықтамалық басылымдарда белгілі бір дәрежеде орнығып қалғандықтан, бұрынғыша – Қорқыт мазары деп алынуы керек те, ал жаңа құрылыс атауына «комплекс», «мемориал», «обелиск» тәрізді интернационалдық терминдерді телімейақ жалпақ қазақ тілінде «Қорқыт Ата кешені» деп атаған қисынға келеді деген пайымдауы, қазіргі таңда жүзеге асып, бұл кешен «Қорқыт Ата кешені» деп аталады.

Қорқыт Ата мазары – тарихи сәулет өнер ескерткіші. Шамамен 9-10 ғасырларда қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қорқыт станциясынан 3 км жерде тұрғызылған. 1952 жылдан опырыла бастап, 1952 жылы Сырдария өзені шайып кеткен. Қазір орны белгісіз. Мазар 19 ғасырдың соңында Ә. Диваев, И.А. Кастанье, П.И. Лерх зерттеулеріне негіз болған. Бізге Түркістан альбомы жинағында жарияланған фотосуреттер арқылы жеткен. Диваев пен Кастаньенің жазуы бойынша, құрылымы шикі кірпіштен қаланған дөңгелек пішінді 6-8 қырлы күмбезді құрылыс. Ішкі көрінісі биік, қабырғалары кереге өрнегімен нақышталған. Исламға дейінгі түрік сәулет құрылысы үлгісімен салынған. Мазардың орнына қазіргі заманғы мемориалдық ескерткіш орнатылған (Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 2004:58).

Кешен түркі тілдес елдердің тағзым ететін қасиетті орны және күрделі сәулеттік өнер туындысы ретінде ерекше маңызға ие Қорқыт Ата ескерткіш кешені Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы Жосалы кентінен солтүстік-батысқа қарай 18 шақырым жерде, Қорқыт станциясына жақын табиғи төбе үстінде орналасқан. Қорқыт Ата ескерткіші – сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Кешеннің құрылысы 1980 жылы архитектор Б.Ә. Ибраев пен физик-акустик С.И. Исатаевтың жобасымен басталған. Сәулетшілер кешендік жүйелеу барысында темір жол мен тас жол аралығында биік төбенің табиғи бітім болмысын, етегінен өріне қарайғы кеңістікті тиімді пайдаланғандықтан кешен тартымды, рухани жағымды әсер етеді.

1997 жылы ескерткішті қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Амфитеатр, қылует, қошқар мүсінінен тұратын тұтас сәулеттік ансамбль жасалып, мемориалдық кешенге айналды. 2000 жылы кешен жанынан мұражай және әкімшілік ғимараты ашылды. Осы жылы облыстық музейдің филиалы ретінде қызмет көрсетіп келеді. 2014 жылы облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, Қорқыт ата мемориалды кешеніне көркемдік деңгейі жоғары, тарихи-мифологиялық мән-мазмұны терең, архитектуралық шешімі заманауи талаптарға сай соңғы үлгіде жасалған берік құрылыс материалдарынан қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде кешеннің маңызды нысандары мұражай, қылует, амфитеатр, стела, қошқар мүсіні қайта жаңғыртылды.

Кешенге келген азаматтар міндетті түрде мәдени кодты қабылдау және психологиялық күй кешу жағдайында болатыны сөзсіз. Бұл кешендегі вербальды емес белгілерді ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кешен архитектуралық ансамбль ретінде өзінің көптеген дәуірлердің мәдени белгілерін бойына сіңіріп, өзінің уақытпен қалыптасқан тұрақты және әмбебапты айқындылық құралдарын қалыптастыра білгенімен маңызды. Егер кешендегі вербальды емес белгілердің пайымдалуына жол берсек, бұл үдеріс екі деңгейлік сипатқа ие, бұлар кешендік тұрғыдан пайымдау мен кешенге келуші азаматтардың тұрғысынан пайымдау. Бұл екі түрлі айырмашылықты Ю.М. Лотман «Сахна семиотикасы» атты еңбегінде- «сахнадағы адамдар үшін оқиға болып жатса, ал залдағы көрермендер үшін оқиғаның өзі белгі болып табылады» қағидасын атап өтсек, бұл кешенді де үлкен сахна деп қарастырып, ал бұл кешенді көрушілер үшін де бұл бір атаулы оқиға, өмірлеріндегі рухани құндылық белгісі болып қалады. Себебі прагматикалық тұрғыдан Қорқыттың өмір сүру тәжірибесі – Жоғары Рухтың жалпы адамзатқа берген нағыз адамша өмір сүру озық рухани үлгісі сияқты. Яғни бұл кешен өзінің рәміздік белгілерімен ерекше бағдар беретін киелі бағдаршам, яғни оның негізінде кешенге зиярат етіп келуші азаматтар қарапайым күйкі тірлікті емес, рухани құндылықтарға сусындайтын іс-әрекеттерге барғанда ғана өмір философиясының даналық түркілік бағытын түсініп, зерделей түседі (Лотман, 2002:401).

Қорқыт-қазақ үшін ең алдымен күй атасы. Қобызды күй шалу дәстүрін алғаш орнықтырушы. Қобызды серік етіп, ел қамы мен халық тағдырын болжайтын көріпкел бақсысы түрік халықтарының ішінде Қорқыт күйлерін сақтап, бүгінгі күнге жеткізе алған бірденбір ұлт қазақ болып тұр. Күйді тыңдау, күйді орындау-таңғажайып музыкалық-эстетикалық, психологиялық құбылыс, оны тыңдау табиғи қажеттіліктен тұрады. Соның арқасында құдіретті, әсем күйдің, әннің, жырдың, т.б. өнер түрлері мен салаларының шыңдалуы, орындалуы, болашақ ұрпаққа көшіп қабылдануы, саналы ұрпақтың рухани байлығына айналды.

Міне соның құрметіне жасалған ең басты рәміздік белгі стелла-қобыз бейнеленген, ол төрт элементтен тұрады. Биіктігі 12,1 метр, ені 5,3 метр, Қордай тасынан дайындалған. Әрбір стелла әр тарапқа қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стеллалар қобыз бейнесін де меңзейді. Түйісер түбіндегі орталық тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Аңыздарда айтылғандай, Қорқыт Ата мазарында соққан желге үн қосатын қобыз қойылған. Адамның үн арқылы ерекше күйге түсуі-бұл стеллада орнатылған қобыздың негізгі сыры. Дегенмен бұл дыбыстар арқылы өмірдің сырын музыка арқылы, болмыстың өзін күй арқылы сезініп, біліп тарқатумен Қорқыт күйлерінің құпиясын сезінгендей түсінік қалыптастырады. Бұл жерде бір нақты айтып кететін жәй: көзбен көру, құлақпен тыңдау біртұтас байланысты болып отырса ғана тыңдалған дүниенің мән-жәйін терең қабылдап түсінуге жол ашылады дейді. Келген адам, мысалы, дала желі соққанда қобыздан шығатын күй сарынды тыңдай отырып, Ұлы даланың тынысын, толғанысын сезініп, көріністеріне міндетті түрде кеңістікке көз тастай отырып тыңдайды. Сонымен бірге адам тыңдай отырып, рәміздік белгілерді музыкалық бейнелермен ұштастырып, ішкі рухани көзбен тағы да бейне ретінде көріп те отырады.

Қорқыт Ата ескерткішінің ішкі жағы мәңгілік өмір сырын іздеген Қорқыт атаның киелі желмаясының шартарапқа жол тартқан ізін бейнелейтін «Түйе табан» өрнегімен безендірілген.

Жалпы түйетабан оюы-алыс сапар нышаны символы болып табылады. Яғни көштегі халықтың дүниетанымы, ойы, арман-мүддесіне байланысты ерекшеліктері осы бір ою-өрнек элементтерінен рәміздік тұрғыда аңғаруға болады.

Зооморфтық ою-өрнектерге жататын «Түйетабан» ою-өрнегі түйенің басқан ізін бейнелейтін күрделі ою-өрнек. Ол кейде «қарта», «қарға», «қызылайыр» ою-өрнегіне ұқсайды. Қатар тұрған S тәрізді екі сызық қатарласып қосылмайды, түйенің табанына ұқсас екі жарты сопақша дөңгеленіп келетін ою. Түйетабан деп аталатын көп гүлді, үлпек басты тікені бар өсімдік, ол да түйенің табанына ұқсас екі жарты, оны кей жерлерде «табақ» өрнегі деп атайды. Бұл жалпы түркі халықтарының дүние суреттемелерінде кеңістік пен уақытты, адам мен дүниені рәміздер арқылы түсіндіру бірінші орынға шығады, зооморфтық рәміздерден антропоморфтық бейне-суреттерге ауысу түркілік дүниетанымның ерекше қисынын құрастырады.

Бұл оюдың рәміздік бейнесін өнердің образдық құрылымының сипаты ретінде ою-өрнектердің тілін негізгі ұстаным деп бағалауға

болады. Тұтастай ою-өрнекке жүгінген көшпенділер өнерінде бұл жәй ғана декор емес, сондай-ақ этникалық таңбалық образды-мағыналық жүйе. Бұл жағдайда ою-өрнектер тілі формальдық белгі ретінде емес, керісінше, оның мағынасының функциясы ретінде қызмет атқарады: онда қоғамның рухани және материалдық өміріндегі ою-өрнектердің символикасына жататын сол бір күрделі синкреттік роль кескін табады (Қазақ өнерінің тарихы, 2008:289).

Яғни, өткенімізді таразылауда, түп тарихтың негізгі ерекшеліктерін, ата-бабамыздың мәдениеті мен өнерінің жетістіктерін паш етуде, оны келер ұрпаққа ұғынықты деңгейде жеткізуде өзіндік маңызы бар терең мағыналы рәміз болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, кешенінің қасиеті рухани тәжірибе ретінде берері-адамның сезім толқуын ерекше рухани қуатқа айналдыруында. Көру арқылы сана астарына енген, қанға даритын сезім толқуы аса бір ерекше өміршең қуат күшіне айналады. Осы себептен кешенге келгенде осы берілген рухани күш-қуат арқылы адам, сайын кең далаға көз тастап, асқақтап шалқып қайтады.

Кешендегі стелланың ортасында рәміздік түрде «Мәңгілік өмір ағашы» адам өмірінің мәңгілік мәні бар деген мағынада орнатылған. Біздің арғы түсінігімізде дүниені Тәңір жаратқанда ең алдымен алтын жұмыртқа пайда болған. Жұмыртқаның үстіңгі қабығынан көк аспан, астыңғы қабығынан жер пайда болып, жерден ең бірінші өмір ағашы шықты деген сенім бар. Қазақтың түсінігінде жеке-дара өскен ағаш киелі деп есептеледі. Айдалада өсіп тұрған ағашқа шүберек байлап кету бізде әлі сақталған. Қазақтың шежіресінің өзі, халықтың өсіп-өнуі ағаштың тамырына баланады. Негізгі түпкі идеясына терең үңілсек, ежелден келе жатқан «ағаш-дүние тірегі» дейтін ұғым жаңғырған. Бұл ұлттық, ұлттық рух тұрғысынан Киелі Ағаш культін ұсынады. Халықтың қабылдауымен танылған алтын мен күміске малынған Ағаш бейнесі – қазақтың құт-берекесінің символын береді.

Дегенмен Қорқыт атаның өзі туралы академик Ә. Марғұлан: «Қорқыттың өмір бойы арман еткені – өлмейтін, жасай беретін өмір іздеу, осы үшін күресіп, оған қарсы тұру. Қорқыттың бұл философиясы дүние тарихында өте сирек жолығатын, адам баласы туғызған ойдың ең жарқын бейнесінің бірі болып суреттеледі. Мұны тек Прометей не Харта туралы айтылатын дүниежүзілік әдебиет мұрасына теңеуге болады. Қазақ аңыздары бойынша Қорқыт бар өмірін тағдырмен, дүниені жасаушымен алысу үстінде өткізеді. Өлмейтін өмірді көксеп, тағдырға қарсы тұрады. Қорқыттың іздегені адам баласының өлмей, уайымсыз еркін мәңгілік жасауы. Бұл тұрғыда алғанда кешеннің құрамындағы бұл рәміздік нышанның «Мәңгілік Өмір» ағашы атануы, осы Қорқыт атаның мәңгілік өлмеу философиясымен сабақтасып жатыр (Қорқыт туралы аңыз, 1957:298).

Ал қазіргі таңдаға зиярат етуші азаматтар жасап жүрген «Ағашқа ақтық байлау» – ағашқа табынуды білдірмейді. Бұл да ескіден жеткен сарқыншақ. Ақтық кез келген жерге бекерден бекер байланбайды. Қандай болмасын бір киесі бар деп есептелген немесе әулие адамдардың жатқан жерлердегі ағашқа, адамға сая болған жапандағы жалғыз ағашқа байланады. Бұл киеге деген құрмет. Кешенге келген азаматтар бұл ағашқа шүберекке ақша түйіп байлап немесе жәй шүберек байлап жатады.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан тарихи дәстүрлі мал шаруашылығының саласының бірі, халқымыздың тұрмыс тіршілігі, күнкөріс көзі қой шаруашылығымен тікелей байланысып жатыр. «Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деген сөздерде терең ұғым бар. Қой да киелі түліктің бірі. Оның пірі – «Шопан ата», кейде «Қошқар ата» деп аталады. Сондықтан Шопан атадан тілеу тілегенде «малды берсең, қойды бер» деп өтінген.

Басқа халықтардың философиясы сияқты отандық философия да өз қайнар көзін көне аңыздар мен дастандар, ертегілерден бастайды. Ежелгі түріктер үшін қайырымды рухтар-ата-баба рухтары әруақтар болды. Оларға сиынып ақсарыбас қошқарды және табындағы алғашқы төл басын құрбандыққа шалды.

Қазақ халқының ұғымында аруаққа сену өте жоғары, қысылған кездерінде әр уақыт аруақты шақырып, құрбандық шалып, сәті түскен іс болса аруақтың көмегі деп білді. Өлген ата-бабаларын түсінде көрсе, «аруақ қолдайды» деп жориды. Аруақтың басына барып түнейді, оларға арнап мал сойып тілек тілейді. Мысалы, «Шора батыр» поэмасында шешесі Шораның әкесіне: «Түйеден – нар, жылқыдан – айғыр, сиырдан – бұқа, қойдан – қошқар алып, бала тілеуге барайық», – дейді.

Ата-бабаларымыз қой шаруашылығының қыр-сырын жетік білумен қатар, кейінгі ұрпақтарға олардың төл атауларына байланысты көптеген сөздерді аманаттап кеткен. Соның бірі рәміздік бет-бейне Қошқар тұмсық сөзі. Дөң

мұрын, қоңқақ мұрын дегенді білдіреді. Яғни қошқардың мұрнына ұқсастық белгісі бар, қоңқақ болып келуі. Жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың шығармасында: «Қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсық, түлкі мұрт, шүңірек көз жігітпін» деген сөйлемдер кездеседі. Ал І. Есенберлиннің бір әдеби туындасында мынадай жолдарды оқуға болады: «Ұзын бойлы, қошқар мұрын, қоңыр көзді, ақ сұр жігіт өзіне қадала қараған самсаған көзден қайысқан жоқ». Жалпы кейіпкердің бет-әлпетін суреттеуде кеңінен қолданылатын теңеу сөздердің бірі қошқардың тұмсығы деуімізге болады.

Сонымен кешендегі ерекше ескерткіштің бірі Қошқар мүсіні-диаметрі 36,4 метрді құрайтын шеңберлі алаңда орналасқан. Мүсіннің ұзындығы – 165,5 см, ені – 85 см, биіктігі – 120 см. Қордай гранитінен қашалған мүсін – биіктігі 220 см бес деңгейлі тұғырға қойылған. Тұғырдың мүсін қойылған алаңқайының көлемі – 200х90 см. Қошқар ежелгі арии мен қазақ мифологиясында көктәңірінің олжасы мен теріс күштерден қорғаушы рәмізі болып табылады. Сондықтан мүсін қошқар бейнесі мен сақ грифінің-гриф басы, арқасындағы қанаты, аяғы сфинске ұқсас жиынтығы күрделі сипаттамадан тұрады.

Кешен құрамына кіретін тағы бір ерекше құрылыс, құрамдас бөлігі атауы «Қылует» немесе халық ауызындағы балама атауы «Тілек мұнарасы» деп аталады. Ғалымдардың айтуынша қылует – арабша оңашалану деген сөз, жарық дүниеден қол үзіп, жер астында жеке дара өмір сүру арқылы бұл дүниенің күнәларынан бойын аулақ ұстау, тазалану, сөйтіп, Жаратушыға дүниеден бөлек, оңаша отырып құлшылық жасайтын түрі ретінде Йасауидің өзі енгізген амалы болып табылады.

Аталған ежелгі дәстүр Қорқыт Ата кесенесінде де рәміздік тұрғыда жалғасын тауып «Қылует» – оңаша тілек тілейтін жер асты мінәжат үйі салынған. Яғни оның терең философиялық мағынасы бар, қылуетте, қазіргі заманның күйбең тіршілік қарбалысында бір сәт болса да тоқтап, ойды бір ретке келтіріп, адамның табиғатпен етене байланыста екеніне көзін жеткізіп, жаратқанға құлшылық етіп орасан зор рухани әсер алып шығады. Қабырғаларында шырағдан қойылатын шағын қуыстар бар. Намаз оқитын бөлмеге баспалдақ арқылы түседі.

Сонымен қатар халық ауызындағы «Тілек мұнарасы» аталуы себепті қалыптасқан дәстүр бойынша өзгеше рәміздік мағынасы бар, зиярат етуші азаматтар оны үш немесе жеті рет айналады, одан кейін аяқ киімді шешіп, мұнараның ішіне кіріп, арман-тілектерінің орындалуын сұрайды.

Тағы да қосымша ақпарат адам өміріндегі аса мәнді де, сәнді мереке – жастардың үйлену тойы. Бұл кәмелетке толған жастардың өмірден өз орнын тапқан салтанаты. Бұл өңірдің үйленген әрбір жастары бастарын қосып, үлкен өмірге қадам басарда міндетті түрде Қорқыт Ата кешеніне келіп, дұға бағыштап, шүберектерін байлап, үлкен кісілердің батасын алып кетіп жатады. Тілек айту пирамидасын сағат тілімен үш рет айналып, ортадағы шағын бөлмеге кіріп, жастар өз қалауларына сай тілек тілейді.

Жалпы ниет адамның мақсатына, оқиға мазмұнына орай жасалатын әрекетіне қатысты. Сондықтан да кешенге келетін азаматтардың ниеттерінің мақсатқа лайықталған ынтасы деп қарастыруымызға болады. Ниетті ұғым ретінде қарастырсақ, оның құндылылықтық мәнісі әр түрлі жағдайларға байланысты адамның қылығы және пиғылы арқылы көрініс табады. Осы сияқты пиғылда да ниеттің бір көрінісі. Ниет-субстанция болса, қылық пен пиғыл оның көріністері. Қылық туралы айтсақ, жалпы қылық деген харакетке емес, әрекетке қатысты іс.

Ұлттық болмысымызда жиі қолданылатын ниеттің тағы мынандай формалары бар, олар: тілек, бата. Тілек ниет емес. Тілек ниеттің сипаттық көрінісі. Тілектің субстанциялық мәні жоқ, оның мәні-ниет. Сондықтан ниет білдіру, бірақ бата ритуалдық қызметке айналған, тілек білдіру формасы.

Кешенге келіп ниеттерін Қорқыт Атадан бата алу арқылы білдіру, бұл өңірдің тұрмысына сіңісті болған дәстүр. Бұл ғұрыптың мәнісі неде? Мәнісі ниет білдіруде. Ниет табиғатында ізгі тілек жатыр. Бата табиғатында сакралдылық бар. Бата бұл адал ниеттің рәміздік белгісі деуімізге болады.

Қорқыт ата кешенін рәміздік тұрғыдан ары қарай талдасақ, онда кешеннің сыртқы келбеті мен құрылымының барлығы рәміздік мағынаға ие екендігін аңғаруға болады.

Соның бірі амфитеатр-түрлі ойындар мен сайыстарды тамашалауға арнап көне Рим дәуіріндегі архитектуралық құрылыс үлгісінде салынған. Амфитеатрдың ортасында дөңгелек алаң бар. Көрермендер орындары тұйық шеңберленіп келеді де, сатылай көтеріле береді. Амфитеатрдың өлшемдері: 536 м^2, астыңғы диаметрі: 6 метр, үстіңгі диаметрі: 25 метр.

Сонымен қатар негізгі амфитеатрдың бұл кешенде орналасуы жоғарыдан қараған кезде

жалпы кешен қобыздың астыңғы бөлігі болып есептеліп, амфитеатр қобыздың шанағы болып табылады. Төменгісі 12 метр, жоғарғысы 32 метрлік амфитеатрда 2000 адам болған іс-шараны тамашалай алады. Бүкіл түркі тілдес елдер арасында өтетін «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты өнер фестивалі дәстүрлі түрде екі жылда бір рет кешеннің амфитеатрында өтеді. Яғни бұл іс-шара ашық аспан аясында болады. Ал Зеңгір *көк ашық аспан*, барлық халық үшін әрқашан бейбітшіліктің аманшылық пен тыныштықтың белгісі болған.

Егер ашық аспанды тереңірек талдасақ Тәңірлік нанымнан бастау алатын көк аспан, жарық күн, ашық ай ең қасиетті құдірет саналған. Тәңірге табынушылар Аспан мен Күнді дүниенің бәрін жаратушы құдірет деп таныған, ал жоғары қызмет бабындағы кісі – мемлекетті билеген қағанға аспан қасиет берген, құдірет иесі ретінде құрметке бөлеген. Тасқа айналып бізге жеткен ежелгі түркі жазуының Орхон-Енисей ескерткіштерінде бұл туралы: «Жоғарыда – көк аспан, төменде – қара жер құрылып, ал олардың аралығында адамзат перзенттері пайда болғанда» деп жазылған. Білге қаған хақында: «Тәңірімнің маған мейірі ауып, жебеген соң жолым түсіп мен қаған болдым» – дейді «Күлтегін ескерткіштерінде». Аспанның көгілдір түсі мен тазалығы жастық пен көктем, молшылық, тәуелсіздік пен бостандық белгісі. Тәуелсіз Қазақстан туы және басқа да мемлекеттік рәміздері түсінің аспан түстес көгілдір болуы кездейсоқ емес. Бұл ғасырлар түкпірінен жеткен, мыңдаған жылдар жасаған дәстүр.

Мұражай – құрылымы бір қабатты, жоспары «Г» әрпі тәрізді. Өлшемдері 15,9х14 метр. Ғимарат 3 экспозициялық залдан тұрады. Онда Қорқыт өмір дәуірдің тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін құндылықтар мен жәдігерлер қамтылған. Мұражай қорында 700-ге жуық экспонат сақтаулы. Кешеннің мұражайындағы құнды жәдігерлер рәміздік-белгілік тұрғыда біздің дәстүрлі мәдениетіміздің терең мазмұнынан, діліміздің сырлы әлемінен хабар беріп, әрқайсымыздың жүрегіміздегі төл мәдениетімізге деген сүйіспеншілігімізді қозғап, өткен мен бүгіннің арасында терең байланыс орнатады.



Стелла, қылует, амфитеатр орналасқан биіктетілген алаңқай гранитпен жапсырылған биік бетон қабырғамен қоршалған. Кешеннің осы бөлігінің қоршау көлемі 74,22х67,18 м., биіктігі 3,9 м.

«Қорқыт Ата ескерткіш кешені» Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, жосалы кентінен солтүстік-батысқа қарай 18 шақырым жерде.

Қазақтың ескі дәуірдегі қобызының формасы аққудың бейнесінде жасалған. Қобыз мойны ұзын, құйрығы сопақ, ұзынша келген, аққудың құйрығы сияқтанып жасалады. Қобызды аққу формасында жасаудың тарихы мен Қорқыт төңірегіндегі аңыздардың арасында тығыз байланыс бар. Аңыз бойынша Қорқыттың дүниеге келуі қандай ғажайып болса, оның өмірі де сондай ерекше болған. Жастайынан ұшқан құс, жүгірген аңға, соққан жел, жауған жауынға ден қойып, табиғатпен тілдес болып өседі. Түсінде “ақ таяғы көк тіреген” әулие қарт аян беріп, оған қобыз жасауға, ол қобыздың мүшелерін ғарыштағы киелі хайуандарға ұқсатып жасауға аян береді. “Қобыздың көлемі – нар атанның жілігіндей, шанағы қара бақырдай,

көні – арууананың бауыр терісінен, тиегі – ор текенің мүйізінен, ішегі – бесті айғырдың құйрығынан болсын, аспабыңның аты – қобыз болсын. Қобыз қиялыңа, ойыңа қанат, жолыңа шырақ, жаныңа араша болар”. Оянса, көкірегі күйге толып, көмейінен сөз саулағандай күйде екен. Сонымен көкірегін кернеген күй қобызбен үндесіп, жер беті сазды сарынға бөленеді. Қобыз үні-Қорқыттың көңіл күйі мен табиғаттағы жанды-жансыз тіршілік өзара үндесіп, космостық-универсалдық үйлесімділікке, тәтті бір арналарға қосылып, бірігіп, ағып жатады (Қорқыт Ата Энциклопедиялық жинақ, 1999:91).

Фольклортанушы Е. Тұрсынов: «Қобыздың аққудың түсіне келтіріп жасаудың зор тарихи дәстүрі бар. Бірінші, халықтың сұлулықты сүйетін ой-санасы бойынша, аққудың дауысы-жаратылыстағы құлаққа әдемі естілетін ең сұлу үннің бірі. Екінші, аққу қазақтардың ерекше қадірлейтін киелі құсы, оған еш уақытта тиіспейді, су бетінде жүзіп жүрген аққу көрсе, оған сүйсіне қарайды. Тағы бір дерек тарихи заманда аққу түркі тайпаларының бір тотемі болуы мүмкін»-деп тұжырым жасайды (Тұрсынов, 1993:105б).

Академик Ә. Марғұланда: «Қазақтың ескі дәуірдегі қобызының формасы аққудың бейнесіне ұқсайды, мойыны ұзын, құйрығы сопақ, ұзынша келген аққудың құйрығы сияқтанып тұрады. Сырт жағынан қарағанда аққудан ешбір өзгешелігі жоқ»-деп пікірін білдірді (Марғұлан, 2007:347).

Енді осы символдық тілмен берілген аңыздардың негізгі ойларын категориялық тұрғыдан қарасақ Қорқыт Атада бақытқа жетудің мекені – Жерұйық – өз отаны – Сыр бойы; Құтылудың құралы Қорқыт Атада – қобыз, ал құтылудың құралы болып табылатын қобыз метафизикалық тылсым күш иелері – “Бақ таяғы Көк тіреген әулие қарт” аяни түс арқылы білдіріп тұр; қобыздың жабдығы сүйек, тері, темір, мүйіз, қылдан, кей аңыз нұсқаларында ағаштан құралып, аққу бейнесінде көлемі нар атанның жілігіндей қылып жасалған; аңызда да кейіпкер рухани көтерілудің символы ретінде дарияның үстінде тұр. Аңыздың ақырында бірі сарын айта бастайды. Су-ақиқаттың символы. Осы аңыздардан көптеген шындықтың төркінін түстеуге болады. Сонымен Қорқыттың қобызы-оны “Дүниенің Орталығына” апарып, экстаз-сарын арқылы оның көкке ұшуын қамтамасыз ететін Тәңірмен байланыс құрудың құралы.

Қорқытты танудың бірінші шарты, біздіңше, оның мұрасына өзінің рухани-дүниетанымдық кеңістігінен қарау болмақ. Қорқыттың мұрасы аңызбен көмкерілген. Аңыз-табиғаты жөнінен ақиқатты рәміздік тілмен жеткізетін идеялардың сандығы. Ал рәміздік ойлау категориясының тікелей ғарыштық тұтастыққа қызмет еткені белгілі жайт.

Табиғаттың күшіне сену мәселесін Қорқыт ата туралы ел арасына тараған аңыз-әңгімелерден де кездестіруге болады. Қорқыттың тауға, орманға, суға сыйынуы осыған кепіл. Сонымен қатар Қорқыттың философиясында космоцентризмге тән адам жанының мәңгілігі туралы мәселе де өте терең түрде көрсетілген. «Яғни-адам өмірін мәңгілік жасау. Бұл – өте бір философиялық астары бар ұғым.

Ендеше ерекше сәулетімен алыстан мен-мұндалап тұратын Қорқыт Ата кешені рәміздік жағынан рухани дүниенің есігі іспетті, ал қобыздың үні сарнаған Қорқыт ата кесенесі адамзатқа күйбең тірліктің шеңберінен шығуды, әрбір сәттің құнды екенін бағалай білуді еске салып тұрғандай. Қорқыттың мәңгілік өмір дегені де қайталанбас уақытты қадірлеп, келешекке өнер, руханият арқылы өшпес із қалдыру болса керекті. Ескерткіш айналасындағы жағымды аура жалпы зиярат ертіп келген азаматтарға ерекше көңіл мен күш-қайрат сыйлайды.

Бұл кешенге келуші азаматтардың тек ойлаудың логикалық шеңбері аясына ғана қатысты болып қалмайды, бұл бір рухани құндылықтарды бойына сіңіру құқығы барын және осы негізде әрбір жеке тұлғада рәміздік рухани үлгінің өзіндік бағыты мен қағидасы қалыптасатынын айтуымызға болады. Бұл жердегі ең басты мәселе – азаматтардың кешеннің рәміздік құрылым қызметін түсінбей, жалпы сипаттау негізде қабылдап, негізгі рәміздік ерекше бөліністегі симбиозды көре алмауында немесе оған керісінше оған ерекше толғаныспен қарап, кешендегі элементтер тұтастығын, бүкіл болмысымен қабылдау репрезентациясын қалыптастыра алмауында жатыр. Бұл мәселеде барлық рәміздерді бір-бірімен байланыстыратын рухани тұтастық құрылып, бұл оларды заттық ұқсастыққа қана біріктірмей, қайта олардың ішкі әдіснамалық бірлігін көрсетуі қажет сияқты. Яғни кешенге келуші азаматтарға сыни көркемдік, рәміздік тұрғыда ойлаудың негізгі қағидасына прагматикалық тұрғыда «басымдылық» беріп, әрбір кешендегі әрбір белгіге жаңаша форма ретінде қабылдап, жаңа өзіндік негіздемені қажет етуіне жағдай жасалуы керек. Таза таным, рәміздік тұрғыда ойлау, мифологиялық діни сараптамалық ойлау, көркем

дүниетаным функцияларын былай түсіну керек: олардың бәрінде кешеннің сыртқы безендірілуі қаншалықты жүрсе, ішкі дүниенің қалыптасуы, яғни объективті рәміздік мағыналық түсінудегі өзара байланыс және ой-көзқарастың рәміздік тұтастығының қалыптасуы да бірдей тең дәрежеде жүреді.

Бірақ бұл жерде мынадай ойлар келеді, яғни Қорқыт Ата кешенін жан-жақты және кең мағынада ұғынсақ та, ол қашанда рәміздік тұрғыда рухани жағынан ұғындырып түсіндіруде қалыптасатын тұтастық болып нақты көрінеді. Кез келген кешеннің рәміздері қаншалықты түрлі дәрежеде болып келсе де, оның жолы мен бағыт-бағдары ақыр аяғында құбылыстардың бірлігіне жеткізуге тырысады. Ол жеке-дара күйінде қалуға тиіс емес, ол өзара байланыстар қатарына енуі қажет, бұл жерде ол қисындық және себептік «жүйенің» элементі болып қалыптасады. Осы мақсатқа, яғни айрықша нәрсені заңдылық келбеті мен тәртіпке келтірудің әмбебап пішініне енгізуге ұмтылу барысында кешеннің өзіндік танымдық маңызы ашылады. Кешендегі кез келген рәміздік белгілерге, тек сананы жаңғырту қабілеті ғана емес, іштей берілетін шығармашылық күштер де тән деп қарастыруымызға болады. Кешенге келгендер рәміздік белгілерді қарапайым тұрмыс тіршілігі тұрғысынан ғана ойында сақтап қоймайды, оның бойында қарапайым жеке болмысқа белгілі бір мән-мағына, өзіндік үлгідегі ой-мұрат, мазмұн беретін рухтың өзіне тән шынайы күш-қуатын сезінеді. Бірақ бұл сезіну жеке тұлғаның өз шамасында өнерге, мифке, дінге және дүниетанымына да қатысты болып табылады. Себебі адамдардың барлығы өзіндік ерекшелігі бар бейнелер мен белгілер әлемінде өмір сүреді, мұнда эмпирикалық берілген нәрсе белгілі бір қағида бойынша айрықша көрініске ие болады. Олардың бәрі өздерінің айрықша нышандық пішіндерін түзеді, егер интеллектуалды нышанға ұқсамаса, онда ең болмаған жағдайда өздеріне рухани шығу тегі жағынан тең келетін түрлілгілер жасайды. Осы түр үлгілердің әрқайсысы бір-біріне жуыспайды және бір-бірінен бөлініп те кетпейді. Немесе олардың әрбірінің рәміздерді тануда рухани көзқарастарының нақты әдісі болады. Осы себепті әр жеке тұлға ақиқаттың өзіндік айрықша жағын тануға тырысады. Егер кешендегі барлық рәміздік белгілерді біртұтас түрде оқи алсақ, өз кеңістігімізде өнер мен таңбаны, миф пен танымды біріктіре ұғынсақ, онда мәдени құндылықтар семиотикалық талдау тұрғысында жаңаша көзқарас пен бастамаларға ие болып, көкжиегі кеңейер еді.

Жалпы алғанда Түркі қағанаты кезеңі түркі өркениетінің қалыптасу, шет елдерге тарау және тұтас түркі елі идеясының өмірге келу уақыты болды. Тарихи деректер мен ғылыми пайымдауларды түйіндей келе, Қорқыт Исламды әлі толық қабылдамаған түркі тайпаларының мәдени рәмізі деп қарастыруға болады. Қорқыт жырларының философиялық мән-мағынасының алтын діңгегі-әлемді, табиғат заңдарын көркемдік танымдық тұрғысынан игеру (Шакирова, 2009:346).

Философ Д. Кішібеков: «Қазақ қандай кең болса, оның менталитеті де сондай мол, рухани жағынан өте бай. Оны еуропалық қалыпқа салып қарауға болмайды. Оның өркениеті де, өлшемдік түсінігі де басқа»-дейді (Кішібеков, 1999:199).

Бұл артефакттар, сонымен қатар ішкі көшпелілердің мәдени құндылықтарын сақтаған семиотикалық белгілер ретінде әрекет етеді. Мұның дәйектілікке негізделген күрделі құрылымы бар еді, сонымен қатар әртүрлі құндылықтармен байланыстырылады. Бүгінгі күнге дейін сақталып қалғандықтан, бұл көптеген құндылықтардың табиғи серпінділігін көрсетеді (Aldjanova, 2015:29).

Осы орайда, өзінің тарихына үңілген әрбір адам, осы Қорқыт Ата кешеніне келу арқылы, ондағы біртұтастықты білдіретін белгілер арқылы ішкі рухани сезімдерін қанағаттандыра алатындығын атап өткендігіміз жөн. Сондай-ақ кешен келуші азаматтардың мәдени туризмді қалыптасуына үлес қосып, мәдени құндылықтарға құрметпен қараудың жаңаша дәстүрін қалыптастыруда да маңызды қызмет атқарады. Жалпы кешеннің мақсаты ұлттық мәдени кешен ретінде өзіндік қолтаңбасымен өткен тарихты сездіру және кешендегі барлық рәміздік элементтер арқылы қоғамдағы қалыптасқан өнер мәтінін ұғыну, ұлттық құндылық ретінде рәміздердің өзіндік болмыс ерекшелігін сезіну арқылы тарихқа қайта оралып, біртұтас рәміздік белгілер арқылы көкейесті сұрақтарына жауап беру.

Жалпы Қорқыт Ата кешені мәдени ортамен үйлесімді өмір сүретін адамның жан дүниесіндегі толғаныстарын өзіндік рәміздік белгілері арқылы мәнін нәзік жеткізетін, терең экзистенциалды мазмұнымен адам жадында мәңгі сақталады. Сондықтан, кешен дамудың ақпараттық-технологиялық кезеңінде өмір сүріп отырған қазіргі адамның да мәдени игілігіне айналып отыр. Қобыз бейнелі кешенге келген адам музы-

ка күші, адамды мәңгі ететін жасампаздық пен шығармашылық – Қорқыт туралы аңыздың негізгі идеясын түсініп, сезініп, өзінің дүниетанымы үшін ең бір керемет әсер алады.

Қорытынды

Қорқыт Ата адам мен әлемді тануындағы және шындықты рухани-практикалық игеруінің негізгі рәмізі болып табылады. Ал Қорқыт Ата кешеніндегі рәміздер қоғамның тарихи-танымдық, рухани-ақпараттық кеңістігін қалыптастырады. Ол мәдени құндылықтар мен мән-мағыналардың шоғырланған маңызды көрінісінің формасы болып табыла отырып, Сыр өңірінің мәдени туризм деңгейін көтеріп, рухани мүмкіндіктерін жүзеге асырады.

Сонымен қатар Қорқыт Ата кешені мәдени ақпаратты тасымалдаудың және мәдени сабақтастықты қамтамасыз етудің коды ретінде байырғы түркі мұрасы сақтап қалудың заманауи үлгідегі ескерткіш ретінде баға жетпес рухани жүйесінің негізін құрайды. Кешеннің құбылысы негізінен адам мен сайын даланың арасындағы үйлесімділікті іздейді. Бұл үдерісте семиотикалық талдаудың рәміздің орны ерекше. Қорқыт Ата кешені түркілер дәуірінде қалыптасқан мәдени жәдігердің заманауи көрінісі ретінде Тәуелсіз Қазақстанның дамуына оң ықпал ететін мәдени туризм деңгейін көтеретін, туристік картаға енген бірден-бір нысан, өркениеттік фактор болып табылады.

Мақала «Қазақстан-2050» стратегиясы мән мәтінінде Қазақстандағы жаңғыру үдерістеріндегі мәдени ескерткіштердің орны мен рөлі» атты ҚР БҒМ жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер

Борбасова К.М. (2016). Коммуникациялық қатынастар семиотикасының қазақ әдебиетіндегі көрінісі//Вестник серия философия серия культурология серия политология. Алматы. №2, 115 б.

Борбасова К.М. (2014). Семиотикалық анализдың теориялық принциптары//Толеранттылық және ынтымақтастық қазақстандық қоғамды модернизациялау аясындағы мәдениетаралық коммуникация негізі ретінде //Республикалық ғылыми-теориялық конференция жинағы. Алматы. №1, 5 б.

Иванов В. (2004). Избранные труды по семиотике и истории культуры. Москва.Наука. 189 с.

Кішібеков Д. (1999). Қазақ менталитеті кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым. 199 б.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. (2004). 6-том. Алматы, 58 б.

Құлсариева А.Т, Жумашова Ж.А. (2011). Семиотика ғылымының қалыптасу тарихы//Қоғам және дәуір. №4. 118 б.

Қазақ өнерінің тарихы. (2008). 3 том. 1 кітап. Алматы: Өнер баспасы, 289 б.

Қорқыт туралы аңыз. (1957). Қазақ ертегілері. Алматы: Жазушы, Том 1. 298 б.

Қорқыт Ата. (1999). Энциклопедиялық жинақ. Бас ред Ә.Нысанбаев. Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 800 б.

Лосев А.Ф. (1987) Знак, символ, миф. М. Изд. МГУ. 479 с.

Лотман, М. (2002) Статьи по семиотике культуры и искусства. Серия «Мир искуств». с 259

Лотман Ю.М. (1985) Семиотика и культура. М. Наука. 253 с.

Марғұлан, Ә. (2007) Шығармалары. 1 том. Алматы, Алатау, 608 б.

Моррис Ч.У. (2002) Основания теории знаков//Семиотика: сборник переводов. Под ред. Ю.С.Степанова. М. Радуга, 96 с.

Турсунов Е. (1999) Возникновение бақсы, акынов, сэри и жырау. Астана, с. 252.

Тұрсынов Е, Дәуренбеков Ж. (1993) 'Қазақтың бақсы балгерлері'. Алматы, Ана тілі баспасы, б. 224.

Шакирова М.И. (2009) Қорқыт және қобыз музыкасы. «Еуразия тарихы мен мәдениетіндегі Арал Сырдария өңірінің орны» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы,б. 346 .

Aldjanova N. K, Borbasova K. M, Rysbekova Sh.A. (2015) Semiotic Analysis of the Dormitory, Clothing and Food Eating Habits in Kazakh Traditional Cultures//The International Journal of Critical Cultural Studies. Volume 14, Issue 1, p. 35.

Bart R. (1993) Semilogiya as an adventure//World. № 2, p. 81

Cassirer E. (1992) Semiotics meaning of signs. Science, p. 131.

Cassirer E. (1955) The philosophy of symbolic forms. london, p 15

Cassirer E. (1998) Selected. Experience about a person. M. Gardarika, p. 784.

Claude Levi Strauss. (1963) Structural Anthropology. Basic book, Publishers, New York Peirce, 440 p

Charles Sanders. (2000) Selected philosophical works. M. Logos, p. 421.

Garai J. (1973) The Book of Symbols. London, p. 250.

Jung K.G. (1995) Archetype and Symbol. M. Science, p. 371.

Lotman Y.M. (1963). On the distinction between the linguistic and literary concept of structure// Vopr. linguistics. № 3, p. 52.

Lotman Y.M. (1967). Classifying Culture. Sign System Studies. Vol. 3, p. 471.

Lotman Y.M. (1970). Stat'I po tipologii kultury. Articles on Culture Typology. Vol. 1. Tartu: University of Tartu Press, p. 26.
Peirce, Charles Sanders.(1999). Logic as semiotics: the theory of signs.//Metaphysical research. Issue. Language. SPB, p. 199-217.
Rossolatos, George, (2015), Semiotic of popular culture. Kassel university press, p. 193
Zorin A. (1985). Ideology, semiotics, and Clifford Gecrtz: some Russian reflections//History and Theory. Studies in the Philosophy of History. Volume 40. № 1, p. 73.

References

Borbasova K.M. (2016) Kommynıkatsialyk katynastar semıotıkasynyn kazak adebetindegi korinisi [Semiotics of communication relations in Kazakh the manifestation of his literature] The series of series of philosophy of culturology series of political science. Almaty. № 2, p. 115.
Borbasova K.M (2014) Semıotıkalyq analizdyn teorıalyk printsiptary [Theoretical Principles of Semiotic Analysis] Tolerance and cooperation modernization of the Kazakhstan society as the basis of intercultural communication within the framework of the // Republican scientific-theoretical conference collection. Almaty. №1, p. 5.
Ivanov V. (2004) Izbrannye trydi po semiotike istori kyltyri [Selected tracts of semiotics and histories of cultures]. Moscow. Pocket, p. 189.
Kikisbekov D. (1999) Kazak mentaliteti: keshe, bygin, erten [Kazakh mentality: yesterday, today and tomorrow]. Almaty. Science. p. 199
Kazakstan ylttyk ensiklopediasy [National Encyclopedia of Kazakhstan, Volume 6. Almaty, p. 58
Kulsarieva AT, Jumashova Zh.A. (2011) Semıotika gylymynyn kalyptasy tarıhy [Formation of semiotics science history] Society and epoch. №4, p. 118
Kazakh onerinin tarihy [Hi]. (2008). story of Kazakh Art Volume 3. Book 1. Almaty. Art Publishing, p. 289.
Korkyt tyraly anyz. (1957) [The Legend of Korkyt]. Kazakh fairy tales. Almaty. Writer, p 298.
Korkyt Ata. (1999) [Korkyt Ata]. Encyclopedic Collection. Chief of the Department A. Nysanbayev. Almaty, The Kazakh Encyclopedia, p. 800.
Losev A.F. (1987) Znak, simvol, mıf [Symbols, symbols, myths]. M. Search MGU, p. 479.
Lotman, M. (2002) Statia po semiotike kyltyry i iskystva [Articles on the Semiotics of Culture and Art]. Series "World of Art", p. 259
Lotman Y.M. (1985) Semiotika ı kyltyra [Semiotics and culture]. M. Pocket, p. 253.
Margulan, A. (2007) Shygarmalary [Works]. Volume 1. Almaty, Alatau, p.608.
Morris C.U. (2002) Osnovania teori znakov [Fundamentals of theories of sciences] Semiotics: Component of translation. Subdirectory Y Stepanova. M. Rainbow, p. 96.
Tursunov E. (1999) Voznıknovenie baqsy, akynov, seri i jyray [The revival of shaman, akyn, sir and zhyrau]. Astana, p. 252.
Tursynov, E. & Daurenbekov Zh. (1993) Kazaqtyn baqsy balgerleri [Kazakh philosopher]. Almaty, native language, p. 224.
Shakirova M (2009) Korkyt jane kobyz myzykasy [Korkyt and kobyz music]. "History of Eurasia International scientific conference "The role of the Aral-Syrdaria region in culture" materials. Almaty, p. 346.
Aldjanova N. K, Borbasova K. M, Rysbekova Sh. A. (2015) Semiotic Analysis of the Dormitory, Clothing and Food Eating Habits in Kazakh Traditional Cultures//The International Journal of Critical Cultural Studies. Volume 14, Issue 1, p. 35.
Bart R. (1993) Semilogiya as an adventure//World. № 2, p. 81.
Cassirer E. (1992) Semiotics meaning of signs. Science, p. 131.
Cassirer E. (1955) The philosophy of symbolic forms. london, p. 15
Cassirer E. (1998) Selected. Experience about a person. M. Gardarika, p. 784.
Claude Levi Strauss. (1963) Structural Anthropology. Basic book, Publishers, New York Peirce, p. 440.
Charles Sanders. (2000) Selected philosophical works. M. Logos, p. 421.
Garai J. (1973) The Book of Symbols. London, p. 250.
Jung K.G. (1995) Archetype and Symbol. M. Science, p. 371.
Lotman Y.M. (1963) On the distinction between the linguistic and literary concept of structure//Vopr. linguistics. № 3, p. 52.
Lotman Y.M. (1967) Classifying Culture. Sign System Studies. Vol. 3, p. 471.
Lotman Y.M. (1970) Stat'I po tipologii kultury. Articles on Culture Typology. Vol. 1. Tartu: University of Tartu Press, p. 26.
Peirce, Charles Sanders.(1999) Logic as semiotics: the theory of signs.//Metaphysical research. Issue. Language. SPB, p. 217.
Rossolatos, George, (2015) Semiotic of popular culture. Kassel university press, p. 193.
Zorin A. (1985) Ideology, semiotics, and Clifford Gecrtz: some Russian reflections//History and Theory. Studies in the Philosophy of History. volume 40. №1, p.73.

IRSTI 304.44

Gabitov T.H.[1], Alikbayeva M.B.[2], Omirbekova A.O.[3]

[1]Professor, e-mail: tursungabitov@mail.ru
[2]Assistant professor, e-mail: montilove2013@gmail.com
[3]Assistant professor, e-mail: ao1182016@gmail.com
al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

KAZAKH CULTURE IN THE CONTEXT DICHOTOMY «EAST – WEST»

The work is carried out within the framework of the research project of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan «The Role and Place of Cultural Monuments in the Kazakhstani Modernization in the Context of Strategy 2050».

Regardless of the time, the upbringing of a person according to society, it was closely connected with spiritual and moral values. The system of value orientations independently self-organizes the internal structure of any society and there are two most important qualities in regulating the social situation: the first is stability, the second is variability. According to the famous French sociologist E.Durkheim, the volatility of value orientations is an indicator of the socioeconomic crisis or the dynamics of development (Nurgaliev, 2005: 352). Each crisis leads to the deterioration of certain values and norms of society. But some, acquire a new social meaning contribute to the emergence of a new worldview. Under the value orientations there are social and psychological characteristics of the person as meaning, ideal, desires, needs and motives.

In the Psychological dictionary the following definition is given: the concept of "values" has a socio-historical significance for society, this phenomenon determines the existence of the "individual". The system of values of a person is one of the most important characteristics of his personality and the main criteria for his development. The level of development of value orientations of the individual is an indicator of his level of development, integrity and stability (Kabykenova, 2009, Abdigalieva, Gabitov, Biyazdykova, 2012a, 25).

In Social philosophy Social values are characterized as a dynamic socio-cultural "complex". Values in social and philosophical theory are revealed as important "personal" parameter of building of social sphere and manifestation of the main characteristics of the phenomenon of "subjectivity". Values become a condition for the formation of "social competence" and social activity in all social spheres. Values are reflected in social activities, social assessments. Values participates in the process of regulation of social relations and in the socio-cultural "targeting".

Values are described as normative practice. Values are established as an intentional system. Values are described as a universal value. Values are seen as the result of choice. Values are seen as a social phenomenon. Values are defined as a specific sphere of perception and experience of social and cultural reality. Values influence the process of modernization of society. Values form an ideal object of value-sensual acts.

Values in modern society became an important factor of communication as an "operational" parameter of existence and intersubjective connections. Values determine the criteria and factors of stability and "resistance" of the individual and social groups in the form of cultural values and "relevant" values of the social realms at the stage of formation of basic institutions, tools and conditions of global development for all types of society and in the different social spheres.

Contemporary social theory shows interest to the value's sphere as a mental-moral complex and a factor of unity and integrity of self-awareness. The study of the value consciousness involves the consideration of the cognitive-emotional components of the value's relations and value consciousness. Modern social philosophy reflects the consideration of value deformation at the level of understanding and implication of social norms, "rules" of behavior, cultural traditions, "principles" of life as well as value orientations and value "content".

Modern society is characterized by the "dynamism" of values as an important indicator of social change and social development as well as new social and cultural priorities as the basis for new social and cultural communication. Social thought and social practice take into account the "critical" assessment of "criteria", regulators and norms of social relations and social development as well as the existence of the person himself, social groups. Social theory characterizes social being as a whole with a position of value characteristics and content.

In cultural anthropology, values are viewed as the principles of human behavior and communication, and also as factors through which the socialization and inculturation of an individual is carried out.

Nevertheless, along with the science and technology of the West, there is a rise in moral principles which are one of the main priorities of the East. Thus, for the development and prosperity of the state, only material wealth is not enough. In particular, it is impossible to resist the process

of globalization in the world. For such states as ours with a small number of people and recently received political independence, it should be noted that the preservation of the country independence is possible only if the features of national and spiritual identity are preserved. The current program "Cultural Heritage" one of the proofs of this.

A person should be viewed as a whole with his internal, physical and mental data. Young people along with such qualities as conscience, shame, love, have also a passion, a hobby, feelings. All these certain emotions are controlled by the mind. In this case, the mind serves as a judge. But the judge can sometimes be influenced by feelings. Thus, it can be assumed that young people always struggle with these feelings, mind and conscience. People always live in a value environment. Even if we do not recognize this, on an unconscious level, we know that there is a system of values (Abdigalieva, Gabitov, Biyazdykova, 2012б: 320). Meaning of values in society is necessary, especially since the world is constantly changing. The soul of man is empty without values. The demands of modern society have refuted such vital forms of values that the oldest national cultural values can not be changed or subject to great changes. The values of past centuries were erased in the twentieth century. Instead, representatives of each class, nationality, country and state have formed their own values and a system of rules. For this reason, today it is a big problem (Mukhameddzanov, 2014: 138).

Since gaining independence, the Kazakh people have renewed their national traditions and culture. The country faces new tasks at the state level: a return to the values that form the basis of the national culture; restoration of the national language and traditions; restoration of historical truth; historical self-awareness; the development of the heritage of the Kazakh people, the role of young generation in all mentioned above is special (Nazarbayev, 2015: 12).

Solving these problems, we can be competitive, also having national honor and national values, we will be able to show the rich culture of the Kazakh people to the whole world. Kazakhstan today lives in a society of complete contradictions, this period is characterized by decline in moral and spiritual values. To avoid this negative situation, it is necessary to introduce the national spiritual and cultural heritage into the upbringing of children. It is known that consumer psychology and isolation, selfish qualities from the processes of globalization, obscure the clear consciousness of modern youth. Thus, such high values in society as charity, kindness, happiness, prosperity and tolerance are undergoing changes (Beck, 2001). For young people values have comparative meanings. he youth's life position is a systemic quality that determines the mental state. To formulate the concept of a person's psychological behavior, his interests "value orientations" are important (Abdikerova, 2011: 55). Thus, the correct organization of values and interests of young people will lead to the successful development of their psychological and personal qualities. The material, spiritual and cultural needs of the individual in society are viewed as value orientations. At present, the emerging style of communication, life, priority of values is the main trend of development of the socio-psychological structure of the transitional Kazakhstan society. From the value orientations of young people today depend the future of our our society. Therefore, it is important to instill vital social values into the consciousness of young people (Alijarov, Abisheva, Kosnazarov, Zhusupova, Zhumaly, Satpaev, Sultanmuratova, Umbetaliev, Chebotkarev, 2014: 192). Currently, any person in choosing a profession prefers to choose that one which is closed to his soul, behavior or future role. That is why interest in research or identification of specialization focused on specialties and special interest groups is the main stage in understanding the individual (Biekenov, Sadyrova, 2007a: 194).

Conclusion

In the article considered significant aspects of formation and development of spiritual values. But we still need to study a wide range of issues. Every citizen is obliged to regularly analyze his system of values, which play an important role in life. The culture of a particular nation is distinguished by national characteristics, mentality. If the culture and mentality blend with others, it will undermine the national specifics. This is due to the imitation of modern youth in different cultures. In order to cultivate a sense of patriotism in the minds of young people, it is necessary to encourage national culture and values, which occurs through their glorification (Biekenov, Sadyrova, 2007б: 344]. For this reason, at universities and major institutions, the opening of organizations working with individuals to increase the world of values, and special TV projects would solve the problems that are given in this article. In our modern society it is necessary to understand the meaning of such values as life and good, truth and humanity, moral commitment and pride, love and beauty, work and relationships, and so on. It is obvious that N. Nazarbayev himself mentioned these

values in his address to the people "today not only material but more spiritual values are needed for the growth and development of people". The state institutions must work for enhancing understanding of centuries-old national and spiritual values by the population, including young people" (Nazarbayev, 2015: 12).

A country can be great due to a strong generation, the future of the state is related to the values of youth. Patriotism, diligence, responsibility, culture, courtesy are always good human qualities of the individual. When a person adheres to these values every day, he deserves respect in his environment and achieves the goal. In accordance with the innovative direction of higher education, deepening on the value of students, the formation of creative independence is the main goal of professional education. Since the prosperity of any country, being in the forefront is associated with the new nature of the national education system, the use of new teaching technologies, the rational use of learning associated with the use of a wide range of creative learning.

Литература

Абишева А. К. (2002) О понятии «ценность» // Вопросы философии. № 3., С. 139-146.

Абдигалиева Г.К., Габитов Т.Х., Исмагамбетова З.Н., Бияздыкова К.А., Шорманбаева Д.Г. (2012) Ценностные ориентиры казахстанской культуры. – Алматы: Қазақ университеті, с. 138.

Айдарбеков З.С. (2008) Казахстанская молодежь: ценности, приоритеты, стратегии самоопределения. Алматы: Исламнур, с. 328.

Алияров Е., Абішева М., Қосназаров Д., Жусипова А., Жумалы Р., Сатпаев Д., Султанмуратов Н., Умбеталиев Т., Чеботкарев А.. Коктейль Молотова (2014) Анатомия казахстанской молодежи. Алматы: Альянс Аналитических Организаций, Фонд им. Конрада Аденауэра, с. 194.

Алтынбеков А.Б. (2015) Қазіргі Қазақстан жастарының еңбек құндылықтары: салыстырмалы - әлеуметтанулық талдау. Алматы, с. 65.

Әбдікерова Г. О. (2011) Әлеуметтану. Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті, с. 192.

Биекенов К., Садырова М. (2007) Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. Алматы, с. 344.

Beck U. (2001) Was is Globalization? // Global Culture. № 3, P. 55.

Wallerstain I. (2000) Globalization or the Age of Transition? // International Sociology. № 2, p. 45.

Ғабитов Т. Х., Мүтәліпов Ж. А., Құлсариева А. Т. (2005) Мәдениеттану. Алматы: Раритет, б. 124.

Hunter T. Shireen (1999) The Future of Islam and West, p. 21.

Жетібаев Е.Ж. (2009) Шәкәрім дүниетанымындағы рухани құндылықтар мәселесі: автореф...филос.ғылым.докт: 09.00.13. Алматы, б. 12.

Кабыкенова Б.С. (2009) Роль ценностей культуры государственных служащих в борьбе с коррупцией // I Академиялық симпозиумның материалдары. Астана, Т. 2, с. 320.

Қазақстандық жастардың электоральдық әлеуеті», Аналитикалық есеп. (2010) Астана.

Канагатова А.М. (2009) Ценности жизни и культуры современной молодежи Казахстана: Монография.. Алматы. с. 28.

Карабаева А.Г., Исмагамбетова З.Н. (2014) Толерантность как социальная ценность модернизирующегося общества // Вестник Калмыцкого университета. № 4 (24), С. 71-80.

Catherine D. Ennis, Weimo Zhu. (2016) Value orientations: A description of teachers' goals for student learning // American Anthropologist, p. 6.

Klukchjn K., Strodbeck F. (1961) Variation in Value Orientation. N.Y. №1, P. 1 - 48.

Қожамберлиев Б. (2005) Рухани болмыс пен әлеуметтік болмыс дамуының арақатынасы: автореф... филос.ғыл.докт. Алматы, б.б. 32-35.

Козлова О.А. (2001) Ценностные ориентиры в межкультурном коммуникативном пространстве // Мир языка и межкультурная коммуникация. Барнаул, С. 145- 147.

ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы, б. 285.

Лосский Н.О. (1994) Ценность и бытие. Бог и Царство Божие как основа ценностей // Лосский Н.О. Бог и мировое зло. М.: Республика, С.249-314.

Маданов Х. (1995) Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы: Қаржы қаражат, б. 136.

Мусабеков М.Н. (2013) Қазақстан жастарының рухани құндылықтары: әлеуметтік-философиялық талдау. Алматы, бб. 14-36.

Мүтәліпов Ж. (2006) Шығыс пен батыстың арақатынасы туралы мәдениеттанымдық ұстанымдардың қалыптасуы // Әл-Фараби философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық журнал. №2 (14), б. 201.

Мұхамеджанов Б.Г. (2014) Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру барысы туралы таңдалмалы есеп // Егемен Қазақстан. мамыр № 36, б.12

Нургалиев Н.А (2005) Личностное развитие человека в контексте трансформации общества: автореф... канд. Филос. наук: 09.00.11. Алматы, с. 25.

Нуржанов Б.Г. (2009) Культура и глоболизация: социально – философский аспект // Материалы международной научно-практической конференции. Алматы, с. 224.

Нұрмұратов С.Е. (2000) Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы : БҒМ Философия және саясаттану институты, б. 262.

Нысанбаев Ә. (2011) Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтар әлемі. Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, б. 285.

Социология. Её предмет, метод, предназначение (1995) / пер. с фр., составление, послесловие и примечания А.Б. Гофмана. М.: Канон, с. 352.

Сурина И.А. (1999) Ценности. Ценностные ориентации. Ценностное пространство: вопросы теории и методологии. // Социум, с.183.

Perry R.B. (1994) Realms of Value. A Critique of Human Civilization. Harward, p. 250

References

Abisheva A.K. (2002) O ponjatiicennost" // Voprosyfilosofii.[Abisheva AK On the concept of "value" / Questions of philosophy]. № 3, P. 139-146.

Abdigalieva G.K., Gabitov T.H., Ismagambetova Z.N., Bijazdykova K.A., Shormanbaeva D.G. (2012) Cennoctnye orientiry kazakhstanskoi kul"tury. [Abdigalieva GK, Gabitov TH, Ismagambetova ZN, Biyazdykova KA, Shormanbaeva DG Value orien]. Almaty: Kazak universiteti, p. 136.

Abdikerova G.O. (2011) Aleumettanu. Oku kuraly. [Abdikerova G. O. Sociology. Tutorial. - Almaty. Kazakh University] Almaty. Kazak universiteti, p. 192.

Aidarbekov Z.S. (2008) Kazakhstan molodjozh": cennosti, prioritety, strategii samoopredelenija. [Aidarbekov Z.S. Kazakhstan youth: values, priorities, strategies for self-determination.] Almaty: Islamnur, p. 328.

Alijarov E., Abisheva M., Kosnazarov D., Zhusipova A., Zhumaly R., Satpaev D., Sultanmuratov N., Umbetaliev T., Chebotkarev A. (2014) Kokteil" Molotova. Anatomija kazakhstanskoi molodezhi. [Aliyarov E., M. Abisheva, D. Қosnazarov, A. Zhusipova, R. Jumali, D. Satpayev, N. Sultanmuratov, T. Umbetaliev, A. Chebotkarev. Molotov cocktail. Anatomy of the Kazakh youth] Almaty: Al"jans Analiticheskih Organizacii, Fond im. Konrada Adenauehra, p. 194.

Altynbekov A.B. (2015) Kazirgi Kazakstan zhastary enbek kundylyktary: salystyrmaly-aleumettenulyk taldau. [Altynbekov AB Labor values of modern Kazakhstan youth: comparative - sociological analysis] Almaty, p. 65.

Biekenov K., Sadyrova M. (2007) Aleumettanudyn tusindirme sozdigi. [Biekenov K., Sadyrova. Explanatory dictionary of sociology] Almaty, p. 344.

Beck U. Was is Globalization? (2001) // Global Culture. № 3, P. 55

Wallerstain I. (2000) Globalization or the Age of Transition? // International Sociology. № 2. p. 45.

Gabitov T.H., Mutalipov Zh. A., Kulsarieva A.T. (2000) Madeniettanu. [Gabitov T. H., Mutalipov Zh. A., A. Kulsarieva T. Culturology] Almaty: Ratiret, p. 124.

Hunter T. Shireen (1999) The Future of Islam and West, p. 21.

Zhetibaev E. Zh. (2009) Shakarim dunietanymyndagy rukhani kundylyktar maselesi: avtoref. [Zhetybaev EJ The problem of spiritual values in the world of Shakarim: author's ... philosophy.doc: 09.00.13] Almaty, p. 12 .

Kabykenova B.S. (2009) Rol" cennostei kul"turygosudarstvennyh sluzhashhih v bor"be s korrupciejj // I Akademijalyk simpoziumnyn materialy. [Kabykenova BS The Role of Culture Values of Civil Servants in the Fight against Corruption // I Academ. Symposium Materials]. Astana, T.2., p. 320.

Kazakstan zhastarynyn electoral"dykal euleti. Analitikalyk esep. (2010) [Electoral potential of young people in Kazakhstan ", Anatolian report] Astana.

Kanagatova A.M. (2009) Cennostizhizni I kul"tury sovremennoi molodezhi Kazakhstana: Monografija. [Kanagatova A.M. Values of life and culture of modern youth in Kazakhstan: Monograph]. Almaty, p. 28.

Karabayeva A.G., Ismagambetova Z.N. (2014) Tolerantnost' kak sotsial'naya tsennost' moderniziruyushchegosya obshchestva. – Vestnik Kalmytskogo universiteta № 4 (24), [Karabaeva AG, Ismagambetova Z.N. Tolerance as a social value of a modernizing society // Bulletin of the Kalmyk University]. №. 4 (24), P. 71-80.

Catherine D. Ennis, Weimo Zhu. (2016) Value orientations: A description of teachers' goals for student learning // American Anthropologist, P. 6.

Klukchjn K., Strodbeck F. (1961) Variation in Value Orientation. N.Y., P. 1-48.

Kozhamberliev B. (2005) Rukhani bolmys pen aleumettik bolmys damuynyn arakatynasy. [Kozhamberlyev B. The Relationship Between Spirituality and Social Reality: Authority ... philosophy.doc.]. Almaty, P. 32-35.

Kozlova O.A. (2001) Tsennostnyye oriyentiry v mezhkul'turnom kommunikativnom prostranstve // Mir yazyka i mezhkul'turnaya kommunikatsiya. [Kozlova OA Original Values in Intercultural Communicative Spaces // World Language and Intercultural Communication]. Barnaul, P. 145-147.

KR Prezidenti - Elbasy N.A. Nazarbaevtyn «Kazakhsat-2050» Strategijasy kalyptaskan memlekettin zhana sajasi bagyty atty Kazakztan halkyna zholdauy. [The President of the Republic of Kazakhstan - the Leader of the Nation Address of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan "Strategy" Kazakhstan-2050 ": new political course of the established state"].

Losskijj N.O. (1994) Cennoct" I bytie. Bog I Carstvo Bozhie kak osnova cennostei // Losskijj N.O. Bog I mirovoezlo. [Lossky N. O. Value and Being. God and the Kingdom of God as the basis of values // Lossky NO God and world evil]. M.: Respublika, P.249-314.

Madanov Kh. (1995) Kazak madenietinin kalyptasu kezenderi. [Madanov H. Stages of formation of Kazakh culture]. Almaty: Karzhy karazhat, p. 136.

Musabekov M.N. (2013) Kazakstan zhastarynyn rukhani kundylyktary: aleumettik-filosofijalyk taldau. [Musabekov MN Spiritual values of youth of Kazakhstan: socio-philosophical analysis.]. Almaty, P. 14-36.

Mutalipov Zh. (2006) Shygys pen batystyn arakatynasy turaly madeniettanymdyk ustanymdardyn kalyptasuy // Al-Farabi filosofijalyk-sajasattanulyk zhane ruhani-tanymdyk zhurnal. [Mutalipov Zh. Formation of culturological principles about the relation between east and west // Al-Farabi philosophical-political science and spiritual-cognitive magazine]. № 2 (14), p. 201.

Mukhamedzhanov B.G. (2014) Memlekettik zhastar sajasatyn iske asyru barysy turaly tandamal yesep // EgemenKazakstan. [Mukhamedzhanov BG Selected Report on the Realization of the State Youth Policy // Egemen Kazakhstan]. mamyr № 36., P. 12.

Nurgaliev N.A. (2005) Lichnostnoe razvitie cheloveka v kontecste transformacii obshestva: avtoref [Nurgaliev NA Personal development of a person in the context of society transformation: author's abstract. Cand. Philos. Sciences: 09.00.11]. Almaty, p. 25.

Nurzhanov B.G. (2009) Kul"tura I globolizacija: social"no – filocofckijj aspect// Materialymezhdunarodnoinauchno – prakticheskoikonferencii. [Nurzhanov B.G. Culture and Globolization: Socio - Philosophical Aspect // Materials of the International Scientific and Practical Conference]. Almaty, p. 224.

Nurmuratov S.E. (2000) Rukhani kundylyktar alemi: aleumettik-filosofijalyk taldau. [NurmuratovS.E. Spiritual Values: Social Philosophical Propaganda] Almaty: BGM Filosofija jane sajasattanu instituty, p. 262.

Nysanbaev A. (2011) Tauelsiz Kazakstannyn kundylyktar alemi. [Nysanbayev A. The world of values of independent Kazakhstan]. Almaty: KR BGM GK Filosofija zhane sajasattanu instituty, p. 285.

Sociologija. Ejo predmet, metod, prednaznachenie (1995) // Per. S fr., sostavlenie, posleslovie i primechanija A. B. Gofmana. [Sociology. Her subject, method, purpose / trans. with fr., compilation, afterword and notes A.Б. Hoffmann] M.: Kanon, p. 352.

Surina I.A. (1999) Cennosti. Cennostnye orientacii. Cennostnoe prostranstvo: voprosy teorii I metodologii. // Socium, [Surina I.A. Values. Value orientations. Value space: questions of theory and methodology]. // Social life, P. 183.

Perry R.B. (1994) Realms of Value. A Critique of Human Civilization. Harward, p, 250.

FTAMP 21.31.55

Кагазбекова С.Б.[1], Затов К.А.[2], Әділбаева Ш.А.[3]

[1]PhD докторанты, e-mail: paradise-gannat@mail.ru
[2]ф.ғ.д., профессор, e-mail: kairat_1966@list.ru
[3]PhD, қауымд.проф., e-mail: shamshat_nmu@mail.ru
Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ӘЛЕМДІК ДІНДЕР КОНТЕКСТЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛ СТАТУСЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Мақалада әлемдік дін контекстеріндегі әйел статусына салыстырмалы түрде талдау жасалады. Христиан дінінің киелі кітабы Таураттағы, Буддизм дәстүріндегі әйелге деген қарым-қатынас пен Ведалардағы әйелдің орны және Ислам дініндегі әйел мәртебесі жеке-жеке талқыланып, әр дінде көрсетілген әйел статусының кемшіл және артық тұстары тұжырымдалады. Әлемдік діндердің мәтіндерінде келетін әйел мен еркек теңдігі қозғалады. Діндегі әйел мәселесі қазіргі кездегі актуалды тақырыптардың бірі және өзекті болып қала бермек. Осылайша, дәстүрлі діндер әйелді адамзат тарихындағы ұрпақ жалғастырудағы ерекше миссиясы, терең сүйіспеншілік және жанқиярлық, махаббат пен даналық қабілеттері үшін құрмет тұтады. Әлем құрылымының тұжырымдамасында әйел бірінші кезекте ана және қыз, әйел және әпке, отбасы ұйытқысы, қоғам қайраткері. Жалпы алғанда, әйелдердің мәртебесі, әсіресе дін контекстерінде, әрбір қоғам және барлық уақытта өте маңызды болды. Әрбір дін отбасындағы, қоғамдағы әйелдердің рөліне және оның құқықтары туралы көзқарасын білдірген. Тиісінше, бұл тақырып заманауи қоғам үшін өте маңызды.

Түйін сөздер: дін, әйел, діндегі әйел орны, гендер, христиан, буддизм, ислам.

Kagazbekova S.B.[1], Zatov K.A.[2], Adilbayeva Sh.A.[3]

[1]PhD student, e-mail: paradise-gannat@mail.ru
[2]PhD doctor, professor, e-mail: kairat_1966@list.ru
[3]PhD, associate professor e-mail: shamshat_nmu@mail.ru
Egyptian university of Islamic culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

Status of women in the contexts of world religions: comparative analysis

This article deals with the comparative analyses of the status of women in the context of world religions. The status In Holy Book of Christianity, and in the Buddhist tradition and the position of the woman in the Vedas and in Islam are discussed separately. Also the advantages and disadvantages of the woman's status in every religion. The equality of men and women in the contexts of world religions are described in the article.

The theme of a woman in religion has been and continues to be relevant today. So, the basic and traditional religions revere a woman for her special mission in the history of the human race, for deep spirituality and selflessness, for the divine gift of love and wisdom. The woman is first of all, mother and daughter, wife and sister, keeper of the hearth and public figure, which can be traced in the concept of the organization of the world. In general, the question of the status of women, especially in the context of religion, in every society and in all eras, was of great importance. Each religion expressed its attitude towards the role of women in the family, society, and about her rights. Accordingly, this topic is relevant and practically meaningful for modern society.

Key words: Religion, Woman, woman in religion, Gender, Christianity, Buddhism, Islam.

© 2018 Al-Farabi Kazakh National University

Кагазбекова С.Б.[1], Затов К.А.[2], Әділбаева Ш.А.[3]
[1]PhD докторант, e-mail: paradise-gannat@mail.ru
[2]д.ф.н., профессор, e-mail: kairat_1966@list.ru
[3]PhD, ассоцииров.проф., e-mail: shamshat_nmu@mail.ru
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

Статус женщины в контексте мировых религий: сравнительный анализ

В статье расматривается сравнительный анализ положения женщины в контексте мировых религий. По отдельности обсуждаюся положение женщины в Библии, положение женщины в будде и женщины в Ведах, и положение женщины в исламе. А также расматривается равенство мужчин и женщин в контекстах мировых религий. Тема женщины в религии была и продолжает оставаться актуальной в наши дни. Так, основные и традиционные религии почитают женщину за ее особую миссию в истории существования человеческого рода, за глубокую духовность и самоотверженность, за божественный дар любви и мудрости. Женщина – это прежде всего, мать и дочь, жена и сестра, хранительница очага и общественный деятель, что прослеживается в самой концепции устройства мира. В целом вопрос о статусе женщины, особенно в контексте религии, в каждом обществе и во все эпохи имел большое значение. Каждая религия выражала свое отношение относительно роли женщины в семье, обществе, и касательно ее прав. Соответственно, данная тема и актуальна и практически значима для современного общества.

Ключевые слова: религия, женщина, положение женщин в религии, гендер, христианство, буддизм, ислам.

Кіріспе

Қазіргі кезде қоғамдағы әйелдің орны мен рөлі, бейнесі туралы түсініктер ерекше өзекті мәселеге айналып отыр. Әйел тақырыбы оның ішінде әлемдік діндердегі әйел мәселесі қай қоғамда, қай кезеңде болмасын өзіндік маңызға ие болған. Әрбір дін әйел затының отбасындағы, қоғамдағы орны мен құқықтарына қатысты өзіндік көзқарасын білдірген.

Әйел мен ер адам арасындағы қарым-қатынас әлеуметтік дамудың маңызды факторы болып табылады, өйткені, олар екі үлкен әлеуметтік-демографиялық топты құрайды. Олардың қарым-қатынастарының сипаты қоғамдағы көптеген экономикалық, мәдени-әлеуметтік, саяси, рухани өмірдің себебі мен әсері болып келеді. Сондықтан да бұл қарым-қатынасты зерттеудің маңызы өте зор. Гендер түсінігі соңғы кезде елімізде ерекше жиі қолданысқа еніп, елеулі мәселеге айналып келеді. Гендер түсінігі қоғамдағы әйел мен ердің арасындағы олардың әр қайсысының әлеуметтік орнын анықтауға бағытталған ғылыми бағыт.

Еркек пен әйел табиғатындағы өзіндік ерекшеліктерімен екеуі бір-бірін толықтыра түседі. Қазақ «екі жарты бір бүтін» деген. Әйел мен еркек минус пен плюс заңдылықтары іспетті. Әйел денедегі жүрек болса, еркек сол денедегі ақыл іспетті. Жүрек ақылсыз, ақыл жүрексіз ғұмыр сүре алмайды. Жүректі ақылдан жоғары яки ақыл жүректен артық деп айту мүмкін емес. Екеуі өз міндеттерін атқарған кезде ғана дене дұрыс қызметін жалғастыра алады. Ендеше, әйел еркектен жоғары яки төмен деу, жалпы алғанда дұрыс айтылған сөз емес. Әрқайсысының қоғамда өзіндік қызметі бар. Әрбірі соны дұрыс атқарған кезде ғана мінсіз қоғам пайда болады.

Діндердің әйелдер туралы пайымдауларына назар аударсақ, кез келген әлемдік діндердің қасиетті кітаптарында жаратылыс және Құдайға құлшылық тұрғысынан қарағанда әйелдер мен ерлер тең екендігіне көз жеткізуге болады. Алайда әйел мен ерлердің физиологиялық, психологиялық және табиғи жаратылыстарына байланысты ерекшеліктері болатындығы хақ.

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Мәселені әлемдік дін контекстерінің теориясы ауқымында зерттеу бүгінгі таңда әйелдің қоғамдағы орны, ой таным шеңберінің ортағасырлық христиан ойшылдарының тұсындағыдай емес, әлдеқайда алға ұмтылғандығын көрсетеді. Зерттеу барысында логикалық және тарихи, герменевтикалық-комперативистикалық және салыстыру тәсілдерді қолдандық. Осы тәсілдер гендерлік қатынастардың дамуына әсер еткен саяси факторлар жөнінде зерттеулер жасауға мүмкіндік береді.

Аталған тақырып жөнінде зерттеу жүргізген отандық ғалымдар саусақпен санарлық. Сол себепті де, отандық дінтану ғылым аясында қарастырып, талдау және ғылыми айналымға енгізу дінтану саласының дамуына өзіндік үлесін қосары сөзсіз.

Нәтижелері және талқылау

Христиан діні

Әлемдік діндердің алғашқысы христиан дінінің киелі кітабы Тәуратта: “Осылайша Құдай адамды (рухани жағынан) өзіне ұқсас әрі бейнелес етіп, бірін еркек, бірін әйел етіп жаратты” (Киелі кітап, 2010:9) делінген. Сондай-ақ әйел Адамның қабырғасынан жаралған: «Және Құдай Адамды қатты ұйқыға салып, адам ұйықтап қалғаннан кейін, оның бір қабырғасын алған, оның орнын бұлшық-етпен жапқан. Және Құдай адамнан алған қабырғадан оған әйел жасап берді...» (Киелі кітап, 2010:11). Иса Мәсих жастайынан анасына мойынсұнып жүретін болған «Иса Назарет қаласына бірге оралып, оларға мойынсұнып жүрді. Осы сөздердің бірін шешесі көңіліне түйіп алды». Ата-анаға құрмет көрсетуді «ата-анаңды сыйла!» (Киелі кітап, 2010: 1136) деп ең жоғарғы өсиет етті. Христиан дінінде әйелдің ой-өрісі тұрғысынан Иса Мәсихке дейін адами құқықтарға ие болмаған. Әйелдерді еркектерге қарағанда білімге қабілетсіз деп білген. Ал Мәсих Иса келгеннен кейін, білім жалпыға бірдей ашылатынын көрсетіп, тіпті Иса Мәсихтің үздік әйел ерушілері болған. Інжілдік баяндауларда әйелдердің аштық пен жол қиыншылықтарына қарамастан Мәсих Исаның артынан еріп, оның құтқару ілімін тыңдаған (Киелі кітап, 2010:1128). Ол ешқашан әйелдерді өз тыңдаушылар қатарынан алыстатпаған және олардың түсіну қабілеттерінің төмен екендігін бірде-бір рет айтпаған. Керісінше әйелдермен әрдайым сұхбаттасып отырған.

«Бірінші пасхадан кейін Мәсих Иса Иерусалимнен Галилейге қарай жолға шығады. Жолда Самария аймағы арқылы Сихар қаласының жанындағы Жақып (Иакова) құдығының басына барып отырады. Шәкірттері қалаға азықтүлік алып келуге кетеді. Сол кезде құдықтан су алу үшін самариялық бір әйел келеді. Мәсих Иса одан: «Маған ішетін су берші? деп сұрады. Самариялық әйел таң қалды. Себебі яһудилер (діни сенім бойынша арамданбау үшін Талмұдта: «Жұбайы, қызы, әпкесі болса да, көпшілік алдында әйелдермен сөйлесу – Равиндер үшін кешірілмейтін ақымақтық») самариялықтармен араласпайды. Сондықтан әйел: «Өзің яһуди бола тұра, қалайша менен, самариялық әйелден су сұрайсың? – деген сауал қойды. Иса: «Егер құдайдың өзіңе не сыйлағысы келгенін және су сұраған адамның кім екенін білсең, сен оның өзінен су сұрар едің. Сонда ол саған «өмір суын» берер еді деп жауап қатты (Киелі кітап, 2010:1204). Сонда әйел: «Мәсих деген құтқарушының келетінін білемін. Ол келгенде бізге бәрін ашық айтып береді, – деді. Иса: «Сенімен сөйлесіп тұрған мен соның өзімін, – деп әйелге жауап берді (Киелі кітап, 2010:1205). Бұл оқиғадан Христиан дініндегі Иса Мәсихтің әйел жаратылысына деген қарым-қатынасын көреміз. Қарапайым әйелге руханилық, құдайға құлшылық ету, мәсихшілдік секілді христиандықтың негізгі принциптері туралы ақпарат беруі әйелдің тыңдау құқығын және шынайы ақиқатты қабылдаудағы қабілеттілігін аңғартады. Бұл самарияндық қарапайым әйел шынайы ақиқатты түсініп, Иса Мәсихтің алғашқы әйел шәкірттерінің бірі болған.

Сол жерде алысырақтан қарап тұрған көптеген әйелдер болды. Олар Исаға қызмет етіп, Ғалилеядан еріп келгендер еді (Киелі кітап, 2010:1153). Олардың ішіндегі тұрақты серіктері – Мария Магдалина, Хузаның жұбайы Иоанна, Жақып пен Жүсіп шешесі Мәриям, Саломия – Зебедей ұлдарының шешесі, сонымен қатар Иса Мәсихтің өз анасы – Мәриям т.б. болған. Бұлардың барлығы басқа еркектер тәрізді Мәсих Исамен бірге жүріп, ғибадат құлшылықтарын жасаған және нәзік жандылар қатарынан болғандары үшін ешқандай шеттетілу көрсетілмеген. Исаның өміріндегі маңызды жәйттардың көбінде әйелдердің орны көрініс тапқан.

Алайда, ерте және дамыған орта ғасырларда бірқатар христиан дінбасылары әйел адамның құқығына қатысты жазбаларды назардан тыс қалдырып, олардың құқығын мүмкіндігінше шектеуге тырысқан. Христиан теологтарының тіпті «әйел адам ба, адам емес пе» деген мәселе көтеріп, орта ғасырларда Батыста әйелдердің «мыстан», «азғырушы», «арбаушы», «көзбояушы», «сиқыршы» деген жаламен шіркеу тарапынан тірідей отқа жағылғанын, өртелгенін білеміз. Тіпті, шіркеу тарапынан «мыстандар мен сиқыршы әйелдерді аулау» үшін арнайы топтар құрылған. Олар көрікті, білімді қыздар мен ажарлы әйелдерді «еркектерді азғырушы» ретінде айыптап, сотсыз, шіркеудің үкімімен тірідей өртеп отырған. Католик шіркеуі мен протестандық сенім арасындағы қақтығыс кезінде бұдан ең көп зардап шеккендер тағы да әйелдер болды. Англияда бертінге дейін «лас» деп есептелгендіктен, әйелге «Інжіл» ұстауға тыйым салынды. Францияда Жанна д’Арк сияқты сан мыңдаған әйелдердің түрлі жаламен тірідей отқа жағылғанын тарихтан білеміз.

Әулие Августин мен Иоанн Злотоустың көзқарастарындағы әйелдің орны: «Әйелдер тыныштықпен әр жағдайда (қауым жетекшілерінің басшылығына) мойынсұнып тәлім алсын (Киелі кітап, 2010:1431). Симон Петр: «Мәриям бізден кетсін, өйткені әйелдер өмір сүруге лайықты емес» – деген (Киелі кітап, 2010:1415) деген, сондай-ақ әулие Павел «Олардың (әйелдер) Құдайдың ілімі жайлы тәлім беріп, ер адамдарға билік жүргізулеріне жол бермеймін, олар тыныш болсын» (Киелі кітап, 2010:1432). «Сондай-ақ еркек әйелге бола емес, әйел еркекке бола жаратылды», «бірнәрсе туралы сұрағылары келсе, үйде күйеулеріне сауал қойсын. Өйткені әйелдердің шіркеуде сөйлеулері ұят» (Киелі кітап, 2010:1380) делінген әйелдерге қатысты пікірлерді көре аламыз.

Христиан дінінде әйел барлық күнәһарлықтың бастауы деп айыптайды және ол бүкіл адамзатқа кесірін тигізді делінеді. Таурат-та көрсетілгендей: «... және Адам ата емес, әйел әзәзілге алданды. Осылай ол Құдайдың бұйрығын бұзды» (Киелі кітап, 2010:1432). Христиан діндарларының әйел тегін айыптаулары Еуропа мен христиан әлемінде әйелдерге деген теріс пікірлер қалыптастырды. Августин Блаженный үйіне ешқашан әйелдерді, тіпті бірге туған монах әпкесін де жолатпаған. Әулие Тертуллианда: «Сендердің әрқайсың Хауа екендеріңді білесіңдер ме?» Құдайдың әйел тегіне қатысты жазасы әлі күнге дейін жарамды, күнәнің жазасы да жалғасуы керек. Сендер шайтанға жол ашатын қақпасыңдар және әйел Құдайдың рухани Ұлы Иса Мәсихтың құрбан болып өлгеніне күнәлі. Шынайы христиан әйелі өзінің сұлулығын жек көруі тиіс, себебі ол еркектерді азғырады», – деген. Көптеген ортағасырлық христиан дін қызметшілері «... әйел жыланнан да қауіпті» деп білген. Тіпті әйелдің көлеңкесінен де жанымыз ластанады деп қашатын болған. Ортағасырлық христиан діни философиясында әйел жаратылысына деген олқылықтық пен ластық тән болды. Әулие Томас «шынайы христиан болу үшін ешқандай әйел атаулысына жоламай, үйленуден бас тартып ант бергендер ғана киелі рухты алып жүре алады», – деп айтқан. Сондай-ақ әулие Иероним «Барлық жамандық әйелден» деген сөздері тағы бар. Христиан дінінде әйел адамның құқығын қозғамастан бұрын христиан дін қызметкерлері ұзақ уақыттар бойы әйелдің жаны бар ма, жоқ па? деген сұраққа жауап таба алмаған. Тек 585 жылы Маккондық шіркеулік соборда (Маконе, Франция) әйел төменгі сатылы жаратылыс болғанымен жаны бар деген шешімге келген. Христиандықтағы әйел статусын қарастыра келе апостол Павел «Барлық күнә бастауы әйелде және соның кесірінен бәріміз өлім дәмін татамыз», – деген (Силов, 2009: 4-6).

Рим империясындағы әйелдердің заңды мәртебесі римдік құқықта бекітілген. Заңнамаға сәйкес, әйел толығымен бағынышты болды. Ол тұрмыс құрғаннан кейін, оның меншігі толығымен күйеуінің иелігіне өту керек. Әйелді күйеуі сатып алғаннан кейін тек соның пайдасын өтейтін құл сияқты оның меншігіне айналады. Әйел ешқандай да азаматтық және қоғамдық лауазымға ие бола алмайды.., ол куәлік беруші, тапсырушы, қамқоршы бола алмайды, бала асырауға немесе асыранды болуға құқы болмайды, өсиет қалдыра, келісім жасай алмайды. Ортағасырлық христиан философы Филон Александрийскийдің түсінігінше, еркектік – саналы, рационалды, құдайлық, ал әйелдік – лас денелік әлемінің бейнесі» деген.

Христиандық отбасылық қатынастарды әйел күйеуіне толығымен бағынуы қажет. «Қауымның Мәсихке мойынсұнғанындай, әйелдер де барлық істе күйеулеріне мойынсұнулары керек» (Киелі кітап, 2010:1410). Әйел орны – отбасында, үй шаруасымен айналысу, ал ер адам үй шаруасына алаңдамауы тиіс. Сонымен қатар ер адам әйеліне құдайға құлшылық ету, разылығына жету жолдарын үйрету міндеттеледі. Яғни күйеуі тек қожайыны ғана емес сонымен бірге ұстазы, рухани жетекшісі болып табылады. Әйел еркектің жеке мүлкі ретінде қарастырылғандықтан ажырасуға тек еркек құқылы болған.

Христиандық неке сипаты – бір некелілік. Ал егер әйелдің күйеуі қайтыс болса, басқаға тұрмысқа шықпай, неке адалдығын сақтап жесір қалу абзал. Себебі христиандық ілім бойынша адам өлімін ұйқымен теңейді, яғни күйеуі қайтыс болған әйел ол ұйқыда деген түсінікпен рухани бірге болуы жақсырақ деп саналады. Бұл жайлы киелі кітапта: «Ал ең қолайлысы қайтадан тұрмыс құрмау» (Киелі кітап, 2010:1385). «Жесірлік жақсырақ және жоғары, ал екінші неке жаман және төмен» деп жесірлік пен монахтық өмірді дәріптейтіндігі көрінеді (Беседа о вдовицах).

Яһудиліктегі кейбір Ысырайыл деректерінен мынаны оқимыз: «...еркек отбасының басшысы, ал қыздары үйлеріндегі қызметші болып, жұмыс істейтін сорлылар. Тіпті кейде әкелері кез келген уақытта саудаға шығарып сататын тұтқындар... Негізінде олар мұндай азапқа лайықты, себебі, әйел Адамды алдаған және

оны жамандыққа итермелеген. Сондықтан ол лағынетке ұшыраған...».

Міне, осы діни аңыздардағы Хауаның әуел бастапқы күнәһарлығы туралы ақпар әйелдердің төменгі жағдайда болуына сеп болып, бұл христиан дінінде одан ары жалғасын тапты. Бүкіл ортағасырлар бойы әйел жұмақтағы алғашқы күнәнің себепкері болғандықтан, Інжілге қол тигізе алмайтын.

Христиан теологиясында әйел бейнесі адамды азғырушы, ібіліспен ымыраға келуші, сайтанның тапсырмасын орындаушы, Адам-Атаны алғашқы күнәға итермелеуші ретінде суреттеледі. Көптеген әдебиеттерде жыншайтан мен ібіліс әйел бейнесінде көрсетіледі. Кезінде католик дінінің ресми теологы болып бекітілген Фома Аквинский: «Әйел тез өсетін арамшөп сияқты. Ол толыққанды адам емес, оның денесінің толық жетілмегенінің өзі оның құндылығының төмендігінен, табиғат онымен азырақ айналысатындықтан... Әйелдер оларды мәңгі билеушінің немесе ұстаздың басқаруымен ұстап отыру үшін туады» деген.

Күнә мен әйелдің аты қатар аталғандықтан, христиан діндарлары әйел атаулыға жоламай, дүниеден үйленбей өтті. Шіркеу үйленбей өтуді «Хазірет Исаның жолы – күнәдан пәк болу» деп түсіндірді. Католик шіркеуі Папаларды тек үйленбеген кардиналдар арасынан ғана сайлады. Бұл үрдіс әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Христиандық діни көзқарас бойынша, руханилықтың бәрі, біріншіден, адамға жоғары құдайдан дарыған, ол өзінің тәндік, заттық болмысында индивидуалды, яғни күнәлі, ұсқынсыз. Адамның тәні рухына қарама-қарсылықта қойылған. Екіншіден, христиан діні әйелдің биполярлық бейнесін көрсеткен. Бір жағынан Хауа ана – адамның анасы, екіншіден ол күнәһар, қараңғы күштің символы болып табылады. Сонымен қоса, Дева Мария – Христостың анасы тазалықтың, пәктіліктің рәмізі.

Үшіншіден, христиан философиясында жеке адамның қайталанбас құндылығы мен еркіндігі мәселесі бірінші орынға қойылған. Батыс дүниетанымында индивидуализм ең негізгі түсінік болды. Қоғам индивидтердің жиынтығынан тұрады. Оның нәтижесінде батысеуропалық мәдениетте адамның еркіндік құқығы заңында демократиялық құндылықтар құрылды.

Әйел мен еркектің қоғамда алатын орнын айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени құрылым ретіндегі ұғымы он тоғызыншы ғасырдан бастап, батыстық елдердің жаңа капиталистік нарықтық қатынастарға тартылуымен қалыптасты. Капитализмге өту сатысында Батыста әйел мен баланың еңбегі қаналды, олардың құқықтары аяққа тапталды, еткен еңбегіне мардымсыз ақы төленді. Осыған орай, әйелдердің өз құқықтары үшін күресі басталып, эмансипация түсінігі мен феминизм идеологиясы өмірге енді. Дегенмен, шіркеуді былай қойғанның өзінде, зиялылар мен оқымыстылардың өзінде де әйелді кемсітуші ескі патриархаттық дәстүр сақталып қалды. Мәселен, И. Милтон әйелге «жаратылыстың қателігі» деп қараса, әйгілі Ф. Ницше «әйелмен сөйлескен кезде қолыңда қамшы болсын» дейді.

Да Еуропа мәдениетіне грек мәдениеті зор ықпал еткен. Прометей батыс өркениетінің рәмізі ретінде саналады. Антикалық дәуірдегі ежелгі грек және рим мәдениеттерінде әйелдердің алатын орны төмен болған. Демократияның отаны саналатын Афинының өзінде әйелдер қашанда еркектерге – әкесіне, ағасына, күйеуіне және өз әулетінің басқа да еркектеріне бағынышты жағдайда болды. Грек мифологиясына сай, Прометей аспандағы құдайлардан адамдар үшін от ұрлағаны үшін гректердің басты құдайы Зевс адамдарға жаза ретінде балшықтан әйелді жасаған. Зевстің жоспары бойынша, әйел – ұятсыз әдемі құбыжық, сондықтан енді ер адамның бақытсыздыққа, сәтсіздікке ұшырағаны, жеңіліп қалған жағдайлары әйелден болу керек. Осы «классикалық» грек мәдениетінің ұлы тұлғаларынан қалған мына пікірлер әйел жағдайын айшықтап береді: «әйел – тозақтың есігі және мал-мүлік» (Платон), «әйел жаратылыстан жартылай қалған еркек» (Аристотель) және т.б. Атақты римдік шешен әрі философ, мемлекет және мәдениет қайраткері Цицеронның пікірінше, әйел еркекке кедергі келтіру ретінде жаратылған. Ол жаратылмағанда еркек тәңірге айналар еді деген.

Мұндай біржақты пайымдаулар христиандықта ғана емес, басқа да діндер өкілдерінде қазіргі күні де ішінара кездесіп қалатыны жасырын емес. Дегенмен өркениетті сана деңгейінде ойлайтын христиан дінінің кез келген тармағының дін ғалымдары – православ, католик немесе протестант болсын, қасиетті кітаптарда әйел-ана теңсіздігін тудыратын ешбір қағиданың жоқтығына біраауыздан келіседі. Сонымен қатар құдайлық миссияның әйел-ана арқылы жүзеге асырылуы, әйел бейнесінің Құдай-ана дәрежесіне дейін көтерілуі, Тәуратта дінге қызмет еткен әйелдер бейнесінің кездесетіні

христиан дінінде де әйел-ана тұлғасына елеулі мән берілгенін аңдатады.

Буддизм

Үнді діни наным-сенімдерінің тарихи түрлері және оның үнді халқының мәдени-рухани өміріндегі рөлі зор болды. Үнді тарихында көптеген ағымдар мен діни наным-сенімдер болды. Жер шарындағы әлемдік деңгейге жеткен мәдениеттердің бірі – Үнді мемлекетінде қалыптасып, Үнді – будда мәдениеті болып саналды. Үнді елінің ғасырлар бойғы мәдени дәстүрлері оның талантты халқының діни сана-сезімінің қалыптасып, дамуымен тығыз байланысты болды. Мыңжылдықтар бойы әлеуметтік өмірінде касталық құрылыс үстемдік еткен үнді өркениетінде әйелдердің жағдайын касталық сатының төртінші баспалдағындағы шудралардың (құлдардың) жағдайымен шамалас болды. «Әйелдер күні-түні бағынышты жағдайда болуы тиіс», – дейді Ману. Ману заңдарына сәйкес, мұралану құқығы тек ерлерге ғана тиесілі болды. Тіпті ежелгі үнділіктердің «Ведалар» кітабындағы суреттеуден «әйел кесірткеден, жыланнан, улы хайуаннан да зиянды бір мақұлық» дегенді оқуға болады. Будда мен Аменданың арасындағы әңгімеден үзінді келтірсек: «Әйел сезім жетегіндегі мақұлық, оған қарамау керек, ал қарауға мәжбүр болған жағдайда, онымен сөйлеспеу керек, сөйлескенде де ұзақтан қарап сөйлесу керек». Сол сияқты ерте қытай деректерінен «...әйел адам емес. Оның жеке аты да жоқ. «Бір, екі, үш...» деген есімдері бар. Тіпті кейде шошқамен теңеседі» деген адамды жиіркендіретін көріністер кездеседі.

Еркектерге және әйелдерге тең мүмкіндіктер бар деген көзқарас Буддалық иконографияда Буддаға жету мүмкіндіктерін Тибеттің құдайы Тара бейнелейді. Махаяна культінде әйелдердің еркектерден кем емес екендігін көрсету үшін мейірімділікке толы болған Тара әйел бейнесіндегі Будда болуға уәде берді. Иогада жоғары дәрежеге жеткен, білімдерімен буддизмде көптеген өсиет қалдырған әйелдердің есімдері буддалық дәстүрде сақталған. Лакшиминкара, Нигума, Сукхасиддхи, Мандарава, Йеше Цогьял, Гелонгма Палмо, Мачиг Лабдрен буддалық дәстүрде патриархтармен қатар олардың да есімдері құрметтелді. Буддизм дәстүріндегі әйел мәртебесін толық түсіну үшін Махаянаның пайда болу жолындағы мәтіндерді қарастырайық. Буддалық дәстүрдің барлық бағыттары үшін «Винай» (*Санскр. моральдық тәрбие, мінез-құлық және мінез-құлықты басқару*). «Винай» мәтіні моральдық және этикалық сипатқа ие доктриналар, ережелер, өсиеттер, уәделер, олардың міндеті сыртқы және мүшелерінің рухани дамуының ішкі шарттары Будда туралы ілімдерді қамтиды. «Виная» Пали канонының бір бөлігі. Пали немесе буддалық канон «Типитака» (Пали, үш себет даналығы) буддизмді мемлекеттік дін деп жариялаған әйгілі Асоки патшалығы (б.э.д. 3 ғасыр) дәуірінде құрылды. Көріп отырғаныңыздай, «Винай» мәтіні шамамен Махаянаның алғашқы сутралары пайда болғанға дейін екі ғасыр бұрын канондалған. Винай мәтіндеріндегі мәліметтер бойынша ағартушылығынан бес жылдан кейін Будда Шакьямуни өзінің асырап алған анасы Махападжапатимен кездескенде шешесі одан дүниелік өмірді тәрк етіп, монахтық өмір кешкісі келетін әйелдерге арналған буддалық Дхармамен (заң) өмір сүретін Сангха (санкр. қауымдастық) құруды сұрайды. Будда оны үш рет келісім бермей қайтарады, сол кезде Махападжапати шашын қиып, сары киімдерін киіп басқа әйелдермен бірге оның артынан ереді. Олардың аяқтары ісіп, шаң басқан күйде есіктің артында жылап тұрғанын Ананда (Будда Шакьямунидің ең жақын шәкірті) көреді. Ананда оларды қарсы алып, олардың өтінішін Буддаға жеткізеді. Будда тағы да үш рет келісім беруден бас тартады. Сонда Ананда:

– Мырза, үйден кетіп, дала кезген әйел Татхагатадағы ілім мен жарғыны қабылдауға қабілетті ме?

– Әйел қабілетті, Ананда.

– Егер солай болса, мырза, Махападжапати Готами көп қызмет етті. Мырзаға қамқор болып, анасы қайтыс болғанда сүт ана болды. Мырза, егер әйелдерге рұқсат етсеңіз жақсы болар еді.

– Олай болса Ананда, егер ол сегіз қатаң ережелерді орындаса, сол оның бастамасы болсын, – деді. (Томас, 2003:169–170).

Кейін монах әйелдерге арналған сегіз төмендегідей қатаң ережелерді енгізеді (санскр., гарудхарма):

1. Монах әйелдің жасы жүзге келсе де, монах еркекке бірінші болып тізерлеп тұрып сәлемдесуі керек. Тіпті ол жаңа сайланған жас болса да;

2. Монах еркектер жоқ жерде жалғыз қалмауы керек;

3. Айына екі рет сангхи монахтарынан жалпы жиналыс пен оның уақытын, монахтың өсиет айтуға келетін уақытын біліп отыруы;

4. Жалпы жиналыстан кейін монах әйелдер екі жақта да аяқтау рәсімін жүргізуі керек;

5. Белгілі іс-әрекеттер екі жақтың жиналысында да талқылануы тиіс;

6. Екі жыл бойы алты ережені үйренген тыңдаушы әйел арнауын (посвящение) екі жиналыста қатар сұралуы тиіс;

7. Монах әйел ешқашан монах ерлерді айыптамауы керек;

8. Монах еркектерге ресми мәлімдеме жасауға тыйым салынады. Монах әйелдерге монах еркектер мәлімдеме жасауға рұқсат.

Кейіннен монах әйелдерге арналған жатақхана жарғысы әзірленді. Монахтарға арналған 253 ереже, 364 ереже монах әйелдерге (басқа да мәліметтер бойынша 227 – монах ерлерге, 300 – монах әйелдерге) арналған.

Винай мәтіндерінде және Махаяна сутрасында діни құтқарылуда әйел мен еркек тең деп көрсетіледі. Олай болса неге монах әйелдерінің жарғысында еркектер мен әйелдер ережесі әртүрлі? Бұл сұраққа жауап беру үшін ежелгі үнді қоғамындағы әйел дәрежесін қарастырайық.

Ежелгі үнді қоғамы Ведалардағы салт-дәстүрлерді қатаң ұстанған. Ведаларда тек жеке адамның мәселесі ғана емес, сонымен қатар бүкілкасталар мен ежелгі Үнді елінің мәселелерін реттеген. «Веда» Ману заңдары секілді қоғамдағы әйелдің орнын және рөлін анықтады, оған қыздың қатаң тәрбиесі, құрметті әйел, еңбекқор үй шаруасындағы әйел тағдыры көрсетілді бұндай әлеуметтік тәртіп барлық төрт кастадағы әйелдер үшін міндетті. Жоғары кастадағы әйелдер басқа касталарға қарағанда жоғары әлеуметтік статусқа ие болды. Алайда барлық касталарда рухани жағдайға қатысты талаптары өте төмен болды. «Барлық каста әйелдеріне ведаларды оқып, зерттеуге, өзбетінше қандайда бір салт-дәстүрлерін жасауға, ораза мен әдет ғұрыптарға тіпті ведалық мәтіндерді оқылғанда әйелдерге қатысуға қатаң тыйым салынған. Брахман – ведалық мәтіндердің сақталуы мен таралуына жауапты діни қызметкер әйелдерді ведамен таныстырып, мағлұмат берген жағдайда қоғамнан біржолата қуылған. Өз кастасынан қуылған брахман жалғыз қалмас үшін ең төменгі кастамен бірге жүруге мәжбүр болған. Жоғарғы кастада тәрбиеленіп, құрмет пен байлықта өмір сүрген брахман үшін ең ауыр соққы. Діни ілім ізденген әйелдер отбасынан және қоғамдағы әлеуметтік статусынан айырылуы мүмкін еді (Бальжигитова, 2007: 9).

Қоғамдағы осындай жағдайға байланысты Будда әйелдерге қатысты шектеулері маңызды болды. Монахтарға қарағанда монах әйелдердің өмір салтының қатаң реттелуі әйелдердің табиғат ерекшеліктеріне емес, әлеуметтік жағдайдың шындықтарына байланысты болды. Будда Шакьямуни өлер алдында шәкірттеріне әлем өзгеріссіз қалмайтындығын айтады. Оны буддистік дәстүр патриархтары буддизм ілімін заманға сай өзгерістер енгізілуі тиіс деп түсіндіреді. Будда Шакьямуни әйел монахтарға арналған қатаң жарғы өмірлік мәнісін жоғалтатынын түсінді. Осылайша мыңдаған жылдар бойы будда дәстүрі ағартушылық жолында әйелдер мен ерлердің теңдігі идеясын кіргізуді қарастырды. Қазіргі заманауи буддизмнің көшбасшылары дәрістері мен уағызында ерлер мен әйелдердің өмір сүру нысандарын, қазіргі заманғы әлемдегі ерлер мен әйелдердің орны мен рөлін көрсетуде. Гелуг мектебіндегі Тибет буддизмінің басшысы (Тибет доктринасы, ізгілік заңы) XIV Дала-лама бір дәрісінде екі тектің де өзіндік құндылықтарын түсіну қажеттілігі туралы айтады. Оның пікірінше әйелдің белгілі бір артықшылығы және мықты тұсы оның ерекше мейірімділігі «Олар бүкіл әлемді жүрегімен естіп, сезеді» деген (Далай-лама, 2009:77). Сондай-ақ ол: «Менен келесі өміріңізде әйел кейіпінде қайта тірілуді қалар ма едіңіз деп сұрағандарға, мен: «ия, әрине», – деп жауап берем. Махаяны Ұлы Гуру Ринпоче Падмасамбхва (VIII-IX ғғ.) жақтаушыларының бірі: «Дене – даналықтың жүзеге асуының негізі. Ерлер мен әйелдердің денелері ағартушылыққа қол жеткізу үшін бірдей қолайлы. Кейде, егер әйелдің мотивациясы мықты болса, оның әлеуеті ер адамға қарағанда әлдеқайда жоғары» делінген (Бекирова, 2013: 5).

Ислам дініндегі әйел орны

Әлемдік діндердің ішіндегі христиандық пен буддизмдегі әйел статусын салыстыра келе, әлемдік діндердің үшіншісі әрі ең жасы – Ислам дініндегі әйел статусын қарастырайық. Қасиетті кітап Құранда да, ислам дінін әкелген Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде де әйел мен еркектің тең екені айтылған. Алайда, теңдік пен бірдейліктің екі түрлі екендігін ескеру қажет. Олар тең жаратылғанымен, әйел мен еркектің бірдей емес екендігі белгілі. Олардың арасында физиологиялық әрі психологиялық айырмашылықтар бар.

Ежелгі араб елінде де қараңғылық (джахилиет) дәуірінде әйелге деген көзқарас барынша төмен еді. Әйелдің дүниеге келуі, өсіп бой жетілуі мен тәрбиеленуі, содан соң тұрмыс құруы барлығы қасірет болған-ды. Қыз баланың дүниеге келуі отағасы үшін намыс болды. Сондықтан кей жағдайларда өмірге келген қыз баланы тірідей көме салатын. Мұндай сұмдықты жойған ислам діні болатын. Ол кезде әйел зат-

ша саудаланатын, қанша әйелмен үйленем десе де еркектерге шек қойылмайтын. Әйелді қалаған уақытында қалаған адамына сатып немесе айырбастай салатын. Тіпті, көне грек және рим мәдениеттерінде әйелді адам деп те есептемелгені, әйел бір қолдан екінші бір қолға өтіп жүре беретін ортақ мүлікке жатқаны туралы айтылды. Ескі қытай мәдениетінде әйел заты адам саналмағандықтан, оған айдар тағып, ат та қойылмайтын болған. Міне, әйел баласының жағдайы осындай жан түршігерлік қорлыққа толы бір заматта ислам діні әйелдердің абзал жаратылыс екенін түсіндіріп, оған ерекше баға берді. Оны заттықтан адамдыққа, қорланудан ардақтау деңгейіне көтерді. Тіпті, «Жұмақ – аналардың табанының астында» деген сыры терең, сыны биік ұстанымға бас идірді. Құран әйелдің адами табиғатын барлық қырынан қысқа әрі нұсқа сипаттай отырып, оны мейлінше жоғары мәртебеге көтерді.

Жалпы, Құранда әйелдер және ерлер деген атаулар үнемі бірге айтылады, тең аталады, екеуінің де дереу тәубеге келіп, шын ниетімен сәжде жасағаны үшін кешірілгені айтылады. Бұған «Бақара» сүресінің 35-36 аяттары, «Ағраф» сүресінің 18-24 аяттары, «Таһа» сүресінің 116-121 аяттары куә. Осылайша, әуел бастапқы күнәні Хауа ананың мойнынан алып осыған орай әйелге қарсы көзқарастарға тойтарыс беріледі. Әйелдің жоғары рухани қасиеттерімен адамзат тегіне жататыны айтылып, әйелді руханилығына күмән келтірген пікірлерге тосқауыл қойды.

Хазірет Мәриям ананың атымен аталатын да арнайы сүре бар. Сондықтан, ислам діні Хазірет Хауа-Анағана емес, Хазірет Мәриям ананы да шынайы ұлықтайды. Түптеп келгенде, мұсылмандар Хазірет Мәриям анаға христиандарға қарағанда анағұрлым биік деңгейде құрмет көрсетеді. Анаға деген құрметтің ерекше үлгісін Хазірет Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с.) көруге болады. «Жұмақ – аналардың аяғының астында» деген әз пайғамбарымыз аналарды ерекше құрметтеген. Сол арқылы әйелдің қоғамдағы алар орнын айқын көрсетіп берген. Хадисте «әйелдердің ең абзалы – көп бала тапқан ана» деп айтылады. Бірде Хазірет пайғамбарымыздан сахабалардың бірі: «Әуелі кімге құрмет көрсетейін?» деп үш рет сұрағанда, әз пайғамбар үшеуінде де «Анаға» деп, тек төртіншіде ғана «Әкеңе құрмет көрсет!» деген екен.

Ислам дінінде әйелге ерекше орын берілгені осы «Алдымен анаңды, анаңды, тағы да анаңды, одан соң әкеңді сыйла» хадисімен қатар, «Ең қайырлы болғаныңыз, әйелдерге ең жақсы мәміле жасағандарыңыз болмақ», «Балаларды махаббатпен бағу, әйелдерге жақсы мәміле жасау – Исламның бармақпен басып көрсеткен ахлақ ережесі», «Жұмақ кілті ананың қадамы астында» т.б. хадистік қағидалардан да айқын көрінеді. Бұл хадистердің мәнін діни сипаттағы прецедентті мәтіндер арқылы анықтауға болады: «Мұхаммед пайғамбар тұрғындары зұлымдықты жақтайтын қалаға қарсы қасиетті соғысқа шығуға шақырады. Сонда Елшінің сенімді серіктерінің бірі анасына келіп: «Менің заттарымды дайында. Пайғамбарымыз соғысқа дайын болуды бұйырды» дейді. Анасы баласына «мені жалғыз қалдырасың ба?» деп ренішін білдіреді. Сол кезде баласы «Мен Пайғамбардан алыс кете алмаймын» деп азар да безер болады. Сонда анасы: «егер сен кетсең, ақ сүтімді көкке сауам» деп жауап береді. Әйел Мұхаммед пайғамбарға барып, әлгі сөздерін қайталайды.

Біраз уақыттан соң қасына барған жігіттен теріс айналған Пайғамбар оған былай дейді: «Мен саған қатты ашулымын. Себебі, сен анаңның өтінішін жерге тастадың. Адам баласы анасы мен әкесіне қызмет жасап, қарызын қайтару үстінде жұмақ онымен бірге болады» (Хайдар Баш, 2001:20).

Христиандық дүниетанымда «Адам-Ата Хауа-Ананың азғыруымен күнә жасап, Иса пайғамбар сол күнәні жою үшін келді. Нәресте дүниеге күнәһар болып келеді. Кейіннен оны шіркеу шоқындыру арқылы күнәсінен арылтады» дегенге саятын түсінік бар. Ал исламдық түсінік бұған мүлдем кереғәр, адам дүниеге күнәһәр болып келген жоқ. Керісінше, нәресте бұл дүниеге періштедей таза болып және дінге бейім болып келеді. Оның жарық дүниеге келуіне себепкер ретінде тағы да ананы көреміз. Алла Тағала баланы бұл дүниеге әкелу үшін оны әуелі ананың рахымында тәрбиелейді. Өзінің пендесіне деген мейірімін ана арқылы көрсетеді. Сондықтан Шығыста «әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Исламда «алғашқы күнә» туралы түсінік мүлдем басқа сипатта. Ислам діні анаға, әйелге ерекше мәртебе берді. Құран мен сүннетте әйел, неке, отбасы тақырыптары мейлінше көп сөз болып, олардың маңыздылығы аңғартылады. Қасиетті кітапта жазатайым қателікке ұрынған Хауа-Ана емес, керісінше Хазірет Адам-Атаның бейнесін көруге болады. Құранның «Таға» сүресінде Жаратушы Иеге берген сөзін ұмытып, уәдесінде тұрмай, табандылық таныта алмаған Адам-Атаны жазғыру бар. Онда Хауа-

Ананың Адам-Атаны күнәға итермелегені жайында ештеңе айтылмайды. Хауа-Ана – барша адамзаттың анасы. Сондықтан мұсылмандар Хауа-Ананың атына «хазірет» деген сөзді қосып айтады. Бұл сөз – әулиелер мен пайғамбарлардың атына қосып айтылатын сөз. Оның үстіне, мәселеге себеп-салдар тұрғысынан қарайтын болса, Хазірет Адам-Ата мен Хауа-Ананың жұптасуы болмағанда, Хазірет Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) да дүниеге келмес еді. Адамзат баласы да болмас еді. Сондықтан мұның бәріне Алланың мұраты, жаратылыстың хикметі және тағдырдың тылсымы ретінде қараған жөн. Кейбір мұсылман философтары осыған байланысты «Адам-Ата мен Хауа-Ананың қол созған жемісі – бұл ұрпақ жемісі еді» деп айтады. Құранда «еркектер» деп аталатын сүре жоқ, бірақ «Ниса», яғни «Әйелдер» деп аталатын үлкен сүре бар.

Еркек пен әйелдің бірдей еместігінен, олардың құқықтарының ерекше болуынан әйелдің еркектен төмен деген ұғымы туындамауы керек. Егер әйелдің жағдайы еркектің мәртебесімен толық бірдей болса, онда ол оның тек көшірмесі ғана болар еді. Ислам әйелге кейбір ерекше құқықтар мен артықшылықтар берді, бұрын-соңды мұндай жағдай ешбір дінде, ешқандай құр ылыста болған емес. Исламдағы әйел жағдайына жекелей тоқталу барысында осыған көз жеткізуге болады.

Діни ғибадаттарға келер болсақ, мысалы, бес уақыт намаз, ораза тұту, қайыр-садақа беру мен қажылыққа бару сынды парыздарға келсек, бұл еркек пен әйелге ортақ. Алайда, бұлардың атқарылуындағы кейбір жекелеген жағдайларда әйел затының белгілі бір артықшылықтары бар. Ислам әйел ағзасының физиологиялық және психологиялық өзгерістерін ескеріп, оларға мейірлі қамқорлық танытады. Қыздардың балиғат шағынан шамамен елу бес жасқа жеткенге дейін созылатын етеккір (хайз) келген шақтарында намаз оқымайды, ораза ұстамайды, құран оқымайды, Қағбаны тәуәф етпейді, мешітке кірмейді. Етеккір келген күндері оқымаған намаздарын қаза деп есептемейді, сол күндері оқымаған намаздарын Алла тағала кешіреді. Ұстай алмаған оразаларын қаза қылып, қалаған уақытында күніне-күн тұтады.

Әйелдердің босанғаннан кейінгі жағдайын «нифас халы» дейді. Бұл босанғаннан бастап қырық күнге дейін созылады. Етеккір кезінде істелуі харам болған нәрселерге нифас кезінде де тыйым салынады. Әйелдер мешітке жоғарыда аталған кезден басқа, қалаған уақытында бара алады, ерлер үшін парыз болған жұма намазға қатысу оларға міндетті емес.

Неке мен отбасы ислам жүйесінде негізгі орындардың бірін алады. Жоғарыда айтылғандай, христиандық шіркеу үйленбей өтуді «күнәдан пәк болу» деп есептесе, исламда некелесу діни парыз, адамгершіліктің кепілі және әлеуметтік міндет. Некеге түскен әрбір мұсылман өзінің діни міндеттерінің жартысын орындады деп есептеледі, қалғаны оның тақуалығына байланысты. Еркектердің әйелдерге пана, қамқоршы, жауапкер, қорған болуын өсиеттей отырып, Құрандағы «Рұм» сүресінде «Сендерге, оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да Оның белгілерінен. Сөз жоқ, осыларда ойланушыларға белгілер бар» (Құран, 2014:406) делінеді. Некенің нәтижесінде адамгершіліктің салтанат құруын қамтамасыз ететін өмірдің реттелуіне қол жетеді; ұрпақ жалғастығы тәрізді қоғамдық қажеттілік қамтамасыз етіледі. Бірақ неке мақсатына діни міндеттерді ұстанғанда ғана жетеді. Құран мейлі олар кедей немесе құлдықта болса да, ең алдымен діндар әйелдерге үйленуді дұрыс көреді (Құран, 2014:354).

Әйел болмысы мейірімділік пен ұяттылыққа, инабаттылық пен ізеттілікке бейім, ал еркектердің болмысы жауапкершілікке, қамқорлыққа бейім болуы керек. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с) бір хадисінде «Сендердің ең ізгілерің – әйелдеріңе жақсы мінезде болғандарың» десе, басқа бір хадисте «Артында қалған күйеуі өзінен разы болған күйде жан тапсырған әйелдің барар жері – Жұмақ» деп, ер мен әйелді өзара рухани түсіністікке, теңдікке шақырған. Исламда әйелдер еркектермен бірдей өзіндік жеке және қоғамдық міндеттерін атқара алады және Оның адами бітім-болмысының ер адамнан айырмашылығы жоқ, ол барлық адами қасиеттер мен рухани мұраттарға ие тәуелсіз тұлға. Құранда айтылады: «Сонда олардың Раббылары тілектерін қабыл етті: «Шын мәнінде Мен сендерден еркек, әйел амал істеушілердің амалын зая қылмаймын. Бір-біріңненсіңдер. (Бәрің бірдейсіңдер)» (Құран, 2014:76).

Батыс әйелдері білім алу, еңбек ету, меншіктену құқықтары мен сөз бостандығы, іс-әрекет бостандығы үшін күрес жүргізді. Исламда әйелдердің білім алуға деген құқығы ерлермен бірдей. Ислам мұсылмандарды білім алуға ұмтылуға міндеттегенде, оларды ер мен әйел деп бөлмейді. Он төрт ғасыр бұрын Мұхаммед білім іздеу еркек болсын, әйел болсын, әрбір

мұсылманның міндеті деп жариялады. Мұны мұсылмандар ғасырлар бойы ұстанып та келді және білімді әйелдердің даңқы да шығып отырды.

Еркектер сияқты әйелдердің де сөз бостандығына деген құқы бар. Ол әйел болғандықтан ғана оның салауатты пікірлерін теріске шығаруға болмайды. Құранда әйелдердің тек өз пікірін еркін айтып қана қоймай, Пайғамбардың өзімен де, мұсылмандардың өзге жетекшілерімен де күрделі мәселелерді талқылауға қатысып, пікірталасқа түскенінің мысалдары кездеседі (Құран, 2014:542).

Алғашқы мұсылмандармен қатар әйелдердің қоғамдық өмірге, әсіресе, төтенше жағдайларға да қатысқанын тарихи құжаттар дәлелдеп отыр. Әйелдер әдетте жаралыларды таңу үшін, тамақ дайындап, әскерлерге көмектесу үшін және т.б. шайқастарға қатысып, мұсылман әскерінің жанында жүретін болған. Бәріне де үлгі боларлықтай, қоғамдық-саяси өмірге белсене атсалысты. Бұл тұрғыдан алғанда Айша анамыздың (р.а.) орны ерекше.

Ислам келісімдер жасау, кәсіпкерлік әрекетпен айналысу, ақша тауып, жеке меншікке ие болу жөнінде әйелдерге еркектермен тең құқық береді. Оның өмірі, абыройы мен меншігі еркектердікі секілді қорғалған. Бұларлы бұзған жағдайда олар ерлер сияқты жазаға тартылады. Егер оған әділетсіздік көрсетіліп, ол қандай да бір зиян шексе, ол ерлермен бірдей дәрежедегі лайықты құқын алады (Құран, 2014:27) .

Адамзат тегін жалғастыруды ерлермен қатар қамтамасыз етуші ретінде әйелді тәуелсіз тұлға деп мойындай отырып, ислам оған мұрагерліктегі өз үлесін береді. Исламға дейін оның мұндай құқығы болмағаны былай тұрсын, оның өзі күйеуінің меншігі саналып келген болатын. Барлық адамзаттық қасиеттердің әйелге әуел бастан тән екендігін ескере отырып, ислам оны қозғалатын мүліктен мұрагерге айналдырды. Ол әйелі немесе шешесі, қарындасы немесе қызы болсын, қайтыс болған туысының меншігінен белгілі бір үлес ала алады және бұл үлестің көлемі қайтыс болушының туыстық дәрежесі мен мұрагерлердің санына қарай анықталады. Әйелді мұрадан ешкім де айыра алмайды. Тіпті туысының өзі оны өсиет етіп, мұрадан айырғанның өзінде шариғат заңы оны бұлай істеуге мүмкіндік бермейді. Кез келген адам өз өсиетінде меншігінің үштен біріне ғана еркі бар, өз мұрагерлерінің құқықтарын ол бұза алмайды.

Кей жағдайларда мұраға әйел бір үлес алса, еркек екі үлес алады, бірақ бұл еркекті әйелден жоғары қоюды білдірмейді, оның бірнеше төмендегідей себептері бар.

Біріншіден, өзінің әйелін, бүкіл отбасын және басқа да мұқтаж туыстарын толығымен асырау жауапкершілігін өз мойнына алады. Заң бойынша ол өз күтіміндегілердің барлығын қажеттіліктерімен қамтамасыз етуі тиіс. Сондай-ақ барлық абыройлы қоғамдық істерге материалдық тұрғыдан үлес қосу да оның міндетіне жатады. Барлық осы қаржылық шығындарды оның бір өзі көтереді.

Екіншіден, әйел отбасы үшін ешқандай қаржылық жауапкершілік арқаламайды. Ол өзінің жеке қажеттіліктері мен сәнді бұйымдарға болмашы қаржы жұмсайды. Осылайша, қаржылық тұрғыда ол толығымен қорғалған және барлығымен қамтамасыз етілген: әйелін күйеуі, шешесін баласы, қызын әкесі, қарындасын ағасы және т.б. қамтамасыз етеді. Егер оның сүйенетін туысы болмаса, онда мұралану мәселесі де көтерілмейді, өйткені оған өсиет ететін ешкім жоқ. Деген ол тағдырдың тәлкегіне тасталмайды, ол аш қалмайды; мұндай әйелдің күтімі үшін жауапкершілікті тұтастай қоғам, мемлекет алады. Оған көмек көрсетіледі, тіршілігіне ақша табу үшін жұмыс беріледі, тапқан табысы өзіне ғана тиесілі болады.

Үшіншіден, мұраны әйел еркектен азырақ алғанымен, шындығында ешкім де оны өзінің тапқанынан ештеңе айырмайды. Мұраланған меншік оның еңбегінің жемісі емес. Ол қосымша, үстеме бұйырылған нәрсе. Бұл өзіндік көмек және бұл көмек Жаратушының заңына сай бөлініп, реттеліп отырады.

Осылайша, байқағанымыздай, исламда мұрагер-ер адам қаржылық міндеттердің жүгін арқаласа, әйел-мұрагерге ешқандай қаржылық міндет жүктелмейді. Егер әйелді мұрадан толығымен айырсақ әділетсіздік болар еді, өйткені ол қайтыс болғанмен қандастуыстық байланыста. Ал егер мұраның үлесі бірдей болғанда, бұл асыраушы еркекке қатысты әділетсіздік болар еді. Бұл мәселеден де исламның әйелдерге мейірімді қатынасы аңғарылады, ондағы әйел құқығы мен ер адам құқығы тұтастай алғанда, бірдей болмаса да, тең екендігі көрінеді (Құран, 2014:78).

Кей жағдайларда қайсыбір азаматтық келісімдерді куәландыру барысында екі ер кісі немесе бір еркек пен екі әйел кісі куәлік бере алады. Бұл да болса, исламның әйелді ерлерден төмен қоюын білдірмейді. «Бұл шара келісім бекіткен тараптардың құқықтарын қорғауға бағытталған, өйткені әйелдердің еркектерге

қарағанда көп жағдайда практикалық тәжірибесі азырақ болады. Тәжірибенің бұл кемшілігі келісімге қатысушыларға қандай да бір зиянын тигізуі мүмкін. Сондықтан заң бір еркекпен қатар ең болмағанда екі әйелдің құжатты куәландыруын талап етеді. Егер олардың бірі бір нәрсені ұмытса, екінші есіне түсіреді, егер бірі қателессе, екіншісі оны түзетеді. Бұл сақтық шаралары жеке келісімдердің кепілдігін қамтамасыз етеді. Бұл жерде, іс жүзінде әйелдерге қоғамдық өмірде өз рөлін атқарып, әділетке жетуге көмектесу мүмкіндігі беріліп отыр». Практикалық істердегі тәжірибесіздік әйел жағдайының еркектен төмендігін білдірмейді. Әр адамда кемшілік болуы ықтимал, бірақ бұл оның адам ретіндегі мәртебесін ешкімнің күмәнін туғызбайды (Құран, 2014:48). Ана ретінде әйел үлкен құрмет пен қадірге ие (Құран, 2014:412). Баласына деген махаббаттың төрттен бірі ғана әкеге тиесілі болса, қалған төрттен үші анаға тиесілі. Қалыңдық ретінде ол өзінің қажеттіліктерін өтейтін және тек өзіне ғана тиесілі болатын қалыңмалды ол өзінің болашақ күйеуінен талап ету құқығына ие. Оны күйеуі толығымен асырайды, оның жұмыс істеуі міндетті емес. Ол некеге тұрғаннан кейін өзінің бұрынғы меншігін толығымен сақтай алады және оған тиісуге күйеуінің ешқандай құқы жоқ. Егер ол жұмыс істеп, отбасының кіріс-шығысына қатысқысы келсе, оны істей алады, бірақ оның ары мен абыройы толығымен қорғалуы керек. Бұл әйелге берілген артықшылықтар.

Ислам келмес бұрын әйелдермен үйленуде шектеу жоқ еді. Ер кісі қанша әйел алам десе де өз еркінде еді. Ислам осы шексіздікті төртеумен шектеді. Өзінің сыршыл күрделі талаптарын қойды. Көп әйел алудың ислам дініндегі үкімі – парыз не уәжіп емес. Тек кейбір жағдайларға байланысты рұқсат етілген жол ретінде ғана қарастырылады. Жоғарыда айтылғандай, көп әйел алудың өзіндік күрделі шарттары мен арнайы талаптарының барын ескерер болсақ, көп әйел алудың әркімнің батылы жете бермейтін жауапкершілігі зор іс екенін байқаймыз.

Хиджаб – мұсылман әйелдің киімі, бөтен ер кісілердің алдында беті мен білекке дейін екі қолынан басқа денесін жабуға арналған. Аллаh Тағала әрбір жаратылысқа өзіндік ерекшеліктер тарту еткен. Әйел адамның қоғамдағы, жанұядағы орны, жалпы болмысы, тәні ер адамдарға қарағанда мүлдем ерекше. Әйел адам осы ерекшеліктерін қорғай білген кезде ғана, қоғамдағы биік мәртебесін сақтай алады. «Әйел адам өзінің аналық мейірімімен, күйеуіне деген ізеттілігімен қымбат. Ол осы қасиеттерімен әрдайым жоғары тұрады. Әйелдердің басын жауып, ұзын киім киюі – Құранның тікелей бұйрығы. Нұр сүресінде: «Мүмін әйелдерге айт, өздеріне харам етілген нәрселерге қарамасын, ұятты жерлерін зинадан, күнә атаулыдан қорғасын, мәжбүр көрінген жерлерінен (бет, екі қол, тобықтан төмен екі аяқ) тыс әдеміліктерін көрсетпесін. Орамалдарын жағаларын да жабатындай етіп тақсын...» (Құран, 2014:353). Ал христиан дінінде орамал тағу мәселесі қалай екендігін қарастырар болсақ, католик шіркеуіндегі монах әйелдердің мың жылдан бері орамал тағатындығы белгілі. Христиандық теолог Тертуллиан бойжеткендердің шашын бүркемелеуге, жабуға байланысты былай дейді: «Бойжеткендер, көшеде жүргенде бастарыңа орамал тағыңдар, шіркеуде, бөгда адамдардың жанында және өз ер бауырларыңыздың жанында бастарыңды ашық ұстамаңдар....» деген. Бүгінгі Католик шіркеуінің ата заңдарында шіркеуде әйелдерді бастарына орамал тағуға міндеттейтін арнайы бабтар бар. Амиш және Меннонилер сияқты кейбір христан ағымдары әлі күнге дейін әйелдердің орамал тағуын талап етуде. Көптеген халықтардың ұлттық киіміне назар аударсақ, олар да орамал тағып, ұзын киім киген. Демек, орамал тағу ислам діні әкелген жаңалық емес.

Ислам діні әйелдер қауымының құқықтарын ерекше жоғары деңгейге көтерген және оның отбасындағы міндеткерліктерін белгілей отырып, қоғамдағы орнын айқындап бергендіктен өзге діндерден оқ бойы озық тұратыны анық.

Қорытынды

Аталмыш тақырып бүгінгі күннің қоғамдық пікірінде ең көп әрі әр алуан ұстанымда талқыланатынмаңыздымәселелердіңбірі.Әлемдік дін контекстерін саралай келе әйел теңдігі немесе әйел статусы, гендерлік мәселе мен феминизация құбылысының Батыста шығуы заңды құбылыс. Расында да батыста әйел адамның құқы шектеліп, ары тапталды. Ал шығыста керісінше әйелдің жаратылысына қарай жеке тұлға ретінде, отбасында, қоғамда әділ орнын ойып көрсетіп берді. Уақыт өте феменистік түсініктердің әсерінен батыс әйелінің қоғамдағы белсенділігі артты. Дегенмен, керітартпалыққа қарсы шығу бұл жолы әсіре белсенділікке бой ұрғызды, белсенділігі артқан әйел отбасынан ажырады, жалаңаштанып, қасиетінен айырылды, тәні саудаға салынып, рухы қорланды, адал некеге немқұрайдылық пайда болып, бала табу қолбайлау көрінді. Рухани

азғындауында, демографиялық апаттың алдында тұруында осындай себептер жатқаны да жасырын емес. Ғасырлар бойы салт-санамызға сіңген ислам дініндегі қызға, әйелге, анаға деген құрмет дәстүрімізде де ерекше орынға ие. Әйел затының орнын ерекшелеп, «Ана – бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді», – деп бекер айтылмаса керек.

Әдебиеттер

Бальжитова О.М. (2007). Положение женщины в буддизме Индии, Монголии и Бурятии: автореф. дис. Чита: Читин. гос. ун-т., с. 9

Барбар Мухаммал Абдел-Рахим. (2005). Женщина в арабской культуре. СПб.

Барбара Фрайер Стоуасер. (1994). Уиман инзе Коран, традишн енд интерпретейшн. Нью Иорк, с.45

Бекирова Л.С., Ильченко И.А. (2013). Женщина в исламе: история и современность. Москва, с.5

Василис Сараглу. (2014). Релижн, Персоналити, енд сошал бихейва. Нью-Иорк, с.122.

Далай-лама XIV. (2009). Быть женщиной: Психология. № 36, с. 77

Женщины в буддизме. (2003). Российская Ассоциация Буддистов, Школы Карма Кагью.

Ингерфелд М. (2003). Женщины в буддизме. Москва, с.3

Киелі кітап. (2010) Таурат, Забур, Пайғамбарлар жазбалары және Інжіл. – Стамбул.

Құран Кәрім. (2014). Қазақша сөзбе-сөз мағынасы: ҚМДБ. Алматы.

Құрманбаев Қ. (2012). Исламдағы адам құқықтары. Алматы, б.127

Маулана Уахиддин Лхан. (2000). Уимен ин исламик шариах. Нью Дели. с.147-152

Миранда Шо. (2001). Страстное просветление. Женщины в тантрическом буддизме: Женщины в духовных традициях. Москва, с.269

Салеха Фатима. (2015). Зе аутенсити оф уименс уитнес ин ислам: е стади ин зе лайт оф коран. Аль-Калам. с.98

Силова С.В. (2009). Образ женщины католицизме, православии, протестантизме и исламе. Москва, с.4-6

Томас Э. (2003), Будда: История и легенды. Москва, с.169-170

Тоха Абдусуки Хабиши. (2010). Аль-марра уа хакку исламиа. Каир Фадила Грине. (2011). Ислам енд гендр. Малайзия, с.8-9

Фалих бин Мухаммад. (2016). Аль-Маратул муслима. Каир.

Фалих ибн Мухаммад. (1975). Маканатул марра фи устаруль исламиа. Каир Хайдар Баш. (2001). Права женщины в исламе. Казань: Мастер-Лайн, с.20

Худа Хаттаб. (2002). Справочник мусульманской женщины. Москва, с. 156-175

Шагавиев Д.А., Нургалеев Р. (2006). Ханафитское право о женщинах. Москва, с. 8-9

Юнейтед нейшнс публикейшн. (2014).уименс райт а хуменс райд. Нью-Иорк, Женева

References

Balzhigitova O.M. (2007) Polozheniye zhenshini v buddizme Indiyi, Mongiliyi I Buratyi: avto referat diss. … kand. Chitin. gos. un-t., p. 9.

Barbar Muhammal Abdel Rahim. (2005) Zhenshina v arabskoi culture. Sankt-Peterburg.

Barbara Freyer Stowaser. (1994) Woman in the Quran, traditions and interpretation. New York.

Bekirova L.S., Ilchenko I.A. (2013) Zhenshina v Islame: istiriya I sovremennost. Moscow, p.5.

Dalay Lama XIV. (2009) Bit zhenshinoi: Psihologia. № 36, p.77.

Fadila Grene. (2011) Islam and gender. Malaysia, p.8-9.

Falih bin Muhammad. (2016) Al-marratul muslima. Al-Qahira.

Haidar Bash. (2001) Prava zhenshini v islame. – Kazan: Master Line, p.20.

Huda Hattab. (2002) Spravochnik msulmanskoi zhenshini. Moscow, p.156-175.

Interfeld M. (2003) Zhenshini v buddizme. Moscow, p.39.

Kieli kitap. (2010) Taurat, Zabur, Paygambarlar zhazbalari zhane Inzhil. Stanbul.

Falih ibn Muhammad. (1975) Makanatul marra fil usratul islamiya. Al-Qahira.

Maulana Wahiduddin Khan. (2000) Women in Islamic Shariah. New Delhi, p.147-152.

Miranda Sho. (2001) Strastnoe prosvetlenie. Zhenshini v tantricheskom buddizme. Moscow, p.269.

Quran Qarim. (2014) Qazaqsha sozbe soz maginasi: KMDB. Almaty.

Qurmanbayev Q. (2012) Islamdagi adam ququktari. Almaty, p. 127.

Saleha Fatima. (2015) The authenticity of women's witness in islam: a study in the light of al-Quran. Al-Qalam. p.98.

Shagaviev D.A., Nurgaliev R. (2006) Hanafitskoe pravo o zhenshinah. Moscow, p. 8-9.

Sivilova S.V. (2009) Obraz zhenshini katolisizme, provoslavii, protentazme I v islame. Moscow, p. 4-6.

Toha Addusuki Habishi. (2010) Almarra ua hakul islamiya. Al-Qahira.

Tomas E. (2003) Budda. Istoriya I legendi. Moscow, p.169-170.

United nations publication. (2014) Women's Rights are Human Right. New York and Geneva.

Vassilis Saroglou. (2014) Religion, Personality, and Social Behavior. New York, p.122.

Zhenshini v buddizme. (2003) Rossiskaya assosiatsiya buddistov, Shkoli Karma Kagyu. Moscow, p.3.

ҒТАМР 21.41.63

Камалова Ф.Б.[1], Бермаханов О.Б.[2]

[1]докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: fenya_0490@mail.ru
[4]философия ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.,
e-mail: obermakhanov@mail.ru

МАҢҒЫСТАУ ЖЕРІНДЕГІ КИЕЛІ ОРЫНДАРҒА ДІНТАНУЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

(Оғыланды жеріндегі Бекет ата, XVIII ғғ., Шопан ата, X-XIX ғғ., Қараман ата, XIII-XIX ғғ., Масат ата, X-XIX ғғ., Шақпақ ата IX-X ғғ., Сұлтан-үпі б.д. X-XIX ғғ.)

Мақаланың мақсаты Қазақстанның киелі жерлерімен танысу және таныту ниетімен Қазақстан территориясында табылған киелі орындарды жүйелеу, ұлттық бірегейліктің негізін нығайту, өзіміздің киелі жерлеріміз бен мәдениетімізді зерттеу арқылы ұлттық кодымызды жаңғырту болып табылады. Қазақстанның киелі жерлерін түсінуге әрекеттену заманауи тұрғыда жүзеге асырылуы осы мақаланың өзектілігі болып табылады. Осы мақалада Маңғыстау жеріндегі қорымдар мен жерасты мешіттері жайлы баяндалып, дінтанулық және мәдениеттанулық талдау жасалынады.

Маңғыстау жерінде сақталған аңыздар бойынша, мұнда халық әулие санаған 360 сопы өмір сүрген және жерленген делінеді. Олардың есімдері негізінен Маңғыстаудың кең даласында жоғалып кеткенмен, халық жадында кең тараған Шопан-ата, Масат-ата, Сұлтан-үпі, Қараман-ата, Шақпақ-ата, Қошқар-ата, Бекет-ата, т.б сынды әулие-әмбиелер есімдері сақталған. Жергілікті тұрғындар осы күнге дейін олардың аттарын құрмет тұтып, мыңдаған зияратшылар олардың әруақтарына бас июге асығатын киелі орны болып табылады. Бұл мақалада жоғарыда аталып кеткен есімдер киелі, қасиетті саналып, халық арасында не себепті құрметке бөлінгендігі жөнінде айтылады.

Түйін сөздер: Бекет ата, Шопан ата, Караман ата, Масат ата, Шақпақ ата, Сұлтан-үпі ата.

Kamalova F.B.[1], Bermakhanov O.B.[2]

[1]doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: fenya_0490@mail.ru

[2]candidate of Philosophy Sciences, Korkyt ata Kyzylorda State University,
Kazakhstan, Kyzylorda, e-mail: obermakhanov@mail.ru

Religious and cultury studies analysis of sacred places in Mangistau

(Beket ata in Ogylandy in the 18th century, Shopan ata in the 10th-19th centuries, Karaman at the 13th-19th centuries, Masat ata in the 10th-10th centuries, Shakpak ata in the 9th-10th centuries, Sultan-upi in X-XIX centuries BC.)

The purpose of this article is to strengthen the foundations of national identity, to modernize our national code by studying our sacred places and culture, to systematize found places on the territory of Kazakhstan with a view to acquaintance and demonstration of the sacred places of Kazakhstan. The relevance of this article is that modern approaches to understanding the sacred places of Kazakhstan are used. The article describes and analyzes cemeteries and underground mosques in Mangistau.

According to the myths preserved in Mangistau, 360 Sufis live and are buried here. Their names are mostly lost in the vast steppes of Mangistau, but among them in the memory of the people there are

© 2018 Al-Farabi Kazakh National University

names such as Shopan-ata, Masat-ata, Sultan-upi ata, Karaman-ata, Shakpak-ata, Koshkar-ata, Beket-ata, etc. The local population still reveres their names and thousands of pilgrims visit sacred places to worship the saints. In this article, the above-mentioned names are regarded as holy and the reasons for their veneration among the people.

Key words: Becket ata, Shopan ata, Karaman ata, Masat ata, Shakpak ata, Sultan-upi ata.

Камалова Ф.Б.[1], Бермаханов О.Б.[2]

[1]докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: fenya_0490@mail.ru
[2]кандидат философских наук, Кызылординский государственны университет имени Коркыт Ата,
Казахстан, г. Кызылорда, e-mail: obermakhanov@mail.ru

Религиоведческо-культурологический анализ священных мест Мангистау
(Бекет ата в местности Огыланды в XVIII вв., Шопан ата в X-XIX вв., Караман ата в XIII-XIX вв., Масат ата в X-XIX вв., Шакпак ата в IX-X вв., Султан-упи в X-XIX вв. до н.э.)

Целью данной статьи является укрепление основ национальной идентичности, модернизация нашего национального кода путем изучения наших священных мест и культуры, систематизация найденных мест на территории Казахстана с целью ознакомления и демонстрации священных мест Казахстана. Актуальность данной статьи заключается в том, что используются современные подходы к пониманию священных мест Казахстана. В статье описывается и анализируются могильники и подземные мечети в Мангистау.

Согласно мифам, сохранившимся в Мангистау, здесь живут и погребены 360 суфиев. Их имена в основном теряются в обширных степях Мангистау, но среди них в памяти народа сохранились имена Шопан-ата, Масат-Ата, Султан-упи ата, Караман-ата, Шакпак-Ата, Кошкар-Ата, Бекет-Ата и т. д. Местное население до сих пор почитает их имена и тысячи паломников посещают священные места, чтобы поклониться святым. В данной статье вышеупомянутые имена рассматриваются как святые и причины их почитания среди народа.

Ключевые слова: Бекет ата, Шопан ата, Қараман ата, Масат ата, Шакпак ата, Султан-упи ата.

Кіріспе

Бір кездері Ұлы Жібек жолында ел мен елді елдестіріп, татулық пен бірлікке, экономикалық өрлеуге бастау болған 360 әулиенің мекені саналған ұлы дала Маңғыстау жері қаншама тарихи кезеңдер мен оқиғалардың куәсі бола білген қастерлі өңір. Сондықтанда Маңғыстау жері – Қазақстан жерінде рухани жаңғыру мен туризм саласын дамытуда үлкен мүмкіндігі бар аймақ. Қасиетті мекенге табан тіреудегі мақсат сол тарихи кезеңдерден қалған рухани орындарды аралап, ой елегінен өткізіп, рухани дүниемізді байытып, жер асты мешіттеріне дінтанулық және мәдениеттанулық талдау жасау болатын.

Маңғыстау жері – бұл ежелгі өркениет өңірі, 11 мың тарихи ескерткіш мемлекеттің қорғауына алынған археологиялық қорық, ашық аспан астындағы мұражай, мыңдаған тасқа салынған сурет-дастандардың мекені. Ерекше діни ғимараттар мен Бекет-Ата, Шақпақ-Ата, Шопан-Ата, Масат-Ата мешіттерінің өлкесі, оларға тек Қазақстаннан ғана емес, сондай-ақ Түрікменстаннан, Өзбекстаннан, Ресей мен Кавказдан, Иран мен Түркиядан сыйынушылар үздіксіз ағылуда. Мыңдаған жылдар бұрын Маңғыстау жерімен Хорезм мен Хиуадан Еуропаға және Таяу Шығысқа созылған Ұлы жібек жолы өтті («Маңғыстау» энциклопедиясы, 2008: 5).

Маңғыстау мәдениетінің көптеген ескерткіштері – өткеннің куәлері. Олардың ішінде жартастан шауып жасалған жер асты төрт бөлмелі Шақпақ-ата мешіті бар.

Өте танымал ескерткіштердің бірі – Бекет-Ата мешіті жар тастан шауып жасалған. Мұсылман әлемінде Бекет-Ата дүниенің сыры жайлы білген, көріпкел және пайғамбар ретінде танымал болған. Бекет-Ата зираты тек Маңғыстаудың ғана емес, бүкіл Қазақстанның рухани, тарихи және сәулет ескерткіші болып табылады. Бекет-Атаға баратын жол Шопан-Ата арқылы өтеді. Өмірінің соңына дейін Бекет-Ата өзінің Ұстазының алдында басын иіп өтеді және ол мұсылмандардың өзіне келу үшін, алдымен Шопан-Атаға соғып келгендеріне қуанатын. Әлі күнге дейін сыйынушылардың Бекет-Атаға барар жолында Шопан-Атаға соғып кетуі жазылмаған тәртіп болып қалыптасып қалған. Бекет-Ата 4 мешіт тұрғызды: біріншісі Құлсарыда – оны Ақмешіт деп атайды, екіншісі Бейнеу елді-мекенінен 20 шақырым жерде бор-

лы жартаста, үшіншісі – Жем өзені бойында, төртіншісі – Оғыланды шатқалындағы борлы жартас сілемінен шауып жасалған жер асты мешіті. Ол осы мешіттің жанына жерленген.

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Бұл мақалада тарихи-логикалық қайта құрастыру, компаративистикалық, герменевтикалық және феноменологиялық талдау әдістері қолданылады. Бүгінде еліміздің әр түкпірінде «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы қызу талқыланып, қолдау тауып, жүзеге асырылуда. Барлық облыстар мен аймақтарда жұмыс топтары құрылып, олар өз тізімдерін жасап, ұсынуда. Биыл еліміздің алты бағыты (Оңтүстік, Солтүстік, Шығыс, Батыс, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан) бойынша ғылыми-зерттеу және дала экспедицияларын өткізу жоспарланған.

Осы мақалада Маңғыстау өңіріне тиесілі нысандарға дінтанулық және мәдениеттанулық талдау берілді. Ондағы табылған киелі орындарға феноменологиялық талдау жасалынды. Жұмыс барысында киелі объектілерді іріктеудің критерийлері жасалды. Киелі объектілердің қатарына археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, ерекше құрметтелетін діни объектілер, сонымен қатар тарихи тұлғалар мен саяси оқиғалармен байланысты киелі жерлер жайлы мақаланың негізгі бөлімдерінде баяндалады.

Нәтижелері және талқылау

Оғыланды жеріндегі Бекет ата, XVIII ғг.

Бекет ата жер асты мешіті Маңғыстау облысының Оғланды жерінде орналасқан. Бұл діни сәулеттің ескерткіші XVIII ғасырда қаланған. Бекет ата маңыздылығы бойынша Қожа Ахмет Яссауидің жерлеу орнымен қатар тұрған киелі орын болып саналады. Екі жүз-жылдық бойы осы жерге әулиенің рухына сыйыну үшін қажылыққа келген адамдар барып жатады.

Бекет ата Болмыс кітабы ашық болған көріпкел мен әулие ретінді белгілі. Сонымен қатар ол емдеуші, физика, математика, астрономия заңдарын білген адам ретінде де белгілі болған.

Аңыз бойынша, Бекет ата XVIII ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген. Ол Атырау облысының Құлсары аулылының жанында туған, ал 14 жасында ол өзі қастерлеп, құрметтеген дана Шопан атаның мәйітіне иілуге келген. Үшінші түні Шопан ата жас жігітке оқуға өсиет берген. Әулиеден өсиет алып, жас жігіт алыстағы Хиуаға аттанады, сол жердегі медреседе ол білім алады. 40-қа келгенде Бекет ата сопы болып, балалардың сауатын ашқан. Өзінің жолында Бекет ата көптеген жерде болып, Маңғыстауға қайтадан оралады. Ол адамдарды емдеген: оған азап шегушілер келген, оларға денсаулық пен өмір күшін берген. Даулы мәселелерін шешкен кезде, ол екі жақты келісімге әкелетін даналығын көрсеткен. Бекет ата өзінің діни өсиетінде діндар адамдарды шындықпен өмір сүруге, адал болуға және қайырымдылық жасауға үйреткен.

Дана мен әулие халық есінде қалмақтарға қарсы ұрыста ерлік жасаған жауынгер ретінде қалды. Ол оның ата-бабасы Есет батыр сияқты батыр күші мен батылдығына ие болған («Маңғыстау» энциклопедиясы, 2008: 17).

Әулие Бекет ата шамамен 1813 жылы дүние салды, ол өзі салған жер асты мешітінің жанында Оғланды шатқалында жерленген. Аңыз бойынша Бекет ата түрлі жерлердегі төрт мешітті салған. Олардың бірі Маңғыстаудан алыс емес жерде, Оғландыда орналасқан, екіншісі – Бейнеуде, үшіншісі – Жем өзені бойында, ал төртіншісі Арал жағасында, Баялыда орналасқан.

Ең үлкені Оғландыдағы мешіт болып табылады. Ол биік жартастың орта қабатында салынған. Оның сатысы мешітке кіреберістің алдында салынған шағын алаңға апарады. Бірінші жай – күмбез тәрізді төбенің орталығында тесілген терең жарық саңылауымен жарықтандыратын вестибюль. Вестибюльдің батыс жағында оңтүстік қабырғасында михрабы бар намаз залы, ал оңтүстік-шығыс жағынан екі жай орналасқан, ал олардың бірінде Бекет ата жерленген.

Жер асты мешіттің ерекше акустикасы таң қалдырады – барлық жайлардың ішінде оқылатын намаздар естіледі. Есік ашық болған кезінде өтпе желі жоқ. Сопы ғылым заңдарын интуициялық сезіммен меңгерген деген пікір пайда болады. Ғалымдардың батыл болжамы бойынша, Бекет ата мешіті обсерватория сияқты болып, әулие сол жерде аспан денелерінің қозғалысын бақылап отырған. Бұл оған қатты қыс мезгілін, қапырықты ыстықты, нөсерді алдын ала болжауға, жайлауға көшу уақытын белгілеуге мүмкіндік берді («Қазақ Совет энциклопедиясы» (12 томдық), 1978: 87-90).

Оғланды шатқалының шыңында «көк күмбездері бар үй» деп аталған қажыға барушылардың үйі орналасқан. Бекет ата қорымы – рухани, тарихи және сәулет ескерткіші болып табылған. Әулие Бекет атаның қабірі мен

мешітке келгеннен кейін діндар адамдар ауруларынан сауығып кетеді деп сенген.

Оғландыдағы Бекет ата мешіті киелі жер болып саналған және көптеген жылдар бойы Маңғышлақ тұрғындарының қажылық ету жері болып саналған.

Шопан ата қорымы, X-XIX ғг.

Қазақстанның киелі нысанының қатарына Маңғыстау өңірінде орналасқан бірнеше көнеден келе жатқан мәдени ескерткіштер кіреді. Олардың бірі осы аймақтағы ірі және сәулеті жағынан ежелгісі саналатын – Шопан ата қорымы.

Шопан ата қорымы – Батыс Қазақстан жеріндегі көне (XII-XX ғасырларға) сәулет өнеріне жататындардың ең үлкені. Ол қазіргі Маңғыстау облысындағы Сенек деп аталатын ауылдың солтүстік-шығысынан әрі 25 шақырымдай жерде жатыр. Шопан ата аңыз бойынша Қожа Ахмет Яссауидың шәкірті болған екен. Бір күні ұстаз Яссауи барлық оқушыларын шақырып алып, садақ тартқызады. «Садақ оғы қайда түссе, сол маңға мешіт салыңдар» деп тапсырады шәкірттеріне. Содан Шопан ата оғын таудың етегінде орналасқан малға бай ауылдың маңынан табады да, сол ауылға бақташы болып жалданады. Ақыры осы жерден ұстазының айтуы бойынша жер асты мешітін салдырады. Мешіттің жанында қыстаулар мен құдықтар, сол секілді Ұлы Жібек жолының бірі Маңғыстау мен Хорезмге дейінгі керуен өтеді (Нысанбаев, 1998: 156). Бұл қасиетті нысан тек қазақтардың емес, қарақалпақ пен түрікмен халықтарының аса құрметтеген жері болған.

Шопан ата қорымы осында тұратын халықтардың салт-дәстүрін көрсететін діни сәулетті құрылыс ретінде тұрғызылған. Қорым Орал-Каспий аймағындағы жер көлемі жағынан ең ірісі, сондай-ақ мұнда екі мыңнан астам ескерткіш бар. Олар қазақ және түрікмен қорымдары деп екіге бөлінеді.

Оның орталығында әк тастан қашалып тұрғызылған бірнеше бөлмелі мешіт тұр. Ал мешіттің ауласында киелі саналатын тұт ағашы мен жуынатын тас суат орналасқан. Шопан ата қорымының солтүстік-шығысына қарай михраб, құжыралар мен намаз оқуға арналған жайлар, шығысында күмбезді кесене, қойтастар мен сандықтастар, сол сияқты алыстан көзге түсетін сағанатамдар бар. Бұл ескерткіштер әктас пен құмтастардан қашалып, әр түрлі өрнектермен сәнделген.

Мешіт осы өңірдегі Шақпақ ата, Бекет ата мешіттері секілді жер асты деп атауға лайық. Себебі, үстіңгі бөлігі осында орналасқан ескерткіштердің табанына барып тіреледі.

Шопан ата қорымын 1952 жылы Малбағар Мендіқұловтың басқаруымен сәулет экспедициясы кезінде зерттеле бастады. Ал 1977-1978 жылдары бұл нысанды Қазақ КСР мәдениет министрлігі, 1982 жылы тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғайтын республикалық қоғам арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізді (Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық, 2005: 202). Сол жылы қорым мемлекеттік қорғауға алынып, бүгінде Қазақстанның киелі нысандарының қатарынан табылып отыр.

Қорымға сыйынып келетіндермен қатар, саяхатшылар да жетерлік.

Шопан ата қорымы мен жер астындағы мешіті Қазақстандағы ең үлкен және ең көне жерлеу – діни кешендерінің бірі болып табылады.

Қараман ата қорымы, XIII ғ.

Қазақстанның киелі нысандарының ішіндегі Маңғыстау өлкесінде орналасқан Қараман атаның жер асты мешітін ерекше айтып кетуге болады. Себебі, бұл қасиетті орын таудың төменгі бөлігіндегі үңгірлерді пайдалана отырып, ойып жасалынған. Қазіргі орналасқан орны Маңғыстау өңіріндегі, Шетпе аталатын кенттің оңтүстік-батысына қарай 35 шақырымдық жер. Қараман ата қорымы – ескі зират орны.

Бұл қорымның жалпы аумағы шамамен төрт гектар жерді алып жатыр. Ал өзі XIII ғасырда тұрғызылған делінеді. Қараман ата жайында бірнеше аңыздар бар. Оның бірінде Шопан ата інісі ретінде айтылса, кей ғалымдардың дерегінде Балқан түбегінен түрікмендерді Маңғыстауға бастап келгендердің бірі болған делінеді. Жалпы, Қараман ата ислам дінінің суфизм бағытын таратушысы ретінде танылған діндар (Ізтілеуов, 2007: 1).

Түрікмен аңыздарынан да Қараман есімді адамды жолықтырасыз. Ел ішінде абыройы асқақ, сый-құрметке ие Ақман және Қараман атты екі ағайынды ғұмыр кешкен екен. Олар ұстазы болған Қожа Ахмет Яссауимен келісе алмай, батысқа қарай бет түзепті. Содан бір күндері екі бауырдың бірі дүниеден озып, оның құрметіне қорым тұрғызылып, мешіт салынған.

Сол секілді қазақтардың арасында, соның ішінде адайлықтарда Қараман ата қасиеті жайында бірнеше нақты дәйектер айтылады. Оның Есет ата баласы, Шопан атаның немересі екені, атасы жанынан жер асты мешітін салдырғаны туралы әңгіме бар. Дүниеден өткенде Қараман атаны сол мешіттің маңына жерлейді. Ол жерленген орын дау-дамайды шешетін киелі жер болған.

Мысалы, бір аңызда осы маңда мекен ететін екі ру өкілдері бір іске келісе алмай, Қараман ата басына келіп, ант су ішуге уағдаласады. Қос тарап ант берген кезде, бір рудың адамдарын түгелімен ажал құшқан екен. Себебі, олар жалған уәде беріп, әлгі руды алдамақ болыпты. Сол секілді Пір Бекетке тағы да өзара дауларын шеше алмаған рулар келіп көмек сұрайды. Сонда Бекет тұрып, «Қараман ата басына барып бұл кикілжіңге нүкте қойыңдар» деп жіберіпті. Осыдан-ақ, Қараман ата қасиеті біраз елге таралған, беделді, ақ пен қараны тез ажырататын киесі бар адам болғанын аңғаруға болады. Сондай-ақ, тірі кезінде жастарды дұрыс жолға жөн сілтеп, ақыл-кеңесін айтып отырған («Маңғыстау» энциклопедиясы, 2008: 123-125).

Бүгінде Қараман ата қорымының негізгі бөлігі қоршалып, 1982 жылдан бері мемлекеттік қорғауға алынған. Қорымның оңтүстік-батыс аумағында VIII-IX ғасырларда белгі қойылған қабір үстіндегі қырықтан аса ескерткіштер бар. Сол секілді мұнда адай руынан шыққан елге аты мәшhүр болған бірнеше адамдар жерленген. Ол ескерткіштермен қосқандағы жер көлемі шамамен жеті гектар. Қараман ата ескерткіші қазіргі кезде тарихи жәдігер, мәдени құндылық ретінде заңмен қорғалып, Қазақстанның киелі нысанының қатарына жатқызылып отыр (Мамышқызы, 2007: 1). Маңғыстау өңірінде орналасқан киелі мекенге саяхатшылар жан-жақтан келіп жатады.

Масат ата мешіті, X-XIX ғг.

Осы өлкеде тағы бір еліміздің киелі нысанының қатарынан табылып отырған жер асты мешіті бар. Ол – Масат ата мешіті. Киелі орын Маңғыстау ауданында орналасқан Үштаған атты ауылдың оңтүстік-шығысынан әрірек 15 шақырымдай жерде. Мұндағы қорымда бес жүзден аса ескерткіштер бар. Олар орта ғасырдағы түрікмендердің қойтастары, тастан жасалған қоршаулары және тастан қашалған белгілері, олар шамамен XIV-XVIII ғасырларға жатқызылады. Ал қорымның солтүстік күншығысынан сәл берірек XVIII-XIX ғасырларға жататын қазақ руларының ескерткіштері қойылған. Бұл қорымдағы ерекше орын оңтүстік-батыс бағытындағы жартастан ойылып салынған жер астындағы мешіт. Киелі орынның іші қазақтың киіз үйі тәріздес, төбесі шаңырақ секілді ойылған. Кіреберістің оң жағында михраб, сөрелер жасалынған, ал осындағы дәліздің бағыты қасиетті Меккеге қаратылып тұр. Мешіттің батысында үш метрдей қазылған орын жатыр, ғалымдар мұны мешіттің екінші бөлігі ретінде қазылған болуы мүмкін дейді. Масат ата жер асты мешіті 1982 жылы мемлекет қорғауына алынған. Кей деректерге сүйенсек, Масат ата Маңғыстау өлкесіне сонау Хорасандағы Мешхед атты қаладан келген екен (Қазақ Энциклопедиясы, 9 том 18 бөлім, 1976: 87-89).

Масат ата елін жаудан қорғаған, батырлығы рудан-руға таралған, өте білімді, діндар адам болған. Оның ерекше қасиеті – атқан оқ денесіне өтпейтіндігі, шапса қылыш кеспейтіндігі. Басын алмаққа келген барлық дұшпандарының сағы сынып, діттегендері болмай, тістерін қайрап кері қайтады екен. Әбден әбігер болған жаудың бір жансызы Масат батырдың осал тұсын табу үшін жас әйелін алдап, қолға түсіреді. Онымен жақындасып, барлық сырын сұрап алады.

Батыр тек таң намазы кезінде адами қалыпқа түсіп, барлық тамыры иіп, бусап кетеді екен. Тіпті жайнамаздың астындағы тас та жібіп, былқылдап тұратын көрінеді. Жау жансызы осы бір сәтті тағатсыздана тосып отырып, намаз үстінде басын шауып алады. Шабылған басын етегіне салған күйі Масат орынан тұрып, ары қарай жүгіре жөнеледі. Бір жамандықты сезген биесі де кісінеп, құлынын ерте иесінің артынан шабады. Сонда құдіретті күштің арқасында жер өздігінен екіге жарылып, оның ортасына кесілген басын қысып ұстап алған Масат пен биесі түсіп, көзден ғайып болыпты. Бұл аңыз бүгін болғандай тас бетінде Масат ата мен биесінің ізі әлі де көрінеді. Тіпті шашыраған қан іздері де қазір төгілгендей жауын-шашынға жуылмай тұр деген аңыздар да бар. Ел осы оқиғадан кейін бұл жерді Масат ата деп атап кетіпті.

Батырлығы мен даналығы ауыздан-ауызға аңыз боп жеткен Масат атаның жер асты мешітіне келушілердің саны азайған емес.

Шақпақ ата жер асты мешіті, X-XV ғг.

Маңғыстау облысының басты көрікті жерлерінің бірі діни сәулетінің бірегей ескерткіші «Шақпақ-Ата» жер асты мешіті болып табылады. Мешіт Түб Қараған түбегінде, Форт-Шевченко қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 20 шақырымнан астам жерде орналасқан және Батыс Қазақстандағы ең көне сәулет ескерткіші болып саналады.

Шақпақ ата жер асты мешіті тау борлы жартаста салынған. Осы үңгірде жасырынған сопылар емдеу құпияларын қолданған. Олар осында келген адамдарға аурудан құтылу үшін көмектесіп жүрді. Сол үшін олар ауырған адамды үңгірде бір түнге қалдырған. Бір түннің ішінде ауырған адамның басына берекелі рух

келіп, ақырында міндетті түрде науқас адам аурудан аман қалады. Қазіргі кезде де адамдар осы жерге сырқаттан жазылу үшін үміт артып келеді. Археологтардың айтуынша, мешіт IX-X ғғ. салынған («Атырау» энциклопедиясы, 2000: 45-46).

Көне аңыз бойынша, Шақпақ ата – мешіттің негізін салушы адамның есімі емес, оған жауға қарсы ұрыстардағы берілген лақап аты: шайқастарда оның қаруынан шақпақтан сияқты от шыққан. Кейбір ғалымдардың айтуынша, аңыздарда Шақпақ ата жыландардың әміршісі болып, өлген адамдардың сүйеушісі болған, ал тарихи тұлға ретінде – Шопан атаның немересі болып табылған. Ал мешіттің негізін салушы адамның шын есімін айтсақ, көптеген ғалымдардың пікірінше, бұл – Шахмардан. Іс жүзінде Шопан атаның екі ұлы болған: Шахрух ата (Шағырық ата) және Исан ата. Шахрухтың да екі ұлы болған: Қапаш ата (Қапан ата) және тастан отты оңай шығару, жауды отпен күлге айналдыру қабілетіне ие болғаны үшін Шақпақ ата деп аталған Шахмардан. Ал сопының өмір жылдары бойынша зерттеушілердің пікірлері әр қилы: академик Медоевтың айтуынша, Шақпақ ата IX ғасырда өмір сүрген. Бартольдтың пікірінше, сопы 1312-1342 жылдар (XIV ғ.) билік еткен Өзбек ханның тұсында өмір сүрген. Шақпақ атаның Қожа Ахмет Яссауидың ізбасары болып, Маңғыстауда қастерлейтін 360 әулиенің ішінде сөзсіз болған («Қазақ әдебиеті» энциклопедиясы, 2001: 165).

Шақпақ ата мешіті – біздің уақытымызға дейін жақсы деңгейде сақталып, жеткен діни сәулет өнерінің бірегей ескерткіші болып саналады. Қазіргі кезде Шақпақ ата мешітін ЮНЕСКО бүкіләлемдік мұраның тізіміне қосу жайындағы мүмкіндіктер қарастырылуда.

Сұлтан-үпі, б.д. X-XIX ғг.

«Сұлтан-үпі жерасты мешіті, қорымы және сайы» Түпкараған ауданы, Таушық ауылынан 30 шақырым солтүстік-батыс бағытта, Сарытас шығанағына таяу, сай жиегінде орналасқан.

Өлкедегі көптеген тарихи орындар 12 ғасырда өмір сүрген қазақ даласының ойшылы, ғұлама, поэзиядағы сопылық ілімнің насихатшысы Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты. Жердің тастақ қабатынан ойып жасалған Сұлтан-үпі есімімен байланысты жерасты мешіт бірнеше камералық бөліктерден тұрады, оған сайдың саты тәрізді жер бетінің рельефі жағынан көп сатылы жолдар жасалған. Мешіттің төбесінің мықтылығы үшін тас бағандармен бекітілген, бөлмелердің төбесінен жарық түсіру үшін ойықтар қалдырылған. Ескерткіштің руханиділні бағыттағы сипаты Сұлтан-үпі жерасты мешітін 13-15 ғасырда салынған қандай да бір сопылық қауымның ғибадатханасы болған деген алғашқы болжамды қарастыруға мүмкіндік береді.

Жанында орналасқан шағын қорымшылықта сағанатамдар, жәшік тәріздес сандықтастар, құлпытастар мен орнатылған қойтастар, тас плиталар көлденеңінен немесе тігінен тұрғызыла қаланған қоршаулар, әр түрлі пішіндегі қабір үсті құрылыстары сақталған.

1873 жылы Тбилиси (Грузия) қаласында басылып шыққан «Предания адаевцев о святых секты ханафие, живших и умерших на Мангышлаке//Сборник сведений о кавказских горцах» 7-ші шығарылымында жазылған аңыздеректерде Хакім-ата әйелінен Мұхаммед-қожа, Әскер-қожа, Құбби-қожа (қазақтар оны Сұлтан-үпі деп атаған) дейтін үш ұлды болады. Алғашқы екеуі Бақырған қаласынан 15 күн жолдық қашықтықтағы мектепте оқиды, ал соңғысы үй тәрбиесінде болады делінеді. Құббиқожа киік аулаумен шұғылданып, әкесін қатты құрметтеген, оны киік етімен сыйлап, дәмді тағамдар дайындатқан. Құббидің кереметтері жайлы ел арасында аңыздар кеңінен тараған. Автор мұнда Сұлтан-үпінің теңізде (Арал немесе Каспий) апатқа ұшыраған кемедегі адамдарды құтқаруы, әкесіне міндетті намазын оқуы үшін Меккеге ұшып барып жүрмеуі үшін Қағбаны әкеліп беруі, тері мен сүйектен жануарды қайта тірілтуі тәрізді керемет қасиеттері жайында жазады. Енді бір деректерде Сүлеймен Бақырғани баласы Сұлтан-үпінің кереметтілігі өзінен асып түсетінін байқағаннан кейін «Балам, екі қошқардың басы бір қазанға сыймас» деген.

Бірде Құрбан айт мерекесінде Хакім атаның сенушілері жиналып он өгіз сойып, келесі күні келген Сұлтан-үпіге ештеңе қалдырмастан жеп қойғаны, жалпы әкесінің баласына әр кез сенбестік білдіріп, сын көзбен қарағаны үшін ренжіп, әке-шешесімен қоштаспастан, көрінбей кеткені жайында жазылады («Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы, 2002: 199-201).

Территориялық және саяси себептерге байланысты, Абақия медресесі туралы арнайы зерттеулер жүргізілмесе де, кейбір тарихшылар мен жазушылар жағынан көлемді материалдар беріліп отырған. Айталық, Нұрқасым Қазыбековтің «Ой таразысы» (Алматы: Жазушы, 1991), Жақсылық Сәмитұлының «Қытайдағы қазақтар» (Алматы, 2000), тарих ғылымдарының докторы Нәбижан Мұқаметханұлының «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы. 1860-1920» (Алматы: ҚазАқпарат, 2000 жыл), тарихшы ғалым Қабимолла Мәнжібаевтың «Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер» (Үрімжі: Халық баспасы, 1998) кітаптарында кездеседі. Орыс тіліндегі әдебиеттерден Ингвар Сванбергтің «Кочевой образ жизни казахов Среднего жуза в Синьцзяне с 1911 по 1949 гг./ Казахи Китая» кітабы (Алматы: Санат, 2006). Ағылшын тіліндегі діни оқыту жүйесіне қатысты кітаптар: George Albert. «A Social Theory of Religious Education», (New York, Scribner. 1920), Gould Stephen. «Rock of Ages: Science and Religion in the Fullness of Life» (1999), Martin, «The Affirmative Action Empire ; and Linda Benson and Ingvar Svanberg, eds., The Kazaks of China: Essays on an Ethnic Minority» (Stockholm, 1988), Joseph W. Esherick, “Ten Theses on the Chinese Revolution,” Modern China 21, № 1. 1995. Ал баспасөз беттерінде Абақия медресесі туралы мәліметтер саусақпен санарлық. Соның бірі Рәтбек Мағазұлының «Абақия – Алтайдан ашылған алғашқы мектеп» мақаласы. (http://qazaqtimes.com).

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Зерттеу барысында логикалық және тарихи, герменевтикалық-комперативистикалық және салыстыру тәсілдерді қолдандық. Осы тәсілдер Абақия медресесінің Қытай қазақтарының діни-рузани әлемін жаңартуға негізделген ролін зерттеуге мүмкіндік береді. Байқағанымыздай, Абақия медресесінің діни білім беруі мен оқыту үдерісін отандық дінтану ғылым аясында қарастырып, талдау және ғылыми айналымға енгізу дінтану саласының дамуына өзіндік үлесін қосары сөзсіз.

Нәтижелері және талқылау

Дін, тіл, өнер, тарих және әдет-ғұрыптан бір ұлттың болмысын анықтайтын өзіндік мәдениеттің қалыптасатыны белгілі. Ислам дінін ұстанатын этникалық топтардың бір құрамы болып саналатын қазақ ұлтының мәдени құрылымы күрделі. Ол – түрлі көне мәдениеттер мен діндердің өзара ықпалдасуы мен қосылу нәтижесінде пайда болған рухани феномен (Нұртазина, 2002:3). Бұл қазіргі таңда

біз «Қытай қазақтары» деп атап жүрген топқа да тән ерекшелік.

Әлемдік қазақ қауымдастығының бір бөлшегі саналатын Қытайдағы қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті мен болмысы күрделі зерттеуді талап ететін үлкен процес.

Қытай қазақтары бүгінгі күнде Шығыс Түркістан өңіріне орналасқан. Шығыс Түркістан қазіргі Қытай халық Республикасының батыс солтүстігіне орналасқан Шыңжаң (Шинжияң немесе Цизнзияң) ұйғыр автономиялы районынын көрсететін тарихи жағрапиялы атау. Ол Тянь-Шан тауының екі қапталында көсіліп жатқан – терістігі Жоңғар даласы, оңтүстігі – Тарым кеңістігі немесе Қашқария деп аталатын кең байтақ өлке. Жалпы жер көлемі бір миллион жеті жүз он мың шаршы шақырым. Шығысы – Қытайдың Гансу өлкесімен, батысы – Қырғызстанмен, Тәжікстанмен, терістігі – Қазақстанмен, Моңғолиямен, оңтүстігі – Тибетпен және Ауғанстанмен шекаралас. Ауа-райы қоңыржай, жер бедері таулы, көгалды, шөлді, қара топырақты өлке. Жерінің ең көп көлемін Такламакан және Гоби шөлдері алып жатады. Халқы он миллиондай. Негізгі халқы ұйғырлар 7 миллион, қазақтар бір жарым миллионнан астам. Моңғол, қырғыз, татар, өзбек, дұнған, тәжік, сібе, солан, орыс, қытайлар болып, барлығы бір жарым миллиондай. Халқының тіршілік негізі мал бағумен, жер өңдеумен, бау-бақша өсірумен, ұсақ қолөнері – мата-шекпен, кілем тоқумен шұғылданады.

Ислам діні – Шығыс Түркістандағы сенетін халық саны көп, таралу көлемі кең, қоғамдық әсері ең жоғары дін. Бұл өңірде Ислам дініне сенетін қазақ, ұйғыр, қырғыз, өзбек, тәжік, татар, дүнген қатарлы 10 ұлт бар болып, саны 10 миллионнан асады. Бұл Шығыс Түркістан халық санының 50 пайызынан артығын ұстайды. Ислам мәзһабтарынан сүнниттік, шииттік бағыттары және діни сенім жүйесі жағынан суфизм бағыты сақталынған. Сүниттік бағыт тәжіктерді қоспағанда, бүкіл Шығыс Түркістан мұсылмандарының 90 пайызын ұстайды. Шииттік бағыттың Шығыс Түркістан өңірінде екі тармағы болып, тәжіктер Исмаилия мәзһабына, бір бөлім ұйғырлар он екі имам мәзһабына сенеді. Суфизм бағытының Нахшбандия тарихаты көбінесе дүнген халқы арасында көбірек таралған. Қазақ халқы Шығыс Түркістан аймағының әр бұрышына таралып қоныстанса да бүкіл халық сүнниттік бағытты, діни сенім жағынан Ханафи мазһабын ұстанады.

Шығыс Түркістан өңірі ежелден бері алуан түрлі діндер аралас таралған өңір. Тарихтағы діндер мейлі қалай дамып өзгерсе де, алуан түрлі діндер қатар өмір сүрген жағдайда ешқашан да түбірлі өзгерістер болмаған. Шығыс Түркістандағы діндердің тарихына тоқталғанымызда, алдымен осы діндердің даму барысындағы бірнеше маңызды кезеңдерді түсініп алуға тиіспіз.

Бірінші кезең, байырғы діндер кезеңі. Өңірде әуелде ең алғашқы тұрғындары жаратқан діни нанымдар, сондай-ақ осы байырғы нанымдардың дамуы нәтижесінде қалыптасқан шаман діні аса кең көлемде таралды. Бұл кезең байырғы заманнардан бастап, жаңа эрадан ілгерідегі IV ғасыр тұсында кірме діндердің таралып жетуіне дейін жалғасты.

Екінші кезең, будда дінін негіз еткен алуан діндер қатар өмір сүрген кезең. Бұл кезеңде, будда дінінен тыс, тағы да байырғы діндер (шаманизмді өз ішіне алған), зороастрлық, даожяу, манихейзм және несториан қатарлы діндер болды. Мұндай құрылым ислам дінінің таралып жетуіне дейін мың жыл шамасында жалғасты.

Үшінші кезең, будда діні мен ислам діні негізгі орынды иеленген алуан діндер қатар өмір сүрген кезең. Бұл кезеңде, ислам діні хотандағы діни соғыстар арқылы буддизм күштерін оңтүстік Шинжияң өңірінен ығыстырып шығарып, оңтүстік Шинжияң ислам дінін негіз еткен, солтүстік Шинжияң будда дінін негіз еткен ауқым қалыптастырды. Бұл кезеңнің алғашқы мезгілдерінде алуан түрлі діндер едәуір көркейіп, соңғы мезгіліне жеткенде орасан өзгерістер туылды. Ислам дінің халықтар арасында кеңінен таралуы нәтижесінде, зорроастризм, несториандық, манихейлік қатарлы діндердің ықпалы біртіндеп әлсірей бастады. Мұндай құрылым алты ғасыр шамасында жалғасты.

Төртінші кезең, ислам дінін негіз еткен алуан діндер қатар өмір сүрген кезең. XVI ғасырдың басында, ислам діні шығыс Шағатай қағандығының зор күшпен жалпыластыруының нәтижесінде будда дінінің орнын басып, бүкіл Шығыс Түркістан өңіріндегі негізгі дінге айналды. Бұл кезеңде, көп санды ұлттар мен ұлыстар ислам дінін қабылдағандықтан, осы ұлттардың бұрын ұстанып келген зороастр, манихейзм, несториан қатарлы діндері біртіндеп жойыла бастады. Будда, даужяу діндері тек қытай ұлтының арасында ғана сақталып қала берді. XVII ғасырдың басында, ойрат моңғұлдары тибет буддизмін қабылдаған соң, будда діні

солтүстік Шинжияң дами бастады. Мұнан кейін, христиан, католик, православия қатарлы діндер Шығыс Түркістанға іркес-тіркес таралып жетті. Сонымен Шығыс Түркістанда ислам дінін негіз етіп, алуан діндер қатар өмір сүрген құрылым қалыптасып, күні бүгінге дейін жалғасты.

Жалпы, осы өңірдегі қазақ қоғамының қалыптасуы да бірнеше кезеңдерден сипатталады.

Бірінші кезең: XVI ғасыр мен XVIII ғасырдың аралығы. Бұл кезеңде Жетісу, Тарбағатай аудандарындағы жерлер қазақ халқынан қазақ-ойрат соғысынан кейін тартып алынды. Нәтижеде орта және ұлы жүз қазақтарының үйреншікті көшіп-қону жерлері өзгерді.

Екінші кезең: 1757 жылы Цин империясының Орта Азия аймағында алғашқы Қытай жасақтары құрылып, Қазақ әскерінің көмегімен Жоңғар хандығын талқандағаннан кейін өз үлесін сұраған қазақтарға Қытай мемлекеті өз күшімізбен жауды жеңдік деп, қазақтарға жер бермей қояды. 1767 жылдары Қытай әскерімен болған көптеген қақтығыстардан кейін қазақтар Іле мен Алтай аймағындағы кейбір жерлерді қайтарып алады. Кейінгі жылдары ұлы жүздің біраз бөлігі Іле өзенінің аймағына келіп, Қытай императорының хандығын мойындаса, қалған бөлігі 1850 жылға дейін тәуелсіз болып тұрып, кейін Ресей империясының құрамына енеді.

Үшінші кезең: 1860 жылғы Ресей-Қытай мемлекеттер арасындағы Пекин келісім шарты, 1864 жылғы Шәуешек хаттамасы, 1870 жылғы Тарбағатай Демаркациондық (анықталған шекараларды арнайы белгілермен бөлу) хаттамасы, 1879 жылғы Ливидийск келісім шарты, 1881 жылғы Петербург келісім шарттарына қол қоюмен байланысты.

Аталмыш хаттамалар мен келісім шарттарға қол қойылғанымен, қазақ халқының пікірімен санаспай осы аудандардағы қазақ халқы мен жерлері екі мемлекет арасында зорлықпен бөлінген болатын (Татанайұлы, 1987:45).

Осылайша екі державаның баса билеуінің әсерінен, тарих сахнасына қазақ диаспорасы мен ирредентасын (өз ұлтының басым бөлігі өмір сүріп жатқан мемлекетпен шекаралас аймақта тұратын этникалық азшылықты білдіреді) қамтыған, Қытай халық Республикасының азаматтығындағы Қытай қазақтары деген атау пайда болды. Ендігі жерде өз алдына хандық құрып, өз тағдырын өзі шешкен қазақ халқы орыс пен қытай билігіне қарай бастады. Патшалық, соңын ала кеңестік Ресейдің қазақтарға қаратқан ұлттық және діни саясаты үнемі зерттеліп, зерделеніп келеді. Ал қытайдағы қазақтардың тарихы әлі толық зерттелмеген тың тақырып. Соңғы уақытқа дейін қазіргі заманғы қытай тарихының орталық баяндауында Джозеф В. Эшеричтің айтуы бойынша, қытай төңкерісіне телеологиялық және «шамадын тыс» назар аударылды. Соның салдарынан қытай билігіне қарасты ұлттар тарихы зерттелмеді және бұрмаланып отырды (Joseph, 1995:45).

Бұл өңірге исламның таралуы күрделі кезеңдерді бастан кешірді. Ислам діні Омейя хилафаты (661-750) кезінде Орта Азияға әсер ете бастады. Қытайдағы қазақ қоғамына исламның түбегейлі орнығуы VIII ғ. ортасында, 751 ж. Тараз қаласының маңындағы араб қолбасшысы Зияд ибн Салих пен қытай қолбасшысы Као Сьенчэ (Гао Сяньчжи) арасында бірнеше күнге созылған Атлах шайқасында арабтардың жеңіске жетуі айтарлықтай ықпалын тигізді. Қытай әскері күйрей жеңіліп, Жетісу мен Шыңжаң өңірі азат етіледі. Араб әскерінің бұл жеңісі Орта Азия жерінде ислам діні мен мәдениетінің орнығуының бастауы еді (Груссэ, 2006:148).

Осылайша қытай қазақтары арасындағы ғалам жаратылысы, адамның бұл өмірге келгендегі міндеті жөніндегі ежелгі наным-сенімдердің орнын Алланың құдреттілігі мен сипаттарын дәріптейтін, адамның мұсылмандық міндеттерін анықтайтын иманға негізделген жаңа исламдық сенім жүйесі алды.

Дейтұрғанмен, ислам дінінің қазақ даласына таралу тарихы арыда жатқанымен, қалыптасуы мен дамуы кештеу басталды. Бұған себеп болған саяси факторлардың бірі, жергілікті биліктің аз ұлт қоныстанған аудандардағы халықты бақылауға алып, олардың діни сенім-нанымдарына тосқауыл болып отыруы болды. Бұған XX ғасырдың 20-30 жылдарында Шығыс Түркістанды басқарған милитаристердің жеке дара үстемдігі мысал бола алады. Мұны сол кезеңдегі рұқсат берілген діни әрекеттердің мейлінше шектемеге ұшырағанынан көре аламыз. Мысалы:

1. Молдалар өзі қызмет ететін мешітте ғана діни әрекеттермен шұғылдана алды;
2. Жеке діни орындар ашуға, отбасында топтасып Құран оқуға рұқсат етілмеді;
3. Құран мен хадисті тек діндарлар ғана оқыды;
4. Молдалардың аймақ аттап, Құран таратуларына рұқсат берілмеді;
5. Діни бірлестіктер құруға рұқсат етілмеді.

Десе де мұндай қысымға қарамаған Шыңжаңдағы дәулетті Қазақтар, XIX ғасырдың

соңғы кезінен бастап, өз үйлерінде молда ұстап бала оқыта бастады (Мыңжанұлы, 1987:57).

Қазақтардың көшпелі салтына сәйкес, молда жалдап, бір рудың немесе бір ауылдың балаларының басын қосып, қыс мезгілінде оқыту – сол кездегі негізгі оқу жүйесіне айналды (Ақметбекқызы, 2002:96).

Уақыт өте келе діни білімге сұраныс артып, діни білім алатын бала саны көбейеді. Ендігі кезекте оларды бір жерге жиып оқытатын оқу орнына қажеттілік туады. Осы кезде Іле, Алтай, Тарбағатай сияқты ірі аймақтарының қалталы азаматтары мен жанашырлары өзара қаржы жинап, діни білім беретін медреселер ашып, қытай қазақтарының діни білім беру жүйесін, тіптен оқу-ағарту жүйесінің қалыптасуына берік негіз қалады. Бұл медреселерден ұлтқа ұйтқы болатын дін және қоғам қайраткерлері көптеп жетілді.

Нақты деректерге қарағанда, сол кездегі медресе оқытуы негізінен екі түрге бөлінген: бір түрі «усул қадим» деп аталады, бұл араб мәдениетінің байырғы әдісімен оқыту. Бұл бізше болғанда «көнеше әдіс» дегенді білдіреді. Ислам дініне сенетіндердің оқуына оңтайлық тудыру үшін бұған кейбір өзгерістер енгізіп, шығарылған «усул жадид» деп аталатын медресе оқыту әдісі де болған. Бұл «төте оқу» немесе «төте оқыту әдісі» деп аталған. Ал, Қытайдағы қазақ медреселерінің осы әдістерді қай уақытта бастап, қай уақытқа дейін оқытқаны әлі белгісіз. Мысалы, 1872 жылы Уфадағы «Ғалия медресесінде» оқыған қазақ балалары «усул жадид» әдісімен оқыған. Себебі осында оқып, жетіліп шыққан қазақ зиялылары 1913-1919 жылдар аралығында «Садақ», «Айқап» журналдарын шығарып отырған (Кәкішев, 1986:61-62).

«Усул қадим» оқу-ағартуы Қазанда және Орта Ариядағы Бұхара, Самархан, Уфа сияқты қалаларда кең көлемде өріс алған оқу-ағарту. Әсіресе қазақ даласында медреселердің ашылуына Ғалия медресесінің ықпалы зор болды. Кейінгі ашылған Мамания (20 ғасырдың басында қазіргі Алматы облысы Ақсу ауданының Қарағаш деген жерінде жұмыс істеген медресе) медресесіндегі дәріс барысы «Ғалия» медресесінің оқу бағдарламасы негізінде жүргізілген. Оқу жоспары бойынша 1-ші және 5 сынып (класс) аралығында қазақ тілі, есеп, иманшарт, құран, орыс тілі, пайғамбарлар тарихы, жағырапия, зоология, ислам тарихы, татар тарихы және хадис сабақтары оқытылды. «Мамания» медресесін оқып шыққандар кейіннен Уфа, Орынбор сияқты ірі қалаларда оқуларын жалғастырған (Смағұлова).

Осылайша Орта Азия аумағында салына бастаған медереселер Қытай қазақтарына да медресе салдырып, бала оқыту ісін бастауына түрткі болды. 1870 жылы Жота Қажы Сары Терек деген жерде медреселі мешіт салса, 1890 жылы Зуқа қажы Дүренің Бітеу Ірге деген жерінен медресе ашқан. Қытай қазақтарының шоқтығы биік ақыны, ғұлама ойшыл Ақыт қажы Үлімжіұлы осы Жотақажы медресесінде Бұқарадан келген Мырзабақы дамолдадан сабақ алған. Осы медресені бітіргеннен кейін Ақыт қажы өзі де осы жерден «Ақыт медресесін» салған.

Ислам шариғатына сай мешіт жанынан медреселер салынып, ұл балалар мен ересектерге білім үйрететін діни оқу орындары ашылды. Діни білімді тез игеру үшін араб тілін жетік білу керек болды. Осы мәселелер ескеріліп, медреселерде араб тілінің сағаттары көбейтілді. Медреселер үш (жоғары, орта, бастауыш) деңгейге білім берді. Бастауыш деңгейге әріп, намаз және Құран оқу үйретілді. Орта деңгейге араб тілі грамматикасы мен Құран тәпсірлері, жоғары деңгейге фиқһ, ақида және ислам пәлсәпасы оқытылды.

Басында айтып өткеніміздей, бұл медреселердің оқу жүйесінде екі әдіс қолданылды. Біріншісі көне әдіс араб тілін үйрететін «усули қадим» оқуы, екіншісі жаңа әдіс «усули жадид» төте оқу. Кейбір медреселердің оқу жоспарларына жаңа пәндер енді. Олар: қазақ тілі, есеп, жағрапия т.б.

Осылайша, Қытай қазақтарында салынған алғашқы медресеге 1870 жылы Жота қажының Алтайдағы Сары Терек деген жерге салғызған медресесін, ең соңғы медресеге 1920 жылы Текесте салынған Тоғжан медресесін жатқызуға болады.

Діни білім беру жүйесі бір ғасырдан астам уақыт бойы Шыңжаң өлкесіндегі қазақтардың негізгі білім жүйесі болып, қазақ қоғамына елеулі өзгерістер алып келді. Бұл жалпы сол кезде салынған барлық медреселерге тән ерекшелік болды. Барлық медреселер қараңғы қазақ баласын оқытуға бар ынтасымен кірісті. Бұл жұмыстардың барлығы дерлік өз кезінде оң нәтижесін бергені тарихтан белгілі. Осы медреселердің ішіндегі Қытайдағы қазақ жұртшылығы үшін орны бөлек медресе – «Абақия» медресесі болды.

Медресенің Алтайдан ашылуының өзі үлкен қажеттіліктен туған еді. Өйткені, Алтай өңірі – қазақтар көп шоғырланған, түркі халықтарының алтын бесігі саналатын киелі өңір. Сол себепті

қытайдағы ең алғашқы медресе 1865 жылы Алтайдың қыран өзені бойында «Сары мешітте» салынған.

Бұл мешітті Алтай қазағының белді биі Мәми 1896 жылы Қыран өзенінің Ертіске құйған жерінде салдырған. Ал, Мәми Сәбит дамолдадан оқыған. Сәбит «дамолда» лауазымен бұхарадан алған. Мәми салдырған мешітті медресе кейін Абақия медресесі деп аталды.

Өр Алтай топрағында мешіт-медресе салуға себеп болған басты факторлар Орта Азияның зиялы саудагерлері Шәкер (түрік), Нұрғабдолла (өзбек), Сейтқазы, Нүриддин (ұйғұр) қатарлылардың Алтайда Орта Азия мәдениетін үгіттеуі еді. Сондай-ақ, 1917 жылғы Ресейдегі «Қазан төңкерісі» Қытайдың Шыңжаң өңіріне де өзіндік ықпалын тигізді. Соның салдарынан Орта Азядағы одақтас Республика көлеміндегі қазақ, өзбек, татар, түрік зиялылары жер аударылып, Қытайдың Алтай өңіріне барып паналауға мәжбүр болды. Олар сол кезге дейінгі ислам шариғатын негіз еткен Алтай ағарту саласына жаңаша ғылыми беталыс ала келген еді. Осылайша Абақия медресесі 1905 жылы усул жадид оқуымен оқытылатын мектепке айналған. Осы кезде бұл медресе ортасында коридоры бар, асты-үсті тақтайлы жеті бөлмелі көркі мектеп болған. Осы Абақия медресесі «Бапы мешіті», «Қызыл жар мешіті», «Бітеу Ірге мешіті» деген атпен Алтай қазақтарын білім нәрімен сусындатып отырған (Мәнжібаев, 1998:164-165).

Абақия медресесі туралы 1988 жылғы Жұлдыз журналының 3 санында мынадай мәліметтер берілген: XIX ғасырдың аяқ шенінде Шығыс Түркістанның Алтай аймағында мектеп-медресе ашылады. Медресе дами келе 1904 жылы «Абақия» деп аталады. 1920 жылдары бұл мектепте Ахмет Байтұрсын емлесі бойынша «төте жазумен» оқыта бастайды (Татанайұлы, 1998:194).

Абақия медресесінің ұстаздары өз салаларының білгір мамандары болды. XX ғасырдың басында Орта Азиядан, Қазақстаннан келген Сейітқазы Нұртаев, Шабдан Әбдікерім, Кәрім Дүйсебай, Сәлім Жаназар, Мырзахмет, Құсайын қатарлы зиялылар осы медреседе сабақ берді. Олардың алды болыс болған, Стамбул, Мәскеу қалаларында университет оқыған, қалғандары оқымысты отбасында тәрбиеленген көп тілді, аса білімді жандар болатын. Бұлардың дені кеңес өкіметінен тепкі көріп, қуғынға ұшырап, Алтайдағы төрт бидің бірі Мәми Жұртбайұлының ауылына келіп паналаған. Осы жастардың білімін зерделей білген Мәми бейсі 1905 мешіт-медресені мектепке өзгертіп, мектепті Алтайдағы абақ керейдің білім ұясы ретіне «Абақ ұя» деп атады. Кейін келе бұл атау тіл заңдылығына сәйкес «Абақия» болып өзгертілген (Мағазұлы).

Тарихшы ғалым Уақап Қыдырқанұлы өз еңбегінде Абақия медресесінің ұстаздары туралы төмендегідей деректер келтіреді: Алтай халық ағартуының қара шаңырағы саналған жалғыз «Абақия» мектебінің төр басында Сейтқазы Нұртаев дейтін зиялы ағамыз отырды. Троицкідегі «Расулия» мердресесінен, Омбы гимназиясынан білім көрген тарлан. Ұлтымыздың ұраншылдары Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың үзеңгілесі. Әуелі империялық жүйеге наразылығы, кейін, 1905 жылы «Қарқаралы петициясын» ұйымдастырушылардың бірі болғаны үшін қуғынға ұшыраған. Семей даласын сағалап жүргенде Абақ керейдің әйгілі биі Мәми Жұртбайұлы өзі ашқан мектебіне шақырып (1909 ж.) алғызған оқымысты. Қазақ балаларын бесігінде тербеп, оятқан Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» ұранын тік көтеріп, ту шығыста «Сауатың ашылмай – санаң ашылмайды» деп саңқылдаған саңлақ. «Ақбақияның» жадидтік оқыту жүйесін – дінді де, пәнді де қоса оқытатын жергілікті халықтың жағдайына, мінез-құлқына, ұғым-танымына қолайлы нұсқасын жасаған жаңашыл ұстаз. Абақ керейдің XX ғасыр басындағы азаматтардың бәрі осы ұстаздың алдынан шыққандар (Қыдырханұлы, 2012:157).

Жазушы, тарихшы Жәди Шәкенұлы осы Абақия медресесі туралы айта келіп, ойын былай сабақтайды: «... Демек, Алтайда жаңаша оқыту әдісін тұңғыш рет жолға қойған мектеп – абақия, оны жалпыластырушы және кемелдендіруші – Сейітқазы Нұртаев болды» (Шәкенұлы, 2007:75). Шынымен де, Абақия медресесінің ұстазы Нұртаев туралы Алтай халқының ықыласы ерекше болған. Ол туралы Сейітқазыдан тәлім алған ақын Бидахмет ұстазына арнап мынадай өлең жазған:

Сейітқазы Нұртаев,
Ғалижанап ол шариф.
Надандықтан құтқарар,
Мағарифке жол салып.
...
Абақия мектебі-дүр мектебіміз,
Һу фани чоң метеблеріміз.
Нұркіби тамған дүрсиратымыз,
Һам артмақта пікір атымыз.

Осы жерде баса назар аударар тағы бір түйін, ақынның өлеңде қолданған тілі. Бұл өлеңдердің тілі шұбар. Онда татарша, өзбекше, арабша араласып қолданылған. Негізінде, 1920 жылға келгенде Абақияда бұрынғы оқыту әдісі «усул қадим» күшінен қалдырылып, оның орнына Ахмет Байтұрсынұлының «усул жәдид» (төте жазу) методы жолға қойылған болатын. Мына өлеңнен Абақияда төте оқу әдісі қолданылған болса да, бірақ көне оқу (усул қадим) әдісінен ат кекілін кесісе қоймағандығын байқауға болады (Евразия, 2008:81).

Осылайша, өзгертіліп құрылған Абақия мектебінде діни сабақтармен қатар ана тілі, математика, тарих, география пандері де жүйелі түрде оқытылған. Сабақтың арнайы кестесі жасалынып, сабақ біткенде емтихан алу формасы қалыптасқан. Осы тәсілдер арқылы мектептегі ғылыми пәндердің үлесі біртіндеп жоғарылаған. Демек, Алтайда ғылыми ағартуды тұңғыш рет жолға қойған мектеп – «Абақияның» іргетасын қалап, ғылыми ағартуды жолға қоюшы Мәми Жұртбайұлы болып табылады.

Жоғарыда біз атын атап өткен ақын, тарихшы, педагог Бидақымет Мұқайұлының «Абақия мектебі жайында» атты мақаласында 1927 жылы Қанапия бейсі арнайы бес бөлмелі мектеп салып, 150-ге тарта оқушы жинап, оларды сыныптарға бөліп, парта, орындық, қара тақта, бор сияқты жабдықтарды түгелдеп, іші таза, қолайлы ортада білім алуға орай жаратқандығы жөнінде мәліметтер беріліпті. (Мұқатайұлы, 2007:19).

Жалпы, осы кезеңде ашылған қазақ медреселерінің барлығы дерлік ұқсас формада және ұқсас жүйемен шәкірт тәрбиеледі. XX ғасырдың басында мұсылман мектептері мен медреселеріндегі оқу жоспары, бағдарламалары жаңаша әдіспен қайтадан жасалып, жаңа оқу құралдары дайындалды. Оқу мерзімі алты жылға белгіленіп, жаңа оқу бағдарламасы «Алты жылдық ибтидаия бағдарламасы» деп аталды. Бұл бағдарламада мақсаты мен міндеттері айқын көрсетіліп, оқыту әдістемесінде мынадай алты шарт белгіленді:

1. Мақсаты: дінді, Отан сүйгіштікті, Отан пайдасы үшін Отан балаларын жетілдіру.

2. Рухы: Отан және ұлтымызға махаббат.

3. Беретін мағлұматы: тұрмыста тәуелсіз қарекет ете алу, түрлі, күнделікті мәселелер алдында абдырап қалмау, өзінің ахуалы мен мұқтажының талабына жарата аларлық, шетке шыққанда, өзін тәрбие айтып, алып кетерлік білімі болуы.

4. Оқытылатын пәндер: 1. Дін. 2. Ана тілі. 3. Есеп. 4. Орыс тілі. 5. Жағрафия. 6. Табиғаттану. 7. Ұлт тарихы. 8. Отан тарихы. 9. Ашкал және рәсім. 10. Күй. 11. Гимнастика.

5. Түйіні: тәуелсіздік (мустақилық).

1. 6. Оқу мерзімі – 6 жыл (Адамбосынов, 2003:19).

Осы ерекшеліктердің барлығы Абақия медресесіне де тән болды. Медресе алты жылдық білім беру жүйесін енгізді. Бұның төрт жылы бастауыш, екі жылын ерекше сынып деп белгілеген. Әр аптаның сабақ кестесі жасалып, күніне төрт сағат пән сабағы, бір сағат дін сабағы оқытылып отырды. Бұрын ауыл молласынан діни сабақ алғанда қолға қарындаш ұстап жазу жазуға тыйым салынатын, сурет салсаң «ертең арғы дүниеде бұл бейнелерге жан бітіп өзіңді қинайды» деп қорқытатын. Ал Абақияда оқушыларға қарындашты қалай ұстаудан, партада қалай отырудан тартып үйретіліп, қосымша дене-тәрбие сабағы да өтілді. Математикадан жай бөлшекке дейін оқытылып, жаратылыс пәндерімен қатар латын әрпі, араб тілінің грамматикасы да тереңдей үйретілді, ай соңында емтихан алынып, оны ең жоғары балы бестік баға бойынша бағалап отырған деседі.

Жалпы, медреседегі сабақ беру мен оқыту төмендегі формада іске асырылды:

Негізгі сыныпта:

I бөлім: Құран және оны дұрыс оқу, «Ғылымхал», түрік грамматикасының ережесі, араб этимологиясы, арифметиканың төрт амалы, жалпы жағрапиядан Еуропа туралы мәліметтер, «Тақуалық училищесі» бойынша сабақтар, каллиграфия, мұсылмандық мінез-құлық қағидалары, түрікше оқу, ақыл-кеңес беретін әңгімелер.

II бөлім: Құран және оны дұрыс оқу, догматика, мінез-құлық қағидалары, араб синтаксисі, араб грамматикасының ережелеріне толық шолу, араб сөздерін жаттау, арифметиканың соңы, ислам тарихы, геометриялық ережелер, Еуропа туралы жалпы жағрапиядан мәліметтер, каллиграфия, гигиена, дидактика және аптасына бір рет арабша әңгімелесу.

Екінші (есептік) сынып

I бөлім: Ислам догматикасы, алгебра бастамасы, араб грамматикасының соңы, логика бастамасы, арабша әңгімелесу, Азия туралы жағрапиядан мәліметтер, ислам тарихы, каллиграфия, араб сөздерін жаттау, мұсылмандық мінез-құлық қағидалары және құранды түсіндірудің бастамасы.

II бөлім: Догматиканың соңы, заң танудың соңы, араб орфографикасы логика ережелері,

дидактика, алгебра, психология, Африка туралы жағрапиядан мәліметтер, жалпы тарихтың бірінші кезеңі, каллиграфия, гигиена, арабша әңгімелесу, құран.

Үшінші (жоғары, дін ілімі) сынып

I бөлім: Құранға оның тарихы және құпия сырларымен қоса түсінік беру, қасиетті жазудың (құран бойынша) он бөлімі, әл-Бұхари мен Мүслімнің жинағы, дін философиясы, риторика, құпия сырға қатысты заң тану, уақыт мәселелерін ислам тұрғысынан талқылау, ислам тарихы.

II бөлім: Құранға түсінік, ислам тарихына және оның кейбір ережелеріне пролегомена (кіріспе) және олардан өнегелі қорытынды жасау.

Абақия мектебінің оқыту қаражатына келсек, мектеп үшін сол кездегі қытай үкіметі жағынан арнайы қаржы бөлінбеген. Қаржы жағын Қанапия бейсі бастаған ел басылары өздері шешіп отырған. Мектептің салынуынан бастап, мұғалімдердің айлығы, түрлі жабдықтарға жұмсалатын ақшаның барлығы халықтан діни салық және оқыту қаражаты ретінде жиналып отырды. Мысалы сол кезде 3000 қой біткен Бокы байдан жылына 30 қой, 5 ірі қара алынған екен. Ал, оқыту қаражаты үшін жылына бір қой төлем алынып отырған деседі. 1927 жылы сол кездегі Бурылтоғай ауданының әкімі болып тұрған Шәріпхан Көгедаев Абақия мектебіне келіп, оқушылармен кездесіп, мектепті жоғары бағалап «қараңғылықтан құтылу үшін білім керек, жүйелі білім алуға дәл осындай өз ана тілімізде ғылыми білім беретін мектеп болу керек. Қазір Алтай көлемінде бір ғана мектеп бар. Болашақта мектеп саны көбейе береді» дегенді айтады (Мағазұлы).

Кез келген оқу орнының негізгі мақсаты – қоғам қажетіне жарайтын білікті маман дайындау болса, осы мақсатпен жұмыс жасаған Абақия медресесі Қытайдағы қазақ зиялыларының бір шоғырын қалыптастыруда өшпестей өз үлесін қосты. Айталық, Алтайдың уәлиі болған Шәріпхан Жеңісханұлы, ел ағалары Бұхат, Мәңкей, Зия, Шәмис қатарлы Мәми бидің балалары, қоғам қайраткерлері Дәлелхан Сүгірбаев, Мұаш Жәкеұлы.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Алтай топырағында бой көтеріп, Қытайдағы алғашқы қазақ зиялылары шоғырының қалыптасуына үлкен үлес қосқан Абақия медресесінің Қытайдағы қазақтар тарихындағы орны ерекше. Мұны төмендегі жағдайлардан байқауға болады:

- Абақия медресесі – Орта Азия халықтарының озық идеяларын қазақ даласына таратып, халықтың ойлау өрісінің аясын кеңейтті.
- Ұзақ уақыт бойы қазақ ұрпақтарының білім алатын орны болып, халық арасындағы сауатсыздықты төмендетті.
- Абақия медресесі – Қазақ халқының біртуар дін және қоғам қайраткерлерін жетілдірді.
- Абақия медресесі – математика, тарих, география сынды салаларды игеруге жол ашты.
- Өзінің түрлі саладағы іс-әрекетімен Қытайдағы қазақтардың санасына тың нәрселер ұсынды. Иманға негізделген биік өнегелілікке шақырды. Ақиқаттың, әділдіктің, теңдіктің, бостандықтың және бейбітшіліктің қағидаларын үндеді.
- Абақия медресесі – Қытайдағы қазақтардың жаңаша оқу үлгісінің басталуына жол ашты.

Бабаларымыздың мұра етіп қалдырған өркениетке қол жеткізу, олардың еңбектерін жан-жақты зерттеп, зерделеп келешек ұрпаққа өнеге етіп қалдыру бүгінгі күннің еншісінде. Ол үшін, Қытай, манжур сияқты көп санды халықтың биілігінде ғұмыр кешкен Қытайдағы қазақтардың ұлттық дәстүрі мен діни сенімін жоғалтпауда маңызды рол атқарған Абақия медресесі сынды алғашқы оқу орындарының тарихы мен қызметін бүгінгі ұрпаққа қаз-қалпында жеткізу кезек күттірмейтін міндет болмақ.

Әдебиеттер

Назарбаев Н.Ә. (2007). Дүниежүзі қазақтарының екінші Құрылтайында сөйлеген сөзі// «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы: 15 жыл». Алматы, б. 1

Нұртазина Н. (2002). Қазақ мәдениеті және ислам. Алматы, б. 25

Татанайұлы А. (1987). Тарихи дерек келелі кеңес. Үрімжі, б. 18

Груссэ Р. (2006). Империя степей. Аттила, Чингиз-хан, Тамерлан. Алматы, б.45

Мыңжанұлы Н. (1987). Қазақтың қысқаша тарихы. Үрімжі, б. 42

Ақметбекқызы Г. (2002). Қытайдағы қазақтардың саяси жағдайы мен әлеуметтік өмірі (1919-1949 ж.). Алматы, б. 50

Кәкішев Т. (1986). Садақ. эссе. Алматы, б. 32
Смағұлова С. Қазақстандағы мұсылмандық оқу орындары мен ағартушылық қоғамдар (XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы) / http://turkacadem. kz/kz/vp.php?idd=167
Мәнжібаев Қ. (1998). Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер. Үрімжі, б. 40
Татанайұлы А. (1998). Өр Алтай шежіресі // Жұлдыз, №3, б. 53
Мағазұлы Р. Абақия – Алтайдағы алғашқы мектеп. http://qazaqtimes.com/tt/article
Қыдырханұлы У. (2012). Өз елім – өзегім. Алматы, б. 25
Шәкенұлы Ж. (2007). Қытай қазақтары. Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, б. 60
Евразия орталығы. (2008). №2. Алматы, б. 15-17
Мұқатайұлы Б. (1997). Абақия мектебі жайында // «Жастүлек» журналы. №3. б. 8-11
Адамбосынов Қ. (2003). Қазақстан медреселеріндегі ұлт тарихы // Қазақ ордасы. №1, б. 2
Joseph W. Esherick. (1995). “Ten Theses on the Chinese Revolution,” Modern China 21, №1, б. 6-8

References

Nazarbayev N. (2007). Dunyejuzi hazahtarining ekinshi huriltayinda soylegen sozi [Speech at the Second World Congress of World Kazakhs] - Almati, 2007. p.1
Nurtazyna N. (2002). Khazakh madenyeti jane islam [Kazakh culture and Islam]. Almati, p.25
Tatanayuly A. (1987). Tarixi derek keleli kenes [historical source]. -Urimqi: Xinjiang khalikh baspasi. p.18
Grwssye R. (2006). Imperya stepey. Attyla, Qyngyz-xan, Tamerlan [Empire of the steppes. Attila, Genghis Khan, Tamerlan]. Almati, p.45
Minhjanuly N. (1987). Khazakhting khiskhasha tarihi [A Brief History of Kazakhs]. Urimqi: «khalikh», p.42
Akhmetbekhizi G. (2002). Khitaydaghi khazakhtarding sayasy jaghdayi men aleumettik omiri (1919-1949j) [Political situation and social life of Kazakhs in China (1919-1949)]. Almati, p.50
Kakishyev T. (1986). Sadakh [The bows]. Almati. p. 32
Smaghulova S. Khazakhstandaghi musilmandih oku orindari men aghartushilik hoghamdar (XIX - XX g.) [Muslim educational institutions and educational societies in Kazakhstan (late 19th and early 20th centuries)] http://turkashadem. kz/kz/vp.pxp?idd=167
Manjibayev Kh. (1998). Khazakh okhu-aghartu taryhinan hiskhasha derekter [Brief history of Kazakh education]. - Urimqi: «khalikh», p.40
Tatanayuly A. (1998). Or Altay shejiresi [The Altai Chronicle] // Juldiz. №3. p. 53
Maghazuli R. Abakhya - altaydaghi alghashkhi mektep [Abakiya is the first school in Altai]. http://khazakhtimes.shom/tt/artishle
Khidirkhanuly U. (2012). «Oz elim - ozegim» [My country]. Almati, p. 25
Shakenuly Zh. (2007). Hitay khazahtari [Chinese Kazakhs]. Almati, p.60
Evr-Asia ortalighi. (2008). №2. p.15-17
Mukhatayly B. (1997). Abakhya mektebi jayinda [About Abakiya School]. «Zhastulek» jurnaly, №3 . p.8-11
Adambosinov Kh. (2003). Khazakhstan medreselerindegi ult taryhi [History of nationality in the madrasas of Kazakhstan]. Khazakh ordasi, №1 p.2
Joseph W. Esherick, (1995). “Ten Theses on the Chinese Revolution,” Modern China 21, № 1. p.6-8

МРНТИ 13.11.27

Сапарова Д.Р.[1], Канагатова А.М.[2]

[1]докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: dinarasap@mail.ru
[2]д.филос.н., Almaty Management University, Казахстан, г. Алматы, e-mail: almagul.kanagatova@almau.edu.kz

ЦИФРОВОЕ ПОКОЛЕНИЕ СКВОЗЬ ПРИЗМУ КУЛЬТУРЫ

Мировая компьютерная сеть создала виртуальную реальность, которая заменила реальное пространство человека. Новая сеть создала коммуникативные площадки, благодаря которым у молодого поколения появились возможности взаимодействовать друг с другом с любого конца земного шара. Распространение цифровых технологий породило понятие цифровое пространство, а людей (большей частью молодых по возрасту) понятием – цифровое поколение, или Google-поколение. Впервые понятие цифрового поколения дал педагог М. Пренски в 2000 году, описывая новый феномен. М. Пренски утверждает, что новое поколение кардинально отличается от предыдущих поколений, а Дж.Пэлфри и К. Гассер считают, что идентичность поколения Z представлена сразу в нескольких пространствах: в цифровом и реальном. Многочисленные исследования зарубежных и российских авторов касаются педагогических и психологических аспектов изучения сетевого поколения. Новизна данной работы заключается в попытке изучить цифровое поколение через культуру и ее пространство. Статья посвящена изучению феномена «Поколение Z», «Поколение цифровых аборигенов», «Сетевое поколение». Данные словосочетания употребляются по отношению к поколению, рожденному в 2000 годы по настоящее время, в условиях активного использования цифровых технологий. Авторами рассмотрены основные направления исследования проблем цифрового поколения, за основу взят концепт теории поколений Н. Хоува У. Штрауса. В статье приведен анализ взглядов исследователей на понятие «культурное пространство», авторами предложено свое понимание культурного пространства цифрового поколения, что в первую очередь, связано с медиакультурой. Впервые определены критерии культурного пространства цифрового поколения, поднимается проблема самоидентификации и ценностных ориентаций цифрового поколения. При изучении феномена цифрового поколения, используются методы теоретического уровня. Данная проблема мало изучена и требует дальнейших исследований. Довольно интересная область исследования для культурологов, психологов, нейроэкономистов, маркетологов, экспертов по молодежной политике и образованию.

Ключевые слова: культурное пространство, медиакультура, цифровое поколение, цифровые технологии.

Saparova D.[1], Kanagatova A.[2]

[1]PhD student, Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: dinarasap@mail.ru
[2]Doctor of Philosophy, Almaty Management University, Kazakhstan, Almaty, almagul.kanagatova@almau.edu.kz

Digital generation through the prism of culture

The global computer network created a virtual reality that replaced the real space of man. The new network has created communication platforms, thanks to which the young generation has the opportunity to interact with each other from any part of the globe. The spread of digital technologies has created the notion of digital space, and people (mostly young in age) concept – the digital generation, or the

© 2018 Al-Farabi Kazakh National University

Google-generation. For the first time the concept of digital generation was given by the teacher M. Prensky in 2000, describing a new phenomenon. M. Prensky argues that the new generation is radically different from previous generations, and J. Palfrey and C. Gasser believe that the identity of the Z generation is presented in several spaces at once: in digital and real. Numerous researches of foreign and Russian authors concern pedagogical and psychological aspects of studying the network generation. The novelty of this work is to try to study the digital generation through culture and its space. The article is devoted to the study of the phenomenon "Generation Z", "Generation of Digital Aborigines", "Network Generation". These word combinations are used in relation to the generation born in 2000 to the present, in conditions of active use of digital technologies. The authors consider the main directions of research on the problems of the digital generation, based on the concept of the theory of generations of N. Howe and W. Strauss. The article analyzes the views of researchers on the concept of "cultural space", the authors proposed their understanding of the cultural space of the digital generation, which is primarily related to media culture. For the first time, the criteria for the cultural space of the digital generation are defined, the problem of self-identification and value orientations of the digital generation is raised. When studying the phenomenon of the digital generation, methods of a theoretical level are used.This problem has been underexplored and requires further research. Quite an interesting field of study for cultural studies, psychologists, neuroeconomists, marketers, experts in youth policy and education.

Key words: cultural space, media culture, digital generation, digital technologies.

Сапарова Д.Р.[1], Қанағатова А.М.[2]

[1]докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., dinarasap@mail.ru
[2]философия ғылымдарының докторы, Алматы Менеджмент университеті,
Қазақстан, Алматы қ., almagul.kanagatova@almau.edu.kz

Мәдениет айнасынан туындаған сандық ұрпақ

Әлемдік компьютерлік желі адамның шынайы кеңістігін ауыстырып, виртуалды шынайылыққа алып келді. Жаңа желі коммуникациялық платформалар құрып, соның нәтижесінде жас ұрпақ әлемнің кез-келген жерімен байланыс орнатуда. Сандық технологияларды тарату сандық кеңістік түсінігін тудырды. Ал адамдар (көбіне жастар) – сандық ұрпақ немесе Google-ұрпақ болып табылады. Алғаш рет сандық ұрпақ түсінігін педагог 2000 ж. М. Пренски жаңа құбылыс ретінде ұсынды. М. Пренски алдыңғы ұрпақ жаңа ұрпақтан кардиналды айырмасы болады деп тұжырым жасаса, ал Дж. Пэлфри мен К.Гассет Z ұрпақ бірегейлігі – сандық және шынайы кеңістікпен ұсынылады деп есептейді. Осыған байланысты көптеген шетелдік және ресейлік авторлар желілік ұрпақты тану үшін педагогикалық және психологиялық аспектілерге қатысты зерттеулер жүргізді. Бұл жұмыстың жаңашылдығы сандық ұрпақты мәдениет пен оның кеңістігі аясында тануға талпыныс жасауында. Мақала «Z ұрпақ», «Сандық аборигендер ұрпағы», «желілік ұрпақ» феноменін зерттеуге бағытталған. Бұл сандық технологияларды белсенді пайдалану шарттарымен 2000 жылдан бүгінге күнге дейінгі туылған ұрпақтарға байланысты айтылады. Н. Хоув, У. Штраус ұрпақ теориясының концептісін негізге ала отырып, авторлар сандық ұрпақты зерттеу мәселелерінің негізгі бағыттарын қарастырған. Мақалада «мәдени кеңістік» ұғымына зерттеушілердің көзқарастарына талдау жасалынған, авторлар сандық ұрпақтың мәдени кеңістігі ұғымына өздерінің бағасын берген, оның өзі медиамәдениетпен байланысты екені даусыз. Алғаш рет сандық ұрпақтың мәдени кеңістігінің белгілері анықталған, сандық ұрпақтың өзіндік бірегейлігі мен құндылықтық бағдарлары мәселесі көтерілген. Сандық ұрпақ құбылысын зерттеуде теориялық деңгейдегі әдістер пайдаланылады. Аталған мәселе аз қарастырылған және терең зерттеулерді қажет етеді. Мәдениеттанушы, психолог, нейроэкономист, маркетолог, жастар саясаты мен білім бойынша сарапшылардың зерттеу саласында қызығушылық тудырары анық.

Түйін сөздер: мәдени кеңістік, медиа мәдениет, сандық ұрпақ, сандық технологиялар.

Введение

В современном, особенно живущем в последнем столетии, обществе, находящимся под воздействием глобализационных процессов, обилия информации, развития цифровых технологий и сопутствующей им развивающейся медиакультурой, изменения приводят к трансформации сознания человека. Доступность информационных ресурсов, новые формы общения, получение государственных услуг, образования посредством Интернета в режиме онлайн, способствовало появлению нового типа человека, пространство которого обусловлено цифровой средой. «Акцент в культурной сфере смещается от коллектива и дисциплины к свободе личности, от групповой

нормы к индивидуальному многообразию, от власти государства к личной независимости, порождая синдром – ценности самовыражения» (Инглхарт, 2011:12-13).

Актуальность обращения к данной теме объясняется тем, что в эпоху развития цифровой среды, рождается новое поколение, феномен которого изучается психологами и педагогами во всем мире. Имя этому феномену «цифровое поколение» или «поколение Z».

Проблему идентичности цифрового поколения изучают психологи, социологи, педагоги. Однако в области культурологии, исследования по проблематики данной темы, отсутствуют. В современное время, когда утверждаются ценности самовыражения, или как определяет современную эпоху Инглхарт Р. «гуманистической трансформацией модернизационного процесса» (Инглхарт, 2011:13), актуальной становится проблема определения системы культурных ценностей и норм, создающую стереотипы поведения, чувствования и мышления, свои пространственно-временные ориентиры. Созданы благоприятные условия для культурного пространства самой активной и перспективной группы общества – молодежи. Предметом нашего исследования является процесс трансформации сознания цифрового поколения под воздействием глобальных информационных потоков. Объектом исследования выступает поколение Z, рожденное в 2000 годы по настоящее время. Цель нашей работы в данной статье, определить критерии культурного пространства сетевого поколения, сделать анализ различных подходов к проблематике данной темы и составить портрет цифрового поколения Казахстана.

Впервые понятие цифрового поколения дал педагог М. Пренски в 2000 году, описывая новый феномен. М. Пренски утверждает, что новое поколение кардинально отличается от предыдущих поколений (Prensky, 2001:1), а Дж. Пэлфри и К. Гассер считают, что идентичность поколения Z представлена сразу в нескольких пространствах: в цифровом и реальном (Palfrey, Gasser, 2008:13).

В данной статье мы хотели бы обратиться к теории поколений У. Штрауса и Н. Хоува, смысл которой заключается в факторах, влияющих на ценностные установки каждого поколения. В основе теорий поколений заложена мысль, о том, что поведение человека, его ценности, а значит и все культурное пространство зависит от того, в каких условиях жил и воспитывался человек до двенадцати-четырнадцати лет (Штраус, Хоув, 2000:15). По мнению Инглхарта Р. поколения, приобретающие определенные ценности в молодом возрасте, не теряют их в последующей жизни. Наша задача определить ценности, стремления, идеалы, нормы данного поколения. Эту задачу может решить культурология, в основе которой лежит приоритет культуры и ее пространства во всех сферах и проявлениях человеческой жизни.

Методы исследования

Анализ феномена поколения Z предполагает использование системного подхода. В работе широко используется междисциплинарный подход и методы теоретического уровня.

Основная часть

Категория понятия «культурное пространство» рассматривалась в трудах философов, антропологов, социологов, которые давали неоднозначную характеристику данному понятию. Культурное пространство – это пространство, которое создается человеком для человека. Одной из важнейшей характеристикой бытия выступает пространство, в котором живет человек, и то, как он воспринимает его, зависит его деятельность по освоению окружающего мира. Если рассматривать культуру с точки зрения экономической теории К. Маркса, культура осмысливается, как результат экономического процесса, явление, обладающее вторичностью по отношению к производству и труду. (Каган, 1998:86). В. Гумбольдт, В. Дильтей рассматривали культуру как систему языка (Каган, 1998:97), а у Г. Риккерта – культура есть носитель ценностей человека (Риккерт, 1911:25). Другие исследователи обращают внимание на локальные характеристики культурного пространства: геокультуру (Х. Дж. Макиндер, Ф. Ратцель, Н.С. Хантингтон, К. Хаусхофер и др.) (http://www.dissercat.com/content/struktura-kulturnogo-prostranstva#ixzz56U1nI4Cc). Долгое время философское сознание вытесняло понятие пространства на второй план по отношению ко времени. Далее они начинают восприниматься как соотносимые явления, которые могут быть уподоблены друг другу (пространство наполнено временными существующими предметами; время наполнено пространственными событиями) Е. Дюринг, Г. Рейхенбах, А.Н. Уайтхед. (http://yazik.info/2011-30.php).

Первые попытки дать определение понятию культурного пространства можно встретить в

структурной антропологии К. Леви-Стросса (Леви-Стросс, 1985:50). Однако культурное пространство он не рассматривает как целостное понятие. Большое внимание теоретики культуры уделяют временному исследованию культуры, доказывая ее изменчивость, подвижность. В диссертации Быстровой А.Н. «Категория культурного пространства – это структурообразующий принцип исследования упорядочивающей, гармонизирующей всю систему человеческого мира сущности культуры» (http://www.dissercat.com/content/struktura-kulturnogo-prostranstva#ixzz56U1nI4Cc). «Несомненной заслугой большинства теоретических изысканий является фундаментальный вывод о том, что культура обладает системными свойствами. Свое понимание культурного пространства представляли ученые разных школ: от эволюционистских (Э.Б. Тайлор, Дж. Фрэзер, Г. Спенсер и др.), функционалистских (Б. Малиновский, Т. Парсонс), социологических (О. Конт, Э. Дюркгейм, П. Сорокин, М. Вебер), цивилизационных (Н.Я. Данилевский, О. Шпенглер, А. Тойнби)» (http://www.dissercat.com/content/struktura-kulturnogo-prostranstva#ixzz56U1nI4Cc). Ф. Бродель в своих работах рассматривает культуру как ограниченное пространство, в котором осуществляется весь процесс жизнедеятельности общества. А Лотман Ю. рассматривает культуру как текст, в которой содержится весь комплекс информации. Знаки образуют тексты, тексты – культуру, культуры – семиосферу. У него культурное пространство – это знаковая система, наполняющая культуру едиными смыслами и обеспечивающая единство всей структуры культуры. (Лотман, 2000:35).

Однозначно, можно сказать, что культура – это сверхсложная открытая саморазвивающаяся система, а культурное пространство включает в себя «культурное пространство природы, культурное пространство социума, культурное пространство коммуникации и культурное пространство интеллекта». (http://www.dissercat.com/content/struktura-kulturnogo-prostranstva#ixzz56U1nI4Cc).

Вишен Лакьяни определяет культурное пространство как «мир относительной истины» (Лакьяни, 2017:13), в котором переплетаются различные модели реальности, принимаемые или непринимаемые человеком.

Культура в 21 веке осмысливает себя в качестве постсовременной категорией. Течение постмодернизма, характеризуя себя установкой «мир-это хаос», переосмысливает культуру. Теперь культуру мы воспринимаем как один из элементов игры. Игровая концепция культуры была сформулирована еще философом-идеалистом Йоханом Хейзинга. Он рассматривает игру как первооснову культуры, которая возникает и развертывается в игре, носит игровой характер (Хейзинга, 1997:21). Кириллова Н.Б., анализируя феномен медиакультуры, обращает наше внимание на дефиницию понятия «культура» в энциклопедии «Культурология. 20 век», что культуру снова сравнивают с игрой. «Культура представляет собой некий свод правил игры коллективного существования, «мир символических обозначений, явлений, понятий…. «с целью трансляции социально значимой информации, знаний, представлений, опыта, идей…. Способов и результатов познания» (Кириллова, 2005:7).

По определению канадского социолога Маршала Маклюэна мы живем в эпоху информационного взрыва. Таким образом, можно определенно связать культурное пространство с медиатехнологиями. Мы согласны с определением Кирилловой Н.Б.: «Медиакультура – это совокупность информационно-коммуникационных средств, материальных и интеллектуальных ценностей, выработанных человечеством в процессе культурно-исторического развития, способствующих формированию общественного сознания и социализации личности» (Кириллова, 2005:19).

Сегодня культура переживает глобальные трансформации, а вместе с ней глобальные трансформации происходят с людьми, с целыми поколениями.

Век новых технологий и всеобщей цифровизации дал обществу инструменты по преобразованию окружающей действительности. Это – всеобщая интернет доступность. Основой культуры теперь выступают не традиции, и не обычаи, не традиционные формы искусства, а медиакоммуникации, где центральное место занимает Интернет. Развитие массовых медиакоммуникаций не только оказали влияние на культуру и общество (появились новые понятия, такие как: «информационное общество», «сетевое общество», «постмодернисткое общество»), но и повлияли на изменение пространственно-временных координат человеческого бытия. По Ержановой А.М. «Медиакоммуникации радикально изменяют структуру человеческого опыта, структуру субъективности, способы идентификации индивида. Они формируют новый тип «шизофренического», «постмодернистского»

сознания и личности, новую «картографию» индивидуальности» (Ержанова, 2010:11).

Анализируя все точки зрения видных ученых, приходим к выводу, что культурное пространство человека – это определенная система, формирующая оценочные и поведенческие ориентиры человека, его ценности и нормы. Современное культурное пространство – это медиакультура, формирующая ценности и поведение человека, создающая новый тип «постмодернистского сознания».

Анализируя цифровое поколение сквозь призму культуры, хотелось бы четко обозначить культурное пространство данного поколения.

Они родились в эпоху техногенной цивилизации, где высшим мерилом ценности явилось производство материальных ценностей, материальных благ для потребления и использования человеком. Однако 21 век – дал обществу понимание, что без интеллектуального потенциала невозможно получить материальные блага. Для развития интеллектуального потенциала человеческого общества есть неограниченное число возможностей, путь к которым лежит через новые информационные технологии, Интернет.

